Әлімхан ЖҮНІСБЕК

ҚАЗАҚ ФОНЕТИКАСЫ



Әлімхан ЖҮНІСБЕК

ҚАЗАҚ ФОНЕТИКАСЫ

ҚР БжҒМ А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының кітапханасы
Инв. № _____

АРЫС
АЛМАТЫ
2009

УДК 811.512.122
ББК 81.2 - 1
Ж 88

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Ғылыми кеңесі ұсынған

Жауапты редактор:
Ж.Әбуов,
филология ғылымдарының докторы, профессор
Пікір жазғандар:
З.Базарбаева,
филология ғылымдарының докторы, профессор;
Қ.Күдеринова,
филология ғылымдарының докторы, профессор

Ж 88 **ЖҮНІСБЕК Ә.**
Қазақ фонетикасы / Әлімхан Жүнісбек – Алматы: "Арыс", 2009. – 312 бет.

ISBN 9965-17-602-7

Еңбек жалпы фонетика (общая фонетика) мен қазіргі қазақ (түркі) фонетикасының өзекті мәселелеріне арналған.

Қазақ фонетикасының зерттелім желісі ғылыми жетістіктеріне қарай бірнеше дәуірге бөлініп сарапталады. Әлем тілдерінің жіктелімі өзінше карастырылып, тілдер тобының жаңаша туыстық кестесі құрастырылған. Түркі тілдерінің дыбыс құрамын зерттеудің тың ғылыми аппараты жасалған. Түркі тілтанымындағы сөздік екпін мәселесі арнайы талданады. Үндесім (сингармонизм) түркі тілдерінің іргелі заңдылығы ретінде алынып, дыбыс талданым соның негізінде жүргізіледі. Қазақ тілінің әліпби, үндесім және үйлесім дыбыстарының құрамы анықталып, жүйесі сипатталады. Қазақ сөзінің жасалым (артикуляциялық) құрама тізбегінің мүмкін болған үлгісі түгел қамтылған. Әрбір ғылыми тұжырым жасалым (артикуляциялық) пішіндеме (модель), кесте және сызбалармен тиянақталған. Фонетикалық атаулардың жаңартылған сөздігі берілді.

Еңбек ғылыми мамандарға, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен мектеп мұғалімдеріне, жоғары оқу орнын бітірген филолог талапкерлер мен студенттерге арналған.

Ж $\frac{4602020400}{00\ (05) - 09}$

УДК 811.512.122
ББК 81.2 - 1

ISBN 9965-17-602-7

© Жүнісбек Ә., 2009
© "Арыс", 2009

Тірлігі – тәрбие, білгені – білім, білімі – ғылым болып қонған Ленинград (Санкт-Петербург) университетінің профессоры ***Л.Р.Зиндер*** *ұстазымның есіміне арнаймын.*

КІРІСПЕ

Қазақ тілінің дыбыс құрамын зерттеуге арналған еңбектердің басы баршылық. Зерттелім тарихы ғасырдан асып барады, арнайы фонетикалық монографиялар мен оқулықтар, жазба мұрағаттардың фонетикалық талданымы, диссертациялар мен сөздіктер, мақалалар мен баяндамалар түрінде көптеп жарық көріп отыр.

Дегенмен, әр дәуірдің өзіне лайық теориялық жетістіктері мен практикалық талаптарына сай қазақ тілінің дыбыс құрамы (состав) мен жүйесін (система) мезгіл-мезгіл тиянақтап отыру, сөз жоқ, қажет. Көпшілік ғылыми қауымға ұсынылып отырған осы еңбек те сондай қажеттіліктен туындап отыр.

Қазақ (түркі) тілтанымы ғылыми реформаны күтіп тұр, сол реформа фонетикадан басталу керек. Әлем тілдерінің құрамындағы қазақ (түркі) тілінің өзіндік орнын тауып беру сол реформаның басы болып табылады. Сондықтан да әлем тілдерінің туыстық жіктелім белгілерін қайта қарап шығу негізгі мақсаттың бірі болды. Соның нәтижесінде қазақ (түркі) тілінің өзіндік заңдылықтарының басы ашылып, соған лайық зерттелім ғылыми аппараты қалыптастырылды. Сөйтіп қазақ (түркі) тілтанымына негіз болып келген үстем тілдер теориясынан арылу арқасында тілдің ақиқат дыбыс құрамы мен жүйесін төл теория тұрғысынан анықтаудың мүмкіндігі туды.

Бұл бағыттағы ең басты мақсат жалпы түркі тілтанымындағы сөздік екпін теориясынан арылу болды. Өйткені сөздік екпін теориясының үстемдігі түркі (қазақ) сөзінің үндесім табиғатын жоққа шығаруға әкеп соқты. Қазақ (түркі) фонетикасындағы жалпы фонетикалық құбылыстар дұрыс сипатталғанымен, түркі тілдеріне тән бірегей белгілер зерттеушілер назарына ілінбей қалып жатты. Өйткені ондайды анғаратын ғылыми аппарат пен зерттеу әдісі болмады. Төркіні бөлек теориялық пайымдаулардың нәтижесі туыстығы бөлек тілдердің ішкі заңдылықтарымен үйлеспей жатты. Алынған нәтижелер төл құбылыстарды не жаңсақ, не жартыкеш түсіндіріп жатты.

Қазақ фонетикасының зерттелім тарихын дәуірлеу нәтижесінде әр дәуірдің өзіне тән теория-практикалық ұстанымдары мен алынған нәтижелері анықталды. Қазіргі қазақ фонетикасының құрылымын төл қазақ фонетикасы, кітаби қазақ фонетикасы және еуропаөзімшіл (европацентризм) қазақ фонетикасы деп топтастыруға тура келді. Топтастырудың сараптау белгілері ретінде әр бағытқа байланысты қазақ тілінің дыбыс құрамының анықталуы мен сөз просодикасының түрі алынды.

Қазақ сөзінің дыбыс жіктелімі үндесім заңдылығына байланысты талданып, үндесім дыбыстардың құрамы анықталды. Үндесім дыбыс, үндесім буын, үндесім сөз ұғымдары мен оларға тән жалпы фонетикада жоқ атаулар құрамы жинақталды. Қазақ тілі дыбыстарының жасалым (артикуляциялық) пішіндемесі құрастырылды.

Зерттелім нәтижелері қазақ жазуын реформалаудың фонетикалық негіздемесі болмақ. Әрине кез келген реформаның өз ауырлығы бар, ауырлықсыз реформа болмайды. Алайда жазу реформасының ауырлығы өзге реформалардан (саяси, экономикалық т.б.) басым болады. Өйткені жазу реформасының қиындығы мен ауырлығын әрбір адам өз басынан кешіреді. Бұрынғы көз үйреніп, қол жаттығып қалған жазу дағдысынан арыла қою оңайға түспейді.

Жазу реформасы алдымен емле-ережемізді ретке салудан басталу керек. Әліпби құрамын тиянақтап, таңба үлгілерін кірме әріптерден арылту арқылы қазақ сөзінің буын құрылымын жөнімен жазып, тасымал амалын жөніне салып, ең бастысы қазақ сөзінің үндесім әуезін бұзбайтын жазылымға тұрақтау керек.

Қазақ фонетика ғылымының бүгінгі теория-практикалық деңгейі, біріншіден, қордаланып қалған тіл бұзар өктем емле-ережелерден арылып, қазақ сөзінің өзіне тән табиғи емле-ереже үлгілерін қалыптастыруға толық мүмкіндік берсе, екіншіден, зерттеушілердің келер ұрпағына ақиқат жолсілтеме бола алады.

1 ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

Қазақ тілінің фонетикасына арналған зерттеу жұмыстары мақала, монография және мектеп пен жоғары оқу орнына арналған оқулықтар түрінде көпке таныс. Олардың бірі фонетиканың жеке бір мәселелеріне арналған болса, енді бірі қазақ тілінің дыбыс жүйесін түгел қамтыған бас-аяғы бүтін еңбектер. Әрине, үлкенді-кішілі осы еңбектердің әрқайсысының өз алдына қойған міндет-мақсаты болды. Ғылыми бағыттағы еңбектер теориялық мәселелерді шешуге арналса, оқу-әдістеме саласындағы еңбектер сауат ашуға міндеттенді. Қол жеткен нәтижелер өз дәуірінің теория-практикалық деңгейіне лайық болып шығып жатты.

1.1 Қазақ фонетикасының зерттелім дәуірлері

Қазақ фонетикасының зерттелу тарихының өзіндік ерекшеліктері бар. Ондай ерекшеліктер зерттеушілердің заманына сай әртүрлі теория-практикалық ұстанымынан туындап отырды. Сөйтіп қазақ фонетикасының зерттелім желісі бірнеше тарихи дәуірлерден өтті.

1.1.1 XIX ғ. зерттелімдері

Алғашқы дәуір XIX ғасырдың орта тұсы мен екінші жартысын қамтыды. Қазақ жерін саяси-әскери игерудің басты бір амалы ретінде қазақтың тілін зерттеу басталды. Ондағы мақсат қазақ тілінің қарапайым оқулықтарын жазып, сөздіктерін құрастыру болды.

Ол кезде зерттеушілердің [Ильминский, Мелиоранский, Радлов т.б., ***(зертеушілердің толық аты-жөні мен еңбектерінің тізімі кейінірек арнайы беріледі)***] қолында дайын тілдік материал болған жоқ. Сондықтан да олар қазақ тілінің сөздерін ел аралап жүріп жинап, қалай естісе, солай жазып алып отырды. Соның нәтижесінде қазақ сөзінің таза ауызша айтылым үлгісін тап басып, қағазға түсіріп алып отырды. Олар құрастырған сөздіктерге қазақ сөзінің үндесім (сингармониялық) үлгісі сол таза ауызша айтылым күйінде (үнтаспаға жазғандай болып десе де болады) ендіріліп жатты. Қазақ тілі дыбыстарының сөз құрамындағы (сөйлеу үстіндегі) түрленім үлгілерін айны-қатесіз көрсетіп отырды. Әсіресе, ерін үндестігіне қатты көңіл бөліп, көп буынды сөздердің

соңғы буынына дейін таңбалады. Бірінші дәуір зерттеушілерінен қалған жазба мұрағаттарды, қазіргі тілмен айтқанда, қазақ тілінің орфоэпиялық жазбасы деп қабылдауға болады.

Алғашқы дәуірге қатысты жетістіктер деп, зерттеушілердің үндесім (сингармонизм) құбылысының сырын дұрыс түсініп, ол туралы теориялық пайымдаулар ұсынғанын, сондай-ақ қазақ тілінің дыбыс құрамын дәл анықтап, ерін үндестігін сөздің аяғына дейін жеткізіп бергендігін айтуға болады.

Сонымен қатар, кейбір сөздердің жазылымындағы үнді ***й, у*** дауыссыздарының дауыстылармен (әсіресе, қысаң дауыстылармен) тіркесін дұрыс анықтай алмаған сәттері болғанын да айта кету керек.

Алғашқы зерттеушілердің ғылыми зерттеу әдісі қазақтардың сөзін бетпе-бет тыңдап алып, дыбыс құрамын естілім түйсінімі арқылы анықтау болғандықтан, қазақ фонетикасының бастапқы зерттелім дәуірін ***естілім зерттелім (слуховая фонетика) дәуірі*** деп атаймыз. Өйткені естілім дәуірінің жазба мұрағаттары қалай естілсе, солай жазылған күйінде бізге жетіп отыр. Сол кездегі қазақтардың сөйлеу әрекетін көз алдымызға елестетіп, сол кездегі сөздің дыбыс құрамын құлағымызбен тыңдап отырғандаймыз. Оның басты құндылығы да осында.

1.1.2 XX ғ. басындағы зерттелімдер

Қазақ фонетикасының келесі зерттелім дәуірі XX ғасырдың басы болып табылады. Бұл кезде қазақ фонетикасын зерттеуге ұлт өкілдері [Байтұрсынұлы, Досмұхамедов, Жұбанов т.б.] кірісті. Ұлт зерттеушілері үшін қазақ фонетикасы ана тілінің етене дыбыс жүйесі болып табылды. Сондықтан да олар ана тілінің дыбыс заңдылықтарын көкірек көзімен (интуиция) пайымдай білді (олай дейтін себебіміз, мысалы, А.Байтұрсынұлының арнайы теориялық дайындықтан өткені жайлы әзірге біздің қолымызда мәлімет жоқ). Соның нәтижесінде өзге ұлт зерттеушілерінің көзіне іліне қоймаған жаңа нәтижелер алынды.

Екінші дәуірге тән жетістіктер деп, қазақ сөзінің жуан/жіңішке үндесім әуезінің нақты анықталғандығын, қазақ тілінің төл дыбыс құрамының тиянақталғандығын, морфем және буын түрлерінің сипаттамасын, үндесім жазудың қалыптасқандығын айтуға болады.

Ал, қазақ тіліне тән төл фонетикалық құбылыстардың бірі ерін үндестігінің ескерусіз қалып, жазу емле-ережесіне енбей қалғанына тек өкінішпен қарауға тура келеді.

Екінші дәуір зерттеушілерінің зерттеу әдісі ана тілінің дыбыс жүйесін көкірек көзімен түйсіну болғандықтан, қазақ фонетикасының екінші зерттелім дәуірін ***тол зерттелім (интуитивная фонетика) дәуірі*** деп атаймыз. Өйткені өзге ұлт зерттеушілерінің түйсініміне іліне бермейтін, қазақ тілінің өзіне ғана тән фонетикалық құбылыстардың басы ашылып, қазақ жазуының өзіндік үлгісі қалыптастырылды. Нағыз мағынасындағы қазақы фонетика ғылымы бастау алды. Оның басты құндылығы осында.

1.1.3 XX ғ. екінші жартысындағы зерттелімдер

Қазақ фонетикасын зерттеудің үшінші дәуірі XX ғасырдың 50-70-ші жылдары болды. Бұл кезде қазақ тілтанымында академиялық тұрғыдағы толық фонетика қалыптасып болды. Өйткені ғылымда европалық тіл (фонетика) теориясының жаппай тарап және зерттеушілердің батыс тілтанымынан (лингвистикасынан) мол хабардар болған сәті еді. Соның нәтижесінде қазақ тілінің дыбыс жүйесінің зерттеу әдісі ретінде "европа-өзімшіл" (европацентризм) талданым амалы кеңінен қолданыла бастады. Зерттеушілер [Кеңесбаев, Талипов, Аралбаев, Шварцман, Түркбенбаев т.б.] қазақ тілінің дыбыс құрамын үнді-европа тілдернің фонем жүйесіне салып, қазақ фонетикасына фонем ұғымын ендіріп, атауын орнықтырды. Оның үстіне сөз просодикасына қатысты сөздік екпін енгізілді, ал қазақ тілінің іргелі заңдылығы болып табылатын фонологиялық үндесім құбылысы (үндестік заңы) көп фонетикалық құбылыстардың бірі ретінде қарастырылды. Қазақ тілі дыбыстарын фонем мәртебесінде қарастырудың нәтижесінде қазақтың төл сөздерінің жазылымына орыс тілінің ***и, у, я, ю, щ*** таңбалары енгізіліп кетті. Мұның өзі қазақ тілінің морфем, буын және тасымал жүйесін бұзып кетті. "Орыс сөздері қалай айтылса, солай айтып, қалай жазылса, солай жазу керек" деген тоталитарлық (әкімшіл-әміршіл) емле-ереже алынды. Соның нәтижесінде қазақтың төл әліпби құрамына оннан аса кірме әріптер (дыбыстар) енгізіліп, қазақ әліпбиі екі тілдің – қазақ-орыс (тіптен, орыс-қазақ)

әліпбиі болып шыға келді. Кірме әріптердің жазылымын реттейтін отыздан аса жаңа ереже орынсыз қосылды.

Үшінші дәуірге тән жетістік деп, әлеми тілтаным ұстанымдарымен таныс болып, қазақ фонетикасының құрылымын біршама қамтыған алғашқы "академиялық фонетиканың" қалыптасқанын айтамыз.

Ал қазақ тілінің дыбыс жүйесін түгелдей фонема мен сөздік екпінге теліп қарастырғанын, соның нәтижесінде қазақ тілінің морфем, буын және тасымал желісіне, ең бастысы, қазақ сөзінің айтылым әуезіне нұқсан келтіргенін, әрине, құптай қою қиын.

Үшінші дәуір зерттеушілерінің қолданған ғылыми әдісі фонемалық талдау болғандықтан, қазақ фонетикасының үшінші зерттелім дәуірін ***екпін-фонемалық зерттелім (акцентно-фонемная фонетика) дәуірі*** деп атаймыз. Өйткені негізгі зерттеу әдісі ретінде екпін мен фонемалық талдау алынды.

1.1.4 XX ғ. соңғы ширегіндегі зерттелімдер

Қазақ фонетикасын зерттеудің төртінші дәуірі XX ғасырдың 70-90-жылдары мен XXI ғ. басы болып отыр. Бұл кезде ғасыр басындағы қазақ зерделілерінің (интеллектуалдарының) жабық еңбектерінің беті ашылып, көпшілік оқырман қолына тиіп, олардан зерттеушілердің жаңа тобы [Мырзабеков, Қалиев, Жүсіпов, А.Жұбанов, Уәли т.б.] тәлім алды. Оның үстіне олардың екінші бір тобы [Исаев, Әбуов, Базарбаева, Қошқаров, Тайлақбаев, Райымбекова, Татубаев т.б.] Ресейдің белгілі ғылыми орталықтарына барып, кәсіби-тәлімгерлік тәрбиеден өтіп, жаңа зерттеу әдістерін меңгеріп келіп жатты. Соның нәтижесінде қазақ тілінің дыбыс құрамы мен оның жүйесіне деген жаңа көзқарас қалыптасты, жаңа нәтижелермен толықты.

Қазақ фонетикасының әртүрлі бағыттары бойынша зерттеу жұмыстарына зерттеушілердің жас ұрпағы (үндесім фонетика саласына – Нәзбиев, Сәдуақас, Өтебаева, Талдыбаева, Асанова, үйлесім фонетика саласына – Бәйімбетова, Баймұқанов, Исаева, Қайдарова, Молдашева, Оразалин, Аймырзаев, тарихи фонетика саласына – Әлімбаев, Жұмабаева, салыстырма фонетика саласына – Андабаева, әуен фонетика саласына – Фазылжанова, Аманбаева, Т.Кеншінбай, Ж.Кеншінбай, жазылым мәселелері – Күдеринова, жазба мұрағаттар – Жұбаева, Ахымбек, Шнайдер, қолданба

фонетика – Жексенғалиев, Зәуірбекова, Көкенова, Жұбанова, А.Жүнісбек, Үкібасова, Қаршығаева) келіп жалғастырып жатыр.

Ең бастысы, қазақ тілінің іргелі заңдылығы, үндесім (сингармонизм) құбылысы, зерттеу амалының негізіне айналды. Соның нәтижесінде қазақ тіліндегі екпін мен фонемаға деген көзқарас өзгерді, үндесімнің жуан/жіңішке әуезі мен еріндік/езулік әуезі фонологиялық мәртебесі тең бірліктер ретінде қарастырылды. Қазақ тілі дыбыстарының әліпби құрамының сыртында олардың үндесім және үйлесім құрамы анықталды. *Жасалым (артикуляциялық) фонетикаға* зерттелімнің негізі ретінде көңіл бөлініп жатыр.

Қазақ тіліндегі кірме әріптердің дыбыс құрамының басы ашылып, айтылымы (орфоэпиясы) тиянақталды.

Фонетикалық зерттеулердің жаңа нәтижесі негізінде жазу реформасының жобасы ұсынылып отыр.

Үшінші дәуірге тән жетістік деп, фонетикалық мұраларды пысықтап, жетістіктерін жинақтап-жетілдіріп, жаңа зерттелім нәтижелерін қосып, қазақ тілінің өзіндік бірегей белгілерін бағамдайтын жаңа тұрпаттағы академиялық фонетика дайындағанын және болашақта оны толықтыра түсетін жаңа зерттелім нәтижелерінің үздіксіз жалғасын айтуға болады. Төртінші дәуір зерттеушілерінің ұстанымы үндесім (сингармонизм) заңдылығы болды, сондықтан да бұл дәуірді ***үндесім зерттелім (сингармоническая фонетика) дәуірі*** деп атауға болады.

Алайда, жылдар бойы қордаланып қалған, құлаққа сіңіп, көз үйреніп қалған кірме әріптер мен дыбыстардың ықпалынан арыла алмай, оларды төл сөздердің жазылым ережесіне ұсынып жүрген фонетика және фонетика төңрегіндегі мамандар әлі бар екенін де естен шығармаған жөн.


Сонымен, фонетика зерттелімінің төрт дәуірінің даму желісін салыстырып шығуға болады (1.1-кесте).

1.1-кесте. Қазақ фонетикасының зерттелім желісі

дәуірлер	зерттеуші	әдістері	ұстанымы	ерекшеліктері	болашағы
1 дәуір	өзге ұлт өкілдері	естілім-тыңдалым	үндесім	дыбыс құрамы дұрыс анықталған, сөз айтылымын сақтаған	тілдік материал болады **теориялық тірек болады**
2 дәуір	**ұлт зерттеушілері**	**жасалым-естілім**	**үндесім**	**дыбыс құрамы дұрыс анықталған, жуан/жіңішке үндесім әуез сақталған**	болашағы жоқ
3 дәуір	аралас зерттеушілер	екпін-фонемдік	европаөзімшілдік	дыбыс құрамы кірме дыбыстармен, ал әліпби құрамы кірме әріптермен толықтырылған, екпін мен фонема сақталған	үндесім зерттеулер әрі қарай жалғасады
4 дәуір	**ұлт зерттеушілері**	**үндесім талданым**	**үндесім**	**төл дыбыстар сараланған, үндесімнің төрт әуезі ескерілген, үндесім/үйлесім дыбыстар құрамы анықталған, екпін мен фонема шығарылып тасталған**	

1.2. Қазақ фонетикасының құрылымы

Қазақ тілінің тарихи фонетикасы үш бөліктен құралады: көне түркіден келе жатқан төл фонетика, араб/парсы жазба дәстүрінен қосылған кітаби фонетика және күшпен таңылған тоталитарлық (әміршіл-әкімшіл) фонетика (1.1-сызба).



1.1-сызба. Қазақ фонетикасының құрылымы

1.2.1 Көне түркі жазба мұрағаттарында сақталған түркілік дыбыс жүйесі қазақ тілінде толық сақталған. Ендеше қазақ тілінің дыбыс жүйесінің төл даму тарихында айтарлықтай дыбыс өзгерістері болған жоқ деуге болады.

1.2.2 Ал араб/парсы жазба мәдениетінің ықпалымен ***х, һ*** тәрізді әріптер енгенімен, олардың айтылым үлгісі қазақ тілінде орныға қоймады. Оның үстіне араб/парсы жазу ықпалымен қазақ тіліне енген ***қазір, қарі*** т.б. тәрізді сөздердің үндесім әуезін бұзып қабылдап, ***жиһаз, қаһарман*** т.б. сөздерде қазақ тілінде жоқ көмей дауыссызын айтқызуға тырысу арқылы бірлі-жарым сөздердің үндесім айтылымын қолдан бұзып, жоқ дыбыс қолдан жасалып, қазақ әдеби тіліне орынсыз ендірілді. Алайда олардың айтылымы көпшілік тілінде ***қазыр/кәзір, қары/кәрі, жиқаз*** болып, үндесім заңына бағынып тарап кетті. Сондықтан жоғарыдағыдай үндесім ауытқуларды қазақ тілінің ақиқат үлгісі, яғни тіл дыбыс жүйесінің дамуы деп қарауға болмайды.

1.2.3 Қазақ тілінің дыбыс құрамы мен жүйесінің "үрдіс дамуы" жарлықпен бір күнде ендірілген орыс тілінің дыбыстары мен әріптері болды. Тіл туыстығы мен тіл ұқсастығы жоқ орыс тілінің дыбыстары, біріншіден, қазақ тілінің дыбыс санын бірден көбейтіп жіберді. Екіншіден, үндесім үлгісі келіспейтін кірме сөздер көбейіп кетті. Үшіншіден, қазақ жазуының емле-ережесін күрделендіріп жіберді. Бұл – орыс тілінің тіл бұзар ықпалының негізгілері ғана.

Мысалы, қазақтың жуан әуезді ***мый, жый*** тәрізді сөздерін ***ми, жи*** деп жазып, жіңішке айтқызуға икемделіп қойылды.

1.2.4 Ерін үндестігінің ескерілмеуі салдарынан қазақтың ерін әуезді ***жүрөк, күнгөй*** тәрізді сөздері ***жүрек, күнгей*** болып өзгеріп барады. Сөздердің бұлай айтылымы ерін үндестігін сақтап дағдыланған қазақтардың құлағына жағымсыз естіледі. Жазу ізімен сөздің еріндік әуезін бұзып айту арқасында екінші буындағы ***е*** дауысты дыбысы еркін әрі жартылай (екінші сатылы) қысаң айтылудың орнына, күшпен және өте қысаң (бірінші сатылы) айтылатын деңгейге жетті.

Дегенмен, жазудың ықпалымен жаңа дыбыс пайда болмағанымен, сөз құрамындағы дыбыстардың орын тәртібінің табиғи желісі бұзылып барады.

1.2.5 Тілдің дыбыс құрамы мен жүйесі сыртқы ықпалға көне бермейтін, ең тұрақты саласы болып табылады. Тілге бір дыбыс

енетін болса немесе бір дыбыс жоғалатын болса, ондай құбылыс араға жүздеген жылдар салып барып қана болатын нәрсе.

Ендеше бір күнде жарлықпен ендірілген 14 дыбыс пен әріпті тілдің дамуы деп қарауға еш болмайды. Ондаған жылдар бойы әкімшіл/әміршіл (тоталитарлық) саясаттың күшімен көпшілік тіліне еніп кеткен сөздердің орыстақы айтылымын тілдің дамуы деп санайтын мамандар да жоқ емес. Тіптен орыс тілінің кейбір әріптерінің қазақтың төл сөздерінің жазылымына еніп, оның әуез айтылымын, буын құрамын, морфем жігін, тасымал ретін бұзғанына қарамай, "фонема" мәртебесін де беріп жатқан "еуропа-өзімшіл" (европацентризм) тоталитарлық фонетика пайда болды.

Қазақ тіліне енген дыбыстың қазақ тілінің жүйесіне енген/енбегенін дәлелдеудің лингвистикалық жолы бар. Егер кірме дыбыстың өзге қазақ дыбыстарындай төрт үндесім әуезі пайда болған болса, онда оны қазақ тіліне толық енді деуге болады. Ал, егер сол кірме күйінде бір әуезбен қалған болса, онда оны қазақ тілінің төл дыбыстарының қатарына жатқызуға болмайды.

Қазақтар кірме әріптердің төркін айтылымын сақтамай, олардың дыбыс мәнін ана тілінің үндесім айтылымына лайықтап икемдеп алды.

Алайда тоталитарлық фонетика негізінде тоталитарлық фонологиялану әлі сақталып отыр, сондықтан да тоталитарлық фонема мен тоталитарлық дыбыстардан арылу әзірге қиын болып жатыр.

1.3 Зерттелім бағыттары

Басты мақсат қазақ тілінің төл дыбыс құрамын анықтап, оның ішкі құрылыс жүйесін сипаттап шығу, дыбыс өзгерістерін талдап, әуен түрлерін түгендеу болды. Сонымен қатар фонетикалық және фонологиялық талдау-сипаттамалар жіктеліп, әрқайсысы өз алдына дербес сала ретінде берілді. Жасыратыны жоқ, дәстүрлі фонетикамызда фонологиялық және фонетикалық (жасалым, айтылым, естілім) белгілер бәрі араласып кеткен еді.

Қазақ тілінің дыбыс құрамы мен жүйесі әр тұрғыдан талданып шықты.

1.3.1 Фонетикалық талдау (1. 1-сурет)

1.3.1.1 Дыбыстың жасалымы (артикуляциясы), яғни дыбыс жасалу тұрғысынан талданып-сипатталды.

ҚР Білім және ғылым министрлігі
Тіл білімі институтының кітапханасы
Инв. №

Дыбыстың жасалымы (артикуляциясы): дыбысты жасауға қатысатын сөйлеу мүшелерінің аты аталып (ерін, тіс, қызыл иек, тіл ұшы, тіл алды, тіл ортасы, тіл арты, тіл түбі, тілшік), жасалу орны көрсетіліп, сол сөйлеу мүшелерінің өзара қиысу жолдары (ашық, қысаң, тоғысыңқы, жуысыңқы, діріл, жанама) сипатталып, дауыс желбезегінің (дауыс жарғағы, дауыс шымылдығы деп те аталады) қатысу деңгейі көрсетіледі.

1.3.1.2 Дыбыстың айтылымы (акустикасы), яғни дыбыс айтылу тұрғысынан талданып-сипатталды.

Дыбыстың айтылымы (акустикасы): ауыз қуысындағы резонаторлар жүйесінің қалпы аталып (ауыз қуысты, көмей қуысты, жанама қуысты), сөйлеу мүшелерінің өзара қиысу күші (лепті тоғысыңқы/лепті жуысыңқы, босаң тоғысыңқы/босаң жуысыңқы, бос тоғысыңқы/бос жуысыңқы) сипатталады.


1.3.1.3 Дыбыстың естілімі (перцепциясы), яғни дыбыс естілу тұрғысынан талданып-сипатталды.

Дыбыстың естілімі (перцепциясы): ауыз қуысынан ауаға шыққан дыбыстың құлаққа жеткен нәтижесі (жуан дыбыс, жіңішке дыбыс, еріндік дыбыс, езулік дыбыс, қатаң, ұяң, үнді дыбыс) сипатталады.

Сонда, әрбір дыбыс төмендегідей тізбек бойынша талданып шығады: дыбыс ауыз қуысында жасалады, сонан соң ауа кеңістігіне шығады, сөйтіп құлаққа келіп жетеді. Оның ретін төмендегідей жолмен көрсетуге болады.

Дыбыстың жасалым, айтылым, естілім сәттерінің әрқайсысының өзіне тән ұғымдары мен атаулары бар. Оларды бір-бірімен араластырмай, жеке-жеке талдап шығу қазақ фонетикасында алғаш рет ұсынылып отыр.

Сонымен, кез келген дыбыс үш тұрғыдан қаралады. Әрқайсысының өзіне ғана тән ұғымдары мен атаулары бар. Бұл – фонетикалық талдаудың жолы.



1.1-сурет. Дыбыстың жасалым, айтылым және естілім желісі

1.3.2 Фонологиялық талдау

Фонологиялық талдау үндесім (сингармонизм) заңына лайық жүргізілді. Себебі, қазақ фонологиясы дегеніміз үндесім фонологиясы болып табылады. Қазақ фонологиясының ақиқат табиғатын тек үндесім фонологиясы тұрғысынан талдағанда ғана дұрыс танимыз. Сондықтан да қазақ тілі дыбыстары үндесім заңы тұрғысынан өз алдына дербес талданды.

Осылай кешенді талдаудың нәтижесі қазақ тілінің дыбыс құрамы мен жүйесі жайлы жан-жақты және толық мәлімет береді. Оның үстіне, теориялық және қолданба (қолғанат) тілтанымның (лингвистиканың) сұраныстарын қанағаттандырып, дамуына ықпалын тигізеді.

Еңбек көпшілік оқырманға арналып отырғандықтан, қазіргі фонетикадағы күрделі техникалық талдау мен ұғым-атауларға соқпау жағы қарастырылды.

1.4 Қазіргі қазақ фонетикасының ғылыми аппараты жайлы

Қазақ фонетикасында қалыптасқан ұғымдар мен атаулар жүйесіне көптеген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Себебі, осы күнгі ұғым-атаулар "дәстүрлі" үнді-еуропа тілтанымына байланып қалған да, көбінесе қазақ тілі табиғатын не жансақ, не жартыкеш түсіндіріп жатады. Оның үстіне өзге тілдерде жоқ қазақ тіліндегі өзіндік құбылыстар ұғым-атау тапшылығынан көзге ілінбей келді. Сондықтан да қазақ фонетикасына тән ұғым-атаулардың жаңа жүйесін құрастырып, оларды түсіндіруге тура келді.

Сонымен "Қазақ фонетикасы" бұрынғы көз үйренген үлгісінен көп өзгеше болып шықты. Әсіресе, көптеген дыбыстардың сипаттамасы тиянақталып, қайта жазылды. Оның үстіне дыбыстардың үндесім (сингармонизм) жүйесі бұрын-соңды болмаған жаңа тарау ретінде қосылып отыр. Тағы бір айта кететін жай – қазақ тілінің төл дыбыстары ешбір қоспасыз өз алдына талданды. Соның нәтижесінде тілімізге жасанды еніп кеткен *х, һ* "әріп-дыбыстар" шығарылып тасталды. Ал орыс тілінен енген дыбыстарды қазақ дыбыстары құрамында қарастырудың өзін жөнсіз деп таптық (керек болып жатса, олар жайлы мәлімет орыс тілтанымында жеткілікті). Өзімізді де, өзгені де шатастырып келген *и, у, я, ю* кірме әріптері жайлы қосымша мәлімет бергенді жөн көрдік.

Алдымен қазақ тілінің төл дыбыстарының құрамын анықтап, жүйесін сипаттап алған соң барып, кірме дыбыстар жайлы сөз еткен дұрыс болар. Олар қазақ дыбыстарының құрамы мен жүйесінен үндесім орнын тауып сіңді ме, жоқ, әлде жапсырма-жамау күйінде қалды ма? Жауап біреу – егер кез келген кірме дыбыс үндесім заңына бағынбаса, онда ол қазақ дыбыстарының құрамына енген жоқ деген сөз.

Қазақ тілінің дыбыс құрамын өз фонологиясы тұрғысынан талдағанда ғана қазіргі кездегі "қазақ тілінде қанша дауысты бар, қанша дауыссыз бар?" деген әрі тарт, бері тарт сұрақтардан арылатын боламыз.

1.4.1 Фонетикалық негізгі ұғымдар мен атаулар

1.4.1.1 Жасалым фонетика (артикуляционная фонетика) – дыбыстың жасалу жолдарын анықтайтын фонетика саласы:

-жасалу орны: ерін (губной), ерін-еріндi (губно-губной), тіл ұшы (альвеолярный), тіл алды (переднеязычный), тіл ортасы (среднеязычный), тіл арты (заднеязычный), тілшік (увулярный);

-жасалу тәсілі: тоғысым (смычка), тоғысыңқы (смычный), жуысым (щелинность), жуысыңқы (щелевой), жинақы жуысыңқы (круглощелевой), жайылыңқы жуысыңқы (плоскощелевой), діріл (дрожащий), жанама (боковой);

- дауыс қатысы: тербеліссіз (дауыс желбезегі қатыспайды, яғни қатаң), тербеліңкі (дауыс желбезегі жартылай қатысады, яғни ұяң), тербелімді (дауыс желбезегі мол қатысады, яғни үнді), тербелмелі (дауыс желбезегі толық қатысады, яғни дауысты).

1.4.1.2 Айтылым фонетика (акустическая фонетика) –дыбыстың нақты болмысын анықтайтын фонетика саласы:

-жаңғыртқы (резонатор) жүйесі: ауыз қуысы (ртовый резонатор), көмей қуысы (глоточный резонатор);

-айтылым күші: нық (напряженный), босаң (полунапряженный), бос (ненапряженный).

1.4.1.3 Естілім фонетика (перцептивная фонетика) –дыбыстың естілу сипатын анықтайтын фонетика саласы:

- түйсінім түрі: қатаң (глухой), ұяң (звонкий), үнді (сонорный);
- естілім қарқыны: күшті лепті, босаң лепті, бос лепті.

1.4.2 Үндесім фонетика (сингармоническая фонетика) – дыбыстың үндестік сипатын анықтайтын фонетика саласы:

- әуез жүйесі: езулік әуез (палатальный тембр), еріндік әуез (лабиальный тембр); жуан езулік әуез, жіңішке езулік әуез, жуан еріндік әуез, жіңішке еріндік әуез.

- жасалым белгісі: езулік (неогубленный), еріндік (огубленный), ілгерінді (продвинутый), кейінді (отодвинутый);

- айтылым белгісі: ауыз қуысты (ртовый), көмей қуысты (глоточный), тұтас қуысты (ртово-глоточный);

- естілім белгісі: жуан (твердый), жіңішке (мягкий), езулік (неогубленный), еріндік (огубленный).

Фонетикалық атаулардың толық түсіндірме сөздігі жұмыс соңында өз алдына берілді. Алайда, қажет болған жағдайда, кейбір бөлімдердің түсінігін жеңілдету үшін мөлтек атаулар тізімін беріп отырдық.

2 ӘЛЕМ ТІЛДЕРІНІҢ ЖІКТЕЛІМІ (КЛАССИФИКАЦИЯСЫ) ЖАЙЛЫ

Әлем тілдерінің әзірге белгілі үш туыс тобы бар. Олар – үнді-еуропа; тай-қытай және орал-алтай тілдері. Оларды топтастырудың жіктелім белгілері ретінде кейде сөз просодикасын, кейде морфологиялық құрылым желісін алып отырады. Сөз просодикасын алатын болса, онда екпін, буын және сингармонизмге сүйенеді, морфологиялық құрылымына қарайтын болса, онда қопарылмалы (флектив), жадағай (изолятив) және жалғамалы (агглютинатив) сипатына сүйенеді.

Бүгінде тілдерді туыстық жағынан топтастыру үшін осы жіктелім белгілер жеткілікті болып отыр. Алайда тіл туыстығы тәрізді күрделі тарихи-әлеуметтік құбылыстың жіктелімі бірлі-жарым белгілердің көрінісімен ғана анықталмау керек болады.

2.1 Тілдерді топтастырудың жолы

Олай болса, тілдерді топтастырудың кешенді белгілерін қарастыру керек сықылды. Өйткені бір не екі белгінің тілдер туыстығын көрсету үшін жеткіліксіз болатын кездері жоқ емес. Оның үстіне тілдер туыстығы көптеген себептердің жиынтығынан барып қалыптасады. Ендеше тілдердің туыстық топтарын анықтағанда сондай себептердің, мүмкін болғанша, мол түрін қамтыған жөн (2.1-кесте).

2.1.1 Жіктелім белгілер ретінде туыс халықтардың орналасқан жері алдымен есепке алынады. Өйткені туыс халықтар, әдетте, жер жағдайына байланысты қашанда бірыңғай орналасады.

2.1.1.1 Үнді-еуропа туыстығы, аты айтып тұрғандай, Еуропа мен Үнді құрлығын тұтас алып жатыр.

2.1.1.2 Келесі туыстық топ Үлкен Азия құрлығының оңтүстік-шығысын түгел алып, дөңгелене ұйысып жатыр.


2.1.1.3 Соңғы топ Үлкен Азия құрлығының орталығы мен батысын қоса ұзына бойын, сонау Солтүстік мұзды мұхиттың жағалауынан Жер орта теңізіне дейін, бойлай жайласып жатыр.

2.1.2 Халықтардың өзара туыстығы ұзақ тарихи дамудың нәтижесі болып табылады. Оның ішінде халықтар арасындағы тіл бірлігінің белгілері ерекше орын алады. Туыстықтың ежелгі

белгісі (бастау көзі), көне белгісі (жалғас желісі) және жаңа белгісі (қазіргі қалпы) болады.

2.1.2.1 Алғашқы топтың ежелгі бірлестігі ретінде үнді-еуропалық туыстықты атауға болады. Іргелес жатқан үлкен екі құрлықты мекендеген халықтардың басын өзара біріктіріп тұрған,

2.1-кесте. Әлем тілдерінің жіктелімі (жіктелім белгілер)



***сингема** мен **аллосингема** жайлы 4 бөлімді қараңыз

түсіністікке қиын болса да, үнді-еуропа тілі болып табылады. Себебі бір-бірінің тіліндегі дыбысы мен лексика-грамматикасында үнді-еуропалық ежелгі ортақ ұқсастықтар сақталған.

2.1.2.2 Келесі топтың ежелгі бірлестігі ретінде ертедегі тай-қытайлық туыстықты атауға болады. Көлемі жағынан жинақы отырған халықтардың басын осы белгі біріктіріп отыр. Мұнда да бір-бірінің тіліндегі дыбысы мен лексика-грамматикасында тай-қытайлық ежелгі ортақ ұқсастықтар сақталған.

2.1.2.3 Үшінші топ ұлан-ғайыр Орал-алтай жұртының туыстығы болып табылады. Орал-Алтай бірлестігі – Үлкен Азияның орталық-батысы мен Еуропаның шығыс жиегін қамти орналасқан халықтарын біріктіріп отырған белгі. Мұнда болса, бір-бірінің тіліндегі дыбысы мен лексика-грамматикасында орал-алтайлық ежелгі ортақ ұқсастықтар сақталған.

2.1.3 Жоғарыдағыдай ұлан-ғайыр жерге орналасып жатқан бастау туыстығы ортақ көп халық біртұтас күйінде қала алмайды.

2.1.3.1 Үнді-еуропалық туыстас тұтас халық іштей тағы тарамдала бастайды. Мысалы, сол көп халықтың ішінен өзара тіл ұқсастығы мол славян халықтары жіктеліп шығады. Оладың тілінде көне славяндық дыбыс пен лексика-грамматикалық ұқсастықтар сақталған.

2.1.3.2 Сол сияқты тай-қытай бірлестігінің де өзіндік орта топтары бар. Көне қытай тілінің дыбыс және лексика-грамматикалық ұқсастықтар сақталған.

2.1.3.3 Орал-Алтай бірлестігінен өзіндік ерекшелігімен сараланып түркі тобы тарайды. Бұл топқа кіретін тілдердің құрамында түркілік көне дыбыс пен лексика-грамматикалық ұқсастықтар сақталған.

2.1.4 Жоғарыдағы аталған үлкен және орта туыстық білестіктер үлкенді-кішілі ұлттардың жиынтығы болып табылады.

2.1.4.1 Туыстығы жақын славян тілдерінің ішінен, мысалы, өзгелерінен дара орыс тілі немесе украин тілі бөлініп шығады. Орыс тілінің немесе украин тілінің жаңа дыбыс және лексика-грамматикалық үлгісі (нормасы) сол ұлт өкілдерінің бәріне бірдей тән, сондықтан да бәріне бірдей түсінікті. Ендеше, тілдің сол ұлт өкілдерінің бәріне бірдей ортақ болуы тілдік жіктелім белгісінің қазіргі қалпын көрсетеді.

2.1.4.2 Сондай-ақ екінші топтан, мысалы, ұлт өкілдеріне дыбыс және лексика-грамматикалық үлгісі (нормасы) ортақ қытай немесе екінші ұлт өкілдеріне дыбыс және лексика-грамматикалық үлгісі (нормасы) ортақ бирман тілі бөлініп шығады. Ендеше, тілдің сол ұлт өкілдерінің бәріне бірдей ортақ болуы тілдік жіктелім белгісінің қазіргі қалпын көрсетеді.

2.1.4.3 Үшінші топтан, мысалы, ұлт өкілдеріне дыбыс және лексика-грамматикалық үлгісі (нормасы) ортақ қазақ немесе екінші ұлт өкілдеріне дыбыс және лексика-грамматикалық үлгісі (нормасы) ортақ қырғыз тілі бөлініп шығады. Ендеше, тілдің қазақ немесе қырғыз ұлт өкілдерінің бәріне бірдей ортақ болуы тілдік жіктелім белгісінің қазіргі қалпын көрсетеді.

2.1.5 Тұтас тіл жіктелім белгі болып табылатын болса, онда тілдің ішкі бірліктері де жіктелім белгі бола алды. Тілдің күрделі деңгейінен бастайтын болсақ, онда алдымен морфологиялық деңгейге тоқталу керек.

2.1.5.1 Орыс тілі морфологиясының жіктелім ерекшелігі оның флективтігінде, басқаша айтқанда, морфологиялық өзгерістер сөздің "ішінде" болып жатады. Мұндай тілдік құбылыс орыс тіліне тән болғандықтан, оны орыс тілінің морфологиялық жіктелім белгісі деп қабылдау керек.

2.1.5.2 Қытай тілі морфологиясының жіктелім ерекшелігі оның морфологиялық бірліктерінің даралығында, яғни басы бірікпейтіндігінде (изолирующий), басқаша айтқанда морфологиялық өзгерістер морфологиялық бірліктердің өзара тәуелсіздігінен туындайды. Мұндай тілдік құбылыс қытай тіліне тән болғандықтан, оны қытай тілінің морфологиялық жіктелім белгісі деп қабылдау керек.

2.1.5.3 Қазақ тілі морфологиясының жіктелім ерекшелігі оның жалғамалылығында (агглютинатив), басқаша айтқанда морфологиялық өзгерістер түбір+қосымша (немесе, қосымшалар) тіркесінен болып жатады. Мұндай тілдік құбылыс қазақ тіліне тән болғандықтан, оны қазақ тілінің морфологиялық жіктелім белгісі деп қабылдау керек.

2.1.6 Тіл-тілде сөз просодикасының (сөз құрауыштың) маңызы үлкен, өйткені дыбыстардың басын құрап буын жасап, буындардың басын құрап сөз жасап тұрады.

2.1.6.1 Орыс тіліне тән сөз просодикасы сол сөздің екпіні

(ударение) болып табылады. Егер орыс тілінде сөзге екпін дұрыс қойылмаса ол орыс сөзі болмайды немесе сөз мағынасы өзгеріп кетеді. Сондықтан сөз просодикасы (екпін) орыс тілінің маңызды жіктелім белгісі болып табылады.

2.1.6.2 Қытай тіліне тән сөз просодикасы сол сөздің әуені (тон) болып табылады. Егер қытай тілінде сөзге әуен дұрыс қойылмаса, ол қытай сөзі болмайды немесе сөз мағынасы өзгеріп кетеді. Сондықтан сөз просодикасы қытай (тон) тілінің маңызды жіктелім белгісі болып табылады.

2.1.6.3 Қазақ тіліне тән сөз просодикасы үндесім (сингармонизм) болып табылады. Егер қазақ тілінде сөздің үндесім әуезі дұрыс айтылмаса, ол қазақ сөзі болмайды немесе сөз мағынасы өзгеріп кетеді. Сондықтан сөз просодикасы (үндесім) қазақ тілінің маңызды жіктелім белгісі болып табылады.

2.1.7 Әр тілдің өзіне тән просодика құрылымы болады.

2.1.7.1 Орыс тілі көп екпінді (полиакцентный), өйткені сөз құрамындағы буындардың екпін қарқыны әртүрлі болады. Екпінді буын (главное ударение) біреу болғанымен екпінсіз буындар (второстепенные ударения) бірнешеу және әртүрлі қарқынды болады. Екпіннің осы ерекшелігі орыс тілінің просодикалық жіктелім белгісі болып табылады.

2.1.7.2 Қытай тілі көп әуенді (политональный), өйткені сөз – буындардың әуен деңгейі әртүрлі болады. Әртүрлі әуенді буын-сөздер (немесе, сөз-буындар) бірнешеу және көп сатылы болады. Әуеннің (тонның) осы ерекшелігі қытай тілінің просодикалық жіктелім белгісі болып табылады.

2.1.7.3 Қазақ тілі көп әуезді (политембральный), өйткені әрбір сөздің өз айтылым әуезі бар. Қазақ тілінде төрт әуез бар. Сөз әуезінің (тембрдің) осы ерекшелігі қазақ тілінің просодикалық жіктелім белгісі болып табылады.

2.1.8 Тіл-тілдің өзіне тән сөз мағынасын өзгертетін немесе түрлендіретін дыбыс бөлшектері болады.

2.1.8.1 Орыс тіліне тән сөз мағынасын өзгертетін немесе түрлендіретін дыбыс бөлшек фонема болып табылады. Сондықтан фонема орыс тілінің жіктелім белгілерінің бірі болып табылады.

2.1.8.2 Қытай тіліне тән сөз мағынасын өзгертетін немесе түрлендіретін дыбыс бөлшек тонема болып табылады. Сондықтан тонема қытай тілінің жіктелім белгілерінің бірі болып табылады.

2.1.8.3 Қазақ тіліне тән сөз мағынасын өзгертетін немесе түрлендіретін дыбыс бөлшек сингема болып табылады. Сондықтан сингема қазақ тілінің жіктелім белгілерінің бірі болып табылады.

2.1.9 Тіл-тілдегі сөз мағынасын өзгертетін немесе түрлендіретін дыбыс бөлшектерінің сол тілге ғана тән айтылым түрлері (варианттары) болады.

2.1.9.1 Орыс тіліне тән фонеманың айтылым түрлері аллофон болып табылады. Сондықтан аллофон орыс тілінің жіктелім белгісі болып табылады.

2.1.9.2 Қытай тіліне тән тонеманың айтылым түрлері аллотон болып табылады. Сондықтан аллотон қытай тілінің жіктелім белгісі болып табылады.

2.1.9.3 Қазақ тіліне тән сингеманың айтылым түрлері аллосингема болып табылады. Сондықтан аллосингема қазақ тілінің жіктелім белгісі болып табылады.

2.2. Тілдердің жіктелім белгілерінің моделі

Тілдердің айырым белгілері олардың жіктеліміне негіз болып қана қоймай, кейбір пікірталас тудырып жүрген мәселелерді шешуге де септігін тигізеді. Ең бастысы қазақ тілтанымында орнығып қалған "еуропацентристік" ұстанымдардан арылуға мүмкіндік береді.

2.2.1 Жоғарыдағы кестеде келтірілген тілдерді жіктеудің кез-келген айырым белгілерін модельдеп шығуға болады. Алайда бүгінгі зәру зерттелім сөз просодикасының моделін жасау болып отыр. Өйткені қазақ тілтанымындағы "еурпацентризм" орыс тілінің сөздік екпінінен басталып отыр. Өйткені "қазақ тілінде екпін сөздің соңғы буынына түседі" деген жаңсақ ереже қазақ тілінің оқулықтарында әбден қалыптасып қалған.

2.2.1.1 Сөздік екпін немесе акцент тілдерді жіктеудің айырым белгісі болғандықтан, ол тек бір тілдің ғана, яғни орыс тілінің құрылымына ғана тән. Ендеше сөздік екпінді, мысалы, қазақ не қытай тілінің құрылымынан іздемеу керек.

2.2.1.2 Әуен немесе тон тілдерді жіктеудің айырым белгісі болғандықтан, ол тек бір тілдің ғана, яғни қытай тілінің құрылымына ғана тән. Ендеше тонды, мысалы, қазақ не орыс тілінің құрылымынан іздемеу керек.

2.2.1.3 Үндесім немесе сингармонизм тілдерді жіктеудің айырым

белгісі болғандықтан, ол тек бір тілдің ғана, яғни қазақ тілінің құрылымына ғана тән. Ендеше сингармонизмді, мысалы, қытай не орыс тілінің құрылымынан іздемеу керек.

2.2.1.4 Олай болса:

-сөздік екпін бар жерде тон мен сингармонизм болмайды;

-тон бар жерде сөздік екпін мен сингармонизм болмайды;


-сингармонизм бар жерде сөздік екпін мен тон болмайды.

2.2.2 Әлем тілдеріндегі белгілі сөз просодикаларының моделі үшбұрыш үлгісінде болып шығады (2.1-сурет).

Үшбұрыш моделінің басты сипаты оның бұрыштары еш уақытта бір нүктеге жинала алмайды. Ал сөз просодикалары үшбұрыштың әр басына орналасқан. Олай болса, олар да бір тілдің құрамына жинала алмайды.

Әрбір сөз просодикасының көрнекі моделі (2.2-сурет) олардың фонетикалық құрылымының да бір-бірінен мүлдем өзгеше екенін дәлелдейді. Сингармонизмнің тілдік мәртебесі тең төрт әуезі (суреттегі бірінші топ сызба: жуан езулік, жіңішке езулік, жуан еріндік, жіңішке еріндік) болса, сөз құрамындағы екпін түрлерінің қарқыны (суретте екінші топ сызба: екпінді, жоғары екпінді, орта екпінді, екпінсіз) еш уақытта тең болмайды, ал тонның көп сатылы деңгейлері (суретте соңғы топ сызба: төмен, жартылай төмен, жартылай жоғары, жоғары) буын-сөздердің айтылымын түрлендіріп отырады.

Әр тілге тән сөз просодикасы өзінше көпқұрылымды болады екен. Сингармонизм сөз әуезі мен сөз құрамындағы буындардың айтылым қарқынын біркелкі ұстайды. Сондықтан да сөз бастан-аяқ тек біркелкі әуезбен айтылып, белгілі бір буынның басым айтылуы кездеспейді. Керісінше, сөздік екпін сөз әуезін біркелкі сақтамайды, сондықтан да орыс сөзінің құрамында әртүрлі әуезді буындар кездесе береді және сөз құрамындағы буындардың екпін қарқыны еш уақытта тең болмайды. Олай болса, қазақ сөзінің құрамында біркелкі әуезді және айтылым қарқыны бірыңғай буындар мен әртүрлі әуезді және екпін қарқыны әртүрлі буындардың қоса айтылуы артикуляциялық тұрғыдан мүмкін емес. Басқаша айтқанда, сингармонизм мен екпін бір сөздің құрамына сыйыспайды: сингармонизм бар жерде екпін болмайды, екпін бар жерде сингармонизм болмайды. Ендеше "қазақ тілінде екпін бар" деген ережені жаңсақ қабылданған деп түсіну керек.



2.1-сурет. Әлем тілдерінің просодиялық белгілерінің моделі



2.2-сурет. Үндесім әуез түрлерінің, екпін қарқындарының және әуен деңгейлерінің моделі

2.3 Әлем тілдерінің "фонологиялық" құрылымы

Сөз басындағы "фонологиялық" деген сөзді арнайы тырнақшаға алып, оның екіұшты атау екенін мегзеп отырмыз. Өйткені әрі қарайғы талдау барысында ол атаудың барлық тілдерге тән әмбебап ұғым еместігі дәлелденетін болады.

Әлем тілдеріне бірдей ортақ фонетикалық құбылыстарды "Жалпы фонетика" пәні зерттейді. Қазіргі қалыптасқан дәстүр бойынша жалпы фонетикалық құбылыстар алдымен екіге жіктеледі: синхронды және диахронды фонетика. Синхронды фонетика тіл дыбыстарының бүгінгі қалпын, ал диахронды фонетика өткен тарихын қарастырады. Диахронды фонетиканың,

тіл дыбыстарының өткендегі даму барысын зерттейтін болғандықтан, қазақша "тарихи фонетика" деген үйреншікті атауы бар. Ал синхронды фонетиканың әзірге үйлесімді қазақша атауы жоқ, сондықтан оны, тіл дыбыстарының бүгінгі орнықты қалпын зерттейтін болғандықтан, шартты түрде "орнықты (қалыпты) фонетика" деп атауға тура келіп отыр. Дегенмен, ретіне қарай синхронды/орнықты (қалыпты), диахронды/тарихи деп, атаулар жарыса қолданыла беретін болады.

Жалпы фонетика пәні "еуропацентристік" ағымнан аулақ қала алған жоқ. Көптеген фонетикалық ұстанымдар мен олардың анықтамалары тілдердің барлығының табиғатына сай болмай, көптеген бірегей дыбыс құбылыстарын біржақты (сыңаржақ) түсіндіріп келді. Сондықтан да фонетика салаларын талдағанда мүмкін болған өзгерістерді ендіріп отыруға тура келеді. Әрине, әрбір ендірілген өзгерістердің өзіндік дәлелдемелері болады.

Сонымен, жалпы фонетика алдымен қалыпты (синхрон) фонетика және тарихи (диахрон) фонетика болып екіге жіктеледі (2.1-сызба). Бірі тілдің дыбыс құрамының тұрақтаған "орнықты" нысан екенін көрсетсе, енді бірі тілдің дыбыс құрамының үнемі өзгеріс үстіндегі даму барысын көрсететін "тарихи" нысан екенін көрсетеді. Сонда екеуінің айырым белгілері "орнықты-тарихи" болып шығады.




2.1-сызба. Жалпы фонетиканың құрылымы

Жалпы фонетиканың басты салалары іштей тағы жіктеледі. Бұл жерде тарихи фонетика сол күйінде қала тұрады. Ал синхронды фонетика просодология, сегментология және интонология болып тарамданады. Олардың әрқайсысына жеке-жеке талдау жасалады.

2.3.1. Просодология (сөзтаным) проблемасы

Жалпы фонетикада кіші тіл бірліктерінің басын құрап, көлемді бірліктер құрастыратын лингвистикалық құбылысты (заңдылықты) просодика деп атайды. Мысалы, дыбыстардан буын құраса – буын просодикасы, буындардан сөз құраса – сөз просодикасы, сөздерден сөйлем құраса – сөйлем просодикасы болады. Бұл жерде барлық просодикалық бірліктер талданып жатпайды.


Талданымға тек сөз просодикасы түседі, өйткені оның өзіндік себебі бар. Жалпы лингвистикада, оның ішінде орыс лингвистикасы да бар, просодика мен акцентология, лексикалық бейсәйкестігіне қарамай, мәндесім (синоним) атаулар болып табылады. Лингвистикалық сөздіктердің бәрінде просодика да, акцентология да сөз екпінін (словесное ударение) зерттейтін фонетиканың саласы деп түсіндіріледі. Егер осы анықтамаға сүйенетін болсақ, онда просодиканың тонға да, сингармонизмге де қатысы болмай шығады. Өйткені оның зерттеу нысаны сөздік екпін делінген. Соның нәтижесінде тон мен сингармонизмді зерттейтін "просодикалар" не жоқ болады, не атаулары беймәлім болып қалады (2.2-сызба). Сөздік екпінді зерттейтін акцентологиямен мәртебесі теңдес тонды зерттейтін және сингармонизмді зерттейтін фонетика саласының атауларының орны бос тұр. Мұның өзі логикалық қисынға келмейді, лингвистикалық жүйелі талданым бойынша бұлай болмау керек. Ендеше оның шешімі қандай болмақ?



2.2-сызба. Просодиялық бірліктердің толымсыз жүйесі


Егер сөздік екпінді зерттейтін фонетика саласы акцентология болса, онда жүйелілік (аналогия) ізімен тонды зерттейтін фонетика

саласы тонология, ал сингармонизмді зерттейтін фонетика саласы сингармо[но]логия болу керек. Сонда бос тұрған атаулардың орны акцентология атауымен үйлесімін тауып, қатар ұяларға орналасады: акцентология, тонология, сингармо[но]логия (2.3-сызба).



2.3-сызба. Просодиялық бірліктердің жартылай толымсыз жүйесі

Енді атаулары әртүрлі болғанымен, өйткені олар әртүрлі туыс тілдердің тобына тән, тілдік мәртебесі тең сөз просодикаларының басын біріктіретін атау қажет. Акцетология, тонология, сингармонологияның басын біріктіретін атау просодология болу керек. Себебі оның үшеуі де просодологияның зертте у нысаны болып табылады. Сонымен, жарты және жартыкеш кестелердің ұялары түгел толығады (2.4-сызба).



2.4-сызба. Просодиялық бірліктердің толық жүйесі

Сонда просодология жалпы фонетикалық атау мәртебесін алады да акцентология, тонология және сингармонологиядан жоғары тұрады. Ендеше тілдік сатының әр деңгейінде тұрғандықтан, ол акцентологиямен мәндес (синоним) бола алмайды. Просодология дыбыстардың буынға, буындардың сөзге бірігу жолдарын қарастырмайды, ол оның тікелей нысаны емес. Просодология жеке-жеке тілдердің сөз просодикасының құрамы мен жүйесін зерттеу нысаны етеді.


2.3.2 Сегментология (дыбыстаным) проблемасы

Жоғарыда фонологиялық бірліктердің әлем тілдерінің жіктелім белгісі ретінде жұмсалатыны көрінді. Ендеше, қазіргі жалпы фонетикадағы фонологиялық және фонетикалық сегменттер мәселесін де қайта қарауға тура келеді.

Түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілі үшін "фонема" бірлігі жарамсыз болып шықты. Егер "фонема" бірлігі жарамсыз болып шықса, онда "фонология" бірлігі де жарамсыз болып шығады, өйткені оның жалпы фонетикалық анықтамасы "фонология фонема жайлы ғылым" дегенге саяды. Турасында да фонология ғылымы тек фонеманың мәртебесін анықтап, оның жұмасалым түрлерін тиянақтап, айырым белгілерін сипаттап отырады. Олай болса, "фонология фонема жайлы ғылым" болса, онда бұдан туындайтын ақиқат ол тонема мен сингема жайлы ғылым емес. Басқаша айтқанда, тонема мен сингема фонологияның зерттеу нысаны болмайды. Сонда тонема мен сингеманы қарастыратын не ғылым жоқ болып шығады, не болса да оның атауы жоқ болып шығады (2.5-сызба). Ал бірақ тонема мен сингема "фонологиялық" ақиқат тілдік бірлік ретінде бар. Алайда "фононогиялық" деген атаудың тонема мен фонема үшін "еуропаөзімшілдікпен" шартты түрде алынып отырылғанын ескеріп, оны шынайы атаулармен алмастыруды ойлау керек. Әзірге олардың атауларының орны бос тұр. Олай бос қалдыруға тағы болмайды.

Фонетикада жаңа атау құрастырудың өзіндік дәстүрі бар. Ол үшін "фонология" атауының жасалым үлгісі алынады. Сонда ұқсастық жолымен "тонология" және "сингемология" атаулары шығады: фонология фонема жайлы ғылым; тонология тонема жайлы ғылым; сингемология сингема жайлы ғылым. Сөйтіп жіктелім кестедегі бос орындар жаңа атаулармен толығады


(2.6-сызба). Әр саланың зерттеу нысаны болып отырған фонема, тонема, сингема атауларымен үйлестіре түсу керек болса, онда оларды "фонемология, тонемология, сингемология" деп қалыптастыруға болады.



2.5-сызба. Бөлшек бірліктердің толымсыз жүйесі

Сонымен, фонемология, тонемология және сингемология тілдік (лингвиистикалық) мәртебесі тең, тілдік қызметі мәндес бірліктер болып шықты. Ендеше осы үшеуінің басын қосатын, олардан тілдік мәртебесі (деңгейі) жоғары тұратын күрделі тілдік бірлік керек болады. Тілдік бірліктердің ең кіші бөлшектерін қарастыратын ғылым болғандықтан оны "сегментология" деп атаған жөн. Сонда сегментологияның құрамына фонемология, тонемология мен сингемология тең кіреді.

Сонда сегментология жалпы фонетикалық атау мәртебесін алады да фонемология, тонемология және сингемологиядан жоғары тұрады (2.7-сызба). Сегментология дыбыстардың лингвистикалық мәртебесі мен жұмсалым ретін қарастырмайды, ол оның тікелей нысаны емес. Сегментология жеке-жеке тілдердің дыбыстарының тілдегі қызметі мен жүйесін зерттейтін фонемология, тонемология және сингемология бірліктерін зерттеу нысаны етеді.



2.6-сызба. Бөлшек бірліктердің толық жүйесі


2.3.3 Әуентаным (интонология) жайлы

Қазақ мәтінінің әуен құрылымы негізінен сөйлем деңгейіндегі қатысым (коммуникатив) мәлімет беруді қамтиды. Сондықтан да оқулықтар мен оқу құралдарында хабарлы, сұраулы және лепті сөйлем деген атпен үш түрлі ғана сөйлемнің әуен түрі қамтылады. Ал кейбір оқулықтар мен оқу-құралдарында әуен мәселесі тіптен сөз болмайды.

Мұның өзі академиялық деңгейдегі зерттелім нәтижелерінің практикалық оқу-әдістеме саласына әлі жете қоймағандығын көрсетеді.

Қазақ мәтінінің әуені күрделі фонетикалық құрылым болып табылады. Оның құрамында қарапайым қатысымдық әуеннен басқа үстеме әуен бірліктерінің бар екенін ескеру керек (2.8-сызба).

Бүтін сөйлем құрылымына тән әуен түрлерін қатысым әуен тобына, ал сөйлем бөлшектеріне тән әуен тобын үстеме әуен тобына жіктеуге болады. Өйткені қатысым әуен сөйлемнің өне бойына тән болса, үстеме әуен сол сөйлемнің белгілі бір бөлшегіне ғана тән. Үстеме әуен қатысым әуенге қосымша мән қосатын болғандықтан, оны үстеме әуен деп атауға тура келеді.




2.7-сызба. Сегментологияның құрылымы

Сонымен, негізгі қатысым әуен тобына хабарлы әуен, сұраулы әуен және бұйрық-лепті әуен жатады.

Хабарлы әуен белгілі бір мәліметті жеткізудің амалы болып табылады: ***Мен бүгін жұмысқа (сабаққа) барамын.*** Сөйлемнің басында әуен деңгейі жоғары басталып, сөйлем аяғына қарай бірте-бірте бәсеңдейді.

Сұраулы әуен белгілі бір мәліметті алудың амалы болып табылады: ***Сен бүгін жұмысқа (сабаққа) барасың ба ?*** Сөйлемнің бас жағында бәсең басталған әуен сөйлемнің аяғына қарай бірте-бірте көтеріліп барып, төмен түседі.



2.8-сызба. Әуен құрылымы

Бұйрық-лепті әуен белгілі бір мәліметті іске асырудың немесе жариялаудың амалы болып табылады: ***Сен бүгін жұмысқа (сабаққа) бар!*** Сөйлем басында бірден көтеріңкі басталған әуен сөйлем соңында кілт төмен түседі.

Үстеме әуен түрлері көңіл күй (эмоционально-экспрессивная), зәрулік (логическая), тыныс топтар (ритмическая группа), тізімдеме (перечислительная) және тиянақтама (точковая) болып жіктеледі.

Көңіл күй әуені сөйлеушінің сол сәттегі психологиялық қалпын және әңгімеге деген ынта қатысын көрсетеді: ***Осы, сен көо... п сөйлей бермеш...ш...і...і !*** Сөйлем құрамындағы сөздер қысқа/созылыңқы, шапшаң/жайбарақат, жоғары/төмен, тағы басқаша түрленіп айтыла береді.

Зәрулік әуені сөйлем ішіндегі бір сөздің өзге сөздерден маңызының сол сәтте басым екенін көрсетеді:

МЕН бүгін сабаққа барамын.
Мен БҮГІН сабаққа барамын.
Мен бүгін САБАҚҚА барамын.
Мен бүгін сабаққа БАРАМЫН.

Сөйлем құрамындағы зәру сөздің әуені жоғары, айтылым күші қарқынды келіп, өзге сөздерден бөлектеніп тұрады. Мысалы, зәрулік әуені бірінші сөйлемде "басқа емес, мен", екінші сөйлемде "ертең емес, бүгін", үшінші сөйлемде "жұмысқа емес, сабаққа", төртінші сөйлемде "қайтамын емес, барамын" екендігін көрсетеді. Сөйлемде қанша сөз немесе қанша сөз тіркесі болса, солардың бәрі зәрулік әуенмен айтыла береді.

Тізімдеме әуені бірнеше сөздің біріне-бірі жалғаса ұласқан бірлігін көрсетеді: ***Қорапта қара, қызыл, сары, жасыл, көк, қоңыр қалам бар.*** Осындағы түс атаулары жеке-жеке бөлшек әуенмен айтыла береді.

Тиянақтама әуен бірнеше сөздің әрқайсысының бір-біріне тәуелсіз, жеке-жеке аяқталған дербестігін көрсетеді: ***Қағаз. Қалам. Дәптер.*** Әрбір сөзден кейін үзіліс болып отырады.

Тыныс топтар әуені сөйлем ішіндегі лексикалық (мағыналық) және грамматикалық жағынан мәндес сөздердің басын біріктіріп отырады: ***Мен // орталық үлкен көшемен // асықпай жаяулап // жұмысқа // кешікпей жеттім.*** Тыныс топ бір сөз немесе екі-үш сөз бола беруі мүмкін. Әрбір тыныс топтан соң үзіліс болып отырады.

Әрине қатысым әуен болсын, үстеме әуен болсын олардың нақты құрылысы құбылмалы келеді. Олардың іштей түрленімі көп болады, сондықтан әуен түрленімінің бәрін қамтып, баяндап шығу мүмкін емес.


3 ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАСАЛЫМ НЕГІЗІ (артикуляциялық базасы)

Сөйлеу мүшелері физиологиялық тұрғыдан алғанда адамзат баласының бәріне бірдей ортақ, яғни "С анатомо-физиологической точки зрения принципиальной разницы в строении и функционировании произносительных органов у представителей разных рас или национальностей нет" [1, 80], алайда сол бәріне ортақ сөйлеу мүшелерін ұлт тілінде пайдаланудың жолдары әртүрлі болады. Бір сөйлеу мүшесі бір тілде белсенді болса, екінші тілде қалыс қалып отырады. Тіптен, белгілі бір сөйлеу мүшесінің қызметі әр тілде әртүрлі болуы мүмкін. Сондықтан да фонетика ғылымының басты міндеті ең алдымен сөйлеу мүшелерінің белгілі бір тілге тән жасалым негізін (артикуляциялық базасын) анықтап алу болып табылады. Тілдің жасалым негізі жалпы фонетика (общая фонетика) тұрғысынан "Артикуляционная база – это совокупность привычных для данного языка движений и положений произносительных органов" [1, 80] деп анықталады. Ал қазақ тілінің жасалым негізіне "Қазақ тілі дыбыстарын жасауға қатысатын сөйлеу мүшелері мен олардың қозғалысының жиынтығы" [2] деген анықтама берілген. Ендеше қазақ тілі дыбыстарының жасалымына қатысатын сөйлеу мүшелері мен олардың қозғалысының өзіндік ерекшеліктері бар.

Қазақ тілінің төл дыбыс құрамын дәл анықтап, оның жүйесін (айырым белгілерін) дұрыс сипаттап шығу үшін ең алдымен қазақ тілінің жасалым негізін анықтап алу керек болады. Олай болмаған жағдайда қазақ тілінің дыбыс құрамы дәл анықталмайды, дыбыс жүйесі дұрыс сипатталмайды. Өкінішке орай, ондай жаңсақтықтар қазіргі қазақ фонетикасында баршылық. Жаңсақтықтардан арылудың жолы тек қазақ тілінің жасалым негізіне сүйенгенде ғана табылады.

3.1 Сонымен, бірінші кезекте қазақ тілінің жасалым негізінің көрнекі пішіндемесін (моделін) құрастырып алу керек болады. Қазақ тілінің жасалым негізі пішіндеме үлгісінде жасалғандықтан, оның сызба бөліктерінің көрінісі шартты болып табылады. Соған қарамай, пішіндеме сөйлеу мүшелері мен олардың қозғалысының қазақ тілі дыбыстарының жасалымына қатысын нақты көрсетіп отырады (3.1-сурет).

3.2 Пішіндеменің орта тұсы (**Д** көрсеткішінің топтамасы) тілдің ауыз қуысындағы көлденең қалпын, яғни тіл ортасы немесе ілгерінді ($Д_9$ және $Д_{10}$) қалпын, тіл арты немесе кейінді ($Д_7$ және $Д_8$) және тік қалпын, яғни ашық немесе төменді ($Д_8$ және $Д_{10}$, қысаң немесе жоғарылы $Д_7$ және $Д_9$) қалпын көрсетеді.



3.1-сурет. Қазақ тілі жасалым негізінің пішіндемесі (моделі)

3.3 Төменгі оң жақ бұрышта дауыс желбезегінің (дауыс жарғағы немесе дауыс шымылдығы деп те аталады) тербеліс қалпы бейнеленген (**Г** көрсеткішінің топтамасы). Дауыс желбезегінің қатысын көрсететін **Г** топтамасындағы төменгі бірінші түзу сызық дауыс желбезегінің бейтарап немесе *тербеліссіз* қалпын көрсетеді. Дауыс желбезегінің бұл қалпы қатаң дауыссыздарға тән. Жоғары қарай екінші толқын сызық дауыс желбезегінің жартылай тербелісін немесе *тербеліңкі* қалпын көрсетеді. Дауыс желбезегінің бұл қалпы ұяң дауыссыздарға тән. Жоғары қарай үшінші толқын сызық дауыс желбезегінің мол тербелісін немесе *тербелімді* қалпын көрсетеді. Дауыс желбезегінің бұл қалпы үнді дауыссыздарға тән. Жоғары қарай төртінші толқын сызық дауыс желбезгінің толық тербелісін немесе *тербелмелі* қалпын көрсетеді. Дауыс желбезегінің бұл қалпы дауыстыларға тән. Сонда дауыс желбезегінің қатысына қарай қазақ тілі дыбыстарының жасалым жіктелімі тербеліссіз (қатаң), тербеліңкі (ұяң), тербелімді (үнді) және тербелмелі (дауысты) болып шығады. Дауыс желбезегінің тербеліс күшіне (еніне) қарай қазақ тілі дыбыстарының жіктелім сатысы *тербеліссіз* > *тербеліңкі* > *тербелімді* > *тербелмелі* болып

шығады. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың құрамы мен жүйесін айқындайтын бірден-бір жасалым белгі дауыс желбезегінің қатысы екенін көреміз.

3.4 Сол жақ тік қанат дыбыстардың жасалымына ерін қатысын (**А** топтамасы) көрсетеді.

Қазақ тілі дыбыстарының жасалымына ерін қатысы екі түрлі болады. Егер дыбыстардың үндесім (сингармонизм) түрленімін ескеретін болсақ, онда езулік [а, ә, ы, і, е] ($А_{1-3}$ көрсеткіштері) және еріндік [ұ, ү, о, ө] ($А_{4,5}$) деп екіге жіктей саламыз, ал егер дыбыстардың үйлесім (ассимилятив) түрленімін ескеретін болсақ, онда езуліктік өзін *ашық езулік* [а, ә] $А_1$, *қысаң езулік* [ы, і] ($А_2$) және *емеурін езулік* [е] ($А_3$) деп үшке, еріндіктің өзін *доғал еріндік* [ұ, ү] ($А_4$) және *сүйір еріндік* [о, ө] ($А_5$) деп екіге жіктейміз. Сонда қазақ тілі дыбыстарының жасалымына ерін қатысының өзі бес түрлі болады. Мұның өзі қазақ тілі дыбыстарының жасалымында ерін қатысының маңызы үлкен екенін көрсетеді.

3.5 Жоғарыдағы көлденең қанат дыбыстардың жасалу орнын (**Е** топтамасы) көрсетеді.

Қазақ тілі дыбыстарының жасалу орны *ерін, тіл ұшы, тіл ортасы, тіл арты* және *тілшік* болып табылады. Оның ішінде *тіл ортасы* [ә, і, ү, е, ө] ($Е_3$) мен *тіл арты* [а, ы, ұ, о] ($Е_4$) дауысты дыбыстарға қатысты болса, *ерін* [п, б, м, у(w)] ($Е_1$), *тіл ұшы* [т, д, н, с, з, р, ш, ж, л] ($Е_2$), *тіл ортасы* [к, г, й, ң] ($Е_3$) және *тілшік* [қ, ғ, й, ң] ($Е_4$) дауыссыз дыбыстарға қатысты.

Қазақ тілінің төл дыбыс құрамындағы *у* таңбасымен белгіленіп жүрген *ерін-еріндi, жуысыңқы, тербелімді (үнді)* дауыссыз дыбысын орыс тілінің *у* дауысты дыбысымен шатастыру жиі кездесіп жүргендіктен, оның халықаралық таңбасын жақша ішіне алып, арнайы көрсетіп отырмыз.

3.6 Оң жақтағы тік қанат дыбыстардың жасалу тәсілін (**Б** топтамасы) көрсетеді.

Сөйлеу мүшелерінің қазақ тілі дыбыстарының жасалу тәсіліне қатысы да күрделі болып шықты. Тілдің арқалығы (үсті) мен таңдайдың арақашықтығына қарай *ашық* [а, ә] ($Б_1$) және *қысаң* [ы, і, ұ, ү] ($Б_2$) болып жіктеледі. Сонда дауыстылардың ашық/қысаң белгісін дыбыстардың жасалу тәсіліне жатқызып отырмыз. Қазақ тілінің жасалым негізінің фонетикалық заңдылығын сақтайтын болсақ, солай болуы керек. Сөйлеу мүшелерінің екеуара қалпына

қарай *жуысыңқы* [ш, ж, с, з, л, р, й, ғ(г) у(w)] ($Б_{3-6}$) және *тоғысыңқы* [п, б, м, т, д, н, қ(к), н] ($Б_7$) болып жіктеледі. Жуысыңқының өзі *жайылыңқы* [ш, ж, ғ, й] ($Б_4$), *жиылыңқы (жинақы)* [с, з, й, г, у(w)] ($Б_3$), *жанама* [л] ($Б_5$) және *діріл* [р] *жуысыңқы* ($Б_6$) болып тағы төртке бөлінеді. Тоғысыңқы сол бір қалпында қалады.

3.7 Кейбір қазақ тілі дыбыстарының үндесім және үйлесім сыңарларының (варианттарының) жасалу орны бір-бірінен алшақ жатады. Сондықтан да олар жоғарыда бірде бір топтың құрамында көрінсе, енді бірде екінші бір топтың құрамында кездеседі. Мысалы, *ақ, аға, аң, ай* сөздерінің құрамындағы *қ, ғ, ң, й* дауыссыздары тілшік арқылы айтылса, *әк, еге, ең, әй* сөздерінің құрамындағы *к, г, ң, й* дауыссыздары тіл ортасы арқылы айтылады. Сондай-ақ *ғылым, гүл* сөздерінің құрамындағы *ғ, г* дауыссыздары тоғысыңқы, *жоқ, және* сөздерінің құрамындағы *ж* [дж] жабысыңқы (аффрикат) болып айтылса, *аға, еге* сөздерінің құрамындағы *ғ, г* дауыссыздары мен *ажа, әже* сөздерінің құрамындағы *ж* дауыссызы жуысыңқы болып айтылады.

Дауыссыздардың кестесінде *к, г, ң, й* жіңішке үндесім дауыссыздар, *ғ, г,* жуысыңқы үйлесім дауыссыздар және *ж* жабысыңқы дауыссызы жақшаға алынып берілді. **Сонда жақшадан тыс тұрған дауыссыздардың саны 17 дыбыс болып шығады. Үндесім фонологиясы бойынша қазақ тілінде 17 дауыссыз дыбыс (сингема) бар деген қорытынды осыдан туындайды.**

3.8 Қазақ тілі дауысты дыбыстарының негізгі жіктелімі 3.1-кестеде берілген. Қазақ тілінде тіл алды дауыстылар жоқ, сондықтан ол көрсеткіш кестеге ендірілмеді. Қазақ тілі дауыссыз дыбыстарының негізгі жіктелімі 3.2-кестеде берілген. Қазақ тілінде тіл алды және тіл арты дауыссыздар жоқ, сондықтан ол көрсеткіштер де кестеге ендірілмеді. Дауыссыз дыбыстардың жасалымы ерекше сыңарлары жақша ішіне алынып берілді. Және де мақала көпшілік мамандарға арналғандықтан, қажет болған жерінде, дәстүрлі фонетиканың атауын қоса беріп отырмыз.

3.1-кесте. Дауысты дыбыстардың жасалым жіктелімі

ҚҰРАМЫ	ЖАСАЛУ ОРНЫ / ЕРІН ҚАТЫСЫ / ЖАҚ ҚАТЫСЫ	тіл ортасы		тіл арты	
		езу(лік)	ерін(дік)	езу(лік)	ерін(дік)
жалаң	қысаң	**І**	**Ү**	**Ы**	**Ұ**
	ашық	**Ә**		**А**	
құранды		**Е**	**Ө**		**О**

3.2-кесте. Тірек дауыссыз дыбыстардың жасалым жіктелімі

ЖАСАЛУ ТӘСІЛІ		ДАУЫС желбезегінің ҚАТЫСЫ	ЖАСАЛУ ОРНЫ			
			ерін	тіл ұшы	тіл ортасы	тілшік
тоғысыңқы		тербеліссіз	**П**	**Т**	**(К)**	**Қ**
		тербеліңкі	**Б**	**Д**	**(Г)**	**Ғ**
		тербелімді	**М**	**Н**	**(Ң)**	**Ң**
жуысыңқы	жайылыңқы	тербеліссіз		**Ш**		
		тербеліңкі		**Ж**		**(Ғ)**
		тербелімді			**(Й)**	**Й**
	жинақы	тербеліссіз		**С**		
		тербеліңкі		**З**	**(Г)**	
		тербелімді	**У(w)**			
	діріл			**Р**		
	жанама			**Л**		
жабысыңқы		тербеліңкі		**(ʾЖ)**		

3.9 Қазақ фонетикасында *жасалым* (артикуляция), *айтылым* (акустика) және *естілім* (перцепция) фонетикаларының атаулары, сондай-ақ *үндесім* (сингармонизм) мен *үйлесім* (ассимилятив) фонетикаларының атаулары өзара араластырылып, жүйесіз қолданылып жүр. Мысалы, "а – ашық, жуан, езулік дауысты дыбыс" деген жасалым анықтаманың құрамында жасалым атау (ашық) мен үндесім атау (жуан, езулік) араласып жүр. Дұрысы, егер біз дыбыстың жасалым анықтамасын беретін болсақ, онда "ашық, тіл арты, езу" болып жасалым атауларды біркелкі пайдалану керек. Ал "жуан, езулік" атауы дыбыстың үндесім сипаттамасын бергенде оның жуан, езулік әуезбен айтылатынын көрсету үшін керек болады. Өйткені қазақ тілінде "жуан, езулік әуез бар" бар, ал "жуан, езулік жасалым (артикуляция)" жоқ. Тағы бір мысал: "т – тіл ұшы, қатаң, шұғыл дауыссыз дыбыс" деген жасалым анықтаманың құрамында да жасалым атау (тіл ұшы) мен естілім атау (қатаң) араласып жүр. Ал "шұғыл" атауы жасалымға да, естілімге де кірікпей тұр. Сонда дыбыстың жасалым анықтамасы "тіл ұшы, тербеліссіз, тоғысыңқы" болып берілгені жөн. Ал "қатаң" атауы дыбыстың естілім сипаттамасын бергенде қажет болады, өйткені дыбыс құлаққа қатаң болып естіледі. "Тоғысыңқы" атауы дыбыс жасалым тұрғысынан сөйлеу мүшелерінің (тіл ұшы мен тістің) өзара тоғысуы арқылы жасалатынын көрсетеді.

3.10 Қазіргі қазақ фонетикасында қалыптаса бастаған жаңа ұғымдар мен олардың атаулар үлгісінен мысал келтіре кетейік.

Жалпы атаулар:

– түрленім – модификация
  үндесім түрленім – сингармоническая модификация
  үйлесім түрленім – ассимилятивная модификация
  шеп түрленім – позиционная модификация
  әуен түрленім – интонационная модификация
  тарихи түрленім – историческая модификация
  еркін түрленім – спонтанная модификация
– үндесім – созвучие
  әуез үндесім – тембральное созвучие
  ерін үндесім – лабиальное (губное) созвучие
  езу үндесім – палатальное созвучие
  жуан үндесім – твердое созвучие
  жіңішке үндесім – мягкое созвучие
– жасалым – артикуляция

жасалым фонетика – артикуляционная фонетика
жасалым белгі – артикуляционный признак
– айтылым – акустика
айтылым фонетика – акустическая фонетика
айтылым белгі – акустический признак
– естілім – перцепция
естілім фонетика – перцептивная фонетика
естілім белгі – перцептивный признак
– белгі – признак
айырым белгі – дифференциальный признак
ортақ белгі – общий признак

3.10.1 Жасалым (артикуляциялық) атаулар:

- жасалым – артикуляция
- тоғысым – смычка
қатаң тоғысым – глухая смычка
- тоғысыңқы – смычный
қатаң тоғысыңқы – глухой смычный
- жуысым – щелинность
ұяң жуысым - звонкая щелинность
- жуысыңқы – щелинный
ұяң жуысыңқы – звонкий щелинный
- ерін – губной
ерін дауысты – губной гласный
ерін дауыссыз – губной согласный

Айтылым (акустикалық) атаулар:

- леп – придыхание
- лепті – придыхательный
лепті дауыссыз – придыхательный согласный

Естілім (перцепциялық) атаулар:

- қатаң – глухой
қатаң дауыссыз – глухой согласный
- ұяң – звонкий
ұяң дауыссыз – звонкий согласный
- үнді – сонорный
үнді дауыссыз – сонорный согласный

3.10.2 Үндесім (сингармониялық) атаулар:

- әуез – тембр
- жуан – твердый

жуан әуез – твердый тембр
- жіңішке – мягкий
жіңішке әуез – мягкий тембр
- езулік – неогубленный
езулік әуез – неогубленный тембр
- еріндік – огубленный
еріндік әуез – огубленный тембр

3.10.3 Үйлесім (ассимилятив) атаулар:

- үйлесім – коартикуляция, ассимиляция
іргелес үйлесім – контактная коартикуляция
-ілгерінді – продвинутый
ілгерінді дауыссыз – продвинутый согласный
-кейінді – отодвинутый
кейінді дауыссыз – отодвинутый согласный
-төменді – приопущенный
төменді дауыссыз – приопущенный согласный
-жоғарылы – приподнятый
жоғарылы дауыссыз – приподнятый согласный
-қысаң ерін – узконегубной
қысаң ерін дауыссыз – узконегубной согласный
-ашық ерін – открытонегубной
ашық ерін дауыссыз – открытонегубной согласный
-емеурін ерін – напряженнонегубной
емеурін ерін дауыссыз – напряженнонегубной согласный
-доғал ерін – ненапряженноогубленный
доғал ерін дауыссыз – ненапряженноогубленный согласный
-сүйір ерін – напряженноогубленный
сүйір ерін дауыссыз – напряженноогубленный согласный

3.11 Мысалы, *тыс, тіс, тұс, түс* сөздерінің жасалым, үйлесім және үндесім сипаттамасының талданымы:

3.11.1 Жасалымы:

- *тыс* сөзінің құрамындағы: т – тіл ұшы, тербеліссіз, тоғысыңқы;
ы – тіл арты, езу(лік), қысаң;
с – тіл ұшы, тербеліссіз, жуысыңқы.
- *тіс* сөзінің құрамындағы: т – тіл ұшы, тербеліссіз, тоғысыңқы;

і – тіл ортасы, езу(лік), қысаң;

с – тіл ұшы, тербеліссіз, жуысыңқы.

- *тұс* сөзінің құрамындағы: т – тіл ұшы, тербеліссіз, тоғысыңқы;

ұ – тіл арты, ерін(дік), қысаң;

с – тіл ұшы, тербеліссіз, жуысыңқы.

- *тұс* сөзінің құрамындағы: т – тіл ұшы, тербеліссіз, тоғысыңқы;

ү – тіл ортасы, ерін(дік), қысаң;

с – тіл ұшы, тербеліссіз, жуысыңқы.

3.11.2 Үндесімі:

- *тыс* сөзінің құрамындағы т – жуан, езулік;

ы – жуан, езулік;

с – жуан, езулік.

- *тіс* сөзінің құрамындағы т' – жіңішке, езулік;

і – жіңішке, езулік;

с' – жіңішке, езулік.

- *тұс* сөзінің құрамындағы т° – жуан, еріндік;

ұ – жуан, еріндік;

с° – жуан, еріндік.

- *тұс* сөзінің құрамындағы т'° – жіңішке, еріндік;

і – жіңішке, еріндік;

с'° – жіңішке, еріндік.

3.11.3 Үйлесімі:

- *тыс* сөзінің құрамындағы $т^{ы}$ – кейінді, жоғарылы, қысаң езулік;

ы – жуан, езулік;

$с^{ы}$ – кейінді, жоғарылы, қысаң езулік.

- *тіс* сөзінің құрамындағы $т^{і}$ – ілгерінді, жоғарылы, қысаң езулік;

і – жіңішке, езулік;

$с^{і}$ – ілгерінді, жоғарылы, қысаң езулік.

- *тұс* сөзінің құрамындағы $т^{ұ}$ – кейінді, жоғарылы, доғал еріндік;

ұ – жуан, еріндік;

$с^{ұ}$ – кейінді, жоғарылы, доғал еріндік.

- *тұс* сөзінің құрамындағы $т^{ү}$ – ілгерінді, жоғарылы, доғал еріндік;

і – жіңішке, еріндік;

c^{y} – ілгерінді, жоғарылы, доғал еріндік.

3.12 Қорыта келгенде, жасалым (артикуляциялық), айтылым (акустикалық) және естілім (перцепциялық) фонетиканың, оның сыртында үндесім (сингармониялық) және үйлесім (ассимилятив) фонетиканың әрқайсысының өзіне тән ұғымдары мен атаулары бар. Қазақ тілінің дыбыстары қай тұрғыдан сипатталып отырған болса, ұғыматаулар да сол тұрғыдан зерттелім амалы болу керек.

4. ҚАЗАҚ СӨЗІНІҢ ДЫБЫС ТАЛДАНЫМЫ (АНАЛИЗІ)


4.1 Теориялық негіздеме

Дәстүрлі фонетикамызда алдымен дайын дыбыстардың әліпби тізбегі ұсынылады. Мысалы, "қазақ тілінде пәлен дыбыс бар" деп нақтылап қояды. Сөйтіп қазақ тіліндегі дыбыс саны олардың әліпби құрамымен өлшенеді. Сол дыбыстардан буын, буындардан сөз құралып жатады (әлеми оқыту әдістемесінде қабылданған әдіс). "Әліппеден" бастап жоғарғы оқулықтарға дейін сауат ашу дыбыстан басталады. Тілі ана тілінде шыққан адамдар үшін оның еш қиындығы болмайды. Өйткені адам алғаш тілі шыққанда жеке дыбыстардың айтылымын емес, бүтін сөздердің айтылымын меңгеруден бастайды. Сондықтан да айтылым әуезі әртүрлі болса да, сол сөздер құрамындағы дыбыстардың түрленім үлгілері өзінен-өзі табиғи айтылып, табиғи естіліп жатады. Бұл – қазақша таза сөйлейтін адамдарға тән. Олар үшін тілде қанша ақиқат дыбыс бар және олардың құрамы мен жүйесі қандай деген сұрақ туындамайды.

Алайда теориялық тілтаным (фонетика) мен қолданба лингвистика (оның ішінде әдістеме де бар) үшін әліпби дыбыстардың санымен шектелу жеткіліксіз. Себебі дыбыстардың әліпби тізбегі тілдегі ақиқат дыбыстардың бір тобын ғана қамтиды. Мысалы, қазақ тілінде **Т, С** (әліпби атауы – *ты, сы)* дауыссыз дыбыстары бар дейміз. Ал осы дыбыстар тек *тыс* сөзінің құрамында ғана кездеседі де, дәл сол **Ты, Сы** айтылым үлгілері *тіс, тұс, түс* сөздерінің құрамында кездеспейді. Өйткені, **Ті, Тұ, Тү, Сі, Сұ, Сү** дыбыстарының жасалымы да (артикуляциясы), естілімі де (перцепциясы) басқа-басқа. Ендеше, теориялық фонетика дыбыс түрленімінің мүмкін болған үлгілерін түгел анықтауға тиіс, онсыз ғылыми нәтиже толық болмайды (4.1-сызба); Қолданба лингвистикада қолғанат қондырғылар құрастырғанда ескерілуі керек, онсыз ақпарат (байланыс) желісінде ақау пайда болады. Әдістемеде өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйреткенде пайдалану керек, онсыз акцент жойылмайды.

Сызбадан көрініп тұрғандай, дыбыстардың әліпби айтылымы тек бір ғана айтылым үлгісін қамтиды – **Ты, Сы** (бүтін және қою сызықпен бөлектеніп берілді), қалған түрлерінің айтылым үлгілері қалыс қалып отыр (жіңішке және үзік сызықпен бөлектеніп берілді). Олай болса, әліпби дыбыстар қазақ тілі дыбыстарының


құрамын біржақты ғана көрсетеді екен. Ендеше қазақ сөзінің дыбыс талданымын зерттеудегі мақсат – қазақ тіліндегі ақиқат дыбыстардың құрамын түгел қамтып шығу. Ол үшін зерттеушілер алдында сөздің дыбыс құрамын фонетикалық (жасалымы) және фонологиялық (үндесімі) тұрғыдан талдап шығу міндеті тұр.



4.1-сызба. Әліпби тізбегіндегі дыбыстың ақиқат мәні

4.2 Қазақ сөзінің талданым желісі

Теориялықфонетикатұрғысынанқарағандадыбыстансөзгеқарай талдау дұрыс нәтиже бермейді. Өйткені жоғарыда көрсетілгендей, ондай жағдайда дыбыстың бір ғана айтылым үлгісі қамтылады да өзге үлгілері жасырын қалып қояды. Сондықтан қазақ сөзінің талданым желісі мәтіннен (сөйлемнен) дыбыс бағытында жүргізілу керек. Сонда ғана тілдегі дыбыс үлгілерін түгел табуға болады. Басқаша айтқанда (4.2-сызба),



- алдымен мәтін (сөйлем) алынады, оның ішінде әртүрлі үндесім әуезді сөздер кездеседі;

- мәтін (сөйлем) ішінен сөз бөлінеді, ол сөздің өзіне тән үндесім әуезі бар;

- сөзден сол сөзге тән үндесім әуезді буын ажыратылады;


- буыннан барып сол буынға тән үндесім әуезді дыбыс табылады.

Осы жолмен табылған дыбыстар қазақ тіліне тән ақиқат дыбыстар болып шығады (4.3-сызба). Сөйтіп қазақ тіліндегі дыбыстардың әліпби тізбегінен өзгеше толық құрамы шығады.


4.3 Теориялық болжам. Қазақ тілінде (түркі тілдерінде) үнді-еуропа тілдеріне тән *фонема* жоқ. Ендеше сол тілдерге тән *аллофон*

да жоқ. Себебі үнді-еуропа тілдері екпінді (акцентті) тілдер, ал қазақ (түркі) тілі үндесім (сингармониялық) тіл. Түркі (қазақ) тілдерінің үнді-еуропа тілдерінің ізімен талданып жүргендігі бұған дейінгі тілтанымдағы *европа-өзімшіл (европацентристік)* ұстанымның басымдылығынан болып отыр. Өкінішке орай, қазақ (түркі) фонетистері әзірге *европацентризминен* арыла алмай келеді.

Қазақ тілі үндесім (сингармониялық) тіл болғандықтан, оның дыбыс құрамына тән ұғымдар мен атаулардың өз ерекшелігі болады.



4.2-сызба. Қазақ тілінің жалпы дыбыс талданым желісі



4.3-сызба. Қазақ сөзінің дыбыс талданым желісі

Қазақ сөзінің мағынасын түрлендіретін ең кішкене дыбыс бөлшегі үндесім дыбыс болғандықтан, оны *үндесім фонема* немесе *сингармофонема* деп атауға тура келеді. Осыған орай, үндесім фонеманың варианттары *үндесім аллофон* немесе *аллосингармофонема* деп аталады. Тағы да еуропацентризмге ұрынбас үшін *үндесім фонема (үндесім аллофон)* немесе *сингармофонема (аллосингармофонема)* атауларының орнына ықшам әрі сингармонизмнен туындайтын *сингема* және *аллосингема* атауларын енгізген жөн болады. Сонда, теориялық жалпы фонетика (теоретическая общая фонетика) тұрғысынан әлеми тілдерге тән фонологиялық бірліктердің жүйесі мынадай болып шығады:

- екпінді (акцентті) тілдер үшін: **фонема және аллофон**
- буын (әуен) тілдер үшін: **тонема және аллотонема**
- үндесім (сингармониялық) тілдер үшін: **сингема және аллосингема**

Сонда қазақ тілінде 3 дауысты [а], [ы], [о] сингема (дыбыс), 17 дауыссыз [б, д, ғ, ж, з, й, к, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ш] сингема (дыбыс) бар болып шығады. Барлығы 20 сингема (дыбыс). Ендеше қазақ тілінде жиырма тірек дыбыс бар.

4.3.1 Дауысты дыбыстар:

Жалаң дауысты [а] сингема екі аллосингемадан құралады: [а, ә];

Жалаң дауысты [ы] сингема төрт аллосингемадан құралады: [ы, і, ұ, ү];

Құранды дауысты [о] сингема үш аллосингемадан құралады: [о, ө, е].

Барлығы 9 аллосингема (үндесім) дауысты дыбыс.

Дәстүрлі фонетикамыздағы 9 дауысты деп жүргеніміз үш тірек дауыстының (сингеманың) үндесім (сингармониялық) варианттары немесе аллосингемалары болып шығады (4.1-кесте).

4.1-кесте. Дауысты дыбыстардың сингема және аллосингема құрамы.

А	[А	Ә	...	...]
Ы	[Ы	І	Ұ	Ү]
О	[...	Е	О	Ө]

4.3.2 Дауыссыз дыбыстар:

Дауыссыз [б] төрт аллосингемадан құралады: [б, б', б°, б'°];
Дауыссыз [д] төрт аллосингемадан құралады: [д, д', д°, д'°];
Дауыссыз [ғ] төрт аллосингемадан құралады: [ғ, ғ', ғ°, ғ'°];
Дауыссыз [ж] төрт аллосингемадан құралады: [ж, ж', ж°, ж'°];
Дауыссыз [з] төрт аллосингемадан құралады: [з, з', з°, з'°];
Дауыссыз [й] төрт аллосингемадан құралады: [й, й', й°, й'°];
Дауыссыз [қ] төрт аллосингемадан құралады: [қ, қ', қ°, қ'°];
Дауыссыз [л] төрт аллосингемадан құралады: [л, л', л°, л'°];
Дауыссыз [м] төрт аллосингемадан құралады: [м, м', м°, м'°];
Дауыссыз [н] төрт аллосингемадан құралады: [н, н', н°, н'°];

Дауыссыз [ң] төрт аллосингемадан құралады: [ң, ң’, ң°, ң’°];
Дауыссыз [п] төрт аллосингемадан құралады: [п, п’, п°, п’°];
Дауыссыз [р] төрт аллосингемадан құралады: [р, р’, р°, р’°];
Дауыссыз [с] төрт аллосингемадан құралады: [с, с’, с°, с’°];
Дауыссыз [т] төрт аллосингемадан құралады: [т, т’, т°, т’°];
Дауыссыз [у(w)] екі аллосингемадан құралады: [у°, у’°];
Дауыссыз [ш] төрт аллосингемадан құралады: [ш, ш’, ш°, ш’°];

Барлығы 66 үндесім дауыссыз дыбыс.

Сонда қазақ тілінде 75 (9 үндесім дауысты + 66 үндесім дауыссыз) үндесім дыбыс бар. Қазақ тілінің кез келген үндесім әуезді сөздері осы 75 үндесім дыбыстан құралады (4.2-кесте).

Келесі бөлімдерде қазақ тілінің үндесім дыбыстарының талданымы өз алдына, үйлесім (ассимилятив) дыбыстарының талдауы өз алдына беріледі.

4.2-кесте. Қазақ тілі дыбыстарының жиынтық сингема (қою таңбамен белгіленген) және аллосингема (сұйық таңбамен белгіленген) құрамы.



4.4 Атаулар:

- фонетика – тілдің дыбыс жүйесін зерттейтін тілтаным саласы;

- акустикалық (айтылым) фонетика – дыбыстар мен сөз оралымдарының физикалық табиғатын зерттейтін тілтаным саласы;

- артикуляциялық (жасалым) фонетика – тіл дыбыстарын жасауға қатысатын сөйлеу мүшелерінің қозғалысын талдайтын фонетика саласы;

- перцепциялық (естілім) фонетика – тіл дыбыстарының үн түйсінім сипатын талдайтын фонетиканың саласы;

- сингармонизм (үндесім) – буын не сөз құрамындағы дыбыстардың бастан-аяқ бір әуезбен айтылуы;

- езулік – еріннің жазылып барып жасалуы;

- тіл үндестігі – буын не сөз құрамындағы дыбыстардың тілдің көлденең қалпына қарай (жуан/жіңішке) өзара икемделуі;

- еріндік – еріннің сүйірленіп немесе дөңгеленіп барып жасалуы;

- ерін үндестігі – буын не сөз құрамындағы дыбыстардың ерін қатысына қарай өзара икемделуі;

- ассимиляция (үйлесім) – көрші дыбыстар жасалымының бір біріне өзара икемделуі;

- дыбыс – ауыз қуысында жасалып (жасалым), ауа арқылы тарап (айтылым), құлақ арқылы қабылданатын (естілім) фонетикалық бірлік;

- ашық дыбыс – жақтың кең ашылып, тілдің ауыз қуысында төмен жатуы арқылы жасалатын дауысты дыбыс;

- қысаң дыбыс – жақтың қысаң ашылып, тілдің ауыз қуысында жоғары жатуы арқылы жасалатын дауысты дыбыс;

- монофтонг (жалаң) – бастан-аяқ біркелкі дыбысталатын дауысты дыбыс;

- дифтонг (құранды) – бір (толық немесе жартылай) дыбыстан басталып, екінші (толық немесе жартылай) дыбыспен аяқталатын дауысты дыбыс;

- дифтонгоид – солғын дыбыстан басталып, екінші толық немесе анық дыбыспен аяқталатын дауысты дыбыс;

- аффрикат (жабысыңқы) – тоғысыңқы/жуысыңқы немесе жуысыңқы/тоғысыңқы жасалу тәсілдері өзара кірігу арқылы жасалатын дауыссыз дыбыс;

- дауыссыз – 1) Өкпеден шыққан ауаның ауыз қуысында кедергіге ұшырап шығуы нәтижесінде жасалады. 2) Дауыссыздардың жасалымына дауыс желбезегі толық қатыспайды: үн (үнді дауыссыздар), ызың (ұяң дауыссыздар) мен шудың (қатаң дауыссыздар) қатысуымен жасалатын дыбыстар (дауыстыларға қарама-қарсы).

3) Дауыссыздар буын құрай алмайды. Дауыссыздар жүйесі лингвистика ғылымында консонантизм деп аталады.

- дауысты (тербелмелі) дыбыс – 1) Өкпеден шыққан ауаның ауыз қуысында еркін өтуінен пайда болатын дыбыстар. 2) Дауыс желбезегінің толық тербелімі арқылы жасалады. 3) Дауыстылар буын құрайды. Дауыстылар жүйесі лингвистика ғылымында вокализм деп аталады.

- қатаң (тербеліссіз) дыбыс – дауыс желбезегінің қатысынсыз жасалатын дауыссыз дыбыс;

- ұяң (тербеліңкі) дыбыс – дауыс желбезегінің жартылай тербелімі арқылы жасалатын дауыссыз дыбыс;

- үнді (тербелімді) дыбыс – дауыс желбезегінің мол тербелімі арқылы жасалатын дауыссыз дыбыс;

- сингема – түркі тілдеріндегі сөз мағынасын түрлендіре алатын ең кіші фонетикалық бірлік;

- аллосингема – сингеманың фонетикалық варианты;

- тонема – буын тілдердегі сөз мағынасын түрлендіре алатын ең кіші фонетикалық бірлік;

- аллотонема – тонеманың фонетикалық варианты;

- фонема – үнді-еуропа тілдеріндегі сөз мағыналарын түрлендіре алатын ең кіші фонетикалық бірлік;

- аллофон – фонеманың фонетикалық варианты;

- транскрипция – сөйлеу үстіндегі дыбыстардың түрленім үлгілерін белгілейтін таңбалар;

- фонетикалық транскрипция – сөйлеу үстіндегі дыбыстардың барлық айтылым үлгілерін белгілейтін таңбалар;

- фонологиялық транскрипция – сөйлеу үстіндегі мағыналық мәні бар дыбыс түрленімін белгілейтін таңбалар;

- халықаралық фонетикалық әліпби – әлемдегі тілдердің дыбыстары мен дыбыс түрленімін белгілейтін тіл-тілдің бәріне ортақ таңбалар жиынтығы.

5. ҚАЗАҚ ТІЛІ ДЫБЫСТАРЫ

Қазақ тілі дыбыстарының талдану жолдары мен жіктелімі жаңаша қарастырылды.

Фонетикалық талдау:

- дыбыстың жасалымы (артикуляциясы), дыбыстың жасалымына қатысты сөйлеу мүшелері мен олардың қалпын анықтайды;
- дыбыстың айтылымы (акустикасы), дыбыстың айтылымына қатысты ауыз қуысы мен көмей қуысының өзара жүйесін (резонаторлар немесе жаңғыртқылардың қалпын) анықтайды;
- дыбыстың естілімі (перцепциясы), дыбыстың естілім түйсінімін анықтайды.

Үндесім (сингармонизм) талдау:

- дыбыстардың үндесім жасалымын анықтайды;
- дыбыстардың үндесім айтылымын анықтайды;
- дыбыстардың үндесім естілімін анықтайды.

Үйлесім (ассимилятив) талдау:

- дыбыстардың үйлесім жасалымын анықтайды;
- дыбыстардың үйлесім айтылымын анықтайды;
- дыбыстардың үйлесім естілімін анықтайды.

Тіл дыбыстары **дауысты** және **дауыссыз** дыбыстар болып екіге бөлінеді.

Дауысты дыбыстар сөйлеу мүшелерінің бір-бірінен алшақ жатуы арқылы жасалынады. Дауысты дыбыстардың басты ерекшеліктері мыналар:

-дауысты дыбыстар дауыс шымылдығының толық тербелімі арқылы жасалады (тербелмелі);

-дауысты дыбыстарды айтқанда ауа ауыз қуысында кедергіге ұшырамай шығады;

-дауысты дыбыстар буын құрайды.

Дауыссыз дыбыстар сөйлеу мүшелерінің бір-бірімен жуысуы немесе тоғысуы арқылы жасалады. Дауыссыз дыбыстардың басты ерекшеліктері мыналар:

-дауыссыз дыбыстар дауыс шымылдығының толымсыз тербелімі (дауыс шымылдығының тербеліссіз, жартылай тербелімі және мол тербелімі) арқылы жасалады (тербеліссіз немесе қатаң, тербеліңкі немесе ұяң, тербелімді немесе үнді);

-дауысты дыбыстарды айтқанда ауа ауыз қуысында кедергіге ұшырап шығады;

-дауыссыз дыбыстар буын құрай алмайды.

Әліпби дыбыстар

Қазақ тілінің әліпби тізімінің құрамына енген төл дыбыстарды *әліпби дыбыстар* деп атаймыз.

5.1. Дауысты дыбыстар

Қазақ тілінің дауысты дыбыстар жүйесі

Қазақ тілінде **9** әліпби дауысты дыбыс бар. Олар қолданымдағы әліпби құрамында былай таңбаланады: **А, Ә, Е, О, Ө, Ұ, Ү, Ы, І**.

Қазақ тілі дауысты дыбыстары жалаң (монофтонг) және құранды (дифтонг) болып екіге бөлінеді. Бастан-аяқ біркелкі айтылатын дауысты дыбысты жалаң дауысты дыбыс деп атаймыз, олар: *а, ә, ы, і, ұ, ү*. Бір дыбыстан басталып, екінші дыбыспен аяқталатын дауысты дыбысты құранды дауысты дыбыс деп атаймыз, олар: *о, ө, е*.

5.1.1. Жалаң дауысты дыбыстар

5.1.1.1. А дыбысы (5.1-сурет)


А дыбысы жақтың кең ашылып, тілдің төмен түсуі арқылы жасалады. Тілдің тік қалпына қарай ашық дауысты дыбыс болып табылады. **А** дыбысын айтқанда ерін бейтарап қалады. Еріннің қатысына қарай езу дауысты дыбыс болып табылады. **А** дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысының арт жағына орналасады. Тілдің көлденең қалпына қарай тіл арты дауысты дыбыс болып табылады. Дауысты тілдің тік қалпына қарай – *ашық*, ерін қатысына қарай – *езу*, жасалу орнына қарай – *тіл арты* дыбыс.

Жасалым белгілері: *ашық, езу, тіл арты* дауысты дыбыс.

5.1.1.2.Ә дыбысы

Ә дыбысы жақтың кең ашылып, тілдің төмен түсуі арқылы жасалады. Тілдің тік қалпына қарай ашық дауысты дыбыс болып табылады. **Ә** дыбысын айтқанда ерін бейтарап қалады. Еріннің қатысына қарай езу дауысты болып табылады. **Ә** дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысының орта тұсына орналасады. Тілдің көлденең қалпына қарай тіл ортасы дауысты дыбыс болып табылады. Дауысты тілдің тік қалпына қарай – *ашық*, ерін қатысына қарай – *езу*, жасалу орнына қарай – *тіл ортасы* дыбыс.

Жасалым белгілері: *ашық, езу, тіл ортасы* дауысты дыбыс.




5.1-сурет. А және Ә дауысты дыбыстарының жасалым моделі

5.1.1.3. Ы дыбысы (5.2-сурет)

Ы дыбысы жақтың қысаң ашылып, тілдің жоғары көтерілуі арқылы жасалады. Тілдің тік қалпына қарай қысаң дауысты дыбыс болып табылады. **Ы** дыбысын айтқанда ерін бейтарап қалады. Еріннің қатысына қарай езу дауысты дыбыс болып табылады. **Ы** дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысының арт жағына орналасады. Тілдің көлденең қалпына қарай тіл арты дауысты дыбыс болып табылады. Дауысты тілдің тік қалпына қарай – *қысаң*, ерін қатысына қарай – *езу*, жасалу орнына қарай – *тіл арты* дыбыс.

Жасалым белгілері: *қысаң, езу, тіл арты* дауысты дыбыс.



5.2-сурет. Ы және І дауысты дыбыстарының жасалым моделі

5.1.1.4. І дыбысы


І дыбысы жақтың қысаң ашылып, тілдің жоғары көтерілуі арқылы жасалады. Тілдің тік қалпына қарай қысаң дауысты дыбыс болып табылады. **І** дыбысын айтқанда ерін бейтарап қалады. Еріннің қатысына қарай езу дауысты дыбыс болып табылады. **І** дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысының орта тұсына орналасады. Тілдің көлденең қалпына қарай тіл ортасы дауысты дыбыс болып табылады. Дауысты тілдің тік қалпына қарай – *қысаң*, ерін қатысына қарай – *езу*, жасалу орнына қарай – *тіл ортасы* дыбыс.

Жасалым белгілері: *қысаң, езу, тіл ортасы* дауысты дыбыс.

5.1.1.5. Ұ дыбысы (5.3-сурет)

Ұ дыбысы жақтың қысаң ашылып, тілдің жоғары көтерілуі арқылы жасалады. Тілдің тік қалпына қарай қысаң дауысты дыбыс болып табылады. **Ұ** дыбысын айтқанда ерін доғалданып тұрады. Еріннің қатысына қарай ерін дауысты дыбыс болып табылады. **Ұ** дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысының арт жағына орналасады. Тілдің көлденең қалпына қарай тіл арты дауысты дыбыс болып табылады. Дауысты тілдің тік қалпына қарай – *қысаң*, ерін қатысына қарай – *ерін*, жасалу орнына қарай – *тіл арты* дыбыс.

Жасалым белгілері: *қысаң, ерін, тіл арты* дауысты дыбыс.



5.3-сурет. Ұ және Ү дауысты дыбыстарының жасалым моделі

5.1.1.6. Ү дыбысы

Ү дыбысы жақтың қысаң ашылып, тілдің жоғары көтерілуі арқылы жасалады. Тілдің тік қалпына қарай қысаң дауысты дыбыс болып табылады. **Ү** дыбысын айтқанда ерін доғалданып тұрады. Еріннің қатысына қарай ерін дауысты дыбыс болып табылады. **Ү** дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысының орта тұсына орналасады. Тілдің көлденең қалпына қарай тіл ортасы дауысты дыбыс болып табылады. Дауысты тілдің тік қалпына қарай – *қысаң*, ерін қатысына қарай – *ерін*, жасалу орнына қарай – *тіл ортасы* дыбыс.


Жасалым белгілері: *қысаң, ерін, тіл ортасы* дауысты дыбыс.

5.1.2. Құранды (дифтонг) дауысты дыбыстар

5.1.2.1 О дыбысы (5.4-сурет)

О дауысты дыбысы жақтың қысаң ашылып, тілдің жоғары көтерілуі арқылы жасалады. Тілдің тік қалпына қарай қысаң дауысты дыбыс болып табылады. **О** дыбысын айтқанда ерін сүйірленіп басталып, дөңгеленіп аяқталады. Еріннің қатысына қарай ерін дауысты дыбыс болып табылады. **О** дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысының арт жағына орналасады. Тілдің көлденең қалпына қарай тіл арты дауысты дыбыс болып табылады. Дауысты (екінші сыңарының) тілдің тік қалпына қарай – *қысаң*, ерін қатысына қарай – *ерін*, жасалу орнына қарай – *тіл арты* дыбыс.

Жасалым белгілері: *қысаң, ерін, тіл арты* дауысты дыбыс.



5.4-сурет. **О және Ө дауысты дыбыстарының жасалым моделі**

5.1.2.2. Ө дыбысы


Ө дауысты дыбысы жақтың қысаң ашылып, тілдің жоғары көтерілуі арқылы жасалады. Тілдің тік қалпына қарай қысаң дауысты дыбыс болып табылады. **Ө** дыбысын айтқанда ерін сүйірленіп басталып, дөңгеленіп аяқталады. Еріннің қатысына қарай ерін дауысты дыбыс болып табылады. **Ө** дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысының орта тұсына орналасады. Тілдің көлденең қалпына қарай тіл ортасы дауысты дыбыс болып табылады. Дауысты (екінші сыңарының) тілдің тік қалпына қарай – *қысаң*, ерін қатысына қарай – *ерін*, жасалу орнына қарай – *тіл ортасы* дыбыс.

Жасалым белгілері: *қысаң, ерін, тіл ортасы* дауысты дыбыс.

5.1.2.3 Е дыбысы (5.5-сурет)

Е дауысты дыбысы жақтың қысаң ашылып, тілдің жоғары көтерілуі арқылы жасалады. Тілдің тік қалпына қарай қысаң дауысты дыбыс болып табылады. **Е** дыбысын айтқанда ерін бейтарап қалады. Еріннің қатысына қарай езу дауысты дыбыс болып табылады. **Е** дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысының орта тұсына орналасады. Тілдің көлденең қалпына қарай тіл ортасы дауысты дыбыс болып табылады. Дауысты (екінші сыңарының) тілдің тік қалпына қарай – *қысаң*, ерін қатысына қарай – *езу*, жасалу орнына қарай – *тіл ортасы* дыбыс.

Жасалым белгілері: *қысаң, езу, тіл ортасы* дауысты дыбыс.



5.5-сурет. **Е дауысты дыбысының жасалым моделі**

Сонымен, қазақ тілінің дауысты дыбыстары құрамына қарай жалаң/құранды, тілдің тік қалпына қарай ашық/қысаң, тілдің көлденең қалпына қарай тіл ортасы/тіл арты, ерін қатысына қарай езулік/еріндік болып жіктеледі (5.1 кесте). Қазақ тілі дауысты дыбыстарының құрамында тіл алды дауысты дыбыс жоқ.

Қазақ тілі дауысты дыбыстарының жіктелім белгілерінің жүйесін кестелеп көрнекілеуге болады (5.2 кесте). Егер жасалым белгі дауыстыға тән болса, онда "бар (+)" деп таңбаланады, егер тән болмаса, онда "жоқ (-)" деп таңбаланады. Сонда дауыстылардың арасындағы ортақ/айырым белгілері көрініп тұрады. Егер бір жасалым белгі бір не бірнеше дауыстыға тән болса, онда ол *ортақ белгі* болады. Бір дауыстыда бар, ал екінші дауыстыда жоқ белгі *айырым белгі* болады.

5.1- кесте. Дауысты дыбыстардың жасалым жіктелімі

ҚҰРАМЫ	ЖАСАЛУ ОРНЫ	тіл ортасы		тіл арты	
	ЕРІН ҚАТЫСЫ / ЖАҚ ҚАТЫСЫ	езу(лік)	ерін(дік)	езу(лік)	ерін(дік)
жалаң	қысаң	**І**	**Ү**	**Ы**	**Ұ**
	ашық	**Ә**		**А**	
құранды		**Е**	**Ө**		**О**

5.2- кесте. Дауысты дыбыстардың жасалым белгілерінің жүйесі

ЖАСАЛУ ЖОЛЫ	ЖАҚ ҚАТЫСЫ		ЕРІН ҚАТЫСЫ		ТІЛ ҚАТЫСЫ		ҚҰРАМЫ	
дауысты-лар	ашық	қысаң	езу	ерін	тіл арты	тіл орта-сы	жа-лаң	құ-ранды
А	+	-	+	-	+	-	+	-
Ә	+	-	+	-	-	+	+	-
Ы	-	+	+	-	+	-	+	-
І	-	+	+	-	-	+	+	-
Ұ	-	+	-	+	+	-	+	-
Ү	-	+	-	+	-	+	+	-
О	-	+	-	+	+	-	-	+
Ө	-	+	-	+	-	+	-	+
Е	-	+	+	-	-	+	-	+

Егер "бар(+)" белгісі бір бағананың бойында орналасса, онда ол ортақ белгі болып табылады. Мысалы, А және Ә дауыстыларына "ашық" белгісі ортақ. Ал, егер "бар(+)" белгісі көрші бағанаға ауысып кетсе, онда ол айырым белгі болады. Мысалы, сол А және Ә дауыстыларының тіл арты/тіл ортасы белгілері айырым белгі болып табылады. Өйткені "бар(+)" белгісі екі бағанаға бөлініп кеткен.

Жалаң дауыстылардың айырым/ортақ белгілерінің мүмкін болған реті (саны) әртүрлі болады.

Екі жалаң дауыстының арасында (жалаң белгісі бәріне ортақ болғандықтан, оны ескермейміз): -бір ортақ (ортақ белгіні көлбеу таңбамен бөлектейміз), екі айырым белгі бар болуы мүмкін:

А	*езулік*	ашық	тіл арты
І	*езулік*	қысаң	тіл ортасы
Ә	*езулік*	ашық	тіл ортасы
Ы	*езулік*	қысаң	тіл арты
А	езулік	ашық	*тіл арты*
Ұ	еріндік	қысаң	*тіл арты*
Ә	езулік	ашық	*тіл ортасы*
Ү	еріндік	қысаң	*тіл ортасы*

-екі ортақ, бір айырым белгісі бар болуы мүмкін:

А	*езулік*	ашық	*тіл арты*
Ы	*езулік*	қысаң	*тіл арты*
Ә	*езулік*	ашық	*тіл ортасы*
І	*езулік*	қысаң	*тіл ортасы*
Ұ	*еріндік*	*қысаң*	тіл арты
Ү	*еріндік*	*қысаң*	тіл ортасы
Ы	*езулік*	*қысаң*	тіл арты
І	*езулік*	*қысаң*	тіл ортасы

-үш айырым белгісі бар, ортақ белгісі жоқ болуы мүмкін:

А	езулік	ашық	тіл арты
Ү	еріндік	қысаң	тіл ортасы
Ә	езулік	ашық	тіл ортасы
Ұ	еріндік	қысаң	тіл арты

Екі дауыстының арасында үш ортақ белгі болуы мүмкін емес, өйткені онда олар бір дыбыс болып кетеді.

Қазақ тілі дыбыстарының таралым кестесінен (5.3-сызба), бір жағынан, кез келген дауыстының белгілерін ретімен тізіп шығуға болады (мысалы, А дауысты дыбысының белгілерін төменнен жоғары қарай тізіп кете береміз: езулік > ашық > тіл арты > жалаң > дауысты > дыбыс), екінші жағынан, дауыстылардың қай жерден барып ортақ белгіге түйісетінін көреміз (мысалы, А және Ы дауысты дыбыстары *тіл арты* белгісіне барғанда өзара түйіседі).

Қазақ тілі дауысты дыбыстарын акустика-артикуляциялық ерекшеліктеріне қарай бес топқа бөліп, жіктеуге болады. Атап айтқанда:

Тілдің көлденең қалпына (қатысына) қарай:


- тіл арты дауыстылар: ***А, О, Ұ, Ы;***
- тіл ортасы дауыстылар: ***Ә, Ө, Ү, І.***

Тілдің (жақтың) тік қалпына (қатысына) қарай:

- ашық дауыстылар: ***А, Ә;***
- қысаң дауыстылар: ***Ұ, Ы, Ү, І.***

Еріннің қалпына (қатысына) қарай:

- ерін(дік) дауыстылар: ***О, Ұ, Ө, Ү;***
- езу(лік) дауыстылар: ***А, Ы, Ә, І, Е.***



5.3-сызба. Қазақ тілі дыбыстарының жіктелім кестесі

Әуез қатысына қарай:

- жуан дауыстылар: ***А, О, Ұ, Ы;***
- жіңішке дауыстылар: ***Ә, Ө, Ү, І, Е.***

Құрамына қарай:

-жалаң дауыстылар: ***А, Ә, Ы, І, Ұ, Ү;***

-құранды дауыстылар: ***Е, О, Ө.***

5.1.3 Дауысты дыбыстардың жасалым (артикуляциялық) моделі

Дауысты дыбыстардың моделін құрастыру [4] үшін төмендегідей шартты сызықтар аламыз:


Тілдің тік қалпы (үзік сызық) – – – – – –

Тілдің көлденең қалпы (бүтін сызық) ———————

Ерін қатысы (тамшы сызық) ••••••••••••••••••••••

Қазақ тілінің жалаң дауысты дыбыстарының жасалым моделін текше түрінде беруге болады. Бірақ текшенің сегіз бұрышы бар, ал қазақ тілінде 6 жалаң дауысты бар. Олай болса, текше тектес модельдің бос бұрыштарын алып тастап, модельді одан әрі ықшамдай түсуге болады. Ол үшін текше модельдің бос екі бұрышы алып тасталады. Содан кейін пайда болатын модель үшкіл (призма) тектес болады. Ендеше қазақ тілі жалаң дауыстыларының моделі текше емес, үшкіл-призма болу керек. Дәстүрлі түркологияда текше модель түрінде кездеседі. Өйткені жалпы тіл білімі мен түркологияда сондай пікір қалыптасқан.

Енді текше модель үшкіл-призма модельмен (5.6-сурет) алмастырылады.



5.6 сурет. Жалаң дауыстылардың
текше моделі мен үшкіл-призма моделі


Екі модельді салыстырып қарағанда олардың арасында көп айырмашылық байқалады. Ақиқатында, қазақ тілінің жалаң дауыстыларының моделі текше емес, үшкіл-призма болу керек.

Өйткені үшкіл-призма жалаң дауыстылардың құрамы мен айырым белгілер жүйесін дәл көрсетіп тұр. Текше модельдегідей басы артық бос тұрған бұрыш жоқ.

Қазақ тілінің құранды дауысты дыбыстарының жасалым моделін шаршы түрінде беруге болады. Бірақ шаршының төрт бұрышы бар, ал қазақ тілінде 3 құранды дауысты бар. Ендеше шаршының бір бұрышы артылып қалады да бос тұрады. Алайда, жоғарыда жалаң дауыстыларға қатысты айтылғандай, бос тұрған орында болуы мүмкін құранды дауысты: *жуан, езулік* құранды дауысты болу керек. Ондай жігі ажырамайтын (фонологиялық) дифтонг қазақ тілінде жоқ.

Ендеше шаршы тектес модельдің бос бұрышын алып тастап, модельді одан әрі ықшамдай түсуге болады. Ол үшін шаршы модельдің бос бұрышы алып тасталынады. Содан кейін пайда болатын модель үшкіл-шаршы (жартылай шаршы) тектес болып шығады. Ендеше қазақ тілі құранды дауыстыларының моделі шаршы емес, үшкіл-шаршы болу керек.

Енді шаршы модель (5.7-сурет) үшкіл-шаршы модельмен алмастырылады.



5.7-сурет. Құранды дауыстылардың
шаршы моделі мен үшкіл-шаршы моделі


Екі модельді салыстырып қарағанда, олардың арасында едәуір айырмашылық бар екені байқалады. Шындығында, қазақ тілінің құранды дауыстыларының моделі шаршы емес, үшкіл-шаршы болу керек. Өйткені үшкіл-шаршы құранды дауыстылардың құрамы мен айырым белгілер жүйесін дәл көрсетіп тұр. Шаршы модельдегідей басы артық бұрыш жоқ.

Қазақ тілі дауыстыларының құрамына жалаң дауыстылар да, құранды дауыстылар да кіретіні белгілі: олардың тілдегі

(фонологиялық) қызметі бірдей, айырмашылық тек олардың фонетикалық (жасалым) табиғатында болып тұр. Ендеше қазақ дауыстыларының жалаң және құранды түрлерін түгел қамтыған бір модель шығады.

Құранды дауыстылардың екінші, яғни негізгі, дауысты сыңары қысаң дауыстыларға жақын болғандықтан, бірінші кезекте қысаң дауыстылар мен құранды дауыстылар өзара беттестіріледі (5.8-сурет). Және бұлай беттестірудің фонетикалық мәні бар. Құранды дауыстылардың екінші сыңары өзі тектес қысаң дауыстылармен іргелес (тұстас) орналасқаны дұрыс болады. Бұл олардың бір-бірімен фонетикалық (жасалымы) жағынан жақындығын, тіптен бір дыбыс екендігін көрсетеді. Сонда *Е* құранды дауыстысы *І* жалаң дауыстымен тұстас, *Ө* құранды дауыстысы *Ү* жалаң дауыстымен тұстас, ал *О* құранды дауыстысы *Ұ* жалаң дауыстысымен тұстас орналасады. Сонда құранды дауыстылардың дыбыс құрамы анықталады: Е=йі, О=уұ, Ө=уү.

Одан әрі қысаң дауыстылар мен құранды дауыстылардың беттескен моделі сол күйінде текше модельге ауыстырылады. Сонда қазақ тіліндегі 9 дауыстының толық моделі шығады. Жоғарыда қазақ тілінің жалаң дауыстыларына лайық модель үшкіл-призма екені анықталған болатын. Енді келіп құранды дауыстылардың үшкіл-шаршы моделімен жалаң дауыстылардың үшкіл-призма моделі толықтырылады. Сөйтіп қазақ тілінің дауыстылар құрамын және олардың жүйесін дұрыс және ақиқат көрсететін модель алынады.



5.8-сурет. Қысаң және құранды дауыстылардың беттескен моделі, дауыстылардың толық текше және толық үшкіл-призма моделі

Қазақ тілі дауысты дыбыстарының толық жасалым моделі айырым белгілер жүйесін түгел және жан-жақты қамтыған. Модельге қарап қазақ дауыстыларының жасалым сипаттамасын бере беруге болады. Модельден ең алдымен дауыстылардың жалаң және құранды болып екі топқа бөлінетіні көрінеді. Әрі қарай әр топ өзінше талданады.

Жалаң дауыстылардың тілдің көлденең, тік және ерін қалпына қарай жіктелімі көрнекі берілген. Ал құранды дауыстылардың құрамындағы тірек дыбыстың қай дауысты екені тұсындағы дауыстыдан көрініп тұр.

Қазақ тілі дауыстыларының осы жасалым моделіне енбеген дыбыстар тол дыбыстар қатарына жатпайды. Сөйтіп төлкірме дауыстылардың басын ажыратып алуға болады.

Сонымен, қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың жасалым моделі дауыстылардың арасында қатаң жүйе бар екенін көрсетті. Кез келген дауыстының бір белгісі ауысса екінші дауысты пайда болады. Мысалы,

А дауысты дыбысы "ашық" белгісінен айырылса, онда бірден қысаң Ы дауыстысына айналып кетеді; "тіл арты" белгісінен айырылса, онда бірденнен тіл ортасы Ә дауыстысына айналып кетеді;

Сол сияқты, Ы дауысты дыбысы "қысаң" белгісінен айырылса, онда бірденнен ашық А дауыстысына айналып кетеді; "тіл арты" белгісінен айрылса, онда бірденнен тіл ортасы І дауыстысына айналып кетеді;

Сол сияқты, Ы дауысты дыбысы "езулік" белгісінен айырылса, онда бірденнен еріндік Ұ дауыстысына айналып кетеді; керісінше, Ұ дауысты дыбысы "еріндік" белгісінен айырылса, онда бірденнен езулік Ы дауыстысына айналып кетеді;

Сол сияқты, І дауысты дыбысы "езулік" белгісінен айырылса, онда бірденнен Ү дауыстысына айналып кетеді; керісінше, Ү дауысты дыбысы "еріндік" белгісінен айырылса, онда бірденнен езулік І дауыстысына айналып кетеді;

Сол себепті дауыстылардың модельдегі орны тұрақты, жасалымында (артикуляциясында) ауытқулар болмайды. ***Қазақ тілінде орыс тіліндегідей сапалық босаңсудың (качественная редукция) байқалмайтындығы (жоқтығы) сондықтан.***

Қазақ тілі дауысты дыбыстарының текше моделінің талданымын одан әрі жалғастыруға болады.

Текше модельдің төменгі "еріндік" қабырғасындағы екі бұрыш бос тұр. Сол бос орындарда болуы мүмкін жалаң дауыстылар: *ашық, тіл арты, еріндік* жалаң дауысты және *ашық, тіл ортасы, еріндік* жалаң дауысты болып табылады. ***Ал қазақ тілінде ондай дауысты дыбыстар жоқ.***

Олай болса, жалаң Ұ (Y) және құранды О (Ө) дауысты дыбыстарының *жалаң, ашық, тіл арты (тіл ортасы), еріндік* дауысты болып айтылуына ешқандай жасалым (фонетикалық) кедергі жоқ. Сондықтан да қазақтың *ол (өз), бол (бөз)* тәрізді сөздерін әдеби айтылым үлгімен құранды дауыстыны сақтап ʸОЛ (ʸӨЗ), БʸОЛ (БʸӨЗ) деп те, ашық немесе жалаң ашық дауыстыға жақындатып ОЛ (ӨЗ), БОЛ (БӨЗ) деп те айтуға болады. Екі жағдайда да мағына түсінікті, бірақ соңғы айтылым қазақы естілмейді (оны орыс тілді қазақтар мен қазақша сөйлеген орыстардың тілінен аңғаруға болады).

Дәл осылай, жалаң Ү және құранды Ө дауысты дыбыстарының *жалаң, ашық, тіл ортасы, еріндік* дауысты болып айтылуына ешқандай жасалым (фонетикалық) кедергі жоқ. Сондықтан да қазақтың *өз, бөз* тәрізді сөздерін әдеби айтылым үлгімен құранды дауыстыны сақтап ʸӨЗ, БʸӨЗ деп те, ашық немесе жалаң ашық дауыстыға жақындатып ӨЗ, БӨЗ деп те айтуға болады. Екі жағдайда да мағына түсінікті, бірақ соңғы айтылым қазақы естілмейді (оны да орыс тілді қазақтар мен қазақша сөйлеген орыстардың тілінен аңғаруға болады).

Келесі құранды Е дауыстысының фонетикалық жағдайы басқарақ. Ол жалаң, ашық дауысты болып та айтыла алмайды, өйткені ашық Ә дауыстысы кедергі жасайды, жалаң, қысаң дауысты болып та айтыла алмайды, өйткені қысаң І дауыстысы кедергі жасайды. Ол тек тіл арты, ашық Э дауыстысына қарай ғана икемделеді (орыс тілді қазақтар мен қазақша сөйлеген орыстардың ʲЕТ, БʲЕТ деп сөйлейтіні сондықтан).

Дәстүрлі фонетикадағы құранды дауыстылардың жасалым анықтамасының кейде *ашық* деп, кейде *жартылай ашық* деп құбылып жүргендігі сондықтан.

Егер қазақ тілінің тарихи дамуында жаңа дауыстылар пайда болатын болса, онда олар тек осы бос орындарға орналасады.

Дауыстылар жүйесінде жалаң және құранды дыбыстардың әркайсысының өз орны бар. Құранды дауыстылар өз алдына

бірігіп барып, алдымен өз алдына топ құрады. Оның өз моделі бар. Құранды дауыстылар жалаң дауыстылардың тобына жеке-жеке барып қосыла алмайды, тек тобымен барып қана өз орнын табады. Жалаң дауыстылар да құранды дауыстылардың тобына жеке-жеке барып қосыла алмайды, тек тобымен барып қана өз орнын табады. Ендеше қазақ тіліндегі дауыстылардың құрамы - жалаң және құранды дауыстылардың екі тобының біріккен жиынтығы.

Қазақ тілі дауысты дыбыстарының толық көрнекі моделінің ішінен кез келген дауыстының өзге дауыстылармен арсындағы айырым белгілерінің түрін анықтап, санын түгендеп беруге болады. Дауысты дыбыстардың моделі бүгінгі қазақ әліпбиіндегі төл дауыстылар мен кірме дауыстылардың басын ашып береді, модельге енген дауыстылар төл дыбыстар болады да, модельден орын табылмаған дауыстылар кірме дыбыстар болып табылады.

5.3.1.4 Қазақ тіліндегі кірме әріптердің дыбыс мәні

Тоталитарлық тіл емле-ережелерінің салдарынан қазақ тілінің төл сөздерінің жазылымына бірнеше кірме дыбыстар еніп кетті. Оның өзі қазақ тілтанымының теориялық фонетикасына да, практикалық фонетикасына да нұқсан келтіріп жатыр. Теориялық тұрғыдан – қазақ тілінде жоқ "фонемалардың" санын көбейтіп жіберді, практикалық тұрғыдан – оқу-әдістеме шараларын қиындатып жіберді. Сонымен кірме әріптердің тіл бұзар әсері күшейіп барады:


-бірінші, қазақ сөзінің үндесім әуезін бұзып барады;

-екінші, қазақ тілінің буын жігін бұзып болды;

-үшінші, қазақ тілінің морфем желісін бұзып болды;

-төртінші, қазақ сөзінің тасымал ретін шатыстырып бітті.

Ол кірме әріптер: И, У, Я, Ю, Щ. Қазақ тілінің төл сөздерінің құрамында жазылып жүрген кірме әріптердің дыбыс мәні төмендегідей (мый, тій, сұу, сүурөт, жайа, әлійә, айұу, үйүу, ашшы, кешше, тұшшы) [3]:



Мұндағы *у* таңбасының дыбыс мәні латын әліпбиінің құрамындағы ***w*** әрпімен белгіленіп отыр. Өйткені қазақ тілінде ***ерін-еріндік, жуысыңқы, үнді*** дауыссыз бар. Ол дауыссыз халықаралық практикада осы таңбамен беріледі (ондай дыбыс ағылышын тілінде де бар, ағылшын тілінде сауатты өсіп келе жатқан жас ұрпақ оны тез аңғарып, жеңіл қабылдайды). Ал орыс тілінде ондай дауыссыз дыбыс жоқ. Олардың ***Көкшетау*** дегенді ***Көкчетав*** деп өз тіліндегі ***тіс-еріндік, жуысыңқы, ұяң в*** дауыссызымен алмастыратындығы сондықтан. Қазақ тіліндегі дауыссыз ***у*** мен орыс тіліндегі дауысты ***у*** дыбыстарын естілім ұқсастығына қарап өзара шатастырылып жүр. Тіптен ***и*** мен ***у*** әріптері (дыбыстары емес), жоғарыда айтқандай, өз алдына "фонема" делінеді. Оны қазақ тілінің дамуы деп түсіндіруге тырысушылық та жоқ емес.

Өкінішке орай, орыс тілінің емле-ережесі арқылы қазақ тілінің төл сөздерінің жазылымына енген ***и, у, я, ю*** таңбаларының (дыбыстарының емес) әрқайсысын өзалдына дербес дауысты дыбыстар деп қабылдау бар. Өйткені оқу бағдарламалары мен оқулықтар түгелдей осы ережені құптап отыр. Қазақ тілі дыбыстарының құрамына зорлықпен енгізіліп отырған "дауысты дыбыстардың" жөнін табу үшін олар "дауыстыдан кейін дауыссыз болады, дауыссыздан кейін дауысты болады" деген жартыкеш ереже қабылданды.

Кез келген жазу тілдің ішкі өзіне тән құрылымы мен табиғи айтылымына зиян тигізбеу керек. Керісінші, тілдің әдеби айтылымының қорғанышы болу керек. Ол үшін:

1. Жазу сөздің дыбыс құрамын дәл бейнелегенде ғана дұрыс жазу болады. Ендеше қазақ жазуы қазақ сөзінің үндесім әуезін дұрыс көрсетіп отыру керек, басқаша айтқанда, жуан айтылатын сөздің таңбасы мен жіңішке айтылатын сөздің таңбасының арасында көрнекі айырма болсын.

2. Жазу қазақ сөзінің буын құрамын бұзбау керек. Мысалы, ***ми-ы, су-ы [мый-ы], [сұу-ы]***болмау керек, ***мы-йы, сұ- уы*** болу керек. Қазақ тілінде сөз ішінде буын дауыстыдан басталмайды. Оқулықтардағы осындай кереғарлықтардың қиындықтарын айтып, балаларға түсіндіре алмай, олардың алдында "бірде олай болады, бірде бұлай болады" деп екі сөйлеп, әлек болып жатқан ұстаз мұғалімдердің пікірі ескерусіз қалып жатыр.

3. Жазу қазақ сөзінің тасымал ережесіне сай болу керек. Тағы да ***ми-ы, су-ы*** болып тасымалданбау керек, ***мы-йы, сұ-уы*** болып тасымалдану керек.

4. Жазу қазақ тілінің морфем (түбір мен қосымшалар) желісін үзбеу керек. Мысалы, қазақ тілінің "егер түбір дауыссызға бітсе, қосымша дауыстыдан басталады" деген іргелі заңдылығы бар. Сонда ***мың = мы-ңы, мыс = мы-сы, мый = мы-йы*** болып, тіл жүйесі бұзылмайды.

Қазақ тіліндегі дифтонгтардың фонологиялық мәртебесін (статусын) анықтау бүгінгі қазақ фонетика ғылымының өзекті мәселесіне айналып отыр [5]. Мәселенің теориялық шешімі қазақ тілі дыбыстарының құрамын дәл анықтап, "қазақ тілінде қанша дауысты дыбыс бар?" деген сұраққа нақты жауап тауып беретін болады. Ал оның практикалық шешімі қазіргі қазақ жазуындағы қайшылықтардан арылуға мүмкіндік береді.

Жазуда ***и, у*** әріптерімен таңбаланып жүрген дыбыстарға, бір жағынан, **"дауыстыдан кейін дауыссыз, дауыссыздан кейін дауысты болады"** деген мектеп және жоғары оқу орындарының оқулықтарында жаңсақ анықтама берілсе, екінші жағынан, олар **"дауысты мен дауыссыздардың тіркесін белгілейтін таңба"** деген академиялық грамматикадағы ақиқат анықтама беріледі.

Өзара артикуляциялық үйлесімі күшті, естілімі ұқсас болып келетін қысаң дауыстылар мен үнді дауыстылар тіркесінің құрамды бөліктерін ажыратып алу оңай болмайды (оның үстіне орыс тілінің ***ы, и*** дауыстыларының естілімі мен қазақ тілінің ***ый,***

ій дыбыс тіркестерінің естілімі өзара ұқсас болуы да өз әсерін тигізді. Кезінде қазақтың төл сөздерінің құрамында ***и*** таңбасын жазу туралы тоталитарлық ереже қабылдауға да, сөз жоқ, осы жай себеп болған болу керек).

Олардың құрамды бөліктерінің жігін ажыратудың бірнеше тәсілі бар.

Солардың бірі – морфемалық талдау: егер өзге морфемалық жігі анық тіркестермен ұқсас келсе, яғни арасынан морфема жігі өтетін болса, онда олар дербес-дербес дыбыстардың тіркесі болып саналады.

Ендеше, бірінші, морфемалық жігі анық тіркестермен салыстырып шығу керек. Төмендегі түбір морфемалар дыбыс құрамының әртүрлілігіне қарамай, бірыңғай тілдік бірліктер болып табылады (көпшілікке түсінікті болу үшін тіркес транскрипциялары да кирилше беріліп отыр):

ай [ай], әй [әй], ей [ей], ой [ой], өй [өй], ұй [ұй], үй [үй], и [ый], и [ій]

Алғашқы жеті сөздің (тіркестің) дыбыс құрамына ешкім күмәнданбайды, ал соңғы ***и*** арқылы жазылып отырған сөзге (тіркеске) келгенде күмән басталады. Шындығында, барлығы ды әртүрлі дауысты дыбыстар мен үнді, жуысыңқы, тіл ортасы (тілшік) ***й*** дауыссызының тіркесі болып келеді. Егер ***ай*** немесе ***үй*** тіркестерінің дыбыс құрамы күмән туғызбайтын болса, онда солармен теңдес ***ый, ій*** тіркестерінің де дыбыс құрамы күмән туғызбау керек.

Тіптен, басқаны былай қойғанда, ***и*** таңбасы бір дауысты дыбыс болса, онда ***ми*** деген сөздің құрамында неге жуан айтылып, ***ти*** деген сөздің құрамында неге жіңішке айтылып, екі түрлі дыбысталады деп ойлану керек. Өйткені ***и*** таңбасы бірде құрамында жуан ***ы*** дауыстысы бар ***ый*** тіркесін, бірде құрамында жіңішке ***і*** дауыстысы бар ***ій*** тіркесін белгілейді.

Енді ***у*** таңбасымен келетін бірыңғай сөздер тобы алынды (***у*** таңбасының мәні түсінікті болу үшін ол арнайы ***w*** таңбасымен белгіленіп отыр):

ау [aw], әу [әw], оу [ow], өу [өw], у [ұw], у [үw]

Алғашқы төрт сөздің (қазақ тілінде ***ы, і, е*** дауыстылары **у[w]** дауыссызымен тіркеспейді) дыбыс құрамына ешкім күмәнданбайды, ал соңғы ***у*** арқылы жазылып отырған екі сөзге (тіркеске) келгенде тағы да күмән басталады. Шындығында, барлығы да әртүрлі дауысты дыбыстар мен үнді, жуысыңқы, еріндік ***у*** дауыссызының тіркесі болып келеді. Егер ***ау*** немесе ***әу*** сөздерінің дыбыс құрамына күмән тумайтын болса, онда солармен теңдес ***ұу, ұу*** сөздерінің (тіркестерінің) де дыбыс құрамына күмән тумау керек.

Тағы да, басқаны былай қойғанда, ***у*** таңбасы бір дауысты дыбыс болса, онда ***алу*** деген сөздің құрамында неге жуан айтылып, ***елу*** деген сөздің құрамында неге жіңішке айтылып, екі түрлі дыбысталады деп ойлану керек. Өйткені ***у*** таңбасы бірде құрамында жуан ***ұ*** дауыстысы бар ***ұу*** тіркесін, бірде құрамында жіңішке ***ү*** дауыстысы бар ***үу*** тіркесін белгілейді.

Екінші, түбір морфема мен қосымша морфеманың жігі:

май [май],	ма-йы [ма-йы]
ми [мый],	ми-ы [мы-йы]
тау [тау],	та-уы [та-уы]
ту [тұу],	ту-ы [тұ-уы]

Қазақ тіліндегі қосымшалар талғампаз келеді. Соның бірі түбір морфеманың дауысты не дауыссызға бітуіне байланысты. Егер ***май, тау*** сөздерінің дауыссыз дыбысқа бітуіне байланысты қосымша морфема дауысты дыбыстан басталып тұрса, онда "дауысты дыбысқа бітіп тұр" деген ***ми, ту*** сөздеріне неге дауысты морфема жалғанып тұр? Ендеше бұл сөздер де дауыссыз дыбысқа бітіп тұр деген сөз. Олай болса, транскрипциядан көрініп тұрғандай, дыбыс тіркесінің екінші сыңары ***й, у*** дауыссыз дыбыстары болғаны. Бұған қоса, мысалға алынып отырған сөздердің бәрінің буын және морфем құрамы біркелкі екенін де ескеру керек.

Ендеше ***и, у*** таңбаларының дыбыс құрамын ***ый, ій, ұу, үу*** дыбыстарының тіркесі деп қарау керек. Өйткені қазақ жазуының құрамына енген кірме әріптердің дыбыстық мәнін анықтау аса күрделі фонетикалық мәселеге айналып отыр. Себебі қазақ тілінің оқулықтары мен әдістемелік құралдарында кірме әріптер бірде

дауысты, бірде дауыссыз, ал енді бірде дыбыс тіркесі деп түсіндіріліп келеді. Соның салдарынан, өкінішке орай, олар қазақ тілінің жаңа әліпби құрамынан шығарылмай жатыр. Жаңа сингема болу үшін ол қазақ сөзінің **үндесім әуезін** бұзбайтын (қазақтың жуан үндесім әуезді **мый** сөзін жіңішке әуезбен **ми** деп айтқызбайтын), **буын құрамын** өзгертпейтін (**ми-ы** деп тасымалдатпайтын), **морфем жігін** үзбейтін (**мый+ы** деп түбір мен қосымша тіркесіміне нұқсан келтірмейтін) болу керек.

Ал, қазақтың төл сөздерінің жазылымына еніп кетіп, дауысты дыбыс болып жүрген ***я, ю*** таңбаларының тек дыбыс құрамы жоғарыда көрсетілді. Дауысты болып жүрген ***я*** әрпі ***йа, йә*** тіркестерінің таңбасы болса, дауысты болып жүрген ***ю*** әрпі ***йұу, йүу*** тіркестерінің таңбасы болып табылады. Мысалы, **жая [жайа], сая [сайа], әлия [әлійә], дүрия [дүрүйә], аю [айұу], ою [ойұу], үю [үйүу], түю [түйүу].**

Бұлардың да ақиқат дыбыс құрамына жоғарыдағы әдістермен көз жеткізуге болады.

Қазақ сөзінің жаңсақ және ақиқат жазылымының салыстырма мысалдарының арасындағы буын, морфем, тасымал және әуез қайшылықтарды көрнекі байқауға болады. Жаңсақ жазылым мен оның әдеби (төл) айтылымының арасында қазақ тілінің буын, морфем, тасымал және әуез заңдылықтарына кереғар қайшылықтар көзге ұрып тұр. Ал ақиқат жазылымымен оның әдеби (төл) айтылымының арасында ешқандай қайшылық жоқ. Ендеше, қазақ сөзінің *буын құрамын бұзатын, морфем үлгісін бұлдіретін, тасымал жігін қақырататын, үндесім әуезін айныратын* тіл бұзар емле-ереже неге керек және ол қашанға дейін сақталады? Тіптен *а-я-у, о-я-у, жа-я-у* деп буынға бөлудің ерсілігіне қарамай, қазақ тілінің болашақ иелері – жас ұрпақтың көзін үйрете береміз бе?

ЖАҢСАҚ ЖАЗЫЛЫМ	АҚИҚАТ ЖАЗЫЛЫМ
И [ій]	ҮЙ [үй]
МИ [мый]	МАЙ [май]
ТИ [тій]	ТҮЙ [түй]
ЖИ [ый]	ЖАЙ [жай]
ҚИ-ЫН [қы-йын]	ҚҰ-ЙЫН [құ-йұн]
ТИ-ЫН [ты-йын]	ТО-ЙЫН [то-йұн]
ТИ-ІН [ті-йін]	ТҮ-ЙІН [түй-йін]
ШИ [шій]	ШӘЙ [шәй]
КИ [кій]	КҮЙ [күй]
СИ-Я [сы-йа]	СЫРА [сы-ра]
Ұ-Я [ұ-йа]	ҰРА [ұ-ра]
ЖА-Я [жа-йа]	ЖА-ҢА [жа-ңа]
ЖА-Я-У [жа-йау]	ЖА-ЛАУ [жа-лау]
А-Я-У [а-йау]	А-ЛАУ [а-лау]
У [ұу]	ҰЛ [ұл]
БУ [бұу]	БҰЛ [бұл]
СУ [сұу]	СҰР [сұр]
БУ-ЫН [бұ-ұн]	БҰ-РЫН [бұ-рұн]
ТУ [тұу]	ТАУ [тау]
СУ-ЫҚ [сұ-ұқ]	СА-УЫҚ [са-ұқ]
ЖУ [жұу]	ЖАУ [жау]
ҚА-РУ [ка-рұу]	ҚА-РАУ [ка-рау]
БҰ-РУ [бұ-рұу]	БҰ-РАУ [бұ-рау]
ҚҰ-РУ [құ-рұу]	ҚҰРАУ [құ-рау]
О-Ю [йұу]	О-РАУ [о-рау]
ЖА-Ю [жа-йұу]	ЖА-ЛАУ [жа-лау]
ТА-Ю [та-йұу]	ТА-ЛАУ [та-лау]
Ү-Ю [ү-йүу]	Ү-ЛЕС [ү-лөс]
КҮ-Ю [кү-йүу]	КҮ-РЕУ [кү-рөу]
СҮ-Ю [сү-йүу]	СҮ-ЙЕУ [сү-йөу]

Қазақ әліпбиі мен оның емле-ережелері қазақ сөзінің айтылым әуезіне, буын құрамына, морфем жігіне нұқсан келтірмейтіндей болу керек. Мұндай келелі шара мектеп "Әліппесі" мен оқулықтарынан бастау алмаса болмайды.

5.2. Дауыссыз дыбыстар

Қазақ тілінің төл дауыссыз дыбыстарының жүйесі **17** дыбыстан құралады. Олар қолданымдағы әліпби арқылы былай таңбаланады: **Б, Ғ-Г, Д, Ж, З, Й, Қ-К, Л, М, Н, Ң, П, Р, С, Т, У(w), Ш**. Дәстүр бойынша **Қ-К, Ғ-Г** дыбыстарының жасалым (жасалу орны) айырмашылықтарын ескеріп, жеке-жеке дауыссыздар деп есептеп келеді. Бұл жерде олардың бір дауыссыздың жуан/жіңішке үндесім варианты аллосингемасы екендігі ескеріліп, керісінше, бір дауыссыз деп қарастырылып отыр.

Дауыссыз дыбыстар дауыстың (дауыс желбезегінің) қатысына қарай: *қатаң (тербеліссіз)*, *ұяң (тербеліңкі)* және *үнді (тербелімді)* болып үш топқа бөлінеді.

5.2.1 Қатаң дауыссыз дыбыстар

Қазақ тіліндегі қатаң дауыссыз дыбыстардың құрамы төмендегідей: **П, Т, Қ-К, С, Ш**. Бұлар қазақ тіліне тән төл дауыссыз дыбыстардың қатарына жатады.

Қатаң дауыссыз дыбыстардың бәріне ортақ белгі – *дауыстың қатыспауы*. Басқаша айтқанда, қатаң дауыссыз дыбыстардың жасалуына дауыс желбезегі қатыспай, бейтарап (тербеліссіз) қалады. Қатаң дауыссыздардың басын қосып, ұйыстырып отыратын біреген белгі дауыс желбезегінің тербеліссіз қалпы болып табылады. Сондықтан да олар жасалым (артикуляциялық) тұрғыдан *тербеліссіз* дауыссыз дыбыстар деп аталады (көпшілік оқырманға естілім атаулардың қатарына жататын дәстүрлі *қатаң* атауы таныс болғандақтан, кейде екі атау қатар жүретін болады).

5.2.1.1 П дыбысы (5.9-сурет)

П дауыссыз дыбысы қос ерін арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай *ерін-еріндi* дауыссыз дыбыс болып табылады. **П** дауыссыз дыбысы қос (астыңғы және үстіңгі) еріннің өзара тоғысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай *тоғысыңқы* дауыссыз дыбыс болып табылады. **П** дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі тербелмейді, яғни қатыспайды. Дауыс қатысына қарай *қатаң* (тербеліссіз) дауыссыз дыбыс болып табылады.


Жасалым белгілері: *ерін-еріндi, тоғысыңқы, қатаң* дауыссыз дыбыс.

5.2.1.2 Т дыбысы

Т дауыссыз дыбысы тіл ұшы мен күрек тіс-қызыл иектің шекарасы арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай *тіл ұшы* дауыссыз

дыбыс болып табылады. **Т** дауыссыз дыбысы тіл ұшының күрек тіс-қызыл иек шекарасымен тоғысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай *тоғысыңқы* дауыссыз дыбыс болып табылады. **Т** дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі тербелмейді, яғни қатыспайды. Дауыс қатысына қарай *қатаң* (тербеліссіз) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: *тіл ұшы, тоғысыңқы, қатаң* дауыссыз дыбыс.



5.9-сурет. П^{ы} және Т^{ы} дауыссыз дыбыстарының жасалым моделі


5.2.1.3 Қ-(К) дыбысы (5.10-сурет)

Қ дауыссыз дыбысы тілшік пен тілдің түбі арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай *тілшік* дауыссыз дыбыс болып табылады. **Қ-(К)** дауыссыз дыбысы тілшік пен тіл түбінің тоғысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай *тоғысыңқы* дауыссыз дыбыс болып табылады. **Қ** дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі тербелмейді, яғни қатыспайды. Дауыс қатысына қарай *қатаң* (тербеліссіз) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: *тілшік, тоғысыңқы, қатаң* дауыссыз дыбыс.

К дауыссыз дыбысы тіл ортасы мен таңдай арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай *тіл ортасы* дауыссыз дыбыс болып табылады. **К** дауыссыз дыбысы тіл ортасы мен таңдайдың тоғысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай *тоғысыңқы* дауыссыз дыбыс болып табылады. **К** дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі тербелмейді, яғни қатыспайды. Дауыс қатысына қарай *қатаң* (тербеліссіз) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: *тіл ортасы, тоғысыңқы, қатаң* дауыссыз дыбыс.



5.10-сурет. Қ[ш]-(К[і]) дауыссыз дыбысының жасалым моделі

5.2.1.4 С дыбысы (5.11-сурет)


С дауыссыз дыбысы тіл ұшы мен күрек тіс-қызыл иектің шекарасы арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай *тіл ұшы* дауыссыз дыбыс болып табылады. **С** дауыссыз дыбысы тіл ұшының күрек тіс-қызыл иек шекарасымен жинақы жуысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай *жинақы жуысыңқы* дауыссыз дыбыс болып табылады. **С** дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі тербелмейді, яғни қатыспайды. Дауыс қатысына қарай *қатаң* (тербеліссіз) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: *тіл ұшы, жинақы жуысыңқы, қатаң* дауыссыз дыбыс.

5.2.1.5 Ш дыбысы

Ш дауыссыз дыбысы тіл ұшы мен күрек тіс-қызыл иектің шегарасы арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай *тіл ұшы* дауыссыз дыбыс болып табылады. **Ш** дауыссыз дыбысы тіл ұшының күрек тіс-қызыл иек шекарасымен жайылыңқы жуысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай *жайылыңқы жуысыңқы* дауыссыз дыбыс болып табылады. **Ш** дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі тербелмейді, яғни қатыспайды. Дауыс қатысына қарай *қатаң* (тербеліссіз) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: *тіл ұшы, жайылыңқы жуысыңқы, қатаң* дауыссыз дыбыс.



5.11-сурет. Сы және Шы дауыссыз дыбыстарының жасалым моделі

5.2.1.6 Қатаң дауыссыз дыбыстардың жасалым (артикуляциялық) моделі

Қатаң дауыссыз дыбыстардың жасалуына дауыс желбезегінің қатысы болмайды, яғни дауыс желбезегі тербелмейді. Сондықтан қатаң дауыссыздар тобын жеке қарастырған кезде дауыс желбезегінің қатысы ескерілмейді. Сонда қатаң дауыссыздардың жасалым белгілерінің жүйесі (системасы) жасалу орны мен жасалу тәсіліне байланысты болады. Ол үшін төмендегідей шартты сызықтар пайдаланылады:

Жасалым орны (бүтін сызық) ——————————

Жасалым тәсілі (үзік сызық) — — — — — — —

Қатаң дауыссыздар өзара тоғысыңқы-жуысыңқы болып жіктеледі. Тоғысыңқы дауыссыздар өзара ерін, тіл ұшы және тілшік (тіл ортасы) болып жіктеледі: П – ерін, тоғысыңқы, Т – тіл ұшы, тоғысыңқы, Қ(-К) – тілішік (тіл ортасы), тоғысыңқы. Тоғысыңқы дауыссыздардың жасалым моделі олардың үш айырым белгілеріне лайық үшбұрыш болып шығады (5.12-сурет). Модельдің барлық бұрыштары (ұялары) толып тұр. Бос қалған бұрыш жоқ.

Қатаң жусыңқы дауыссыздардың өз ерекшелігі бар. Біріншіден, екеуі де тіл ұшы дауыссыздар (суретте - жоғарғы үшбұрыш). Екіншіден, олардың жинақы-жайылыңқы белгілері тек өз арасында ғана жүреді. Өзге қатаң дауыссыздар үшін жинақы-жайылыңқы айырым белгілерінің фонетикалық мәні жоқ. Ендеше қатаң


дауыссыздардың құрамын қарастырғанда ол екеуі біріктіріліп, жуысыңқы дауыссыздар ретінде модельдің бір бұрышына орналасады. Сонда үшбұрыштың екі басы бос қалады.

Модельдің құрамындағы қатаң дауыссыздардың әрқайсысының өз фонетикалық мәні бар. Дауыссыз орналасқан бұрыштың мәні мен мағынасы сол бұрыштағы дауыссыздың айырым белгілері болып табылады. Соның арқасында бос қалған бұрыштарда қандай дыбыстар болуы мүмкін екенін жорамалдауға болады. Қазақ тілінің төл дыбыс құрамында жоқ, бірақ болуы мүмкін дыбысты табуға болады. Ендеше сол бос тұрған бұрыштарда қандай дыбыстар болуы мүмкін?

Модельдің төменгі жағына тоғысыңқы дауыссыздар орналасқан. Жоғарғы бөлігінде жуысыңқы дауыссыздар орналасқан. Төменгі жақтағы бұрыштар толық, бос орын жоқ. Ендеше тоғысыңқы дауыссыздар түгел деген сөз. Жоғарыда бос орындар бар, ендеше жаңа жуысыңқы дауыссыздарға әлі орын бар деген сөз. Төменгі сол жақ бұрышта тіл ұшы, тоғысыңқы *Т* дауыссызы орналасқан. Ал оның үстіңгі тұсына тіл ұшы, жуысыңқы *С(-Ш)* орналасқан. Тіл ұшы Т және С(-Ш) дауыссыздары жасалу орны жағынан жұптасып тұр. Айырмасы бірі – тоғысыңқы, екіншісі – жуысыңқы. Ал енді осы ретпен пайымдасақ, оң жақ төменгі бұрыштағы тоғысыңқы, тілшік *Қ(-К)* дауыссызының үстіндегі бос бұрышта қандай дыбыс тұру керек? Ол жерде тек қана жасалу орны жағынан тілшік (тіл ортасы) тоғысыңқы *Қ(-К)* дауыссызымен жұптаса алатын тілшік (тіл ортасы) жуысыңқы дауыссыз дыбыс тұру керек. Ондай тілшік (тіл ортасы), жуысыңқы дауыссыз дыбыс *Х(-Х)* болып табылады. Алайда тілшік (тіл ортасы), жуысыңқы *Х* дауыссызы қазақтың төл дыбысы емес, яғни қазақ тілінде (қазақтың төл сөздерінің құрамында) сингема мәртебесінде кездеспейді. Сондықтан да оның орны бос тұр. Бірақ тоғысыңқы *Қ(-К)* дауыссызының жуысыңқы аллосингемасы (варианты) ретінде кездесе береді: жақсы (айтылымы *жахсы*), өкше (айтылымы *өхше*) [3].

Ол дыбыс тек кірме сөздердің құрамында және тілі жазумен шыққан жастардың сөйлеуінде ғана кездесуі мүмкін. Әрине ресми, тіптен дайындалып барып сөйлегенде *хат, хабар* т.б. сықылды айтылым (орфоэпиялық) үлгілері кездесіп жатады. Бірақ бұл айтылым үлгілер жаппай қабылданған норма емес. Егер байқап

қарайтын болса, теле- және радиодикторлар күнбе-күн сөздерін "хат, соңғы хабар" деп бастағанымен, әрі қарай сөйлеп кеткен кезде "еңбекшілер *қаты*, ауылдан *қабар* келді" деп үйреншікті төл сөйлеу жүйесіне түсіп кетеді.



5.12-сурет. Қатаң дауыссыздардың көрнекі моделі

Ал енді осы ретпен тағы да бір болжам жасауға болады. Төменгі ортадағы бұрыштағы ерін, тоғысыңқы *П* дауыссызының үстінде бос бұрыш тұр. Онда қандай дыбыс тұруы мүмкін? Ол жерде де тек қана ерін-ерін, тоғысыңқы *П* дауыссызымен жасалу орны жағынан жұптаса алатын ерін-ерін жуысыңқы дауыссыз дыбыс тұру керек. Ондай ерін-ерін, жуысыңқы, қатаң дауыссыз дыбыс ^{h}W болып табылады (оған арнайы таңба болмағандықтан, ал халықаралық фонетикалық таңбасы [Ф] орыс тілінің тіс-ерін, жуысыңқы, қатаң *Ф* дауыссызымен шатыстыратын болғандықтан, шартты таңба алынды: негізгі W таңбасы дыбыстың ерін-ерін, жуысыңқы екенін, h дәйекшесі оның қатаң болып айтылатынын көрсетеді, немесе үйреншікті *П* әрпінің маңдайына не үстіне жуысыңқылықты көрсететін шеңбер дәйекше қоюға болады: °П. Қазақ тілінде орыс тілінің үлгісіндегі тіс-ерін, жуысыңқы *Ф* дауыссызы жоқ. Сондықтан да "фабрика, физика, футбол" т.б. сөздердің қазақы айтылымы "пәбірике, пизика, путбол" болып жүр. Тіптен, орыс тілінен енген сөздердің құрамындағы *Ф* дауыссызын сол

орыс тілі үлгісінде айтуға тырысқанның өзінде, ол жуысыңқы тіс-еріндік болып шықпай, ерін-еріндік *ʰW* (немесе *°П)* болып айтылады. Мұның өзінің фонетикалық заңдылығы бар. Қазақ тілінің айтылымында (орфоэпиясында) сөз ортасындағы тоғысыңқы *П* дауыссызы жуысыңқы аллосингема болып айтылады: аспап (айтылуы *ас°пап),* көпше (айтылуы *көпше),* түпсіз (айтылуы *тү°псүз)* т.б. [3].

Сонымен, дыбыстарды модельдеу арқылы төл дыбыстар (олардың варианттары) мен кірме дыбыстардың басын ашып алуға болады.

Кейбір кірме дыбыстарды оп-оңай пайдаланып кете береміз. Оның себебі қазақ дыбыстарының құрылымында (структурасында) ол дыбыстар үшін бос орын бар болғандықтан. Сондықтан *хат* десек те, *қат* десек те сөз мағанасына нұқсан келмейді, сөз түсінікті қалпында қала береді. Бірақ алғашқы сөздің естілімінде қазақ тіліне жат норма белгісі байқалып тұрады.

Қатаң дауыссыздардың сингема және аллосингема мәртебесіндегі жұмсалым реті көрнекі көрсетілді. Сонымен қатар, егер қазақ тілінің даму тарихында жаңа қатаң дауыссыз дыбыс пайда болатын болса, онда ондай дыбыс модельдегі бос екі орынға ғана (бірі ерін-ерін, жуысыңқы *°П* болып, бірі тілшік (тіл ортасы), жуысыңқы *Х(-Х)* болып) орналаса алады.

Қазақ тілі қатаң дауыссыздарының толық көрнекі моделінің ішінен кез келген дауыссыздың өзге дауыссыздармен арсындағы айырым белгілерінің түрін анықтап, санын түгендеп беруге болады. Қатаң дауыссыздардың моделі бүгінгі қазақ әліпбиіндегі төл қатаң дауыссыздар мен кірме қатаң дауыссыздардың басын ашып береді, модельге енген қатаң дауыссыздар төл дыбыстар болады да, модельден орын табылмаған қатаң дауыссыздар кірме дыбыстар болып табылады.

5.2.2 Ұяң дауыссыз дыбыстар

Қазақ тіліндегі ұяң дауыссыз дыбыстардың құрамы төмендегідей: **Б, Д, Ғ(-Г), З, Ж**. Бұлар қазақ тіліне тән төл дауыссыз дыбыстардың қатарына жатады.

Ұяң дауыссыз дыбыстардың бәріне ортақ белгі – *дауыстың жартылай қатысуы*. Басқаша айтқанда, ұяң дауыссыз дыбыстардың жасалуына дауыс желбезегі жартылай (тербеліңкі) қатысады. Ұяң дауыссыздардың басын қосып, ұйыстырып отыра-

тын бірегей белгі дауыс желбезегінің тербеліңкі қалпы болып табылады. Сондықтан да олар жасалым (артикуляциялық) тұрғыдан *тербеліңкі* дауыссыз дыбыстар деп аталады (көпшілік оқырманға естілім атаулардың қатарына жататын дәстүрлі *ұяң* атауы таныс болғандақтан, кейде екі атау қатар жүретін болады).

5.2.2.1 Б дыбысы (5.13-сурет)


Б дауыссыз дыбысы қос ерін арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай *ерін-ерінді* дауыссыз дыбыс болып табылады. **Б** дауыссыз дыбысы қос (астыңғы және үстіңгі) еріннің тоғысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай *тоғысыңқы* дауыссыз дыбыс болып табылады. **Б** дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі жартылай тербеледі, яғни жартылай қатысады. Дауыс қатысына қарай *ұяң* (тербеліңкі) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: *ерін-ерінді, тоғысыңқы, ұяң* дауыссыз дыбыс.

5.2.2.2 Д дыбысы

Д дауыссыз дыбысы тіл ұшы мен күрек тіс-қызыл иектің шекарасы арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай *тіл ұшы* дауыссыз дыбыс болып табылады. **Д** дауыссыз дыбысы тіл ұшының күрек тіс-қызыл иек шекарасымен тоғысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай *тоғысыңқы* дауыссыз дыбыс болып табылады. **Д** дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі жартылай тербеледі, яғни жартылай қатысады. Дауыс қатысына қарай *ұяң* (тербеліңкі) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: *тіл ұшы, тоғысыңқы, ұяң* дауыссыз дыбыс.



5.13-сурет. Б[ы] және Д[ы] дауыссыз дыбыстарының жасалым моделі

5.2.2.3 Ғ-(Г) дыбысы (5.14-сурет)


Ғ дауыссыз дыбысы тіл түбі мен тілшік арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай *тілшік* дауыссыз дыбыс болып табылады. **Ғ** дауыссыз дыбысы тіл түбі мен тілшіктің тоғысуы арқылы жасалады (сөз ортасында жуысыңқы болып жасалады). Жасалу тәсіліне қарай *тоғысыңқы* (жуысыңқы) дауыссыз дыбыс болып табылады. **Ғ** дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі жартылай тербеледі, яғни жартылай қатысады. Дауыс қатысына қарай *ұяң* (тербеліңкі) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: *тілшік, тоғысыңқы* (жуысыңқы), *ұяң* дауыссыз дыбыс.

Г дыбысы

Г дауыссыз дыбысы тіл ортасы мен таңдай арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай *тіл ортасы* дауыссыз дыбыс болып табылады. **Г** дауыссыз дыбысы тіл ортасы мен таңдайдың тоғысуы арқылы жасалады (сөз ортасында жуысыңқы болып айтылады). Жасалу тәсіліне қарай *тоғысыңқы* (жуысыңқы) дауыссыз дыбыс болып табылады. **Г** дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі жартылай тербеледі, яғни жартылай қатысады. Дауыс қатысына қарай *ұяң* (тербеліңкі) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: *тіл ортасы, тоғысыңқы* (жуысыңқы), *ұяң* дауыссыз дыбыс.



5.14-сурет. Ғ[ы] және Г[ı] дауыссыз дыбыстарының жасалым моделі

5.2.2.4 З дыбысы (5.15-сурет)

З дауыссыз дыбысы тіл ұшы мен күрек тіс-қызыл иектің шекарасы арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай *тіл ұшы* дауыссыз дыбыс болып табылады. **З** дауыссыз дыбысы тіл ұшының күрек


тіс-қызыл иек шекарасымен жинақы жуысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай *жинақы жуысыңқы* дауыссыз дыбыс болып табылады. **З** дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі жартылай тербеледі, яғни жартылай қатысады. Дауыс қатысына қарай *ұяң* (тербеліңкі) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: *тіл ұшы, жинақы жуысыңқы, ұяң* дауыссыз дыбыс.

5.2.2.5 Ж дыбысы

Ж дауыссыз дыбысы тіл ұшы мен күрек тіс-қызыл иектің шекарасы арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай *тіл ұшы* дауыссыз дыбыс болып табылады. **Ж** дауыссыз дыбысы тіл ұшының күрек тіс-қызыл иек шекарасымен жайылыңқы жуысуы арқылы жасалады (сөз басында жабысыңқы, яғни аффрикат болып жасалады). Жасалу тәсіліне қарай *жайылыңқы жуысыңқы* дауыссыз дыбыс болып табылады. **Ж** дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі жартылай тербеледі, яғни жартылай қатысады. Дауыс қатысына қарай *ұяң* (тербеліңкі) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: *тіл ұшы, жайылыңқы жуысыңқы, ұяң* дауыссыз дыбыс.



5.16-сурет. З[ы] және Ж[ы] дауыссыз дыбыстарының жасалым моделі

5.2.2.6 Ұяң дауыссыз дыбыстардың жасалым (артикуляциялық) моделі

Ұяң дауыссыздардың артикуляциялық моделі қатаң дауыссыздардың артикуляциялық моделімен үйлес шығады. Сондықтан екі модельдің сипаттамалары да ұқсас болады.

Ұяң дауыссыз дыбыстардың жасалуына дауыс желбезегінің қатысы жартылай болады, яғни дауыс желбезегі жартылай тербеледі. Сондықтан ұяң дауыссыздар тобын жеке қарастырған кезде дауыс желбезегінің қатысы ескерілмейді. Сонда ұяң дауыссыздардың жасалым белгілерінің жүйесі (системасы) жасалу орны мен жасалу тәсіліне байланысты болады. Ол үшін төмендегідей шартты сызықтар пайдаланылады:

Жасалым орны (бүтін сызық) ———————

Жасалым тәсілі (үзік сызық) – – – – – – –

Ұяң дауыссыздар өзара тоғысыңқы-жуысыңқы болып жіктеледі. Тоғысыңқы дауыссыздар өзара ерін, тіл ұшы және тілшік (тіл ортасы) болып жіктеледі: Б – ерін, тоғысыңқы, Д – тіл ұшы, тоғысыңқы, Ғ(-Г) – тілшік (тіл ортасы), тоғысыңқы/жуысыңқы. Тоғысыңқы дауыссыздардың жасалым моделі олардың үш айырым белгілеріне лайық үшбұрыш болып шығады (5.17-сурет). Модельдің барлық бұрыштары (ұялары) толып тұр. Бос қалған бұрыш жоқ.


Ұяң жуысыңқы З, Ж дауыссыздарының өз ерекшелігі бар. Біріншіден, екеуі де тіл ұшы дауыссыздар (суретте жоғарғы үшбұрыш). Екіншіден, олардың жинақы-жайылыңқы белгілері тек өз арасында ғана жүреді. Өзге ұяң дауыссыздар үшін жинақы-жайылыңқы айырым белгілерінің фонетикалық мәні жоқ. Ендеше ұяң дауыссыздардың құрамын қарастырғанда ол екеуі біріктіріліп, тіл ұшы жуысыңқы дауыссыздар ретінде модельдің бір бұрышына орналасады. Және қазақ тіліндегі Ғ(-Г) дауыссыздары сөз басында тоғысыңқы, сөз ортасында жуысыңқы болып айтылады. Сондықтан модельдің жоғарғы оң жақ бұрышына тағы да сол дауыссыздар орналасады. Сонда үшбұрыштың бір басы бос қалады.

Модельдің құрамындағы ұяң дауыссыздардың әрқайсысының өз фонетикалық мәні бар. Дауыссыз орналасқан бұрыштың мәні мен мағынасы сол бұрыштағы дауыссыздың айырым белгілері болып табылады. Соның арқасында бос қалған бұрышта қандай дыбыс болуы мүмкін екенін жорамалдауға болады. Қазақ тілінің төл дыбыс құрамында жоқ, бірақ болуы мүмкін дыбысты табуға болады. Ендеше сол бос тұрған бұрышта қандай дыбыс болуы мүмкін?

Модельдің төменгі жағына тоғысыңқы дауыссыздар орналасқан. Жоғарғы бөлігінде жуысыңқы дауыссыздар орналасқан. Төменгі

жақтағы бұрыштар толық, бос орын жоқ. Ендеше тоғысыңқы дауыссыздар түгел деген сөз. Жоғарыда бос орындар бар, ендеше жаңа жуысыңқы дауыссызға әлі орын бар деген сөз. Төменгі сол жақ бұрышта тіл ұшы, тоғысыңқы *Д* дауыссызы орналасқан. Ал оның үстіңгі тұсына тіл ұшы, жуысыңқы *З(-Ж)* орналасқан. Тіл ұшы Д және З(-Ж) дауыссыздары жасалу орны жағынан жұптасып тұр. Айырмасы бірі – тоғысыңқы, екіншісі – жуысыңқы. Ал енді осы ретпен пайымдасақ, оң жақ төменгі бұрыштағы тоғысыңқы, тілшік *Қ(-Г)* дауыссызының үстіндегі бос бұрышта қандай дыбыс тұру керек? Ол жерде тек қана жасалу орны жағынан тілшік (тіл ортасы) тоғысыңқы *Ғ(-Г)* дауыссызымен жұптаса алатын тілшік (тіл ортасы) жуысыңқы дауыссыз дыбыс тұру керек. Ондай тілшік (тіл ортасы), жуысыңқы дауыссыз дыбыс *Ғ(-Г)* болып табылады. Олар бірденнен орнына қойылды. Өйткені тоғысыңқы *Ғ(-Г)* дауыссызының жуысыңқы аллосингемасы (варианты) ретінде кездесе береді: аға (айтылымы *а°ға*), егін (айтылымы *е°гін*) [3].

Ал енді осы ретпен тағы да бір болжам жасауға болады. Төменгі ортадағы бұрыштағы ерін, тоғысыңқы *Б* дауыссызының үстінде бос бұрыш тұр. Онда қандай дыбыс тұруы мүмкін?



5.17-сурет. Ұяң дауыссыздардың көрнекі моделі

Ол жерде де тек қана ерін-ерін, тоғысыңқы *Б* дауыссызымен жасалу орны жағынан жұптаса алатын ерін-ерін жуысыңқы дауыссыз дыбыс тұру керек. Ондай ерін-ерін, жуысыңқы, ұяң дауыссыз дыбыс *°Б* болып табылады (оған арнайы таңба болмағандықтан, ал халықаралық фонетикалық таңбасы [Я] күрделі болғандықтан, ал орыс тілінің тіс-ерін, жуысыңқы, қатаң *В* дауыссызымен шатыстырып алмау үшін, шартты таңба алынды: негізгі Б таңбасы дыбыстың ерін-ерін екенін, [°] дәйекшесі оның жуысыңқы болып айтылатынын көрсетеді). Қазақ тілінде орыс тілінің үлгісіндегі тіс-ерін, жуысыңқы *В* дауыссызы жоқ. Сондықтан да "вагон, волейбол" т.б. сөздердің қазақы айтылымы "бәгөн, бәлейбол" болып жүр. Тіптен, орыс тілінен енген сөздердің құрамындағы *В* дауыссызын сол орыс тілі үлгісінде айтуға тырысқанның өзінде, ол жуысыңқы тіс-еріндік болып шықпай, ерін-еріндік *°Б* болып айтылады. Мұның өзінің фонетикалық заңдылығы бар. Қазақ тілінің айтылымында (орфоэпиясында) сөз ортасындағы тоғысыңқы *Б* дауыссызы жуысыңқы аллосингема болып айтылады: абай (айтылуы *а°бай),* түбір (айтылуы *тү°бүр)* т.б. [Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі].

Сонымен, дыбыстарды модельдеу арқылы төл дыбыстар (олардың варианттары) мен кірме дыбыстардың басын ашып алуға болады.

Ұяң дауыссыздардың сингема және аллосингема мәртебесіндегі жұмсалым реті көрнекі көрсетілді. Сонымен қатар, егер қазақ тілінің даму тарихында жаңа ұяң дауыссыз дыбыс пайда болатын болса, онда ондай дыбыс модельдегі бос бір орынға ғана (ерін-ерін, жуысыңқы *°Б* болып) орналаса алады.

Қазақ тілі ұяң дауыссыздарының толық көрнекі моделінің ішінен кез келген дауыссыздың өзге дауыссыздармен арсындағы айырым белгілерінің түрін анықтап, санын түгендеп беруге болады. Ұяң дауыссыздардың моделі бүгінгі қазақ әліпбиіндегі төл ұяң дауыссыздар мен кірме ұяң дауыссыздардың басын ашып береді, модельге енген ұяң дауыссыздар төл дыбыстар болады да, модельден орын табылмаған ұяң дауыссыздар кірме дыбыстар болып табылады.

5.2.3 Үнді дауыссыз дыбыстар

Қазақ тіліндегі үнді дауыссыз дыбыстардың құрамы төмендегідей: **М, Н, Ң, Р, Л, Й, У(w)**. Бұлар қазақ тіліне тән төл дауыссыз дыбыстардың қатарына жатады.

Үнді дауыссыз дыбыстардың бәріне ортақ белгі – *дауыстың мол қатысуы*. Басқаша айтқанда, үнді дауыссыз дыбыстардың жасалуына дауыс желбезегі мол (тербелімді) қатысады. Үнді дауыссыздардың басын қосып, ұйыстырып отыратын бірегей белгі дауыс желбезегінің мол тербелісі болып табылады. Сондықтан да олар жасалым (артикуляциялық) тұрғыдан *тербелімді* дауыссыз дыбыстар деп аталады (көпшілік оқырманға естілім атаулардың қатарына жататын дәстүрлі *үнді* атауы таныс болғандақтан, кейде екі атау қатар жүретін болады).

5.2.3.1 М дыбысы (5.18-сурет)

М дауыссыз дыбысы қос ерін арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай *ерін-ерінді* дауыссыз дыбыс болып табылады. **М** дауыссыз дыбысы қос (астыңғы және үстіңгі) еріннің тоғысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай *тоғысыңқы* дауыссыз дыбыс болып табылады. **М** дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі мол тербеледі, яғни мол қатысады. Дауыс қатысына қарай *үнді* (тербелімді) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: *ерін-ерінді, тоғысыңқы, үнді* дауыссыз дыбыс.

5.2.3.2 Н дыбысы


Н дауыссыз дыбысы тіл ұшы мен күрек тіс-қызыл иектің шекарасы арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай *тіл ұшы* дауыссыз дыбыс болып табылады. **Н** дауыссыз дыбысы тіл ұшының күрек тіс-қызыл иектің шекарасымен тоғысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай *тоғысыңқы* дауыссыз дыбыс болып табылады. **Н** дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі мол тербеледі, яғни мол қатысады. Дауыс қатысына қарай *үнді* (тербелімді) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: *тіл ұшы, тоғысыңқы, үнді* дауыссыз дыбыс.

5.2.3.3 Ң дыбысы (5.18-сурет, бұл жерде жуан әуезді сингемасы беріліп отыр)

Ң дауыссыз дыбысы тіл түбі мен тілшік арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай *тілшік* дауыссыз дыбыс болып табылады. **Ң** дауыссыз дыбысы тіл түбі мен тілшіктің тоғысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай *тоғысыңқы* дауыссыз дыбыс болып табылады. **Ң** дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі мол тербеледі, яғни мол қатысады. Дауыс қатысына қарай *үнді* (тербелімді) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: *тілшік, тоғысыңқы, үнді* дауыссыз дыбыс.




5.18-сурет. М^{ы} және Н^{ы} дауыссыз дыбыстарының жасалым моделі

5.2.3.4 Р дыбысы

Р дауыссыз дыбысы тіл ұшы мен күрек тіс-қызыл иектің шекарасы арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай *тіл ұшы* дауыссыз дыбыс болып табылады. **Р** дауыссыз дыбысы тіл ұшының күрек тіс-қызыл иектің шекарасымен бір тоғысып, бір жуысуы (тоғысым-жуысым) арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай *діріл* дауыссыз дыбыс болып табылады. **Р** дауыссыз дыбысын айтқанда да-уыс желбезегі мол тербеледі, яғни мол қатысады. Дауыс қатысына қарай *үнді* (тербелімді) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: *тіл ұшы, діріл жуысыңқы, үнді* дауыссыз дыбыс.



5.18-сурет. ^{ы}Ң және ^{ы}Р дауыссыз дыбыстарының жасалым моделі

5.2.3.5 Л дыбысы (5.18-сурет)

Л дауыссыз дыбысы тіл ұшы мен күрек тіс-қызыл иектің шекарасы арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай *тіл ұшы* дауыссыз


дыбыс болып табылады. **Л** дауыссыз дыбысы тіл ұшының күрек тіс-қызыл иектің шекарасымен тоғысып, екі жағы ашық қалады. Жасалу тәсіліне қарай *жанама жуысыңқы* дауыссыз дыбыс болып табылады. **Л** дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі мол тербеледі, яғни мол қатысады. Дауыс қатысына қарай *үнді* (тербелімді) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: *тіл ұшы, жанама жуысыңқы, үнді* дауыссыз дыбыс.

5.2.3.6 Й дыбысы (бұл жерде жуан әуезді сингемасы беріліп отыр)

Й дауыссыз дыбысы тіл түбі мен тілшік арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай *тілшік* дауыссыз дыбыс болып табылады. **Й** дауыссыз дыбысы тіл ортасы мен таңдайдың жуысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай *жуысыңқы* дауыссыз дыбыс болып табылады. **Й** дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі мол тербеледі, яғни мол қатысады. Дауыс қатысына қарай *үнді* (тербелімді) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: *тілшік, жуысыңқы, үнді* дауыссыз дыбыс.



5.18-сурет. ᵇЛ және ᵇЙ дауыссыз дыбыстарының жасалым моделі

5.2.3.7 У дыбысы (5.19-сурет)

У (w) дауыссыз дыбысы қос ерін арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай *ерін-ерінді* дауыссыз дыбыс болып табылады. **У** дауыссыз дыбысы қос (астыңғы және үстіңгі) еріннің жуысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай *жуысыңқы* дауыссыз дыбыс болып табылады. **У** дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі мол тербеледі, яғни мол қатысады. Дауыс қатысына қарай *үнді* (тербелімді) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: *ерін-ерінді, жуысыңқы, үнді* дауыссыз дыбыс.



5.19-сурет. ʷУ(w) дауыссыз дыбысының жасалым моделі

5.2.3.8 Үнді дауыссыз дыбыстардың жасалым (артикуляциялық) моделі

Үнді дауыссыздардың артикуляциялық моделі қатаң және ұяң дауыссыздардың артикуляциялық моделімен үйлеспейді. Өйткені үнді дауыссыздардың құрамы қатаң және ұяң дауыссыздардың құрамына қарағанда мол.

Үнді дауыссыз дыбыстардың жасалуына дауыс желбезегінің қатысы мол болады, яғни дауыс желбезегі мол тербеледі. Сондықтан ұяң дауыссыздар тобын жеке қарастырған кезде дауыс желбезегінің қатысы ескерілмейді. Сонда үнді дауыссыздардың жасалым белгілерінің жүйесі (системасы) жасалу орны мен жасалу тәсіліне байланысты болады. Ол үшін төмендегідей шартты сызықтар пайдаланылады:

Жасалым орны (бүтін сызық) ——————

Жасалым тәсілі (үзік сызық) – – – – – – –

Үнді дауыссыздар өзара тоғысыңқы-жуысыңқы болып жіктеледі. Тоғысыңқы дауыссыздар өзара ерін, тіл ұшы және тілшік (тіл ортасы) болып жіктеледі: М – ерін, тоғысыңқы, Н – тіл ұшы, тоғысыңқы, Ң(-Ң) – тілшік (тіл ортасы), тоғысыңқы. Тоғысыңқы


дауыссыздардың жасалым моделі олардың үш айырым белгілеріне лайық үшбұрыш болып шығады (5.20-сурет). Модельдің барлық бұрыштары (ұялары) толып тұр. Бос қалған бұрыш жоқ.

Үнді жусыңқы Р, Л дауыссыздарының өз ерекшелігі бар. Бірінші-ден, екеуі де тіл ұшы дауыссыздар (суретте - жоғарғы үшбұрыш). Екіншіден, олардың діріл-жанама белгілері тек өз арасында ғана жүреді. Өзге үнді дауыссыздар үшін жинақы-жайылыңқы айырым белгілерінің фонетикалық мәні жоқ. Ендеше үнді дауыссыздардың құрамын қарастырғанда ол екеуі біріктіріліп, тіл ұшы жуысыңқы дауыссыздар ретінде модельдің бір бұрышына орналасады. Қазақ тіліндегі тілшік (тіл ортасы), жуысыңқы Й(-Й) дауыссызы Ң(-Ң) дауыссызының, ал У(w) дауыссыз М дауыссызының жоғарғы қарсы жағына орналасады. Сонда үшбұрыштың бос бұрышы қалмайды.

Модельдің құрамындағы үнді дауыссыздардың әрқайсысының өз фонетикалық мәні бар. Дауыссыз орналасқан бұрыштың мәні мен мағынасы сол бұрыштағы дауыссыздың айырым белгілері болып табылады. Соның арқасында қазақ тілінің үнді дауыссыздарының бүгінгі күнгі құрамына жаңа дыбыс ене алмайды.

Модельдің төменгі жағына тоғысыңқы дауыссыздар орналасқан. Жоғарғы бөлігінде жуысыңқы дауыссыздар орналасқан. Төменгі және жоғарғы жақтағы бұрыштар толық, бос орын жоқ. Ендеше тоғысыңқы/жуысыңқы дауыссыздар түгел деген сөз.

Үнді дауыссыздардың құрамында қатаң және ұяң дауыссыздар-дың құрамындағы тілшік (тіл ортасы) Қ(-К), Ғ(-Г) дауыссыздары тәрізді тілшік (тіл ортасы) Й(-Й), Ң(-Ң) дауыссыздары бар. Бәрінің жасалу орны біркелкі. Алайда Қ(-К), Ғ(-Г) дауыссыздарының естілім ерекшеліктері анық болғандықтан, олардың тілішік/тіл орта-сы айтылымдары назарға ілікті де, Й(-Й), Ң(-Ң) дауыссыздарының естілім ерекшеліктері көмескі болғандықтан, назардан тыс қалып қойды. Сондықтан да олар оқулықтар мен оқу-құралдарында, тіп-тен, ғылыми еңбектерде де ескерілмей келеді.



5.20-сурет. Үнді дауыссыздардың көрнекі моделі

Шын мәнінде, олардың жасалым орны бәріне бірдей болып табылады:

АҚ	ӘК	**БАҚА**	БӘКІ
АЙ	ӘЙ	**ЖАЙА**	ТІЙІН
АҢ	ЕҢ	**ЖАҢА**	ЖЕҢІЛ
		ЖАҒА	ЕГІН

Үнді дауыссыздардың сингема және аллосингема мәртебесіндегі жұмсалым реті көрнекі көрсетілді. Сонымен қатар, егер қазақ тілінің даму тарихында жаңа үнді дауыссыз дыбыс пайда болатын болса, онда ондай дыбыс үшкіл модельдің сыртында ғана болуы мүмкін. Ондай кезде қазақ тілінің үнді дауыссыз дыбыстарының құрамы мен жүйесі түгел өзгереді.

Қазақ тілі үнді дауыссыздарының толық көрнекі моделінің ішінен кез келген дауыссыздың өзге дауыссыздармен арасындағы айырым белгілерінің түрін анықтап, санын түгендеп беруге болады. Үнді дауыссыздардың моделі бүгінгі қазақ әліпбиіндегі төл үнді дауыссыздар мен кірме үнді дауыссыздардың басын ашып

береді, модельге енген үнді дауыссыздар төл дыбыстар болады да, модельден орын табылмаған үнді дауыссыздар кірме дыбыстар болып табылады.

5.3 Қазақ тілі дауыссыз дыбыстарының жіктелімі

Дауыссыз дыбыстардың толық (5.1 кесте), әліпби тізімінің (5.2-кесте) және жасалым жүйесінің (5.3 кесте) кестелері арнайы беріліп отыр. Кестелерде дауыссыздардың жасалым белгілеріне қарай орналасым реті көрсетілген.

5.1-кестеде қазақ тілінің әліпби тізіміне кірмеген, бірақ тілде бар ақиқат дауыссыздар түгел қамтылған. Ал, 5.2-кестеде қазақ тілінің әліпби тізіміне енген ғана дауыссыздар жіктеліп отыр.

5.1- кесте. Дауыссыз дыбыстардың толық жасалым жіктелімі

ЖАСАЛУ ТӘСІЛІ		ДАУЫС желбезегінің ҚАТЫСЫ	ЖАСАЛУ ОРНЫ			
			ерін	тіл ұшы	тіл ортасы	тілшік
тоғысынқы		тербеліссіз	П	Т	(К)	Қ
		тербеліңкі	Б	Д	(Г)	Ғ
		тербелімді	М	Н	(Ң)	Ң
жұғысынқы	жайылынқы	тербеліссіз		Ш		
		тербеліңкі		Ж		(Ғ)
		тербелімді			(Й)	Й
	жинақы	тербеліссіз		С		
		тербеліңкі		З	(Г)	
		тербелімді	У(w)			
	діріл			Р		
	жанама			Л		
жабысынқы		тербеліңкі		(ᵊЖ)		

Қазақ тілінің дауыссыз дыбыстары дауыс (дауыс желбезегінің), жасалу орны және жасалу тәсілінің қатысына қарай жүйеленеді.

Қазақ тілі дауыссыз дыбыстарының жіктелім белгілерінің жүйесін кестелеп көрнекілеуге болады (5.3-кесте). Егер жасалым белгі дауыссызға тән болса, онда "бар (+)" деп таңбаланады, егер тән болмаса, онда "жоқ (-)" деп таңбаланады. Сонда дауыссыздардың арасындағы ортақ/айырым белгілері көрініп тұрады. Егер бір жасалым белгі бір не бірнеше дауыссызға тән болса, онда ол *ортақ белгі* болады. Бір дауыссызда бар, ал екінші дауыссызда жоқ белгі *айырым белгі* болады.

Егер "бар(+)" белгісі бір бағананың бойында орналасса, онда ол ортақ белгі болып табылады. Мысалы, П және Т дауыссыздарына "қатаң" белгісі ортақ. Ал, егер "бар(+)" белгісі көрші бағанаға ауысып кетсе, онда ол айырым белгі болады. Мысалы, сол П және Т дауыссыздарының ерін/тіл ұшы белгілері айырым белгі болып табылады. Өйткені "бар(+)" белгісі екі бағанаға бөлініп кеткен.

Дауыссыздардың айырым/ортақ белгілерінің мүмкін болған реті (саны) әртүрлі болады.

5.2- кесте. Әліпби дауыссыз дыбыстардың жасалым жіктелімі

ЖАСАЛУ ТӘСІЛІ		**ДАУЫС желбезегінің ҚАТЫСЫ**	**ЖАСАЛУ ОРНЫ**			
			ерін	тіл ұшы	тіл ортасы	тілшік
тоғысыңқы		тербеліссіз	**П**	**Т**	**(К)**	**Қ**
		тербелінкі	**Б**	**Д**	**(Г)**	**Ғ**
		тербелімді	**М**	**Н**		**Ң**
жуысыңқы	жайылыңқы	тербеліссіз		**Ш**		
		тербелінкі		**Ж**		
		тербелімді				**Й**
	жінақы	тербеліссіз		**С**		
		тербелінкі		**З**		
	діріл	тербелімді	**У(w)**			
				Р		
	жанама			**Л**		
жабысыңқы		тербеліңкі				

-бір ортақ (ортақ белгіні көлбеу таңбамен бөлектейміз), екі айырым белгі бар болуы мүмкін:

П катаң *тоғысыңқы* ерін

Н үнді *тоғысыңқы* тіл ұшы

Т	*қатаң*	тоғысыңқы	ерін
С	*қатаң*	жуысыңқы	тіл ұшы

М	үнді	*тоғысыңқы*	ерін
Қ	қатаң	*тоғысыңқы*	тілшік
Г	*ұяң*	тоғысыңқы	тіл ортасы
З	*ұяң*	жуысыңқы	тіл ұшы т.б.

-екі ортақ, бір айырым белгісі бар болуы мүмкін:

П	*қатаң*	ерін	*тоғысыңқы*
Қ	*қатаң*	тілшік	*тоғысыңқы*

Т	қатаң	*тоғысыңқы*	*тіл ұшы*
Д	ұяң	*тоғысыңқы*	*тіл ұшы*

С	*қатаң*	жинақы жуысыңқы	*тіл ұшы*
Ш	*қатаң*	жайылыңқы жуысыңқы	*тіл ұшы*

Н	үнді	*тоғысыңқы*	*тіл ұшы*
Т	қатаң	*тоғысыңқы*	*тіл ұшы* т.б.

-үш айырым белгісі бар, ортақ белгісі жоқ болуы мүмкін:

Қ	қатаң	тоғысыңқы	тілшік
З	ұяң	жуысыңқы	тіл ұшы

Ң	үнді	тоғысыңқы	тілшік
С	қатаң	жуысыңқы	тіл ұшы т.б.

Екі дауыссыздың арасында үш ортақ белгі болуы мүмкін емес, өйткені онда олар бір дыбыс болып кетеді.

5.3-кесте. Дауыссыз дыбыстардың жасалым жүйесі

дауыссыздар	дауыс қатысы			жасалу орны				жасалу тәсілі				
									жайылыңқы			
	қатаң	ұяң	үнді	ерін	тіл ұшы	тіл ортасы	тіл шік	тоғысыңқы	жинақы	жайылыңқы	діріл	жанама
П	+	-	-	+	-	-	-	+	-	-	-	-
Б	-	+	-	+	-	-	-	+	-	-	-	-
М	-	-	+	+	-	-	-	+	-	-	-	-
Т	+	-	-	-	+	-	-	+	-	-	-	-
Д	-	+	-	-	+	-	-	+	-	-	-	-
Н	-	-	+	-	+	-	-	+	-	-	-	-
Қ(-К)	+	-	-	-	-	(+)	+	+	-	-	-	-
Ғ(-Г)	-	+	-	-	-	(+)	+	+/-	-/+	-/+	-	-
Ң(-Ң	-	-	+	-	-	(+)	+	+	-	-	-	-
С	+	-	-	-	+	-	-	-	+	-	-	-
З	-	+	-	-	+	-	-	-	+	-	-	-
Р	-	-	+	-	+	-	-	-	-	-	+	-
Ш	+	-	-	-	+	-	-	-	-	+	-	-
Ж	-	+	-	-	+	-	-	-	-	+	-	-
Л	-	-	+	-	+	-	-	-	-	-	-	+
Й(-Й)	-	-	+	-	-	(+)	+	-	-(+)	+(-)	-	-
У(w)	-	-	+	+	-	-	-	-	+	-	-	-

Сонымен, қазақ тілінің дауыссыз дыбыстары дауыс (дауыс желбезегінің) қатысына қарай – қатаң


(тербеліссіз), ұяң (тербеліңкі), үнді (тербелімді), жасалу орнына қарай – ерін, тіл ұшы, тіл ортасы, тілшік, жасалу тәсіліне қарай – тоғысыңқы/жуысыңқы (жинақы, жайылыңқы, діріл, жанама) болып жіктеледі.

Қазақ тілі дауыссыз дыбыстарының құрамында тіл алды және тіл арты дауыссыз дыбыс жоқ.

5.4 Қазақ тілі дауыссыз дыбыстарының жиынтық моделі

Дауыссыздардың қатаң, ұяң, үнді топтарының дауыс (дауыс желбезегінің) қатысы деңгейіндегі айырым белгісі бойынша басы бірікпейді. Сондықтан алғашқы жиынтық көрнекі моделдің құрамында олар жеке-жеке тұрады (5.21-сурет). Олай болса әрбір топтың құрамындағы дауыссыздардың да басы бірікпеген: қатаңдар өз алдына, ұяңдар өз алдына, үнділер өз алдына тұр. Бұл модель бойынша дауыссыздарды дауыс қатысына қарай ғана сипатталады.

Ал егер жасалу орны мен жасалу тәсілі ескерілетін болса, онда әр топтың құрамындағы дыбыстарды өз алдына қарастыруға тура келеді. Әрқайсысы өзіне ғана тән фонетикалық мәліметті сақтайды.




5.21-сурет. Дауыссыздардың дауыс қатысына байланысты топтарының моделі

Бұл модель қазақ тілінде дауыс қатысына байланысты дауыссыз топтары мен олардың дыбыс құрамы жайлы фонетикалық мәлімет береді. Басқаша айтқанда, қатаң, ұяң, үнді дауысыздардың құрамын көрнекі көрсетеді. Ал жасалу орны мен жасалу амал-тәсіліне қатысты жасалым белгілері бір жерден табылмайды. Ондай мәлімет әр топта шашырап жүр. Мысалы, ерін дауыссыз үш топта да бар: *П* қатаң топта, *Б* ұяң топта, *М* үнді топта.

Жоғарыдағы модельді жасалым белгілері бірдей дауыссыздардың басын қосып, ықшамдауға болады, сонда жасалу орны мен жасалу амал-тәсіліне қатысты модель құралады (5.22-сурет).


Сонымен, дыбыстарды модельдеу арқылы төл дыбыстар (олардың вариантты) мен кірме дыбыстардың басын ашып алуға болады.

Дауысты дыбыстар тәрізді, дауыссыз дыбыстардың да таралым кестесін құрастыруға болады (5.4-кесте). Қазақ тілі дыбыстарының таралым кестесінен, бір жағынан, кез келген дауыссыздың белгілерін ретімен тізіп шығуға болады (мысалы, П дауыссыз дыбысының белгілерін төменнен жоғары қарай тізіп кете береміз: тоғысыңқы > ерін > қатаң > дауыссыз > дыбыс), екінші жағынан, дауыстылардың қай жерден барып ортақ белгіге түйісетінін көреміз (мысалы, П және Т дауысты дыбыстары *қатаң* белгісіне барғанда өзара түйіседі).



5.22-сурет. Дауыссыздардың жасалу орны мен жасалу тәсіліне байланысты моделі

5.4-кесте. Дауыссыз дыбыстардың жіктелімі (Г-нің жуысыңқы, Ғ-ның тоғысыңқы, Ң-мен Й-дің тіл ортасы варианттары кестеге енген жоқ)



6. ҚАЗАҚ ТІЛІ ДЫБЫСТАРЫНЫҢ ТҮРЛЕНІМІ

Кез келген тілдің дыбыс құрамы тұрақты болғанымен, олардың тілдегі көрінісі (реализация) "шексіз" болады. Фонема көрінісінің шексіз болуына әртүрлі фонетикалық жағдаяттар себеп болады. Қазақ тілі дыбыстарының сөйлеу үстіндегі түрленімінің құрамы да осындай фонетикалық жағдаяттарға байланысты.

Қазақ тіліндегі дыбыс түрленім үлгілерінің әркайсысының өзіне тән ұғымдары мен атаулары болуға тиіс. Қазіргі фонетикалық зерттеулердің басты мақсаты – әр түрленімге тән ұғым-атаулардың шекарасын ажыратып, жіктеп беру. Қазақ фонетикасының басты зерттелім бағыттарының бірі – дыбыс түрленімі.

Кез келген дыбыс түрленімі оның жасалымы, айтылымы, естілімін түгел немесе ішнара қамтып отыруы мүмкін, сол өзгерістердің ішінде бір белгісі басым көрінетін болады. Түрленім үлгісінің басты белгісі ретінде сол басым түрленім белгісін аламыз.

6.1 Қазақ тіліндегі дыбыс түрленім үлгілері

Түрленім үлгілерінің өзіндік құрамы мен жүйесі бар.

Дыбыс өзінің үндесім әуезіне байланысты түрленеді. Дыбыстың бұл түрленімін жинақтай келіп *үндесім түрленім* дейміз. Бір буынның құрамындағы дыбыс өзімен көрші екінші дыбыстың әсерінен түрленуі мүмкін. Көрші дыбыстың жасалу орны еріндік болса, онда көрші дыбыс өзінің жасалу орнын жоғалтып, жасалу орнына қарай еріндік болып айтылады. Дыбыстың бұл түрленімін *орын түрленім* дейміз, өйткені дыбыстың тек жасалу орны ғана түрленеді; көрші дыбыстың жасалу тәсілі жуысыңқы болса, онда көрші дыбыс та жуысыңқы болып айтылады. Дыбыстың бұл түрленімін *тәсіл түрленім* дейміз, өйткені дыбыстың тек жасалу тәсілі ғана түрленеді; көрші дыбыс дауыс қатысына қарай ұяң болса, онда көрші дыбыс та ұяң болып айтылады. Дыбыстың бұл түрленімін *дауыс түрленім* дейміз, өйткені дыбыстың тек дауыс қатысы ғана түрленеді. Дыбыс өзінің артикуляциялық белгісіне байланысты түрленеді екен. Дыбыстың бұл түрленімін *үйлесім түрленім* дейміз. Дыбыс өзімен іргелес дыбыстың әсерінен түрленеді. Іргелес түрленім тек дауыссыз бен дауыстының тір-

кесінде кездеседі және іргелес дыбыстардың дауысты сыңары басым болады. Дыбыстың бұл түрленімін *іргелес түрленім* дейміз. Дыбыс өзінің сөздегі орнына қарай түрленуі мүмкін. Дыбыстың сөздегі орны оның айтылымына тікелей әсер етеді. Дыбыстың артикуляциялық белгілері түгел (жасалу оры, жасалу тәсілі, дауыс қатысы, қарқыны, созылыңқылығы т.б.) қатысуы немесе ішнара қатысуы мүмкін. Сондықтан дыбыс сөздің қай шенінде тұр, соған байланысты оның айтылымы құбылып отырады. Дыбыстың бұл түрленімін *шеп түрленім* дейміз. Дыбыс екі сөздің шекарасында тұруына байланысты түрленеді. Дыбыс өзінің айтылым айқындығына қарай түрленеді екен. Дыбыстың бұл түрленімін *тіркес түрленім* дейміз. Дыбыс сөздің айтылым әуеніне байланысты түрленеді. Сөйлем хабарлы әуенмен айтылса, оның құрамындағы сөз де хабарлы әуенмен айтылады, сөздің құрамындағы дыбыс хабарлы әуен ықпалымен түрленеді. Дыбыстың бұл түрленімін *хабарлы түрленім* дейміз. Сөйлем сұраулы әуенмен айтылса, оның құрамындағы сөз де сұраулы әуенмен айтылады, сөздің құрамындағы дыбыс та үдемелі әуен ықпалымен түрленеді. Дыбыстың бұл түрленімін *сұраулы түрленім* дейміз. Сөйлем бұйрық (лепті) әуенмен айтылса, оның құрамындағы сөз де бұйрық (лепті) әуенмен айтылады, сөздің құрамындағы дыбыс та бұйрық (лепті) әуен ықпалымен түрленеді. Дыбыстың бұл түрленімін *бұйрықты түрленім* дейміз. Дыбыстың осы үш түрленімінің басын қосып *әуен түрленім* дейміз. Дыбыс тіл дамуының барысындағы фонетикалық жағдаятқа қатысты өзгерістің қалдығы болады. Сондықтан дыбыстың түрленім себебі белгісіз болады. Дыбыстың бұл түрленімін *тарихи түрленім* дейміз. Дыбыс ешқандай фонетикалық себепсіз-ақ түрленуі мүмкін. Дыбыстың себепсіз түрленуін *еркін түрленім* дейміз. Дыбыс арнайы жасанды құрылған мәтін (жаңылтпаш т.б.) құрамындағы күрделі дыбыс тіркесі мен үндесім буындардың қайталанымы арқылы түрленуі мүмкін. Дыбыстың бұл түрленімін *жаңылтпаш түрленім* дейміз. Адамның көңіл-күй қалпына байланысты түрленеді. Қуаныш, қорқыныш, кешірім, ыза, жайбарақатты, шаршаңқы, ырзалық, өкініш т.б. себептердің салдарынан болатын түрленімін *көңіл-күй түрленімі* дейміз. Асығып сөйлеудің арқасында дыбыс түрленеді. Дыбыстың бұл түрленімін *асығыс түрленім* дейміз. Тіл мүкісінің салдарынан дыбыс түрленуі мүмкін. Дыбыс түрленімінің бұл түрін *мүкіс*


түрленім дейміз. Екінші бір тілді нашар меңгергендіктің себебінен дыбыс түрленеді. Мұндай жағдайды дыбыс теріс айтылады, сондықтан дыбыстың бұл түрленімін *теріс түрленім* дейміз.

Сонымен, қазақ тілінің кез келген дыбысы *үндесім, үйлесім, шеп, іргелес, тарихи, әуен, еркін, тіркес, аралық, көңіл/күй, жаңылтпаш, асығыс, мүкіс, теріс* түрленім тұрғысынан сипатталады және олардың әрқайсысына тән өзіндік фонетикалық анықтамасы беріледі. Сол фонетикалық белгілерінің нәтижесінде олар тұрақты бір жүйеге бірігеді (6.1-сызба).


Ендігі мақсат - сол әрбір түленім үлгілерінің сипаттамасын беру. Қазақ тіліндегі түрленім үлгілерінің ішінен үндесім (6.2-сызба) және үйлесім (6.3-сызба) түрленім үлгілері алынып, қазақ тілі дыбыстары үндесім/үйлесім тұрғысынан талданады. Өйткені әрбір түрленім үлгілерінің көрінісін өз алдына көрнекілеп отыруға тура келеді.

Сингармонизм (үндесім) қазақ тілінің іргелі және ең басты сингармонологиялық заңдылығы болғандықтан, қазақ тілі дыбыстарының үндесім құрамын талдап шығу басты міндет болып табылады. Ал дыбыстардың өзара үйлесім түрленімі басты ассимилятив (фонетикалық) заңдылық болғандықтан, қазақ тілі дыбыстарының үйлесім құрамын талдап шығу да басты міндет болып шығады.

Қазақ тілі дыбыстарының өзге түрленім үлгілері дербес зерттеулердің арнайы нысаны болмақ. Дербес зерттеулердің нәтижелерін біріктіріп, бүтін бір фонетикалық еңбек құрастыру алдағы жылдардың еншісіне қалады. Ондай еңбек фонетист ғалымдардың басын біріктіріп, көп болып қолға алғанда ғана бітеді.



6.1-сызба. Қазақ тілі дыбысының түрленім үлгілерінің құрамы



6.2-сызба. Қазақ тілі дыбысының үндесім түрленім белгілерінің құрамы

6.2 Үндесім дыбыстар

Қазақ тілі дыбыстарының үндесім (сингармониялық) түрленімі өзалдына зерттеу саласы болып бөлінді. Соның нәтижесінде қазақ тіліндегі үндесім дыбыстардың құрамы анықталып, жүйесі сипатталып шықты.

Тіл-тілде сөздің құрамындағы дауысты-дауыссыз дыбыстарды ұйыстырып, бас-аяғы бүтін бір сөз (немесе бір буын) етіп тұратын лингвистикалық құбылыс болады. Қазақ (түркі) тіліне тән мұндай құбылыс – үндесім (сингармонизм) құбылысы немесе үндесім заңы (сингармонизм заңы) болып табылады.

Сонымен, буын не сөз құрамындағы дыбыстардың (дауыстылардың да, дауыссыздардың да) бір әуезбен айтылуын *үндесім құбылысы* дейді.

Дыбыстарды (тағы да, дауыстыларды да, дауыссыздарды да) буын не сөзге біріктіріп тұратын құрауышты (просодиканы) *үндесім* (үндестік – ескі атау жүйесі бойынша) *заңы* дейді.

Егер дыбыстардан буын құрап тұрса *буын құрауыш* (просодика слога), ал сөз құрап тұрса *сөз құрауыш* (просодика слова) деп аталады.

Үндесім құбылысы төрт әуездің (жуан, жіңішке, еріндік, езулік) араласымынан (комбинациясынан) пайда болады: жуан езулік; жуан еріндік; жіңішке езулік; жіңішке еріндік.

Үндесім әуезінің түрлерін белгілеу үшін арнайы дәйекшелер жүйесі қабылданған (дәйекше әріптің оң жақ жоғарғы бұрышына қойылады):

- жуан езулік әуез *дәйекшесіз* беріледі, яғни дәйекшенің жоқтығы жуан езулік әуезді көрсетеді;
- жіңішке езулік әуез *сызықша дәйекшемен* беріледі, яғни сызықша дәйекше жіңішке езулік әуезді көрсетеді;
- жуан еріндік әуез *шеңбер дәйекшемен* беріледі, яғни дөңгелек дәйекше жуан еріндік әуезді көрсетеді;
- жіңішке еріндік әуез *сызықша дәйекше* + *шеңбер дәйекшемен* (қосақталып) беріледі, яғни қосақталған сызықша және шеңбер дәйекше жіңішке еріндік әуезді көрсетеді.

Дәйекші белгілер

-[ ] - жуан езулік әуез нөлдік белгі (белгіленбейді);

-['] - жіңішке езулік әуез;

-[°] - жуан еріндік әуез;
-['°] - жіңішке еріндік әуез.

6.2.1 Үндесім дауыстылар

Қазақ тіліндегі үндесім құбылысы төрт әуезден құралады, олар: жуан әуез, жіңішке әуез, езулік әуез және еріндік әуез.

Жуан әуезді дауыстылар: **А, Ы, Ұ, О**

Жіңішке әуезді дауыстылар: **Ә, І, Ү, Ө, Е**

Езулік әуезді дауыстылар: **А, Ә, Ы, І, Е**


Еріндік әуезді дауыстылар: **Ұ, Ү, О, Ө**

Алайда қазақ сөзінің құрамында үндесім әуездер таза күйінде кездеспейді. Тілдің ілгерінді/кейінді көлденең қалпы мен еріннің езулік/еріндік қалпы өзара арласып келіп, күрделі әуез түрінде кездеседі: жуан езулік әуез, жіңішке езулік әуез, жуан еріндік әуез, жіңішке еріндік әуез. Соның нәтижесінде дауыстылар әрі қарай іштей тағы жіктеледі.

Үндесімге байланысты тілдің жоғары/төмен (ашық/қысаң) қалпы ескірілмейді.

6.2.1.1 А, Ы – жуан, езулік үндесім дауыстылар (6.1-сурет).


Тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады, ерін бейтарап қалады, яғни дөңгеленбейді.



6.1-сурет. А және Ы дауысты дыбыстарының жуан, езулік үндесім моделі

6.2.1.2 Ә, І, Е – жіңішке, езулік үндесім дауыстылар (6.2-сурет)


Тіл ауыз қуысында ілгері жылжып жатады, ерін бейтарап қалады, яғни дөңгеленбейді.



6.2-сурет. Ә және І дауысты дыбыстарының жіңішке, езулік үндесім моделі

6.2.1.3 Ұ, О – жуан, еріндік үндесім дауыстылар (6.3-сурет)


Тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады, ерін дөңгеленіп тұрады.



6.3-сурет. Ұ және О дауысты дыбыстарының жуан, еріндік үндесім моделі

6.2.1.4 Ү, Ө – жіңішке, еріндік үндесім дауыстылар (6.4-сурет)

Тіл ауыз қуысында ілгері жылжып жатады, ерін дөңгеленіп тұрады.



6.4-сурет. Ү және І дауысты дыбыстарының жіңішке, еріндік үндесім моделі

6.1- кесте. Дауысты дыбыстардың үндесім белгілерінің жүйесі.

ДАУЫСТЫЛАР	тіл әуез		ерін әуез	
	жуан	жіңішке	езулік	еріндік
А	+	-	+	-
Ә	-	+	+	-
Ы	+	-	+	-
І	-	+	+	-
Ұ	+	-	-	+
Ү	-	+	-	+
О	+	-	-	+
Ө	-	+	-	+
Е	-	+	+	-

6.2.2 Үндесім дауыссыздар

Жуан езулік дауыссыздар – тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады, тілдің ауыз қуысындағы көлденең қалпына қарай *кейінді*, ерін жазылып (езу тартып) барып жасалады, ерін қатысына қарай *езулік* болып табылады.

Үндесім жасалым белгілері: *кейінді, езулік.*

Жіңішке езулік дауыссыздар – тіл ауыз қуысында ілгері жылжып жатады, тілдің ауыз қуысындағы көлденең қалпына қарай *ілгерінді*, ерін жазылып (езу тартып) барып жасалады, ерін қатысына қарай *езулік* болып табылады.

Үндесім жасалым белгілері: *ілгерінді, езулік.*

Жуан еріндік дауыссыздар – тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады, тілдің ауыз қуысындағы көлденең қалпына қарай *кейін-*

ді, ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып жасалады, ерін қатысына қарай *еріндік* болып табылады.

Үндесім жасалым белгілері: *кейінді, еріндік*.

Жіңішке еріндік дауыссыздар – тіл ауыз қуысында ілгері жылжып жатады, тілдің ауыз қуысындағы көлденең қалпына қарай *ілгерінді,* ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып жасалады, ерін қатысына қарай *еріндік* болып табылады.

Үндесім жасалым белгілері: *ілгерінді, еріндік*.

6.2.2.1 Ерін дауыссыздар

П, Б, М – тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді*, ерін жазылып (езу тартып) барып жасалады, ерін қалпына қарай *езулік* дыбыс болып табылады (6.5-сурет).



6.5-сурет. П^{ы}, Б^{ы} және М^{ы} дауыссыз дыбыстарының кейінді, езулік үндесім моделі

П`, Б`, М` – тіл ауыз қуысында ілгері жылжып жатады, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді*, ерін жазылып (езу тартып) барып жасалады, ерін қалпына қарай *езулік* дыбыс болып табылады (6.6-сурет).



6.6-сурет. П^{і}, Б^{і} және М^{і} дауыссыз дыбыстарының ілгерінді, езулік үндесім моделі

П˚,Б˚,М˚,У – тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді*, ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) ба-

рып жасалады, ерін қалпына қарай *еріндік* дыбыс болып табылады (6.7-сурет).



6.7-сурет. П^{у}, Б^{у} және М^{у} дауыссыз дыбыстарының кейінді, еріндік үндесім моделі


П`°,Б`°,М`°,У` – тіл ауыз қуысында ілгері жылжып жатады, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді*, ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып жасалады, ерін қалпына қарай *еріндік* дыбыс болып табылады (6.8-сурет).



6.8-сурет. П^{у}, Б^{у} және М^{у} дауыссыз дыбыстарының ілгерінді, еріндік үндесім моделі


3.2.2.2 Тіл ұшы дауыссыздар

Т, Д, Н – тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді*, ерін жазылып (езу тартып) барып жасалады, ерін қалпына қарай *езулік* дыбыс болып табылады (6.9-сурет).



6.9-сурет. Т^{ы}, Д^{ы} және Н^{ы} дауыссыз дыбыстарының кейінді, езулік үндесім моделі

Т`, Д`, Н` – тіл ауыз қуысында ілгері жылжып жатады, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді*, ерін жазылып (езу тартып) барып жасалады, ерін қалпына қарай *езулік* дыбыс болып табылады (6.10-сурет).



6.10-сурет. Т^{і}, Д^{і} және Н^{і} дауыссыз дыбыстарының ілгерінді, езулік үндесім моделі

Т°, Д°, Н° – тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді*, ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып жасалады, ерін қалпына қарай *еріндік* дыбыс болып табылады (6.11-сурет).



6.11-сурет. Пᵘ, Бᵘ және Мᵘ дауыссыз дыбыстарының кейінді, еріндік үндесім моделі

Т`°, Д`°, Н`° – тіл ауыз қуысында ілгері жылжып жатады, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді*, ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып жасалады, ерін қалпына қарай *еріндік* дыбыс болып табылады (6.12-сурет).



6.12-сурет. Пᵛ, Бᵛ және Мᵛ дауыссыз дыбыстарының ілгерінді, еріндік үндесім моделі

6.2.2.3 Тілшік (тіл ортасы) дауыссыздар

Қ, Ғ, Ң, Й – тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді*, ерін жазылып (езу тартып) барып жасалады, ерін қалпына қарай *езулік* дыбыс болып табылады (6.13-сурет).




6.13-сурет. Кʸ, Ғʸ және ʸҢ дауыссыз дыбыстарының кейінді, езулік үндесім моделі

К`, Г`, Ң`, Й` – тіл ауыз қуысында ілгері жылжып жатады, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді*, ерін жазылып (езу тартып) барып жасалады, ерін қалпына қарай *езулік* дыбыс болып табылады (6.14-сурет).




6.14-сурет. К[1], Г[1] және [1]Ң дауыссыз дыбыстарының ілгерінді, езулік үндесім моделі

Қ°, Ғ°, Ң°, Й° – тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді*, ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып жасалады, ерін қалпына қарай *еріндік* дыбыс болып табылады (6.15-сурет).



6.15-сурет. К[1], Ғ[1] және [1]Ң дауыссыз дыбыстарының кейінді, еріндік үндесім моделі


К`°, Г`°, Ң`°, Й`° – тіл ауыз қуысында ілгері жылжып жатады, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді*, ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып жасалады, ерін қалпына қарай *еріндік* дыбыс болып табылады (6.16-сурет).



6.16-сурет. К^{і}, Г^{і} және ^{і}Ң дауыссыз дыбыстарының ілгерінді, еріндік үндесім моделі


6.2.2.4 Тіл ұшы жинақы және діріл жуысыңқы дауыссыздар

С, З, Р – тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді*, ерін жазылып (езу тартып) барып жасалады, ерін қалпына қарай *езулік* дыбыс болып табылады (6.17-сурет).




6.17-сурет. С^{ы}, З^{ы} және ^{ы}Р дауыссыз дыбыстарының кейінді, езулік үндесім моделі

С`, З`, Р` – тіл ауыз қуысында ілгері жылжып жатады, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді*, ерін жазылып (езу тартып) барып жасалады, ерін қалпына қарай *езулік* дыбыс болып табылады (6.18-сурет).



6.18-сурет. С^{і}, З^{і} және ^{і}Р дауыссыз дыбыстарының ілгерінді, езулік үндесім моделі

С˚, З˚, Р˚ – тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді*, ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып жасалады, ерін қалпына қарай *еріндік* дыбыс болып табылады (6.19-сурет).



6.19-сурет. С˩, З˩ және ˩Р дауыссыз дыбыстарының кейінді, еріндік үндесім моделі


С`˚, З`˚, Р`˚ – тіл ауыз қуысында ілгері жылжып жатады, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгеріндi*, ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып жасалады, ерін қалпына қарай *еріндік* дыбыс болып табылады (6.20-сурет).



6.20-сурет. С˩, З˩ және ˩Р дауыссыз дыбыстарының ілгерінді, еріндік үндесім моделі

6.2.2.5 Тіл ұшы жайылыңқы және жанама жуысыңқы дауыссыздар

Ш, Ж, Л – тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді*, ерін жазылып (езу тартып) барып жасалады, ерін қалпына қарай *езулік* дыбыс болып табылады (6.21-сурет).



6.21-сурет. Ш^{ы}, Ж^{ы} және ^{ы}Л дауыссыз дыбыстарының кейінді, езулік үндесім моделі

Ш`, Ж`, Л` – тіл ауыз қуысында ілгері жылжып жатады, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді*, ерін жазылып (езу тартып) барып жасалады, ерін қалпына қарай *езулік* дыбыс болып табылады (6.22-сурет).



6.22-сурет. Ш^{і} Ж^{і} және ^{і}Л дауыссыз дыбыстарының кейінді, езулік үндесім моделі

Ш°, Ж°, Л° – тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді*, ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып жасалады, ерін қалпына қарай *еріндік* дыбыс болып табылады (6.23-сурет).



6.23-сурет. Ш^{ұ}, Ж^{ұ} және ^{ұ}Л дауыссыз дыбыстарының кейінді, еріндік үндесім моделі

Ш`°, Ж`°, Л`° – тіл ауыз қуысында ілгері жылжып жатады, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді*, ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) ба-

рып жасалады, ерін калпына қарай *еріндік* дыбыс болып табылады (6.24-сурет).



6.24-сурет. Ш\, Ж\ және \Л дауыссыз дыбыстарының ілгерінді, еріндік үндесім моделі

Үндесім дауыссыз дыбыстардың айырым белгілері төрт әуезден құралады (6.2-кесте). Кесте бір сөздің құрамында кездесе беретін және кездесе бермейтін үндесім дыбыстарды көрсетеді.

6.2-кесте. Дауыссыз дыбыстардың үндесім белгілерінің жүйесі

ҮНДЕСІМ ДЫБЫСТАР	ҮНДЕСІМ БЕЛГІЛЕР			
	ілгерінді	кейінді	езулік	еріндік
П Б М	-	+	+	-
П` Б` М`	+	-	+	-
П° Б° М° У	-	+	-	+
П`° Б`° М`° У`	+	-	-	+
Т Д Н	-	+	+	-
Т` Д` Н`	+	-	+	-
Т° Д° Н°	-	+	-	+
Т`° Д`° Н`°	+	-	-	+
Қ Ғ Ң Й	-	+	+	-
К` Г` Ң` Й`	+	-	+	-
Қ° Ғ° Ң° Й°	-	+	-	+
К`° Г`° Ң`° `°	+	-	-	+
С З Р	-	+	+	-
С` З` Р`	+	-	+	-
С° З° Р°	-	+	-	+
С`° З`° Р`°	+	-	-	+
Ш Ж Л	-	+	+	-
Ш` Ж` Л`	+	-	+	-
Ш° Ж° Л°	-	+	-	+
Ш`° Ж`° Л`°	+	-	-	+

6.2.3 Қазақ тілі дыбыстарының естілімі

6.2.3.1 Дауысты дыбыстар

А дыбысы.

А дауысты дыбысы: жуан әуезбен айтылады, естілім дыбысталуына қарай *жуан әуезді* дауысты дыбыс болып табылады; езу әуезбен айтылады, естілім дыбысталуына қарай *езулік әуезді* дыбыс болып табылады.

Естілім белгілері: *жуан, езулік әуезді* дауысты дыбыс.

Ә дыбысы.

Ә дауысты дыбысы: жіңішке әуезбен айтылады, естілім дыбысталуына қарай *жіңішке әуезді* дауысты дыбыс болып табылады; езу әуезбен айтылады, естілім дыбысталуына қарай *езулік әуезді* дыбыс болып табылады.

Естілім белгілері: *жіңішке, езулік әуезді* дауысты дыбыс.

Е дыбысы.

Е дауысты дыбысы: жіңішке әуезбен айтылады, естілім дыбысталуына қарай *жіңішке әуезді* дауысты дыбыс болып табылады; езу әуезбен айтылады, естілім дыбысталуына қарай *езулік әуезді* дыбыс болып табылады.

Естілім белгілері: *жіңішке, езулік әуезді* дауысты дыбыс.

О дыбысы.

О дауысты дыбысы: жуан әуезбен айтылады, естілім дыбысталуына қарай *жуан әуезді* дауысты дыбыс болып табылады; еріндік әуезбен айтылады, естілім дыбысталуына қарай *еріндік әуезді* дыбыс болып табылады.

Естілім белгілері: *жуан, еріндік әуезді* дауысты дыбыс.

Ө дыбысы.

Ө дауысты дыбысы: жіңішке әуезбен айтылады, естілім дыбысталуына қарай *жіңішке әуезді* дауысты дыбыс болып табылады; еріндік әуезбен айтылады, естілім дыбысталуына қарай *еріндік әуезді* дыбыс болып табылады.

Естілім белгілері: *жіңішке, еріндік әуезді* дауысты дыбыс.

Ұ дыбысы.

Ұ дауысты дыбысы: жуан әуезбен айтылады, естілім дыбысталуына қарай *жуан әуезді* дауысты дыбыс болып табылады; еріндік әуезбен айтылады, естілім дыбысталуына қарай *еріндік әуезді* дыбыс болып табылады.

Естілім белгілері: *жуан, еріндік әуезді* дауысты дыбыс.

Ү дыбысы.

Ү дауысты дыбысы: жіңішке әуезбен айтылады, естілім дыбысталуына қарай *жіңішке әуезді* дауысты дыбыс болып табылады; еріндік әуезбен айтылады, естілім дыбысталуына қарай *еріндік әуезді* дыбыс болып табылады.

Естілім белгілері: *жіңішке, еріндік әуезді* дауысты дыбыс.

Ы дыбысы.

Ы дауысты дыбысы: жуан әуезбен айтылады, естілім дыбысталуына қарай *жуан әуезді* дауысты дыбыс болып табылады; езу әуезбен айтылады, естілім дыбысталуына қарай *езулік әуезді* дыбыс болып табылады.

Естілім белгілері: *жуан, езулік әуезді* дауысты дыбыс.

І дыбысы.

І дауысты дыбысы: жіңішке әуезбен айтылады, естілім дыбысталуына қарай *жіңішке әуезді* дауысты дыбыс болып табылады; езу әуезбен айтылады, естілім дыбысталуына қарай *езулік әуезді* дыбыс болып табылады.

Естілім белгілері: *жіңішке, езулік әуезді* дауысты дыбыс.

6.2.3.2 Дауыссыз дыбыстар.

П, Б, М дыбыстары.

П, Б, М дауыссыз дыбыстары: жуан әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *жуан әуезді* дауыссыздар болып табылады; езулік әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *езулік әуезді* дауыссыздар болып табылады.

Естілім белгілері: *жуан, езулік әуезді* дауыссыз дыбыстар.

П`, Б`, М` дыбыстары.

П`, Б`, М` дауыссыз дыбыстары: жіңішке әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *жіңішке әуезді* дауыссыздар болып табылады; езулік әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *езулік әуезді* дауыссыздар болып табылады.

Естілім белгілері: *жіңішке, езулік әуезді* дауыссыз дыбыстар.

П°, Б°, М° У дыбыстары.

П°, Б°, М° У дауыссыз дыбыстары: жуан әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *жуан әуезді* дауыссыздар болып табылады; еріндік әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *еріндік әуезді* дауыссыздар болып табылады.

Естілім белгілері: *жуан, еріндік әуезді* дауыссыз дыбыстар.

П`°, Б`°, М`° У` дыбыстары.

П`°, Б`°, М`° У` дауыссыз дыбыстары: жіңішке әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *жіңішке әуезді* дауыссыздар болып табылады; еріндік әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *еріндік әуезді* дауыссыздар болып табылады.

Естілім белгілері: *жіңішке, еріндік әуезді* дауыссыз дыбыстар.

Т, Д, Н дыбыстары.

Т, Д, Н дауыссыз дыбыстары: жуан әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *жуан әуезді* дауыссыздар болып табылады; езулік әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *езулік әуезді* дауыссыздар болып табылады.

Естілім белгілері: *жуан, езулік әуезді* дауыссыз дыбыстар.

Т`, Д`, Н` дыбыстары.

Т`, Д`, Н` дауыссыз дыбыстары: жіңішке әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *жіңішке әуезді* дауыссыздар болып табылады; езулік әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *езулік әуезді* дауыссыздар болып табылады.

Естілім белгілері: *жіңішке, езулік әуезді* дауыссыз дыбыстар.

Т°, Д°, Н° дыбыстары.

Т°, Д°, Н° дауыссыз дыбыстары: жуан әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *жуан әуезді* дауыссыздар болып табылады; еріндік әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *еріндік әуезді* дауыссыздар болып табылады.

Естілім белгілері: *жуан, еріндік әуезді* дауыссыз дыбыстар.

Т`°, Д`°, Н`° дыбыстары.

Т`°, Д`°, Н`°, дауыссыз дыбыстары: жіңішке әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *жіңішке әуезді* дауыссыздар болып табылады; еріндік әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *еріндік әуезді* дауыссыздар болып табылады.

Естілім белгілері: *жіңішке, еріндік әуезді* дауыссыз дыбыстар.

Қ, Ғ, Ң, Й дыбыстары.

Қ, Ғ, Ң, Й дауыссыз дыбыстары: жуан әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *жуан әуезді* дауыссыздар болып табылады; езулік әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *езулік әуезді* дауыссыздар болып табылады.

Естілім белгілері: *жуан, езулік әуезді* дауыссыз дыбыстар.

К, Г, Ң, `Й`дыбыстары.

К, Г, Ң`, Й` дауыссыз дыбыстары: жіңішке әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *жіңішке әуезді* дауыссыздар болып табылады; езулік әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *езулік әуезді* дауыссыздар болып табылады.

Естілім белгілері: *жіңішке, езулік әуезді* дауыссыз дыбыстар.

Қ°, Ғ°, Ң°, Й° дыбыстары.

Қ°, Ғ°, Ң°, Й° дауыссыз дыбыстары: жуан әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *жуан әуезді* дауыссыздар болып табылады; еріндік әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *еріндік әуезді* дауыссыздар болып табылады.

Естілім белгілері: *жуан, еріндік әуезді* дауыссыз дыбыстар.

К°, Г°, Ң`°, Й`° дыбыстары.

К°, Г°, Ң`°, Й`° дауыссыз дыбыстары: жіңішке әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *жіңішке әуезді* дауыссыздар болып табылады; еріндік әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *еріндік әуезді* дауыссыздар болып табылады.

Естілім белгілері: *жіңішке, еріндік әуезді* дауыссыз дыбыстар.

С, З, Р дыбыстары.

С, З, Р дауыссыз дыбыстары: жуан әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *жуан әуезді* дауыссыздар болып табылады; езулік әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *езулік әуезді* дауыссыздар болып табылады.

Естілім белгілері: *жуан, езулік әуезді* дауыссыз дыбыстар.

С`, З`, Р` дыбыстары.

С`, З`, Р` дауыссыз дыбыстары: жіңішке әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *жіңішке әуезді* дауыссыздар болып табылады; езулік әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *езулік әуезді* дауыссыздар болып табылады.

Естілім белгілері: *жіңішке, езулік әуезді* дауыссыз дыбыстар.

С°, З°, Р° дыбыстары.

С°, З°, Р° дауыссыз дыбыстары: жуан әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *жуан әуезді* дауыссыздар болып табылады; еріндік әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *еріндік әуезді* дауыссыздар болып табылады.

Естілім белгілері: *жуан, еріндік әуезді* дауыссыз дыбыстар.

С`°, З`°, Р`° дыбыстары.

С`°, З`°, Р`° дауыссыз дыбыстары: жіңішке әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *жіңішке әуезді* дауыссыздар болып табы-

лады; еріндік әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *еріндік әуезді* дауыссыздар болып табылады.

Естілім белгілері: *жіңішке, еріндік әуезді* дауыссыз дыбыстар.

Ш, Ж, Л дыбыстары.

Ш, Ж, Л дауыссыз дыбыстары: жуан әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *жуан әуезді* дауыссыздар болып табылады; езулік әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *езулік әуезді* дауыссыздар болып табылады.

Естілім белгілері: *жуан, езулік әуезді* дауыссыз дыбыстар.

Ш`, Ж`, Л` дыбыстары.

Ш`, Ж`, Л` дауыссыз дыбыстары: жіңішке әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *жіңішке әуезді* дауыссыздар болып табылады; езулік әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *езулік әуезді* дауыссыздар болып табылады.

Естілім белгілері: *жіңішке, езулік әуезді* дауыссыз дыбыстар.

Ш°, Ж°, Л° дыбыстары.

Ш°, Ж°, Л° дауыссыз дыбыстары: жуан әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *жуан әуезді* дауыссыздар болып табылады; еріндік әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *еріндік әуезді* дауыссыздар болып табылады.


Естілім белгілері: *жуан, еріндік әуезді* дауыссыз дыбыстар.

Ш`°, Ж`°, Л`° дыбыстары.

Ш`°, Ж`°, Л`° дауыссыз дыбыстары: жіңішке әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *жіңішке әуезді* дауыссыздар болып табылады; еріндік әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *еріндік әуезді* дауыссыздар болып табылады.

Естілім белгілері: *жіңішке, еріндік әуезді* дауыссыз дыбыстар.

Қазақ тілі дыбыстарының үндесім жіктелім тізбегі (6.3-сызба)



6.3-сызба. Қазақ тілі дыбыстарының үндесім жіктелімі

7 ҚАЗАҚ ТІЛІ ДЫБЫСТАРЫНЫҢ ҮЙЛЕСІМ ТҮРЛЕНІМІ

Қазақ тілі дыбыстарының үйлесім түрленімі (комбинаторная модификация) күрделі фонетикалық құбылыс болып табылады. Өйткені дыбыстардың үйлесім түрленімі әрбір дауыстының әрбір дауыссызбен жеке-жеке тіркесімінен пайда болады.

7.1 Дауысты дыбыстар

Дауысты дыбыстар өздігінен буын құрай алатын болғандықтан, олардың үйлесім белгілерін өз алдына сипаттап шығуға болады. Дауыстылардың үйлесім сипаттамасына тән ұғымдар мен атаулар құрамы бар. Олар дауыстылардың негізгі және үндесім жасалымына қатысты белгілерден басқаша.


7.1.1 Жалаң дауысты дыбыстар

7.1.1.1 А дыбысы (7.1-сурет)

А – тіл ауыз қуысында төмен жатады, тілдің тік қалпына қарай **төменді** дыбыс болып табылады, ерін тігінен жазылып барып жасалады, ерін қалпына қарай **ашық езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының кейінгі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауыссыз дыбыс болып табылады.

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *төменді*, ерін қалпына қарай *ашық езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, кейінді* дауыссыз дыбыс.



7.1-сурет. А және Ә дауысты дыбыстарының үйлесім моделі

7.1.1.2 Ә дыбысы


Ә дыбысы жақтың кең ашылып, тілдің төмен түсуі арқылы жасалады. Тілдің тік қалпына қарай **төменді** дауысты дыбыс болып табылады. **Ә** дыбысын айтқанда ерін тігінен ашылады. Еріннің қатысына қарай **ашық езулік** дауысты болып табылады. **Ә** дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысының ілгергі жартысына орналасады. Тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауысты дыбыс болып табылады.

Дауысты тілдің тік қалпына қарай – *төменді*, ерін қатысына қарай – *ашық езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, ілгерінді* дауысты дыбыс.

7.1.1.3 Ы дыбысы (7.2-сурет)

Ы дыбысы жақтың қысаң ашылып, тілдің жоғары көтерілуі арқылы жасалады. Тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дауысты дыбыс болып табылады. **Ы** дыбысын айтқанда ерін көлденеңінен ашылады. Еріннің қатысына қарай **қысаң езулік** дауысты дыбыс болып табылады. **Ы** дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысының кейінгі жартысына орналасады. Тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауысты дыбыс болып табылады.



7.2-сурет. Ы және І дауысты дыбыстарының үйлесім моделі

Дауысты жақ қатысына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, қысаң езулік, кейінді* дауысты дыбыс.

7.1.1.4 І дыбысы

І дыбысы жақтың қысаң ашылып, тілдің жоғары көтерілуі арқылы жасалады. Тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дауысты дыбыс болып табылады. **І** дыбысын айтқанда ерін көлденеңінен ашылады. Еріннің қатысына қарай **қысаң езулік** дауысты дыбыс болып табылады. **І** дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысының ілгергі жартысына орналасады. Тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауысты дыбыс болып табылады.

Дауысты тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, қысаң езулік, ілгерінді* дауысты дыбыс.

7.1.1.5 Ұ дыбысы (7.3-сурет)

Ұ дыбысы жақтың қысаң ашылып, тілдің жоғары көтерілуі арқылы жасалады. Тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дауысты дыбыс болып табылады. **Ұ** дыбысын айтқанда ерін дөңгелене доғалданып тұрады. Еріннің қатысына қарай **доғал еріндік** дауысты дыбыс болып табылады. **Ұ** дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысының кейінгі жартысына орналасады. Тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауысты дыбыс болып табылады.

Дауысты тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дыбыс.


Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, кейінді* дауысты дыбыс.

7.1.1.6 Ү дыбысы

Ү дыбысы жақтың қысаң ашылып, тілдің жоғары көтерілуі арқылы жасалады. Тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дауысты дыбыс болып табылады. **Ү** дыбысын айтқанда ерін дөңгелене доғалданып тұрады. Еріннің қатысына қарай **доғал еріндік** дауысты дыбыс болып табылады. **Ү** дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысының ілгері жартысына орналасады. Тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауысты дыбыс болып табылады.

Дауысты тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, ілгерінді* дауысты дыбыс.



7.3-сурет. Ұ және Ү дауысты дыбыстарының үйлесім моделі

7.1.2 Құранды (дифтонг) дауысты дыбыстар

7.1.2.1 О дыбысы (7.4-сурет)

О дауысты дыбысы (екінші сыңары) жақтың қысаң ашылып, тілдің жоғары көтерілуі арқылы жасалады. Тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дауысты дыбыс болып табылады. **О** дыбысын айтқанда ерін сүйірленіп басталып, дөңгеленіп аяқталады. Еріннің қатысына қарай **сүйір ерін** дауысты дыбыс болып табылады. **О** дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысының кейінгі жартысына орналасады. Тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауысты дыбыс болып табылады.

Дауысты тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *сүйір еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, сүйір еріндік, кейінді* дауысты дыбыс.


7.1.2.2 Ө дыбысы

Ө дауысты дыбысы (екінші сыңары) жақтың қысаң ашылып, тілдің жоғары көтерілуі арқылы жасалады. Тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дауысты дыбыс болып табылады. **Ө** дыбысын

айтқанда ерін сүйірленіп басталып, дөңгеленіп аяқталады. Еріннің қатысына қарай **сүйір еріндік** дауысты дыбыс болып табылады. **Ө** дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысының ілгері жартысына орналасады. Тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауысты дыбыс болып табылады.

Дауысты тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *сүйір еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, сүйір еріндік, ілгерінді* дауысты дыбыс.




7.4-сурет. О және Ө дауысты дыбыстарының үйлесім моделі

7.1.2.3 Е дыбысы (7.5-сурет)

Е дауысты дыбысы (екінші сыңары) жақтың қысаң ашылып, тілдің жоғары көтерілуі арқылы жасалады. Тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дауысты дыбыс болып табылады. **Е** дыбысын айтқанда ерін емеурін тартып тұрады. Еріннің қатысына қарай **емеурін езулік** дауысты дыбыс болып табылады. **Е** дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысының ілгергі жағына орналасады. Тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауысты дыбыс болып табылады. Дауысты тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *емеурін езулік*, тілдің көлденең қадпына қарай – *ілгерінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, емеурін езулік, ілгерінді* дауысты дыбыс.



7.5-сурет. Е дауысты дыбысының үйлесім моделі

7.2 Дауыссыз дыбыстар

Сөз буыннан (егер сөз бір буынды болса) немесе буындардан (егер сөз екі не көп буынды болса) құралады.

Дауыссыз дыбыстар өздігінен буын құрай алмайтын болғандықтан, тікелей сөз құрауға қатыса алмайды. Олар тек дауыстылармен бірігіп барып қана буын деңгейінде сөз құрауға қатысады. Қазақ тілінің дауыссыз дыбыстары 9 дауыстымен тіркесіп барып буын құрамына енеді. Сондықтан дауыссыз дыбыстардың жасалымы (артикуляциясы) әрбір дауыстының жасалымымен үйлесіп барып буынға бірігеді. Бір буын құрамындағы дауыссыз дыбыс жасалымының дауысты дыбыс жасалымымен кірігіп, өзара икемделуін дауыссыздардың *үйлесім түрленімі* дейміз.

Қазақ тіліндегі 9 дауысты дыбыстың әрқайсысының өзіне тән үйлесім белгілері бар. Ендеше әрбір дауыссыз дыбыстың үйлесім түрленімі сол дауыстылардың үйлесім белгілеріне тікелей байланысты болады.


Сөйлеу үстінде дауыссыз дыбыстар өздерінің негізгі жасалым белгілерін тұрақты сақтап отырады. Дауыссыздың негізгі жасалым белгілері қандай дауыстымен тіркессе де өзгермейді. Бірақ буын құрап тұрған дауыстының ықпалымен дауыссыздың негізгі жасалымының үстіне үйлесім белгілер қосылады. Соның нәтижесінде дауыссыздардың үйлесім аллосингемилары (варианттары) пайда болады.

7.2.1 Ерін дауыссыздар

7.2.1.1 П[а], Б[а], М[а] – тіл ауыз қуысында төмен жатады, тілдің тік қалпына қарай **төменді** дыбыс болып табылады, ерін тігінен жазылып барып жасалады, ерін қалпына қарай **ашық езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының кейінгі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.6-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *төменді*, ерін қалпына қарай *ашық езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, кейінді* дауыссыз дыбыс.




7.6-сурет. П[а], Б[а], М[а], У[а] дауыссыздарының үйлесім моделі

7.2.1.2 П[э], Б[э], М[э], У[э] – тіл ауыз қуысында төмен жатады, тілдің тік қалпына қарай **төменді** дыбыс болып табылады, ерін тігінен жазылып барып жасалады, ерін қалпына қарай **ашық езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгергі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.7-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *төменді*, ерін қалпына қарай *ашық езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.



7.7-сурет. П°, Б°, М°, У° дауыссыздарының үйлесім моделі

7.2.1.3 Пы, Бы, Мы – тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін көлденең жазылып барып жасалады, ерін қалпына қарай **қысаң езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының кейінгі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.8-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы,* ерін қалпына қарай *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, қысаң езулік, кейінді* дауыссыз дыбыс.



7.8-сурет. Пы, Бы, Мы дауыссыздарының үйлесім моделі

Қазақ тілінде **Ы** дауысты дыбысы мен **У(w)** дауыссыз дыбысы өзара тіркеспейді.

7.2.1.4 Пі, Бі, Мі – тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін көлденең жазылып барып жасалады, ерін қалпына қарай **қысаң езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгері жар-

тысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.9-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, қысаң езулік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.




7.9-сурет. П^{і}, Б^{і}, М^{і} дауыссыздарының үйлесім моделі

Қазақ тілінде **І** дауысты дыбысы мен **У(w)** дауыссыз дыбысы өзара тіркеспейді.

7.2.1.5 П^{ұ}, Б^{ұ}, М^{ұ}, У^{ұ} – тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс баолып табылады, ерін дөңгеленіп барып жасалады, ерін қалпына қарай **доғал еріндік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының кейінгі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.10-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, кейінді* дауыссыз дыбыс.




7.10-сурет. П^{ұ}, Б^{ұ}, М^{ұ}, У^{ұ} дауыссыздарының үйлесім моделі

7.2.1.6 П^{у}, Б^{у}, М^{у}, У^{у} – тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін дөңгеленіп барып жасалады, ерін қалпына қарай **доғал еріндік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгергі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.11-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы,* ерін қалпына қарай *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.



7.11-сурет. П^{у}, Б^{у}, М^{у}, У^{у} дауыссыздарының үйлесім моделі

7.2.1.7 П^{е}, Б^{е}, М^{е} – тіл ауыз (екіші сыңары) қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін емеурін тартып барып жасалады, ерін қалпына қарай **емеурін езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгері жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.12-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы,* ерін қалпына қарай *емеурін езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, емеурін езулік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.




7.12-сурет. П^{е}, Б^{е} М^{е} дауыссыздарының үйлесім моделі

Қазақ тілінде **Е** дауысты дыбысы мен **У(w)** дауыссыз дыбысы өзара тіркеспейді.

7.2.1.8 П^{о}, Б^{о}, М^{о} – тіл (екінші сыңары) ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін сүйірленіп барып жасалады, ерін қалпына қарай **сүйір еріндік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының кейінгі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.13-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *сүйір еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, сүйір еріндік, кейінді* дауыссыз дыбыс.



7.13-сурет. П^{о}, Б^{о}, М^{о} дауыссыздарының үйлесім моделі


Қазақ тілінде **О** дауысты дыбысы мен **У(w)** дауыссыз дыбысы одағай сөздердің құрамында ғана (**ОУ!** т.б.) өзара тіркеседі.

7.2.1.9 П^{о},Б^{о},М^{о},У^{о} – тіл (екінші сыңары) ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып

табылады, ерін сүйірленіп барып жасалады, ерін қалпына қарай **сүйір еріндік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгергі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.14-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *сүйір еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, сүйір еріндік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.



7.14-сурет. П^{е}, Б^{е}, М^{е}, У^{е} дауыссыздарының үйлесім моделі

7.2.2 Тіл ұшы дауыссыздар

7.2.2.1 Т^{а}, Д^{а}, Н^{а} – тіл ауыз қуысында төмен жатады, тілдің тік қалпына қарай **төменді** дыбыс болып табылады, ерін тігінен жазылып барып жасалады, ерін қалпына қарай **ашық езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының кейінгі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.15-сурет).


Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *төменді*, ерін қалпына қарай *ашық езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, кейінді* дауыссыз дыбыс.


7.2.2.2 Т^{э}, Д^{э}, Н^{э} – тіл ауыз қуысында төмен жатады, тілдің тік қалпына қарай **төменді** дыбыс болып табылады, ерін тігінен жазылып барып жасалады, ерін қалпына қарай ***ашық езулік*** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгергі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.16-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *төменді*, ерін қалпына қарай *ашық езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.



7.15-сурет. Т[а], Д[а], Н[а] дауыссыздарының үйлесім моделі



7.16-сурет. Т[э], Д[э], Н[э], дауыссыздарының үйлесім моделі

7.2.2.3 Т[ы], Д[ы],.Н[ы] – тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін көлденең жазылып барып жасалады, ерін қалпына қарай **қысаң езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының кейінгі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.17-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.


Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, қысаң езулік, кейінді* дауыссыз дыбыс.

7.2.2.4 Т[і], Д[і], Н[і] – тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін көлденең


жазылып барып жасалады, ерін қалпына қарай **қысаң езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгері жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.18-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, қысаң езулік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.



7.17-сурет. Ты, Ды, Ны, дауыссыздарының үйлесім моделі



7.18-сурет. Ті, Ді, Ні, дауыссыздарының үйлесім моделі

7.2.2.5 Т^{ұ},Д^{ұ},Н^{ұ} – тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс баолып табылады, ерін дөңгеленіп барып жасалады, ерін қалпына қарай **доғал еріндік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының кейінгі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.19-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, кейінді* дауыссыз дыбыс.

7.2.2.6 Т^{ы},Д^{ы},Н^{ы} – тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін дөңгеленіп барып жасалады, ерін қалпына қарай **доғал еріндік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгергі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.20-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.



7.19-сурет. Т^{ы}, Д^{ы}, Н^{ы}, дауыссыздарының үйлесім моделі




7.20-сурет. Т^{ы}, Д^{ы}, Н^{ы}, дауыссыздарының үйлесім моделі

7.2.2.7 Т^{е}, Д^{е}, Н^{е} – тіл ауыз (екіші сыңары) қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін емеурін тартып барып жасалады, ерін қалпына қарай **емеурін езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз

қуысының ілгері жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.21-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы,* ерін қалпына қарай *емеурін езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, емеурін езулік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.




7.21-сурет. Т^{е}, Д^{е}, Н^{е}, дауыссыздарының үйлесім моделі

7.2.2.8 Т^{о}, Д^{о}, Н^{о} – тіл (екінші сыңары) ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін сүйірленіп барып жасалады, ерін қалпына қарай **сүйір еріндік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының кейінгі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.22-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы,* ерін қалпына қарай *сүйір еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, сүйір еріндік, кейінді* дауыссыз дыбыс.




7.22-сурет. Т^{о}, Д^{о}, Н^{о}, дауыссыздарының үйлесім моделі

7.2.2.9 Т^{е}, Д^{е}, Н^{е} – тіл (екінші сыңары) ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін сүйірленіп барып жасалады, ерін қалпына қарай **сүйір еріндік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгергі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.23-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы,* ерін қалпына қарай *сүйір еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, сүйір еріндік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.



7.23-сурет. Т^{е}, Д^{е}, Н^{е}, дауыссыздарының үйлесім моделі

7.2.3 Тілшік (тіл ортасы) дауыссыздар

7.2.3.1 Қ^{а}, Ғ^{а}, Ң^{а}, Й^{а} – тіл ауыз қуысында төмен жатады, тілдің тік қалпына қарай **төменді** дыбыс болып табылады, ерін тігінен жазылып барып жасалады, ерін қалпына қарай **ашық езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының кейінгі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.24-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *төменді,* ерін қалпына қарай *ашық езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, кейінді* дауыссыз дыбыс.




7.24-сурет. Қ^{а}, Ғ^{а}, Ң^{а}, Й^{а}, дауыссыздарының үйлесім моделі

7.2.3.2 Қ^{э}, Г^{э}, Ң^{э}, Й^{э} – тіл ауыз қуысында төмен жатады, тілдің тік қалпына қарай **төменді** дыбыс болып табылады, ерін тігінен жазылып барып жасалады, ерін қалпына қарай **ашық езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгергі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.25-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *төменді,* ерін қалпына қарай *ашық езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.




7.25-сурет. Қ^{э}, Г^{э}, Ң^{э}, Й^{э}, дауыссыздарының үйлесім моделі

7.2.3.3 Қ^{ы}, Ғ^{ы}, Ң^{ы},Й^{ы} – тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін көлденең жазылып барып жасалады, ерін қалпына қарай **қысаң езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының кейінгі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.26-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, қысаң езулік, кейінді* дауыссыз дыбыс.



7.26-сурет. Қ^{ы}, Ғ^{ы}, Ң^{ы}, Й^{ы}, дауыссыздарының үйлесім моделі

7.2.3.4 К^{і}, Г^{і}, Ң^{і},Й^{і} – тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін көлденең жазылып барып жасалады, ерін қалпына қарай **қысаң езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгері жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.27-сурет).


Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, қысаң езулік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.


7.2.3.5 Қ^{ұ},Ғ^{ұ},Ң^{ұ},Й^{ұ} – тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс баолып табылады, ерін дөңгеленіп барып жасалады, ерін қалпына қарай **доғал еріндік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының кейінгі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.28-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, кейінді* дауыссыз дыбыс.



7.27-сурет. К[ұ] Г, Ң, Й, дауыссыздарының үйлесім моделі




7.28-сурет. Қ[ұ], Г[ұ], Ң, Й, дауыссыздарының үйлесім моделі

7.2.3.6 К[ұ],Г[ұ],Ң[ұ],Й[ұ] – тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін дөңгеленіп барып жасалады, ерін қалпына қарай **доғал еріндік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгергі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.29-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.




7.29-сурет. К[ұ] Г[ұ], Ң[ұ], Й[ұ], дауыссыздарының үйлесім моделі

7.2.3.7 К^{е}, Г^{е}, Ң^{е}, Й^{е} – тіл ауыз (екіші сыңары) қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін емеурін тартып барып жасалады, ерін қалпына қарай **емеурін езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгері жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.30-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы,* ерін қалпына қарай *емеурін езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, емеурін езулік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.




7.30-сурет. К^{е}, Г^{е}, Ң^{е}, Й^{е}, дауыссыздарының үйлесім моделі

7.2.3.8 Қ^{о}, Ғ^{о}, ^{о}Ң, ^{о}Й – тіл (екінші сыңары) ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін сүйірленіп барып жасалады, ерін қалпына қарай **сүйір еріндік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының кейінгі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.31-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы,* ерін қалпына қарай *сүйір еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, сүйір еріндік, кейінді* дауыссыз дыбыс.




7.31-сурет. Қ°, Ғ°,°Ң, °Й дауыссыздарының үйлесім моделі

Қазақ тілінде **О** дауыссызы мен **Ң, Й** дауыссыздары дауысты+дауыссыз болып қана тіркеседі.

7.2.3.9 К°, Г°, Ң°, Й° – тіл (екінші сыңары) ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін сүйірленіп барып жасалады, ерін қалпына қарай **сүйір еріндік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгергі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.32-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы,* ерін қалпына қарай *сүйір еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, сүйір еріндік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.



7.32-сурет. К°, Г°, Ң°, Й°, дауыссызоарының үйлесім моделі

7.2.4 Тіл ұшы жинақы жуысыңқы дауыссыздар

7.2.4.1 С^а^, З^а^, Р^а^ – тіл ауыз қуысында төмен жатады, тілдің тік қалпына қарай **төменді** дыбыс болып табылады, ерін тігінен жазылып барып жасалады, ерін қалпына қарай **ашық езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының кейінгі жартысында

жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.33 сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *төменді*, ерін қалпына қарай *ашық езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, кейінді* дауыссыз дыбыс.

7.2.4.2 С^{э}, З^{э}, Р^{э} – тіл ауыз қуысында төмен жатады, тілдің тік қалпына қарай **төменді** дыбыс болып табылады, ерін тігінен жазылып барып жасалады, ерін қалпына қарай **ашық езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгергі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.34-сурет).


Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *төменді*, ерін қалпына қарай *ашық езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

7.2.4.3 С^{ы}, З^{ы}, Р^{ы} – тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін көлденең жазылып барып жасалады, ерін қалпына қарай **қысаң езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының кейінгі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.35-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, қысаң езулік, кейінді* дауыссыз дыбыс.



7.33-сурет. С^{у}, З^{у}, Р^{у} дауыссыздарының үйлесім моделі



7.34-сурет. Сᵃ, Зᵃ, Рᵃ, дауыссыздарының үйлесім моделі




7.35-сурет. Сы, Зы, Ры, дауыссыздарының үйлесім моделі

7.2.4.4 Сⁱ, Зⁱ, Рⁱ – тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін көлденең жазылып барып жасалады, ерін қалпына қарай **қысаң езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгері жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.36-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы,* ерін қалпына қарай *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, қысаң езулік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.



7.36-сурет. Сⁱ, Зⁱ, Рⁱ, дауыссыздарының үйлесім моделі

7.2.4.5 Cʸ, Зʸ, Pʸ – тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін дөңгеленіп барып жасалады, ерін қалпына қарай **доғал еріндік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының кейінгі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.37-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы,* ерін қалпына қарай *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, кейінді* дауыссыз дыбыс.

7.2.4.6 Cʸ, Зʸ, Pʸ – тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін дөңгеленіп барып жасалады, ерін қалпына қарай **доғал еріндік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгергі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.38-сурет).


Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы,* ерін қалпына қарай *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

7.2.4.7 Cᵉ, Зᵉ, Pᵉ – тіл ауыз (екіші сыңары) қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін емеурін тартып барып жасалады, ерін қалпына қарай **емеурін езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгері жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.39-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы,* ерін қалпына қарай *емеурін езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, емеурін езулік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.



7.37-сурет. C^0, 3^0, P^1 дауыссыздарының үйлесім моделі



7.38-сурет. C^0, 3^0, P^1 дауыссыздарының үйлесім моделі




7.39-сурет. C^0, 3^0, P^2 дауыссыздарының үйлесім моделі

7.2.4.8 C^0, 3^0, ^0P – тіл (екінші сыңары) ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін сүйірленіп барып жасалады, ерін қалпына қарай **сүйір еріндік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының кейінгі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.40-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы,* ерін қалпына қарай *сүйір еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, сүйір еріндік, кейінді* дауыссыз дыбыс.




7.40-сурет. С°, З°, Р° дауыссыздарының үйлесім моделі

7.2.4.9 С°, З°, Р° – тіл (екінші сыңары) ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін сүйірленіп барып жасалады, ерін қалпына қарай **сүйір еріндік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгергі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.41-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *сүйір еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, сүйір еріндік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.




7.41-сурет. С°, З°, Р°, дауыссыздарының үйлесім моделі

7.2.5 Тіл ұшы жайылыңқы жуысыңқы дауыссыздар

7.2.5.1 Ш^{а}, Ж^{а}, Л^{а} – тіл ауыз қуысында төмен жатады, тілдің тік қалпына қарай **төменді** дыбыс болып табылады, ерін тігінен жазылып барып жасалады, ерін қалпына қарай **ашық езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының кейінгі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.42-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *төменді,* ерін қалпына қарай *ашық езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, кейінді* дауыссыз дыбыс.



7.42-сурет. Ш^{а}, Ж^{а}, Л^{а}, дауыссыздарының үйлесім моделі

7.2.5.2 Ш^{э}, Ж^{э}, Л^{э} – тіл ауыз қуысында төмен жатады, тілдің тік қалпына қарай **төменді** дыбыс болып табылады, ерін тігінен жазылып барып жасалады, ерін қалпына қарай **ашық езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгергі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.43-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *төменді,* ерін қалпына қарай *ашық езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.



7.43-сурет. Шᵃ, Жᵃ, Лᵃ, дауыссыздарының үйлесім моделі

7.2.5.3 Шы, Жы, Лы – тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін көлденең жазылып барып жасалады, ерін қалпына қарай **қысаң езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының кейінгі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.44-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, қысаң езулік, кейінді* дауыссыз дыбыс.




7.44-сурет. Шы, Жы, Лы дауыссыздарының үйлесім моделі

7.2.5.4 Ші, Жі, Лі – тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін көлденең жазылып барып жасалады, ерін қалпына қарай **қысаң езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгері жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.45-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, қысаң езулік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.




7.45-сурет. Ш¹, Ж¹, Л¹ дауыссыздарының үйлесім моделі

7.2.5.5 Ш², Ж², Л² – тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс баолып табылады, ерін дөңгеленіп барып жасалады, ерін қалпына қарай **доғал еріндік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының кейінгі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.46-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, кейінді* дауыссыз дыбыс.




7.46-сурет. Ш² Ж², Л² дауыссыздарының үйлесім моделі

7.2.5.6 Ш^{y}, Ж^{y}, Л^{y} – тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін дөңгеленіп барып жасалады, ерін қалпына қарай **доғал еріндік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгергі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.47-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.



7.47-сурет. Ш^{y}, Ж^{y}, Л^{y}, дауыссыздарының үйлесім моделі

7.2.5.7 Ш^{e}, Ж^{e}, Л^{e} – тіл ауыз (екіші сыңары) қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін емеурін тартып барып жасалады, ерін қалпына қарай **емеурін езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгері жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.48-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *емеурін езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, емеурін езулік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.



7.48-сурет. Ш^{e}, Ж^{e}, Л^{e}, дауыссыздарының үйлесім моделі

7.2.5.8 Ш°, Ж°, °Л – тіл (екінші сыңары) ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін сүйірленіп барып жасалады, ерін қалпына қарай **сүйір еріндік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының кейінгі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.49-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *сүйір еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, сүйір еріндік, кейінді* дауыссыз дыбыс.




7.49-сурет. Ш°, Ж°, °Л, дауыссыздарының үйлесім моделі

Қазақ тілінде **О** дауысты дыбысы мен **Р** дауыссыз дыбысы дауысты+дауыссыз түрінде ғана тіркесе алады.

7.2.5.9 Ш°, Ж°, Л° – тіл (екінші сыңары) ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін сүйірленіп барып жасалады, ерін қалпына қарай **сүйір еріндік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгергі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7.50-сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *сүйір еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, сүйір еріндік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.



7.50-сурет. Ш°, Ж°, Л°, дауыссыздарының үйлесім моделі

Дауыссыздардың үйлесім моделінің көрнекі сипаттамасы дауыссыздардың жасалу орнына қарай топтастырылып берілді. Дыбыстардың үйлесім түрленімі (үндесім түрленім тәрізді) жүйелі көрінетінін ескерсек, онда көрнекі суреттің үйлесім белгілері барлық дауыссыздарға ортақ болып шығады.

7.3 Қазақ тілі дыбыстарының үйлесім тіркесімі

Қазақ тіліндегі дыбыстар өзара артикуляциялық үйлесімін тапқанда ғана бір-бірімен тіркесіп, бір буынға (сөзге) біріге алады. Ол үшін бір буынның (сөздің) құрамындағы дыбыстардың үйлесім белгілері бірдей болу керек. Сонда ғана қазақ тіліндегі буын (сөз) біркелкі үйлесім әуезбен айтылады, сөйтіп қазақ сөзі қазақы жатық естіледі. Өйткені қазақ сөзінің үйлесім құрылымы мен үйлесім естілімінің арасында тікелей байланыс бар. Басқаша айтқанда, сөздің үйлесім жасалымынан (артикуляциясынан) үйлесім естілім (перцепция) туындап, сөз табиғи (акцентсіз) қабылданады.

7.3.1 Қазақ тілі дыбыстарының жұмсалым реті

Дауысты дыбыстар.

- **А, Ә, Е, Ө, Ұ, Ү, Ы, І** дауыстылары орын талғамайды, сөздің барлық шенінде кездесе береді (*ала, әліпә, ыдыс, іні, емен, ұлу, үгіт, өгөй* т.б.);

- **О** дауысты дыбысы сөздің бас буынында ғана кездеседі (*ор, отан, орақ, ол* т.б.);

- **А, Ә, О, Ө, Ұ, Ү** дауыстылары барлық дауыссыздармен тіркесе береді (*ақ, әк, оқ, өк, ұқ, үк* т.б.);

- **Е, Ы, І** дауыстылары **У (w)** дауыссызымен тіркеспейді.

Дауыссыз дыбыстар.

- **Л, Р, Й, Ң, У (w)** сөз басында кездеспейді;
- **Б, Д, Ғ, Г** дауыссыздары сөз соңында кездеспейді.

7.3.3 Қазақ тіліндегі үйлесім құрақтар. Артикуляциялық тұрғыдан өзара кірігіп айтылған дыбыс тіркестерін үйлесім құрақтар дейміз. Сонда қазақ сөзінің дыбыс құрылымының *әліпби моделі* өзіндік жүйе болып шығады. Мұның өзі қазақ сөзін құрайтын дайын *жайма дерек қор (матричная база данных)*. Сөз құрауға қажет таңбаның бәрі дайын тұр.

7.3.3.1 Жуан езулік әуезді құрақтар:

а ы	ба бы б	да ды д	ға ғы ғ	жа жы ж	за зы з	йа йы й	қа қы к

ла лы л	ма мы м	на ны н	ңа ңы ң	па пы п	ра ры р	са сы с	та ты т	уа - у	ша шы ш

Мысалы, *ат* сөзі жеке дауысты құрақ пен жеке дауыссыз құрақтың тізбегінен құралады: **а + т**. Ал енді *ата* сөзі болса, жеке дауысты құрақ пен жеке буын құрақтың тізбегінен құралады: **а + та**. Бұл жерде буын құрақ дауысты *а* мен дауыссыз *т* дыбысының таңбаларынан құралып тұр. Әрі қарай сөзді *атақ* деп созатын болсақ, онда сөз (буын) соңына дауыссыз құрақ жеке жалғанады: **а + та +қ**. Сөзді *атақты* деп тағы соза берсек, буын құрақ қосылады: **а + та + қ + ты**. Әрі қарай осы ретпен жалғасып кете береді.

7.3.3.2 Жіңішке езулік әуезді құрақтар:

ә і е	бә бі бе б	дә ді де д	гә гі ге г	жә жі же ж	зә зі зе з	йә йі йе й	кә кі ке к	лә лі ле л

мә мі ме м	нә ні не н	ңә ңі ңе ң	пә пі пе п	рә рі ре р	сә сі се с	тә ті те т	уә - - у	шә ші ше ш

Мысалы, *әр* сөзі жеке дауысты құрақ пен жеке дауыссыз құрақтың тізбегінен құралады: **ә + р**. Ал енді *әрі* сөзі болса, жеке дауысты құрақ пен жеке буын құрақтың тізбегінен құралады: **ә + рі**. Бұл жерде буын құрақ дауысты *і* мен дауыссыз *р* дыбысының таңбаларынан құралып тұр. Әрі қарай сөзді *әріп* деп созатын болсақ, онда сөз (буын) соңына дауыссыз құрақ жеке жалғанады: **ә + рі +п**. Сөзді *әріпті* деп тағы соза берсек, буын құрақ қосылады: **ә + рі + п + ті**. Әрі қарай осы ретпен жалғасып кете береді.

7.3.3.3 Жуан еріндік әуезді құрақтар:

ұ о	бұ бо б	дұ до д	гұ го г	жұ жо ж	зұ зо з	йұ - й	кұ ко к	лұ - л

мұ мо м	нұ но н	ңұ - ң	пұ по п	рұ - р	сұ со с	тұ то т	уұ - у	шұ шо ш

Мысалы, *ор* сөзі жеке дауысты құрақ пен жеке дауыссыз құрақтың тізбегінен құралады: **о + т**. Ал енді *отұ* сөзі болса, жеке дауысты құрақ пен жеке буын құрақтың тізбегінен құралады: **о + тұ**. Бұл жерде буын құрақ дауысты *ұ* мен дауыссыз *т* дыбысының таңбаларынан құралып тұр. Әрі қарай сөзді *отұн* деп созатын болсақ, онда сөз (буын) соңына дауыссыз құрақ жеке жалғанады: **о + тұ +н**. Сөзді *отұнду* деп тағы соза берсек, буын құрақ қосылады: **о + тұ + н + ду**. Әрі қарай осы ретпен жалғасып кете береді.

7.3.3.4 Жіңішке еріндік әуезді құрақтар:

ү ө	бү бө б	дү дө д	гү гө г	жү жө ж	зү зө з	йү йө й	кү кө к	лү лө л

мү мө м	нү нө н	ңү ңө ң	пү пө п	рү рө р	сү сө с	тү тө т	уү уө у	шү шө ш

Мысалы, *өз* сөзі жеке дауысты құрақ пен жеке дауыссыз құрақтың тізбегінен құралады: **ө + з**. Ал енді *өзү* сөзі болса, жеке дауысты құрақ пен жеке буын құрақтың тізбегінен құралады:

ө + зү. Бұл жерде буын құрақ дауысты *ү* мен дауыссыз *з* дыбысының таңбаларынан құралып тұр. Әрі қарай сөзді *өзүн* деп созатын болсақ, онда сөз (буын) соңына дауыссыз құрақ жеке жалғанады: **ө + зү + н**. Сөзді *өзүңду* деп тағы соза берсек, буын құрақ қосылады: **ө + зү + ң + дү**. Әрі қарай осы ретпен жалғасып кете береді.

Қазақ сөзінің дыбыс құрылымына қатысты айтылым құрақтардың құрамын түгендеп, жүйесін сипаттап шығу үшін осындай *жайма бет (матрица)* жасалады. Жайма бет қазақ тілінің айтылым құрақтарын түгел көрнекі бейнелейді. Кез келген қазақ сөзінің дыбыс тізбегі осы жайма беттің ішінен табылады. Бұл ұсынылған үлгі қазақтың тек төл сөздерінің дыбыс тізбегіне қатысты жасалып отыр.

7.3.4 Үйлесім талдаудың ғылыми аппараты (ұғымдар мен атаулар) жайлы

Қазақ тілі дыбыстарының үйлесім түрленіміне тілдің көлденең қалпы *ілгерінді* (егер тілі ауыз қуысында ілгері жылжып жатса), *кейінді* (егер тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатса), *жоғарылы* (егер тіл ауыз қуысында жоғары жатса), *төменді* (егер тіл ауыз қуысында төмен жатса) болып қатысады.

Қазақ тілі дыбыстарының жасалымына ерін қатысы екі түрлі болады. Егер дыбыстардың үндесім (сингармонизм) түрленімін ескеретін болсақ, онда езулік [а, ә, ы, і, е] және еріндік [ұ, ү, о, ө] деп екіге жіктей саламыз, ал егер дыбыстардың үйлесім (ассимилятив) түрленімін ескеретін болсақ, онда езуліктік өзін *ашық езулік* [а, ә], *қысаң езулік* [ы, і] және *емеурін езулік* [е] деп үшке, еріндіктің өзін *доғал еріндік* [ұ, ү] және *сүйір еріндік* [о, ө] деп екіге жіктейміз. Сонда қазақ тілі дыбыстарының үйлесім жасалымына ерін қатысының өзі бес түрлі болады. Мұның өзі қазақ тілі дыбыстарының жасалымында ерін қатысының маңызы үлкен екенін көрсетеді.

Сонда қазақ тілі дыбыстарының үйлесім түрленімінің ғылыми аппараты (атаулары) тіл қатысына қарай *ілгерінді/кейінді, жоғарылы/төменді*, ерін қатысына қарай *ашық, қысаң, емеурін езулік/доғал, сүйір еріндік* болып құралады. Қазақ тілі дыбыстарының үйлесім сипаттамасы мен олардың жасалым (артикуляциялық) сипаттамасының арасында өзіндік ұғым/атау ерекшеліктері бар. Мысалы, жасалым тұрғысынан *тіл арты* болса, үйлесім тұрғысынан *кейінді* деп аталады.

Үйлесім талдау үстінде дыбыстың нақты жасалу орны, жасалу тәсілі мен дауыс желбезегінің (дауыс) қатысы ескерілмейді.

Аталған атаулар сөйлеу үстіндегі қазақ тілі дыбыстарының бәріне (дауысты/дауыссыздар) бірдей ортақ қатысты: егер дауысты ілгерінді болса, онда құрақ (сегмент) құрамындағы дауыссыз да ілгерінді; егер дауысты еріндік болса, онда құрақ құрамындағы дауыссыз да еріндік.

8. ҚАЗАҚ ТІЛТАНЫМЫНДАҒЫ БУЫН ПРОБЛЕМАСЫ


Буын проблемасы бір ғана қазақ тілтанымында емес, жалпы тілтаным (общая лингвистика) деңгейінде ақиқат шешіліп болған жоқ. Буын табиғатын анықтау мен буын жігін табу жайлы теориялық көзқарастар әлі бір ізге түскен жоқ. Соған қарамай, кез келген тілде сөздерді буынға бөлудің анық амалы бар. Ендеше нақты бір тілге қатысты "буын мен буын жігі дегеніміз не" деген *теориялық* пікірталас бар болғанымен, "сөзді буынға қалай бөлеміз" деген *практикалық* пікірталас кездеспейді. Сондықтан да тіл теориясынан тіптен алшақ жатқан кез келген адам сөзді оп-оңай буынға бөліп кете береді.

Осыған орай, буын табиғатын анықтау мен буын жігін табудың амалын қай бағытта іздеуіміз керек деген жорамал қажет болып тұр. Жорамал таза лингвистикалық болады ма, әлде, басқаша жолы бар ма? Міне, буын жайын сөз еткенде, алдымен басын шешіп алатын мәселе, біздің ойымызша, осы болмақ.

8.1 Теориялық болжам. Тілтаным тарихында буын мен буын жігі жайлы теориялық (лингвистикалық) пайымдаулар жеткілікті, соған қарамай мәселе бірыңғай шешілмей отырғандығы айтылды. Ендеше буын табиғаты лингвистикалық жолмен анықтала алмайды деген сөз.

Адамзат тілінің әлеуметтік (лингвистикалық) жағы бар, оның физиологиялық жағы тағы бар. Буын адамзат тілінің құрамды бөлшегі ретінде осы екі тұрғыдан талдануға тиіс. Жоғарыда айтылғандай, лингвистикалық пайымдаулар буын табиғатының шешімін таба алмай отырғандықтан, буын табиғатын физиологиялық жолмен іздеу керек деген бір ғана жорамал қалады. Өйткені тіл физиологиясы дегеніміз тіл артикуляциясы болғандықтан, буын тіл артикуляциясының туындысы болып шығады. Бұл – барлық тілдерге тән ортақ пайымдау, басқаша айтқанда, буын барлық тілдерге тән физиологиялық бірлік. Бірақ дыбыстардың буынға кірігу тәсілі барлық тілдерге ортақ болмайды. Себебі әр тілдің немесе туыстас бір топ тілдің өзіне тән бірегей буын құрауыш (просодика слога) амалы бар. Қопарылмалы (флективные) тілдерде дыбыстардың басын біріктіріп, бір буын құрайтын екпін болса, жадағай (изолирующие) тілдерде – тон, тіркесімді (агглютинативные) тілдерде – үндесім (8.1-сурет).

Дәстүрлі оқулықтардың фонетика бөлімінде буын түрлері мен олардың дыбыс құрамы көрсетілгенімен, буынның анықтамасы кездеспейді. Өйткені буынға лингвистикалық анықтама беру мүмкін емес, өйткені ол лингвистикалық ұғым (категория) емес, ал физиологиялық (артикуляциялық) анықтама беру әлі күнге дейін мамандардың ойына орала қойған жоқ. Ендеше, алдымен буынның белгілерін түгендап алып, сонан соң оның анықтамасын беруге әрекет жасау керек.



8. 1-сурет. Буын құрауыштар пішіндемесі (моделі)

Сонымен,

-буын физиологиялық (фонетикалық тілмен айтқанда *артикуляциялық*) ұғым. Сондықтан да буын анықтамасы артикуляциялық тұрғыдан берілу керек, басқаша айтқанда, сөйлеу мүшелерінің қатысымен сипатталады.

- буын – тілдегі ең кіші айтылым (жасалым) бірлік. Буын құрамындағы дыбыстар біртұтас артикуляциямен айтылады. Сондықтан да буын құрамындағы дыбыстар өзара артикуляциялық тұтастықта болады.

- буын – біртұтас айтылатын дыбыс немесе дыбыстар тобы. Сөз ішінде (егер сөз құрамында екі не одан көп буын болса) әр буынның дербес жасалымы (артикуляциясы) болады.

-буын анықтамасының негізі артикуляциялық анықтама болу керек.

Сөйлеу үстінде (сөз құрамында) өзара кірігіп, біртұтас болып айтылатын (жасалатын) дыбыс тіркесін (немесе дербес дауыстыны) буын дейміз. Буын тілдегі әрі қарай бөлшектенбейтін ең кіші жасалым (артикуляциялық) бірлік болып табылады.

Дауысты дыбыс жеке тұрып та буын құрай алады. Ал дауыссыз дыбыс тек дауыстымен тіркесіп қана буын құрайды. Дауыссыз да-

уыстымен тіркесіп буын құрау үшін олардың арасындағы дәнекер бөлшектің (переходной участок) артикуляциясы күшті болу керек. Оның екі ғана жолы бар: дауыссыздың басқы дәнекер бөлшегі күшті айтылады, не аяққы дәнекер бөлшегі күшті айтылады. Дауыссыздың бас дәнекер бөлшегі күшті айтылса, бас тіркесімді (сильноначальный), аяқ дәнекер бөлшегі күшті айтылса аяқ тіркесімді (сильноконечный) деп атаймыз [Щерба]. Сонда дауыссыз бас тіркесімді болса, онда өзінен бұрынғы дауыстымен буын құрайды, өйткені оның басқы дәнекер бөлігі күшті, ал аяқ тіркесімді болса, онда өзінен кейінгі дауыстымен буын құрайды, өйткені оның аяққы дәнекер бөлшегі күшті. Дауыссыздың дәнекер бөлшегі қай жағында күшті болса, сол жағы басым болады да, сол күшті тұсымен дауыстыға нық тіркеседі. Көп буынды сөздің құрамындағы буын шегінің жасалымы (артикуляциясы), керісінше, босаң болады. Өйткені алғашқы буынның соңындағы дыбыс пен келесі буынның басындағы дыбыстың өзара тіркесімі буын ішіндегі тіркесімнен әлсіз болады. Дыбыстар тіркесінің әлсіз тұсы буын жігі болып табылады. Сонда сөйлеу мүшелерінің тіркесім қуаты толқын тәрізді буын ішінде күшейіп, буын жігінде кеміп отырады. Егер сөйлеу мүшелерінің қуатының күшейіп-кемуін пішіндейтін (модельдейтін) болсақ, онда бір буынды сөз бір толқыннан, ал көп буынды сөз буын санына қарай бірнеше толқын тізбегінен құралатын болады (8.2-сурет).



8.2-сурет. Бір буынды және көп буынды сөздің жасалым (артикуляциялық) пішіндемесі

8.2 Қазақ тіліндегі буын сипаты. Енді, қазақ тіліне келетін болсақ, "буын жігін қалай табамыз" деген күмән ешкімнің ойына кіріп те шықпайды. Алайда осындай бірыңғай жүйелі ұстанымды жаңсақ орфографиялық емле-ереже қабылдап, қолдан бұзып жатамыз (бұл жерде жазылымы жүйелі қазақ сөздерінің буын құрамын сөз етпейміз, мысалы, *а-та, ал-ма, ы-дыс, құ-лын, ір-ге, күл-кі* т.б.).

Қазіргі қазақ тіліндегі буынды екіге бөліп қарастырамыз:

-буын құрылымының негізінде артикуляция жатады, сондықтан артикуляциялық (физиологиялық) буынды ***ақиқат буын*** деп атаймыз.

-буын құрылымының негізінде орфография жатады, сондықтан орфографиялық (жасанды лингвистикалық) буынды ***жалған буын*** деп атаймыз.

Ақиқат буынның талданымы барлық уақытта жүйелі шығады, өйткені сөздің буын құрамына сол сөздің үндесім әуезі мен мағынасы (семантикасы) тікелей байланысты. Басқаша айтқанда, сөздің үндесім әуезі анық сақталады, ал мағанасы анық ұғылады. Оған жоғарыда келтірілген мысалдар дәлел.

Ақиқат буынды арнайы талдап жатпаймыз.

Жалған буынның талданымы барлық уақытта жүйесіз шығады, өйткені жалған буын, біріншіден, сөздің үндесім әуезін бұзады, екіншіден, сөздің мағынасына нұқсан келтіреді.

Қазіргі қазақ тілінде жалған буын екі жолмен жасалады. Бірі - кірме әріптердің төл сөздердің құрамындағы жазылымынан пайда болады, мысалы, *қиын, буын, иін, жүруі* т.б. Жалған буынның бұл түрін *әліпби жалған буын* деп атаймыз. Енді бірі – сөз тіркестерінің жазылым ережесінен (бірге жазу, бөлек жазу) пайда болады, мысалы, *көгала, шекара (шекара)* т.б. Жалған буынның бұл түрін *тіркес жалған буын* деп атаймыз.

Әліпби жалған буынға мысал жеткілікті және олар бұған дейін де талай талданған, көпке таныс. Тек бірер мысалмен тоқтаймыз: *қиын* сөзінің құрамында бір жалған буын болса (***қи-ын*** [**қый-ын**]), *аюы, оюы* сөздерінің құрамында екі-екіден жалған буын бар (***а-ю-ы*** [а-**йыу-ы**], ***о-ю-ы*** [о-**йыу-ы**] (сөздердің жазылымын сақтап отырмыз).

Тіркес жалған буынның талданымы күрделі болмақ. Оның талданымына әзірге зерттеушілер арасында сәнге айналған *көгала* сөзін ғана аламыз. Қазіргі орфографиямыз бойынша *көк* және *ала* сөздері бірге жазылады. Бірге жазылған соң оның буын талданымы да бір сөз ретінде жүргізіледі: *көк-га-ла.* Мәселе буын жігінің орнында емес, жарайды, бірге жазылған соң, амал жоқ, осылай буындалады. Мәселе басқада, мәселе – осындағы *га* дыбыс тіркесіне қарап, "қазіргі қазақ тілінде жіңішке дауыссыз бен жуан дауысты тіркесе береді" деген ***лингвистикалық*** қорытындының пайда болуында.

Оның ар жағында үндесім (сингармонизм) заңдылығы сетінеп барады (немесе сетінеп кетті) деген орынсыз ой тұр. "Қазақ тілінде жіңішке дыбыс пен жуан дыбыс тіркесе береді" деген жалған жаңалық тұр.

Алдын ала айтып қояйық, жалған буынға қатысты қандай да бір қорытынды болмасын, оның бәрі жалған болады. Өйткені жалғаннан ақиқат туындамайды, жалғаннан тек жалған туындайды. Себебі бейүндесім *га* буыны қазақ тіліне жат бейүндесімнің емес, қазақ тіліндегі жаңсақ-жасанды ереженің нәтижесі болып табылады. Өйткені неге *көгаланы* бірге жазып, бір сөз ретінде буындаймыз, ал соған ұқсас *боз ала, сұр ала, қызыл ала, қара ала* тіркестерін бөлек жазып, әр сөзін бөлек буындаймыз. Егер *көгаланы* осы соңғы сөз тіркестері тәрізді *көк ала* деп бөлек жазсақ, онда бейүндес *га* тіркесі өзінен-өзі жоқ болып кетер еді. Дербес сөздің соңындағы *к* [г] дауыссызын келесі сөздің құрамына қосып буындау *(кө-ка-ла [кө-га-ла])* ешкімнің ойына кіріп-шықпас еді. Бөлек жазылған *боз ала* тіркесін ешкім *бо-за-ла* деп буындамайды ғой.

Мүмкін *көгаланы* бірге жазуға тіркес шегіндегі *к* дауыссызының ұяң *г* дауыссызымен алмасымы себеп болған болар немесе басқа бір себебі бар шығар. Онда *к* дауыссызының тең үндесім сыңары *қ* кездесетін *ақ ала* тіркесі неге бөлек жазылады? Егер *ақ аланы* бөлек жазсақ, онда *көк аланы* да бөлек жазу керек, сонда "жіңішке дыбыспен жуан дыбыс тіркеседі" деген жаңсақ қорытынды жасамайтын боламыз. Егер *көгаланы* бірге жазсақ, онда *ағаланы* да бірге жазу керек. Сонда бірін олай, бірі бұлай жазып, жоқ жерден жаңалық ашып жатпаймыз.

Жасалым (артикуляциялық) талдауға көшпес бұрын, төменде тұрқы бір, бірақ бірін бөлек, бірін бірге жазып жүрген сөздердің біршама тізімін беріп алайық. Тіптен, бірде *шекара, көк ауыз,* бірде *шегара, көгауыз* деп шатасып жүргеніміздің өзі сөзді буынға бөлуге орфографияның ұстаным (критерий) бола алмайтындығының дәлелі болса керек.

Ақ: *ақ ала, ақ боз, ақ буырыл, ақ көгіс, ақ құба, ақ сары, ақ сұр, ақ шұбар*

Ал*: ал көк, ал күрең, ал қоңыр, ал қызыл*

Ала: *ала шұбар, ала теңбіл*

Боз: *боз ала, боз шұбар, боз қылаң, боз үй*

Жасыл: *жасыл ала, жасыл көк*

Көк: көгала, көгауыз (бірде - ***көк ауыз***), ***қызыл ауыз,*** *көк сұр, көк шулан* (бірде - *көкшулан*), *көк шұбар, (көкала* жоқ), *күрең қызыл,*
Қара: *қара ала, қара көк, қара қоңыр, қара сұр,*
Қызыл: *қызыл ала, қызыл күрең, қызыл қоңыр,*
Сары: *сары ала,*
Қоңыр: *қоңыр ала*
Шекара (бірде - ***шегара***)

Мысалдарға қарап отырсақ, неге *көк[г]алаға* келгенде ғана бірге жазу керек болып қалғаны түсініксіз болып шығады.

Сонымен, жаңсақ орфография қазақ сөзінің буын құрамының жүйесін бұзып отыр екен. Сонда буын жүйесін жөнге салудың амалы не болмақ? Оның амалын тіл орфографиясынан емес, тіл физиологиясынан іздеу керек.

Кез келген сөздің мағынасын (семантикасын) дұрыс ұғыну үшін сол сөздің құрамындағы дыбыстар өзара кірігіп, бір бүтін болып айтылу керек. Мысалы, бір буынды *көк* сөзі өзіне тән түсті құрамындағы дыбыстар бірігіп, бүтін сөз (бұл жерде буын) болып айтылғанда ғана білдіреді. Ал, енді, оның соңғы дыбысы келесі сөздің (буынның) құрамына еніп кететін болса, онда *көк* сөзінің айтылымы жартыкеш *кө...* болып, мағына-мәнсіз тіркес болып қалады. Сөйтіп ол толық *көк* сөзінің мағынасын бере алмайды.

Көгала болып бірге жазылсын, *көк[г] ала* болып бөлек жазылсын, бәрі бір *к[г]* дауыссызының айтылымы сөйлеу үстінде тек алдыңғы дауыстымен біртұтас айтылады. Өйткені дауыссыздың ұяң белгісі оның бас жағында мол сақталып, аяқ жағында көмескіленіп кетеді. Сонымен бірге, дауыссыздың жуысыңқы белгісі бас жағында толық сақталып, соң жағында тоғысыңқыға жуық (тіптен, тоғысыңқыға айналып) айтылады. Дауыссыздың өзіне тән ұяң және жуысыңқы белгісінің бас жағында мол басталуы оның алдыңғы дауыстымен тұтасып айтылатындығын, сөйтіп алдыңғы дауыстымен бір буын құрайтындығын көрсетеді. Дауыссыздың өзіне тән ұяң және жуысыңқы белгісінің соң жағына қарай бәсеңдеп кетуі оның өзінен кейінгі дауыстыдан бөлек айтылатындығын, сөйтіп кейінгі дауыстымен бір буын құрамына кіре алмайтынын көрсетеді. Басқаша айтқанда, бас тіркесімді (сильноначальный) дауыссыз ретінде айтылады. Дауыссыздан кейін келесі сөзбен (буынмен) арада, аздаған болса да, дәнекер кідіріс (фонетическая пауза) пайда болады.

Енді, керісінше, *көгөн* сөзінің буын құрамын талдап көрейік. Бұл жерлегі *[г]* дауыссызының ұяң белгісі соңына қарай айқындала түседі, сонымен қатар басында тоғысыңқыға жақын болып басталып, толық жуысыңқы болып аяқталады. Ендеше дауыссыздың өзіне тән ұяң және жуысыңқы белгілерінің соңына қарай күшеюі оның аяқ тіркесімді (сильноконечный) болып, өзінен кейінгі дауыстының артикуляциясына ұласып жатқанын көрсетеді. Дәнекер кідіріс дауыссыздың алдында пайда болады. Дәнекер кідіріс дыбыстар арасындағы артикуляциялық байланыстың ең әлсіз тұсында кездесіп, әлсіз тұсын көрсетеді.

Кө[к]гала мен *көгөн* сөздерінің құрамындағы *к/г* дауыссызы екеуіне де ортақ дауысты аралық орында тұр. Соған қарамай, екеуі екі түрлі түрленеді. Себебі олардың түрленіміне олардың сөздің шебіндегі орны әсер етіп тұр: бірі – сөз соңында, бірі – сөз ортасында. Бір артикуляциялық сөздің (ақиқат буынның) соңындағы дыбыс ретінде екінші сөздің құрамындағы буынға артикуляциялық тұрғыдан телінбейді. Бұл ақиқат буынның артикуляциялық тұрғыдан тұрақты екенін көрсетеді. Ал орфографиялық буынды қаламның ұшымен құрастыра беруге болады. Ақиқат буын сөйлеу мүшелерінің артикуляциясынан табиғи туындайды, жалған буын орфографиялық емле-ережеден жасанды туындайды. Екі буынның айырмашылығы осында.

Сөйлеу үстіндегі дыбыстардың мұндай түрленімін тәжірибелі фонетистер артикуляциялық және перцепциялық деңгейде аңғарып, талдап бере алады немесе құралды фонетика әдісімен көрнекі сипаттап беруіне болады (8.3-сурет). Бұл – фонетист-мамандарға тән лингвистикалық түйсінім. Әрине, лингвист аңғарған буын құрамындағы дыбыстардың артикуляциялық тұтастығын кезкелген адам тікелей түйсіне алмайды. Қазақ тілінде сөйлейтін көпшілік сөз құрамындағы дыбыс түрленімінің (бас тіркесім артикуляциясының) мағыналық (семантикалық) қызметін нейрофизиологиялық деңгейде түйсінеді. Сондықтан да олар *көк[г]ала* тіркесінің құрамындағы *көк[г]* түс атауы мен *ала* түс атауын дербес-дербес ұғады, басқаша айтқанда, *кө... гала* тәрізді мағына-мәнсіз тіркесіммен шатастырмайды.



8.3-сурет. [К/Г] дауыссызының
буын соңындағы кемімелі [көгала] және буын басындағы үдемелі
[көгөн] артикуляциясының пішіндемесі

Бірінші жағдайда ([көк/г]) – дауыссыз сөзді (буынды) аяқтап тұр, соның арқасында *көк* сөзі бүтінделіп, өзіне тән мағынаны беріп тұр, біз сөздің түс мағынасын ұғып отырмыз. Ал екінші жағдайда ([көгөн]) – керісінше, буынның басын көрсетіп тұр, сөйтіп сөздің әлі фонетикалық жалғасы бар екенін, яғни сөз артикуляциясының аяқталмағанын көрсетеді. Сөздің айтылымы бұл жерден үзілмейтінін, жалғасып барып жаңа мағана беретінін көрсетеді.

Қазіргі қазақ жазуының өзіндік емле-ережелері қалыптасқан. Оның көбісі қазақ тілінің төл табиғатына лайық құрастырылып, тіл дамуына оң ықпалын тигізіп жатыр. Ал енді біразы көшіріндікелімсек қалпында таңылып, қазақ тілінің төл айтылым тұрқын бұзып барады. Өйткені қазақ тілінің буын құрылымының бүлінуі салдарынан сөз әуезі, морфем құрамы мен тасымал түгелдей бұзылып бітті.

Сондықтан лингвист-мамандар алдында "қазақ сөзінің үндесім әуезін бұзатын, буын құрамын бүлдіретін, морфем жігін қақыратып, тасымалын тас-талқан ететін орфографияның не керегі бар?" деген бүгінгі күннің зәру сұрағы тұр.

8.3 Қазақ тілідегі буын түрлері мен олардың дыбыс құрамы

Қазақ тілінде буынның үш түрі бар:

а) **ашық буын** – бір ғана дауысты немесе дауыссыздан басталып, дауыстымен аяқталады, мысалы, *а-та, а-на, і-ні, ұ-лы, ү-кі* т.б. сөздердің құрамында тек ашық буындар бар;

ә) **тұйық буын** – дауыстыдан басталып, дауыссызбен немесе дауыстыдан басталып дауыссыз, дауыссызбен аяқталады, мысалы, *ақ, әл, ыс, іс, ор, ұл, үк, айт, өрт, ұрт, ұлт* т.б. сөздер тек тұйық буыннан құралып тұр.

б) **бітеу буын** – дауыссыздан басталып, дауыстымен жалғасып, дауыссызбен аяқталады немесе дауыссыздан басталып, дауыстымен

жалғасып, дауыссыз, дауыссызбен аяқталады, мысалы, *тат, мыс, біл, бұл, бол, бүк, бес, тарт, қайт, жұрт, сұрт, төрт, қант, мұрт, салт* т.б. сөздер тек бітеу буыннан құралып тұр.

8.4 Қазақ тілі буындарының кездесімі

Дауысты ашық буын сөздің тек бас шебінде кездеседі: *а-ра, о-тан, ө-рік* т.б.

Дауыссыз+дауысты ашық буын шеп талғамайды, сөздің кез келген шебінде кездесе береді: *ба-зар, ба-ла-лар, жор- ға* т.б.

Тұйық буын сөздің тек бас шебінде кездеседі: *ақ-тар, ұс-таз, ір-ге, ұл-кен, ұрт-та, өрт-ті, айт-ты, ұлт-қа* т.б.

Бітеу буын шеп талғамайды, сөздің кез келген шебінде кездесе береді: *бат-пан, жал-ғыз-дық, жақ-сарт-ты, бұл-тарт, жұрт-қа* т.б.

8.5 Қазақ тілі буындарының құралым бірліктері

Қазақ тілінің буындары үш дыбыс бірліктен құралады.

Дауысты бірлік тек дауысты дыбыс болып саналады, оны шартты түрде V деп белгілейміз.

Дауыссыз бірлік тек дауыссыз дыбыс болып саналады, оны шартты түрде С деп белгілейміз.

Буын бірлік дауыссыз+дауысты тіркесі болып саналады, оны шартты түрде CV деп белгілейміз.

Сонда қазақ тілінің кез келген буыны осы үш бірліктің тіркесімінен құралады. Мысалы,

- *ас, ән, ыс, із, оз, от, ұр, үк* сөздерінің құралым моделі V+C болып шығады.

- *ант, арт, ұрт, ұлт* сөздерінің құралым моделі V+C+C болып шығады.

- *тат, бол, көл, сыз, тіс, құт, күт, бек, сән* сөздерінің құралым моделі С + V + С болып шығады.

- *асар, олар, әзір, ілік, ыдыс, ұзақ, үлес, егеу* сөздерінің құралым моделі V + C + V + C болып шығады.

- *астар, ыстық, ұстап, үлкен, іскер, үздік, өскен, әптең, оттық* сөздерінің құралым моделі V+C+C+V+C болып шығады.

- *балалық, қалалар, қарашық* сөздерінің құралым моделі С + V + С + V +С + V + С болып шығады.

Қазақ тіліндегі кез келген буын осы үш қана бірліктің тіркес ретімен құралып кете береді.

Одан әрі буындардан сөз құралады.

Бір буынды сөздер сол буынның артикуляциялық тұтастығы болып табылады, мысалы,

Ақ, от, әй, ұл, іс т.б.бір буынды сөздердің құралым моделі VC болып шығады.

Мән, бас, бол, күз т.б. сөздердің құралым моделі CVC болып шығады.

Тарт, құрт, жарқ т.б. сөздердің құралым моделі CVCC болып шығады.

Көп буынды сөздер бірнеше буынның артикуляциялық тұтастығы болып шығады, мысалы,

Алға, ыста, үшпа т.б. сөздердің құралым моделі VCCV болып шығады.

Алғаш, ыстық, ұшқыш т.б. сөздердің құралым моделі VCCVC болып шығады.

Жалған, мыстан, құштар т.б. сөздердің құралым моделі CVCCVC болып шығады.

Балалардың т.б. сөздердің құралым моделі CVCVCVCCVC болып шығады.

Одан әрі сөздерден сөйлем (мәтін) құрылады.

Мысалы, *Бүгін күн жақсы болып тұр* деген сөйлемнің құралым моделі CVCVC CVC CVCCV CVCVC CVC болып шығады.

Қорыта келгенде, үш дыбыс бірлігінен (V, C, CV) буын, сөз, сөйлемнен мәтінге дейін құра беруге болады.

Буын талдауының нәтижесі келесі құрама сөзге арналған бөлімде артикуляция деңгейінде жалғасады. Дыбыстардың артикуляциялық модельдерінің тіркесімін *артикуляциялық жазу (жазылым)* деп атауға болады. Әліпби жазу мәтін құрамындағы дыбыстардың жалпылама айтылымын көрсетсе, артикуляциялық жазу дыбыстың сол тұстағы айтылым түрленімін дәл көрсетіп отырады. Артикуляциялық жазу дыбыс жазудың (үн жазбаның) көрнекі баламасы ретінде жұмсалады.

Атаулар:

Буын
Ашық буын
Тұйық буын
Бітеу буын
Бас тіркесім
Аяқ тіркесім
Әуезді буын
Екпінді буын
Әуенді буын
Дәнекер кідіріс

Құралым бірліктер
    дауысты бірлік
    дауыссыз бірлік
    буын бірлік
Ақиқат буын
Жалған буын
    әліпби жалған буын
    тіркес жалған буын
Артикуляциялық буын
Орфографиялық буын
Артикуляциялық жазу

9 ҚҰРАМА (СИНТЕЗ) ҚАЗАҚ СӨЗІНІҢ ЖАСАЛЫМ ЖЕЛІСІ (артикуляциялық жазба мәтін)

Құрама сөздердің жасалым желісін сипаттап шығу үшін сөздің әмбебап моделі алынды. Сөздің әмбебап моделі **дауысты құрақ + буын құрақ + дауыссыз құрақ** болып табылады. Өйткені осы модельдің ішінде қазақ тіліне тән айтылым құрақтардың барлық түрі кездеседі. Кез келген қазақ сөзі, қаншалықты күрделі болса да, осы құрақтардың тіркесімінен құралады. Сондықтан әрбір үйлесім әуезге бір ғана мысал беріліп отыр.

Бұл жұмыс қазақ сөзінің құрама бастамасы болғандықтан құрақтардың жасалым сипаттамасын толық беріп отырмыз. Сөз құрамында қайталанған құрақтардың қысқа сипаттамасы ғана берілді.

Қазақ тілінде тоғыз үйлесім әуез бар. Олардың үйлесім белгілерінің жүйесі төмендегідей болып шығады.

Бірінші құрақ: төменді, ашық езулік, кейінді **[а], [ба], [қа], [к^{ы}]** т.б.
Екінші құрақ: төменді, ашық езулік, ілгерінді **[ә], [бә], [кә], [к^{і}]** т.б.
Үшіншіші құрақ: жоғарылы, қысаң езулік, кейінді **[ы], [бы], [қы], [к^{ы}]** т.б.
Төртінші құрақ: жоғарылы, қысаң езулік, ілгерінді **[і], [бі], [кі], [к^{і}]** т.б.
Бесінші құрақ: жоғарылы, доғал еріндік, кейінді **[ұ], [бұ], [құ], [к^{ұ}]** т.б.
Алтыншы құрақ: жоғарылы, доғал еріндік, ілгерінді **[ү], [бү], [кү], [к^{ү}]** т.б.
Жетінші құрақ: жоғарылы, емеурін езулік, ілгерінді **[е], [бе], [ке], [к^{е}]** т.б.
Сегізінші құрақ: жоғарылы, сүйір еріндік, кейінді **[о], [бо], [ко], [к^{о}]** т.б.
Тоғызыншы құрақ: жоғарылы, сүйір еріндік, ілгерінді **[ө], [бө], [кө], [к^{ө}]** т.б.

9.1 Кейінді, төменді, езулік үйлесім әуезді сөздердің жасалым желісі

Кейінді, төменді, езулік **[асар]** сөзінің құрамындағы құрақтардың жасалым сипаты (9.1-сурет).

Бірінші (дауысты) құрақ.

А – тілдің тік қалпына қарай – *төменді,* ерін қатысына қарай – *ашық езулік,* тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, кейінді* дауысты дыбыс.

Екінші (буын) құрақ.

Сᵃ – тілдің тік қалпына қарай *төменді,* ерін қалпына қарай *ашық езулік,* тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, кейінді* дауыссыз дыбыс.

А – тілдің тік қалпына қарай – *төменді,* ерін қатысына қарай – *ашық езулік,* тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дыбыс.


Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, кейінді* дауысты дыбыс.

Үшінші (дауыссыз) құрақ.

Рᵃ – тілдің тік қалпына қарай – *төменді,* ерін қалпына қарай – *ашық езулік,* тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, кейінді* дауыссыз дыбыс.

Сөз құрамындағы құрақтардың үйлесім әуезі біркелкі *төменді, ашық езулік, кейінді* болғандықтан, сөздің өне бойына тән үйлесім



әуез де *төменді, ашық езулік, кейінді* болып шығады.

9.1-сурет. [Асар] сөзінің құрама желісі

9.2 Кейінді, *төменді,* езулік/кейінді, *жоғарылы,* езулік үйлесім әуезді сөздердің жасалым желісі

Кейінді, төменді, езулік/кейінді, жоғарылы, езулік **[асық]** сөзінің құрамындағы құрақтардың жасалым сипаты (9.2-сурет).

Бірінші (дауысты) құрақ.

А – тілдің тік қалпына қарай – *төменді,* ерін қатысына қарай – *ашық езулік,* тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, кейінді* дауысты дыбыс.

Екінші (буын) құрақ.

Сʸ – тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы,* ерін қалпына қарай

қысаң езулік, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, қысаң езулік, кейінді* дауыссыз дыбыс.

Ы – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дыбыс.


Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, қысаң езулік, кейінді* дауысты дыбыс.

Үшінші (дауыссыз) құрақ.

Қ^{ы} – тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы,* ерін қалпына қарай *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, қысаң езулік, кейінді* дауыссыз дыбыс.

Сөз құрамындағы құрақтардың үйлесім әуезі біркелкі *кейінді* болғандықтан, сөздің өне бойына тән үйлесім әуез де *кейінді* болып шығады.



9.2-сурет. [Асық] сөзінің құрама желісі

9.3 Кейінді, *төменді,* езулік/кейінді, *жоғарылы,* еріндік үйлесім әуезді сөздердің жасалым желісі

Кейінді, төменді, езулік/кейінді, жоғарылы, еріндік **[асұу]** сөзінің құрамындағы құрақтардың жасалым сипаты (9.3 сурет).

Бірінші (дауысты) құрақ.

А – тілдің тік қалпына қарай – *төменді,* ерін қатысына қарай – *ашық езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, кейінді* дауысты дыбыс.

Екінші (буын) құрақ.

С^{ұ} – тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы,* ерін қалпына қарай


доғал еріндік, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, кейінді* дауыссыз дыбыс.

У – тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, кейінді* дауыссыз дыбыс.

Сөз құрамындағы құрақтардың үйлесім әуезі біркелкі *кейінді* болғандықтан, сөздің өне бойына тән үйлесім әуез де *кейінді* болып шығады.



9.3-сурет. [Асұу] сөзінің құрама желісі

9.4 Ілгерінді, төменді, езулік үйлесім әуезді сөздердің жасалым желісі

Кейінді, төменді, езулік **[әл]** сөзінің құрамындағы құрақтардың жасалым сипаты (9.4-сурет).

Бірінші (дауысты) құрақ.

Ә – тілдің тік қалпына қарай – *төменді*, ерін қатысына қарай – *ашық езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, ілгерінді* дауысты дыбыс.


Екінші (дауыссыз) құрақ.

Л[э] – тілдің тік қалпына қарай – *төменді*, ерін қалпына қарай – *ашық езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Сөз құрамындағы құрақтардың үйлесім әуезі біркелкі *төменді,*

ашық езулік, ілгерінді болғандықтан сөздің өне бойына тән үйлесім әуез де *төменді, ашық езулік, ілгерінді* болып шығады.



9.4-сурет. [Әл] сөзінің құрама желісі

9.5 Ілгерінді, *төменді*, езулік/ілгерінді, *жоғарылы*, езулік үйлесім әуезді сөздердің жасалым желісі.

Ілгерінді, *төменді*, езулік/ілгерінді, *жоғарылы*, езулік **[әзіл]** сөзінің құрамындағы құрақтардың жасалым сипаты (9.5-сурет).

Бірінші (дауысты) құрақ.

Ә – тілдің тік қалпына қарай – *төменді*, ерін қатысына қарай – *ашық езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, ілгерінді* дауысты дыбыс.

Екінші (буын) құрақ.

З^{і}, – тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы,* ерін қалпына қарай *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, қысаң езулік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

І - тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дыбыс.


Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, қысаң езулік, ілгерінді* дауысты дыбыс.

Үшінші (дауыссыз) құрақ.

Л^{і} – тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы,* ерін қалпына қарай *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, қысаң езулік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Сөз құрамындағы құрақтардың үйлесім әуезі біркелкі *ілгерінді* болғандықтан, сөздің өне бойына тән үйлесім әуез де *ілгерінді* болып шығады.



9.5-сурет. [Әзіл] сөзінің құрама желісі

9.6 Кейінді, жоғарылы, езулік үйлесім әуезді сөздердің жасалым желісі

Кейінді, жоғарылы, езулік **[ыйық]** сөзінің құрамындағы құрақтардың жасалым сипаты (9.6-сурет).

Бірінші (дауысты) құрақ.

Ы – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, қысаң езулік, кейінді* дауысты дыбыс.

Екінші (буын) құрақ.

Йы – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қалпына қарай – *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, қысаң езулік, кейінді* дауыссыз дыбыс.

Ы – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дыбыс.


Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, қысаң езулік, кейінді* дауысты дыбыс.

Үшінші (дауыссыз) құрақ.

Қы – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, қысаң езулік, кейінді* дауыссыз дыбыс.

Сөз құрамындағы құрақтардың үйлесім әуезі біркелкі *жоғарылы, қысаң езулік, кейінді* болғандықтан, сөздің өне бойына тән үйлесім әуез де *жоғарылы, қысаң езулік, кейінді* болып шығады.



9.6-сурет. [Ыйық] сөзінің құрама желісі

9.7 Кейінді, *жоғарылы,* езулік/кейінді, *төменді,* езулік үйлесім әуезді сөздердің жасалым желісі

Кейінді, *жоғарылы,* езулік/кейінді, *төменді,* езулік **[ылаң]** сөзінің құрамындағы құрақтардың жасалым сипаты (9.7-сурет).

Бірінші (дауысты) құрақ.

Ы – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, қысаң езулік, кейінді* дауысты дыбыс.

Л[а] – тілдің тік қалпына қарай *төменді,* ерін қалпына қарай – *ашық езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, кейінді* дауыссыз дыбыс.

А – тілдің тік қалпына қарай – *төменді,* ерін қатысына қарай – *ашық езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дыбыс.


Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, кейінді* дауысты дыбыс.

Ң[а] – тілдің тік қалпына қарай – *төменді,* ерін қалпына қарай – *ашық езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, кейінді* дауыссыз дыбыс.

Сөз құрамындағы құрақтардың үйлесім әуезі біркелкі *кейінді*

болғандықтан сөздің өне бойына тән үйлесім әуез де *кейінді* болып шығады.



9.7-сурет. [Ылаң] сөзінің құрама желісі

9.8 Кейінді, *жоғарылы,* езулік/кейінді, *жоғарылы,* еріндік үйлесім әуезді сөздердің жасалым желісі

Кейінді, *жоғарылы,* езулік/кейінді, *жоғарылы,* еріндік **[ысұу]** сөзінің құрамындағы құрақтардың жасалым сипаты (9.8-сурет).

Бірінші (дауысты) құрақ.

Ы – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, қысаң езулік, кейінді* дауысты дыбыс.


Екінші (буын) құрақ.

С^{ұ} – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы,* ерін қалпына қарай – *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, кейінді* дауыссыз дыбыс.

Ұ – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, кейінді* дауысты дыбыс.



9.8-сурет. [Ысұу] сөзінің құрама желісі

Үшінші (дауыссыз) құрақ.

У – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, кейінді* дауыссыз дыбыс.

Сөз құрамындағы құрақтардың үйлесім әуезі біркелкі *жоғарылы, кейінді* болғандықтан, сөздің өне бойына тән үйлесім әуез де *жоғарылы, кейінді* болып шығады.

9.9 Ілгерінді, жоғарылы, езулік үйлесім әуезді сөздердің жасалым желісі

Ілгерінді, жоғарылы, езулік **[ійін]** сөзінің құрамындағы құрақтардың жасалым сипаты (9.9-сурет).

Бірінші (дауысты) құрақ.

І – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, қысаң езулік, ілгерінді* дауысты дыбыс.


Екінші (буын) құрақ.

Й[1] – тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: – *жоғарылы, қысаң езулік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

І – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, қысаң езулік, ілгерінді* дауысты дыбыс.



9.9-сурет. [Ійін] сөзінің құрама желісі

Үшінші (дауыссыз) құрақ.


H^i – тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, қысаң езулік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Сөз құрамындағы құрақтардың үйлесім әуезі біркелкі *жоғарылы, қысаң езулік, ілгерінді* болғандықтан, сөздің өне бойына тән үйлесім әуез де *жоғарылы, қысаң езулік, ілгерінді* болып шығады.

9.10 Ілгерінді, *жоғарылы, қысаң езулік*/ілгерінді, *төменді, ашық езулік* үйлесім әуезді сөздердің жасалым желісі

Ілгерінді, *жоғарылы, қысаң езулік*/ілгерінді, *төменді, ашық езулік* **[сірә]** сөзінің құрамындағы құрақтардың жасалым сипаты (9.10-сурет).



9.10-сурет. [Сірә] сөзінің құрама желісі

Бірінші (буын) құрақ.

C^i – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *ілгерінді, жоғарылы, қысаң езулік* дауыссыз дыбыс.

I – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *ілгерінді, жоғарылы, қысаң езулік* дауысты дыбыс.

Екінші (буын) құрақ.

P^3 – тілдің тік қалпына қарай – *төменді*, ерін қалпына қарай *ашық езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Ә – тілдің тік қалпына қарай – *төменді*, ерін қатысына қарай – *ашық езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, ілгерінді* дауысты дыбыс.

Сөз құрамындағы құрақтардың үйлесім әуезі біркелкі *ілгерінді* болғандықтан, сөздің өне бойына тән үйлесім әуез де *ілгерінді* болып шығады.

9.11 Ілгерінді, *жоғарылы*, қысаң езулік/ілгерінді, *жоғарылы*, доғал еріндік үйлесім әуезді сөздердің жасалым желісі

Ілгерінді, жоғарылы, *қысаң езулік*/ілгерінді, жоғарылы, *доғал еріндік* **[ілүу]** сөзінің құрамындағы құрақтардың жасалым сипаты (9.11-сурет).

Бірінші (дауысты) құрақ.

І – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дыбыс.


Үйлесім жасалым белгілері: *ілгерінді, жоғарылы, қысаң езулік* дауысты дыбыс.

Екінші (буын) құрақ.

Лү – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *ілгерінді, жоғарылы, доғал еріндік* дауыссыз дыбыс.

Сөз құрамындағы құрақтардың үйлесім әуезі біркелкі *жоғарылы, ілгерінді* болғандықтан, сөздің өне бойына тән үйлесім әуез де *жоғарылы, ілгерінді* болып шығады. Осы жасалым сипаттамаларға сүйене отырып *ілүу* сөзінің жасалым тізбегін модельдейміз.



9.11-сурет. [Ілүу] сөзінің құрама желісі


9.12 Кейінді, жоғарылы, доғал еріндік үйлесім әуезді сөздердің жасалым желісі

Кейінді, жоғарылы, доғал еріндік **[ұлұс]** сөзінің құрамындағы құрақтардың жасалым сипаты (9.12-сурет).

Бірінші (дауысты) құрақ.

Ұ – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, кейінді* дауысты дыбыс.



9.12-сурет. [Ұлұс] сөзінің құрама желісі

Екінші (буын) құрақ.

Л^{ұ} – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қалпына қарай – *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, кейінді* дауыссыз дыбыс.

Ұ – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, кейінді* дауысты дыбыс.

Үшінші (дауыссыз) құрақ.

С^{ұ} – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қалпына қарай – *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, кейінді* дауыссыз дыбыс.

Сөз құрамындағы құрақтардың үйлесім әуезі біркелкі *жоғарылы, доғал еріндік, кейінді* болғандықтан сөздің өне бойына тән үйлесім әуез де *жоғарылы, доғал еріндік, кейінді* болып шығады.

9.13 Кейінді, *жоғарылы, қысаң еріндік*/кейінді, *төменді, ашық езулік* үйлесім әуезді сөздердің жасалым желісі

Кейінді, *жоғарылы, доғал еріндік, кейінді*/ *төменді, ашық езулік, кейінді* **[ұран]** сөзінің құрамындағы құрақтардың жасалым сипаты (9.13-сурет).

Бірінші (дауысты) құрақ.

Ұ – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, кейінді* дауысты дыбыс.


Екінші (буын) құрақ.

Р[а] – тілдің тік қалпына қарай – *төменді*, ерін қалпына қарай – *ашық езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, кейінді* дауыссыз дыбыс.

А – тілдің тік қалпына қарай – *төменді*, ерін қатысына қарай – *ашық езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, кейінді* дауысты дыбыс.



9.13-сурет. [Ұран] сөзінің құрама желісі

Үшінші (дауыссыз) құрақ.

Н[а] – тілдің тік қалпына қарай – *төменді*, ерін қалпына қарай *ашық езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, кейінді* дауыссыз дыбыс.

Сөз құрамындағы құрақтардың үйлесім әуезі біркелкі *кейінді* болғандықтан, сөздің өне бойына тән үйлесім әуез де *кейінді* болып шығады.

9.14 Ілгеріңді, жоғарылы, доғал еріндік үйлесім әуезді сөздердің жасалым желісі.

Ілгеріңді, жоғарылы, доғал еріндік **[үшүн]** сөзінің құрамындағы құрақтардың жасалым сипаты (9.14-сурет).

Бірінші (дауысты) құрақ.


Ү - тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгеріңді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, ілгеріңді* дауысты дыбыс.

Екінші (буын) құрақ.

Ш^{ү} – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгеріңді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, ілгеріңді* дауыссыз дыбыс.



9.14-сурет. [Үшін] сөзінің құрама желісі

Ү - тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгеріңді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, ілгеріңді* дауысты дыбыс.

Үшінші (дауыссыз) құрақ.


Н^{ү} – тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгеріңді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, ілгеріңді* дауыссыз дыбыс.

Сөз құрамындағы құрақтардың үйлесім әуезі біркелкі *жоғарылы, доғал еріндік, ілгеріңді* болғандықтан, сөздің өне бойына тән үйлесім әуез де *жоғарылы, доғал еріндік, ілгеріңді* болып шығады.

9.15.Ілгерінді, *жоғарылы, доғал еріндік*/ілгерінді, *төменді, ашық езулік* үйлесім әуезді сөздердің жасалым желісі

Ілгерінді, *жоғарылы*, *доғал еріндік*/ілгерінді, *төменді*, *ашық езулік* **[күнә]** сөзінің құрамындағы құрақтардың жасалым сипаты (9.15-сурет).



9.15-сурет. [Күнә] сөзінің құрама желісі

Бірінші (дауысты) құрақ.

Ү - тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, ілгерінді* дауысты дыбыс.

Екінші (буын) құрақ.

Н^{э} – тілдің тік қалпына қарай – *төменді,* ерін қалпына қарай *ашық езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Ә – тік қалпына қарай – *төменді*, ерін қатысына қарай – *ашық езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, ілгерінді* дауысты дыбыс.

Сөз құрамындағы құрақтардың үйлесім әуезі біркелкі *ілгерінді* болғандықтан, сөздің өне бойына тән үйлесім әуез де *ілгерінді* болып шығады.

9.16 Ілгерінді, жоғарылы, емеурін езулік үйлесім әуезді сөздердің жасалым желісі

Ілгерінді, жоғарылы, емеурін езулік **[елес]** сөзінің құрамындағы құрақтардың жасалым сипаты (9.16-сурет).



9.16-сурет. [Елес] сөзінің құрама желісі

Бірінші (дауысты) құрақ.

Е – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *емеурін езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, емеурін езулік, ілгерінді* дауысты дыбыс.

Екінші (буын) құрақ.

Л^{е} – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *емеурін езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, емеурін езулік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Е – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *емеурін езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, емеурін езулік, ілгерінді* дауысты дыбыс.

Үшінші (дауыссыз) құрақ.

С^{е} – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *емеурін езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, емеурін езулік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Сөз құрамындағы құрақтардың үйлесім әуезі біркелкі *жоғарылы, емеурін езулік, ілгерінді* болғандықтан, сөздің өне бойына тән үйлесім әуез де *жоғарылы, емеурін езулік, ілгерінді* болып шығады.

9.17 Ілгерінді, жоғарылы, *емеурін езулік*/ілгерінді, жоғарылы, *қысаң езулік* үйлесім әуезді сөздердің жасалым желісі

Ілгерінді, жоғарылы, *емеурін езулік*/ілгерінді, жоғарылы, *қысаң езулік* **[елік]** сөзінің құрамындағы құрақтардың жасалым сипаты (9.17 сурет).

Бірінші (дауысты) құрақ.

Е – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *емеурін езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, емеурін езулік, ілгерінді* дауысты дыбыс.


Екінші (буын) құрақ.

Л^{i} – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, қысаң езулік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

І – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, қысаң езулік, ілгерінді* дауысты дыбыс.



9.17-сурет. [Елік] сөзінің құрама желісі

Үшінші (дауыссыз) құрақ.

К^{i} – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қалпына қарай – *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, қысаң езулік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Сөз құрамындағы құрақтардың үйлесім әуезі біркелкі *ілгерінді* болғандықтан, сөздің өне бойына тән үйлесім әуез де *ілгерінді* болып шығады.

9.18.Ілгерінді, жоғарылы, *емеурін езулік*/ілгерінді, жоғарылы, *доғал еріндік* үйлесім әуезді сөздердің жасалым желісі

Ілгерінді, жоғарылы, *емеурін езулік*/ілгерінді, жоғарылы, *доғал еріндік* **[елүу]** сөзінің құрамындағы құрақтардың жасалым сипаты (9.18-сурет).

Бірінші (дауысты) құрақ.

Е – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *емеурін езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, емеурін езулік, ілгерінді* дауысты дыбыс.


Екінші (буын) құрақ.

Л^{У} – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қалпына қарай – *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Ү – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, ілгерінді* дауысты дыбыс.



9.18-сурет. [Елүу] сөзінің құрама желісі

Үшінші дауыссыз құрақ.

У^{У} – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Сөз құрамындағы құрақтардың үйлесім әуезі біркелкі *ілгерінді* болғандықтан, сөздің өне бойына тән үйлесім әуез де *ілгерінді* болып шығады.

9.19 Кейінді, жоғарылы, сүйір еріндік үйлесім әуезді сөздердің жасалым желісі

Ілгерінді, жоғарылы, сүйір еріндік **[ор]** сөзінің құрамындағы құрақтардың жасалым сипаты (9.19-сурет).

Бірінші (дауысты) құрақ.

О – тілдің тік қалпына қарай (екінші сыңары) – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *сүйір еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дыбыс.


Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, сүйір еріндік, кейінді* дауысты дыбыс.

Екінші (дауыссыз) құрақ.

Р° – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *сүйір еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, сүйір еріндік, кейінді* дауыссыз дыбыс.

Сөз құрамындағы құрақтардың үйлесім әуезі біркелкі *жоғарылы, сүйір еріндік, кейінді* болғандықтан, сөздің өне бойына тән үйлесім әуез де *жоғарылы, сүйір еріндік, кейінді* болып шығады.



9.19-сурет. [Ор] сөзінің құрама желісі

9.20 Кейінді, жоғарылы, *сүйір еріндік*/кейінді, жоғарылы, *доғал еріндік* үйлесім әуезді сөздердің жасалым желісі

Кейінді, жоғарылы, *сүйір еріндік*/кейінді, жоғарылы, *доғал еріндік* **[орұн]** сөзінің құрамындағы құрақтардың жасалым сипаты (9.20-сурет).

Бірінші (дауысты) құрақ.

О – тілдің тік қалпына қарай (екінші сыңары) – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *сүйір еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, сүйір еріндік, кейінді* дауысты дыбыс.



9.20-сурет. [Орұн] сөзінің құрама желісі

Екінші (буын) құрақ.

Рᵞ – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қалпына қарай – *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, кейінді* дауыссыз дыбыс.

Ұ – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, кейінді* дауысты дыбыс.

Үшінші (дауыссыз) құрақ.

Нᵞ – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қалпына қарай – *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, кейінді* дауыссыз дыбыс.

Сөз құрамындағы құрақтардың үйлесім әуезі біркелкі *жоғарылы, кейінді* болғандықтан, сөздің өне бойына тән үйлесім әуез де *жоғарылы, кейінді* болып шығады.

9.21 Кейінді, *жоғарылы, сүйір еріндік*/кейінді, *төменді, ашық езулік* үйлесім әуезді сөздердің жасалым желісі

Кейінді, жоғарылы, *сүйір еріндік*/кейінді, төменді, *ашық езулік* **[орақ]** сөзінің құрамындағы құрақтардың жасалым сипаты (9.21-сурет).



9.21-сурет. [Орақ] сөзінің құрама желісі

Бірінші (дауысты) құрақ.

О – тілдің тік қалпына қарай (екінші сыңары) – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *сүйір еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, сүйір еріндік, кейінді* дауысты дыбыс.

Р[а] – тілдің тік қалпына қарай – *төменді*, ерін қалпына қарай *ашық езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, кейінді* дауыссыз дыбыс.

Р[а] – тілдің тік қалпына қарай *төменді*, ерін қалпына қарай *ашық езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, кейінді* дауыссыз дыбыс.

Қ[а] – тілдің тік қалпына қарай – *төменді*, ерін қалпына қарай *ашық езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді, ашық езулік, кейінді* дауыссыз дыбыс.

Сөз құрамындағы құрақтардың үйлесім әуезі біркелкі *кейінді* болғандықтан, сөздің өне бойына тән үйлесім әуез де *кейінді* болып шығады.

9.22 Ілгерінді, жоғарылы, сүйір еріндік үйлесім әуезді сөздердің жасалым желісі

Ілгерінді, жоғарылы, сүйір еріндік **[өлөң]** сөзінің құрамындағы құрақтардың жасалым сипаты (9.22-сурет).

Бірінші (дауысты) құрақ.

Ө - тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *сүйір еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, сүйір еріндік, ілгерінді* дауысты дыбыс.



9.22-сурет. [Өлөң] сөзінің құрама желісі

Екінші (буын) құрақ.

Л° – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *сүйір еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, сүйір еріндік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Ө – тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *сүйір еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, сүйір еріндік, ілгерінді* дауысты дыбыс.

Үшінші (дауыссыз) құрақ.

Ң° – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *сүйір еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, сүйір еріндік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Сөз құрамындағы құрақтардың үйлесім әуезі біркелкі *жоғарылы, сүйір еріндік, ілгерінді* болғандықтан, сөздің өне бойына тән үйлесім әуез де *жоғарылы, сүйір еріндік, ілгерінді* болып шығады.

9.23 Ілгерінді, *жоғарылы, сүйір еріндік*/ілгерінді, *жоғарылы, доғал еріндік* үйлесім әуезді сөздердің жасалым желісі

Ілгерінді, жоғарылы, *сүйір еріндік*/ілгерінді, жоғарылы, *доғал еріндік* **[өсүм]** сөзінің құрамындағы құрақтардың жасалым сипаты (9.23-сурет).



9.23-сурет. [Өсүм] сөзінің құрама желісі

Бірінші (дауысты) құрақ.

Ө – тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *сүйір еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, сүйір еріндік, ілгерінді* дауысты дыбыс.

Екінші (буын) құрақ.

С^{У} – тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

У - тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қатысына қарай – *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, ілгерінді* дауысты дыбыс.

Үшінші (дауыссыз) құрақ.

М^{У} – тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін дөңгеленіп барып жасалады, ерін қалпына қарай **доғал еріндік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгергі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады.

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай – *жоғарылы*, ерін қалпына қарай – *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай – *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Сөз құрамындағы құрақтардың үйлесім әуезі біркелкі *жоғарылы, ілгерінді* болғандықтан сөздің өне бойына тән үйлесім әуез де *жоғарылы, ілгерінді* болып шығады.

Үйлесім әуезді құрақтар тіркесімінің өзіндік реті бар. Олардың тіркесім реті буын және сөз деңгейінде карастырылу керек. "+" белгісімен өзара тіркесе алатын құрақтар, ал "-" белгісімен өзара тіркесе алмайтын құрақтар көрсетіледі. Құрақтар тік жақшаға [] алынып беріледі.

1.Өзара тіркеспейтін үйлесім құрақтар.

1.1.Сөз деңгейінде өзара тіркеспейтін құрақтар.

1.1.2.Ілгерінді/кейінді үйлесім әуезді құрақтар бір сөздің құрамында ешқашан кездеспейді;

1.2.Буын деңгейінде өзара тіркеспейтін құрақтар.

1.2.1.Ілгерінді/кейінді үйлесім әуезді құрақтар бір буынның құрамында ешқашан кездеспейді **[б^{а}]-[ə], [т^{і}]-[ы], [а]-[т^{і}], [і]-[с^{а}], [о]-[н^{ы}]** т.б.

1.2.2.Езулік/еріндік үйлесім әуезді құрақтар бір буынның құрамында ешқашан кездеспейді **[б^{а}]-[ұ], [б^{і}]-[р^{ы}], [а]-[л^{ұ}], [ө]-[р^{і}]** т.б.

1.2.3.Жоғарылы/төменді үйлесім әуезді құрақтар бір буынның құрамында ешқашан кездеспейді **[б^{а}]-[ы], [б^{і}]-[ə], [ы]-[с^{а}], [і]-[с^{ə}]** т.б.

2.Өзара тіркесе беретін құрақтар:

2.1.Буын деңгейінде өзара тіркесе беретін құрақтар.

2.1.1.Кейінді, төменді, езулік үйлесім әуезді құрақтар **[т^{а}]+[а], [а]+[т^{а}]**

2.1.2.Ілгерінді, төменді, езулік үйлесім әуезді құрақтар **[т^{ə}]+[ə], [ə]+[т^{ə}]**

2.1.3.Кейінді, жоғарылы, езулік үйлесім әуезді құрақтар**[б^{ы}]+[ы], [ы]+[с^{ы}]**

2.1.4.Ілгерілі, жоғарылы, езулік үйлесім әуезді құрақтар **[б^{і}]+[і], [і]+[н^{і}]**

2.1.5.Кейінді, жоғарылы, еріндік үйлесім әуезді құрақтар **[бʸ]+[ұ], [ұ]+[тʸ]**

2.1.6.Ілгерінді, жоғарылы, еріндік үйлесім әуезді құрақтар **[тʸ]+[ү], [ү]+[тʸ]**

2.2.Сөз деңгейіндегі өзара тіркесе беретін құрақтар.

Кейінді, езулік/кейінді, езулік әуезді үйлесім құрақтар **[та]+[ра], [а]+[ты]**

Ілгерінді, езулік/ілгерінді, езулік әуезді үйлесім құрақтар **[бә]+[рі], [сі]+[рә]**

Кейінді, еріндік/кейінді, еріндік әуезді үйлесім құрақтар**[то]+[рұ], [ұ]+[лұ]**

Ілгерінді, еріндік/ілгерінді/еріндік әуезді үйлесім құрақтар**[бө]+[рү], [сө]+[рө]**

Кейінді, езулік/кейінді, еріндік әуезді үйлесім құрақтар **[та]+[уұ], [а]+[уұ]+[л]**

Ілгерінді, езулік/ілгерінді/еріндік әуезді үйлесім құрақтар **[е]+[лү]+[у], [сі]+[рә]**

Жоғарылы, езулік/ төменді, езулік әуезді үйлесім құрақтар **[ты]+[нұ]+[у], [і]+[лү]+[у]**

Төменді, езулік/жоғарылы, еріндік әуезді үйлесім құрақтар **[а]+[рұ]+[у], [сә]+[үү]+[р]** т.б.

Құрама сөздер мәселесінің (проблемасының) теория-практикалық зерттелім нәтижесіне қолданба тілтаным (лингвистика) зәру болып отыр. Сондықтан да бұл бағыттағы ізденістерге баса назар аудару керек болады.

10 ҚАЗАҚ ФОНЕТИКАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛІМІ

10.1 Қазақ тіліндегі үндесім (сингармонизм) жайлы (Әлімбаев)

Лингвист-мамандар түркі оның ішінде қазақ тіліндегі үндесім (сингармонизм) құбылысына әрқашан көңіл бөліп отырған [Әлімбаев]. Тілдік құбылыс ретінде оның фонетикалық (артикуляциясы) және фонологиялық (қызметі) сипатына қатар көңіл бөліп отырған. Фонетикалық теориялардың даму деңгейіне лайық фонетикалық сипаттамасы беріліп, тілдегі қызметі жайлы пікірлер қорытылып жатты.

Жалпы түркі тілінің басты ерекшеліктері ретінде өзге ғылым мамандары да көне жазу ережелерінің, әсіресе оның әліпби құрамының соншалықты дәл және нақты жасалғанын атап көрсетеді. Мысалы, тарих маманы В.В.Бартольд өзінің лингвист емес екенін атай отырып, сонда да болса көне түркі жазуының өте ыңғайлы жасалғанын атап өткісі келетінін білдіреді. Ғалымның "Турки, по-видимому, не только заимстовали готовый алфавит, но прибавили к нему некоторые новые знаки... Сверх того, алфавит был приспособлен турками к фонтичесим особенностям своего языка, особенно к закону звуковой гармонии; вследствие этого самый старый из турецких алфавитов в то же время должен быть признан самым совершенным из алфавитов, когда либо употреблявшихся турками" [1,9] – деп түйіндейді өзінің ойын. Өз кезінің әмбебап зерттеушісі болған В.В.Бартольд түркі жазуының дыбыс құрамы тілдің ішкі заңдылықтарымен өте тығыз қабысып жатқандығын, сөйтіп сөздің дыбыс құрамын өте дәл көресетінін алға тартады.

Көне түркі жазуының жетілген жазу екендігіне қарап, сол кездегі халық мәдениетінің жоғары болғандығын болжайды. Ол туралы ғалым "Слог и выражения надписей заставляют полагать, что состояние культуры народа было не так низко, как можно было бы ожидать по обстановке кочевой жизни" [1,10] – деп жазады өзінің түркі жұртының тарихына арналған белгілі еңбегінде.

Көне түркі жазуынан қалған деректер – тілдің сол тұстағы айтылым қалпын жазудың айнытпай көрсететінінің айғағы. Сингармонизмге құрылған көне түркі жазуы түркі сөздерінің о бастағы үндесім айтылым үлгілерінің беріге дейін бұзылмай келе жатқандығын дәлелдейді.

Түркі сөздерінің үндесім айтылымы жайлы сөз болғанда ол заңдылық жайлы басты деректерді XIX ғасыр ғалымдарының еңбектерінен іздеуге тура келеді. Себебі жоғарыда айтылғандай сол кездегі ғалымдар өздерінің еңбектерін "тірі" тілді (*живой язык* деген мағанада) бақылау арқылы жазды. "Тірі" тілді деп отырғанымыз ол ғалымдар ел аралып, халықтың ортасында жүріп, "қалай естісе, солай жазып алып" отырғаны белгілі. Халық тілінің жазумен бұзылмаған, ең таза көрсеткіші ретінде осы деректерді қабылдау керек болады. Ондай деректер Н.И.Ильминский [2,], В.В.Радлов [3;4], П.М.Мелиоранский [5,] т.б. еңбектерінен [6;7] табылады. Аталған ғалымдар қалдырған жазба мұраларда қазақ сөзінің үндесім айтылым үлгілеріне қатысты өте қызықты материалдар табуға болады. Қазіргі кездегі жазу ықпалымен өшіп бара жатқан қазақ сөзінің үндесім айтылым үлгілерінің о бастағы төркін дыбысталуын өзара салыстырып қараудың маңызы зор болмақ. Сонда ғана тілдің дыбыс құрамы мен дыбыс жүйесіндегі өзгерістерді анық байқап, тілдің болашағы жайлы болжам жасауға болады.

Алғашқы қазақ грамматикасының авторы Н.И.Ильминскийдің тілді ел арасында жүріп зерттеудің маңызы жайлы мына пікіріне арнайы тоқталмақпыз. Ғалым Орынбор жағындағы қазақтардың тілінде татар тілінің ықпалы мол екенін айта келіп, қазақ тілін тек ел арасына барып қана таза үйренуге және таза күйінде естуге болатынын алға тартады. Осыған орай "К сожалению мусульманская грамотность, занесенная в степь татарами и теперь весьма распространяющаяся между киргизами, приняло татарское направление; так что во всей киргизской переписке едва ли найдется одна бумага, одно письмо, которое было бы написано чисто по киргизский; к тому же арабско-татарский алфавит не выражает точно киргизских звуков, особенно гласных. Даже записанные некоторые киргизские памятники, сколько мне случалось видеть, носят более или менее глубокие следы татарского влияния.

По этому для человека живущего не в Оренбурге во все невозможно познакомиться с киргизским наречием по книгам; в нашей ученой литературе есть только весьма не много кратких, отрывочных заметок о киргизском наречий. *Изучить его можно только среди киргизов* (ерекшелген – біз)" [2,5].

Ғалымның бұл пікіріне арнайы тоқталып отырған себебімізді тағы да қайталай кетейік: қазақ сөзінің дұрыс және таза үндесім

үлгісін тек ауызекі сөйлеу тілін бақылау арқылы ғана дөп басып, қағазға түсіруге болады. Ал жазу үлгісі болса, бұрын да, әсіресе кәзір де үндесім үлгісін бұзып көрсетеді.

Сингармонизм құбылысы тіл ерекшелігі ретінде сол кезде-ақ зерттеушілер назарына ілінген. Мысалы, Н.И. Ильминский "үндесім (үндестік) заңы" деген атпен оған арнайы тоқталған және үндесім заңдылығын бүкіл түркі тілдеріне тән құбылыс ретінде атайды: "Закон созвучия по которому и известном слове, сколько бы оно длинно ни были, все гласные и согласные должны быть либо толстые, либо тонкие, - закон общий всем языкам тюркского семейства, существует и в киргизском наречий" [2,14]. Бұл жерде сингармонизмнің түркі тілдерін топтаудың белгісі ретінде қабылданғанын көреміз. Үндесім құбылысын тілдік белгі ретінде алған ғалым қазақ тілін осы белгісіне сүйеніп, түркі тілдерінің қатарына жатқызып отыр.

Қазақ тілі дыбыстарының құрамын анықтай келіп, дауыстыларды екі топқа жұптап берген, өйткені олардың айтылымы жоғарыда көрсетілген үндесім заңына сәйкес екіге жіктелетінін көрсетуге тырысқан: "Гласные – а, ә, е, ы, і, о, ө, ұ, ү. Согласные - п, б, м, у[w], т, д, н, ж, з, ш, с, р, л, й, қ, ғ, к, г, ң. Гласные расположены нами по-парно. Первую в каждой паре назовем толстою, вторую (и ә) тонкою. Толстые, в отношении степени толстоты, сходны с русскими, тонкие же все равномерно чужды остроты русских гласных, напр. *те* киргизское - русскому тэ" [2,6]. Автор қолданған "жуан жіңішке" атауларының да сол кезде қалыптаса бастағанын көреміз. Ең бастысы, орыс тілінің ықпалымен "твердый/мягкий" атауларының тікелей аудармасын іздемей, "толыстый/тонкий" атауларын алғанын байқаймыз. Бұл атаулар қазақ тілінде орнығып, тұрақты және үйреншікті зерттеу құралына айналып отыр.

Ғалым еңбегінің аса бір құнды тұсы деп оның дауыссыздарға қатысты айтқан пікірін алуға болады. Н.И.Ильминский қазақ тілінде дауыссыздардың да жуан-жіңішке болып айтылатынын аңғарған: "Подобно гласным согласные бывают толстые и тонкие. Гортанные различаются в этом отношении так резко, что нельзя было бы не дать им особого начертания; прочие же согласные все и каждая могут быть толстою и тонкою смотря по гласной, напр. *ат, ет.* И так как это определяется *системою звуков* (ерекшелеген – біз), то мы и не отличили этой двоякости согласных никаким значком" [2,8]. Бұл жерде

ғалым пікірінің екі жағын атауға болады. Бірінші, дауыссыздардың жуан/жіңішкелігін дауысты дыбыстарға таңып отыр. Өйткені ол кезде сингармонизм құбылысын "гармония гласных" деп ұғынған. Сондықтан дауыстылардың ықпалын зерттеушілер басым деп бағалаған. Екіншіден, дауыссыздардың жуан/жіңішке белгісін тілдің ішкі жүйесінен тауып отыр. Бұл сол кездегі фонетикалық теория деңгейі үшін өте жоғары нәтиже деп қарау керек. Шындығында да, қазіргі зерттеулердің нәтижесіне сүйенетін болсақ [8; 9; 10; 11;], онда дауыссыздардың жуан/жіңішкелік белгілері қазақ тілінің құрылымдық ерекшелігін көрсететін бірліктер болып табылады.

Белгілі ғалым В.В.Радлов өзінің неміс тілінде жарық көрген атақты еңбегінде сингармонизмнің фонетикалық сипатын "произносятся при одинаковом положении губ и языка" [3,2] деп берген болса, оның тілдегі қызметін "...причина возникновения гармонии гласных лежит в морфологии и теснейшим образом связана с внутренней формой урало-алтайских языков" [3,50-51] деп түсіндіреді. Ғалымның фонетикалық қорытындысы түркі тілдеріндегі сөз тіл мен еріннің тұрақты бір қалпымен айтылады дегенді көрсетсе, ал сингармонизмді морфологиямен байланыстыруын оның құрылымдық қызмет атқаратынын көрсеткені деп түсінеміз.

Ал В.В.Радлов қалдырған оның негізгі мұрасына келетін болсақ, ол туралы оның атақты "Опыты..." сөздігін қайта бастырып шығарушылар былай деп бағалаған еді: "Опыт словаря тюркских наречий" - итог полувековой работы выдающегося ученого, основателя отечественной школы тюркологии академика Василия Васильевича Радлова (1837-19180) – пользуется всеобщим признанием как единственное в своем роде богатейшее собрание лексики и фразеологии многочисленных живых и древних тюркских языков… материал по многим тюркским языкам и диалектам подчас можно найти только в этом словаре" [от издательства] [4]. Сол ғасырдағы үндесім құбылысынан жан-жақты мәлімет беретін мол мысалды осы сөздіктен таптық. Жоғарыда айтылғандай, сингармонизмнің бұзылмаған үлгісін сол күйінде қағазға түсірген зерттеушілердің ең беделдісі В.В.Радлов болғанын көреміз. Сондықтан да ғалым мұрасын өзіміздің зерттеу нысанамыз ретінде молынан пайдаланғанымызды айта кетуіміз керек. Оның атақты "Сөздігінен" қазақ тіліне қатысты аса бай материал табылып отыр. Ол табылған

материалдың құндылығы сол кездегі қазақ сөзінің айтылым үлгісі таза ауызекі сөйлеу тілінен алынғандығында деп есептейміз.

Академик В.В.Радловтың теориялық тұжырымдарын проф. К.Ш.Хұсайыновтың еңбегіне [12] сүйеніп талдадық, өйткені В.В.Радлов еңбегінің түпнұсқасын қолға түсіру аса қиын екені зерттеушілерге мәлім. Сондықтан да проф.К.Хұсайынов мырзаға зор рахметімізді білдіреміз. Проф.К.Хұсайынов өзінің алдына қойған мақсаты туралы былай дейді: "Цель данной работы – рассмотреть теоретические положения В.В.Радлова, которые имеют непосредственное отношение к истории изучения казахского языка, а также для выявления особенностей развития казахской лексики в советскую эпоху, сопоставить лексические материалы по казахскому языку, собранные В.В.Радловым в начале второй половины прошлого столетия, с фактами современного казахского языка" [12,4]. Біз үшін, бір жағынан, В.В.Радлов еңбегіндегі лексикалық материалдың айтылым үлгісінің маңызы зор болса, екінші жағынан, түркі тілдерінің дыбыс құрамын талдаған зерттеу нәтжелері маңызды болып табылады. Ендеше ғалым еңбегінің лексикалық және теориялық талдауларының нәтижелеріне бірдей назар аударуға тырыстық.

В.В.Радлов түркі тілдеріндегі сингармонизмнің артикуляциясын талдай келіп, оның негізгі артикуляциялық көрінісі ретінде өзіндік белгілерді ұсынады, олар: ауыз қуысының толық қалпы, яғни еріннен көмейге дейін; ауыз қуысының ықшамдалған қалпы, яғни тістен көмейге дейін; ауыз қуысының жартылай қалпы, яни еріннен тіл алдына дейін; ауыз қуысының жартылай ықшамдалған қалпы, яғни тістен тілдің алдына дейін. Ол туралы "В.В.Радлов, разделяя классическую для тюркских языков восьмерку гласных на две группы – лабиализованные и нелабиализованные, последние , на наш взгляд, вполне обоснованно назвал зубными гласными, так как по его описаниям при воспроизведении нелабиальных гласных именно зубы выступают в качестве передней границы рто-глоточного резонатора" [12,73] деп жазады проф. К.Хұсайынов.

В.В.Радлов ұсынған жіктелім ретінің артикуляциялық атауларында ғана айырмашылық байқалады, ал оның ішкі мазмұны осы күнгі жіктелім белгілермен толық сәйкес келеді. Сонымен, біз өз трапымыздан ғалым ұсынған жіктелім түрлеріне лайық мысалдарды оның атақты "Сөздігінен" табуып, көрнекілеп шықтық.

-ауыз қуысының толық қалпы, яғни еріннен көмейге дейін:

ұйқұ, ұмтұл, тұйұқ, тұмұлдұрұқ, жұқтұр, жұлұқ, жұлдұз, жұлдұздұ, жұткұз, жұтұм, жұмұшшұ, сұйұқ, сулу (сұулұ), шұкұр, бұйрұқ, бұрұш, мұрұндұқ, мұрұндұқтұ, ойлұ, қондұрт, қобұз, токұм, тоғұт, тоғұз, тоғұзұншы, тойұмсұз, торұ, толұқ, толтұр, тосұрқа, тоздұр, тобұқ, дойұр, долұ, достұқ, жоқтаусұз т.б.;

-ауыз қуысының ықшамдалған қалпы, яғни тістен көмейге дейін:

айқай, ақша, алдау, қара, найза, нақақ, тауа, тақта, таңдай, дайра, даула, жайдақ, сайра, айқыш, аңды, қайың, нақыш, намыс, тақыйа, тақыр, таңырқа, дақыл, дауластыр, жақсы, жаңбыр, жамырат, сауқтыр, ыстық, қыйынды, қытық, тыйын, жыйын, жыртқыш, сыбыр, ыста, қыйықша, тырнақ, дырау, жалауұқ, жыламсыра, сыйрақ, сықақ, сықақта т.б.;

-ауыз қуысының жартылай қалпы, яни еріннен тіл алдына дейін:

күндүз, күртүк, түкүр, түкүрүк, түйүн, түтүк, түтүн, түстүк, түшкүр, түшкүрүк, жүгүрүс, жүгүрүстүр, жүрүстү, сүйүктү, шүйүншү, шүйүншүлө, шүйүншүлөт, шүкүр, шүйкө, бүйү, бүлүндүр, мүжүк, өңөш, өрлө, көйлөк, көк өлөң, көрөк, көлөңкө, көлөңкөлө, көлбөктө, көлдөнөң, көлдөнөңдө, көдө, көсөм, көбөй, көмкөр, нөкөр, төңөрөк, төңөрөктө, төңкөрмө, төрө, төлө, төлөт, төлдөт, төсөк, төсөн, төскөй, төбө, дөптө, жөнөл, жөндө, жөндөндүр, жөтөл, сөйлө, сөйлөт, сөйлөс, бөгөт, бөрткөн, бөлө, бөлөк, бөтөн, бөшкө, бөжөктө, мөңрө т.б.;

-ауыз қуысының жартылай ықшамдалған қалпы, яғни тістен тілдің алдына дейін:

нәубәт, жәрійә, кәрі, тәрізді, дәрі, іңір, кіріс, кірлі, кірпік, жігіт, сіңір, кіре, кедей, тершең, егін, кекір, кекіл, кекшіл, келін, кесім, негіз, жетінші, семіз, семірт т.б.

"Сөздіктің" құрамындағы лексикалық материалды талдай отырып, үндесімге қатысты көптеген бірегей сөздер таптық, алайда оның бәрін тізіп көрсету мүмкін болмай отыр. Оның үстіне "Сөздік" алпысыншы жылдардың басында қайта басылып шыққан, сондықтан ғылыми көпшілікке таныс. Біз тек қазақ сөзінің бірегей үндесім үлгілерін көрсететін сөздерден ғана мысалдар келтіріп отыруды жөн көрдік.

Сингармонизмнің тілдегі қызметі жайлы жалпы және түркі тіл білімінде әртүрлі пікірлер бар. Соған қарамай негізгі шешім "По мере роста внутренней консолидации слова как основной языковой единицы неизбежно увеличилась и потребность в средствах, которые могли бы противостоять центробежным силам, постоянно сопутствующим агглютинации. Этим централизующим и делимитативным средством и явилась гармония гласных" [12,124] болып табылады.

Енді сингармонизмнің негізгі тілдік қызметіне қатысты пікірлерге шолу жасап көрейік.

Түркі тілдерінің салыстырма грамматикасын [13] жазған білікті мамандардың пікірінше, "Сингармонизм – особый вид согласования звуков. Агглютинирующий тип тюркских языков определяет характер этого согласования. Известно, что словообразование и словоизменение в тюркских языках происходят путем присоединения аффиксов к корневой морфеме. Они наращиваются в определенной последовательности на основе структурно-семантических законов, действующих в конкретном языке. Очевидно, линейный характер наращения аффиксов обусловил и звуковой облик тюркского слова" [13,433] болып табылады. Сингармонизмнің пайда болуын түркі тілдерінің жалғамалық сипатынан деген болжам бұрында айтылып жүрген. Бұл жердегі негізгі ой түбір мен қосымшаның арасындағы үндестік байланыста болып отыр. Сондықтан да сөздің өзіне ғана тән әуез белгісі ескерілмей қалып отыр. Сөйтіп сөздің үндестік әуезі дербес сөздің емес, туынды сөз бөлшектерінің басын құрап тұратын лингвистикалық заңдылық ретінде танылады.

Жалпы түркологияда әбден қалыптасып қалған теория бойынша сингармонизмді "гармония гласных" деп қарастыру осы еңбекте де толық орын алған. Мысалы, монография авторлары "Сингармонизм – организующее средство тюркского слова, средство его цельнооформленности, установления границы слова в тюркском речевом потоке. Определящим элементом в сингармоническом комплексе является гармония гласных, ибо слово состоит из слогов, а основную слогообразовательную функцию несут гласные, которые в сочетании с согласными образуют различные типы слогов в тюркских языках" [13,438] деп жазады. Бұл жерде сингармонизмнің сөздің басын біріктіріп тұратын заңдылық ретінде қарастыруын әбден құптауға

болады. Алайда сингармонизмді дауысты дыбысқа апарып телуіне күмәнмен қарауға тура келеді. Өйткені сингармонизм сегменттік бірлік емес, просодикалық бірлік болып табылады. Сондықтан оның негізін дауысты дыбыс қалайды дей қою қиын.

Сингармонизмнің тілдік табиғатын ашуға тырысқан еңбектер мол. Солардың бірінен "...явление, которое часто называют гармонией гласных и относят только к фонетике под рубрикой ассимиляции гласных, на самом деле гораздо интереснее и структурно содержательнее, чем это кажется на первый взгляд" [14,191] деген проф. Реформатскийдің пікірін табамыз. Сингармонизмді дауысты дыбыстардан бөліп алып, оған бағындырмай, өз алдына бірегей текті құбылыс екенін айтты. Бір қарағанда қарапайым көрінгенімен, құрылымдық тұрғыдан күрделі тілдік құбылыс екенін анық мегзейді.

Ғалым өзінің ойын әрі қарай жалғастыра келіп, сингармонизмді фонетикалық құбылыс деп қарастыруға болмайтындығын, сондай-ақ оны дыбыс түрленімі деп қарауға да болмайтынын баса ескертеді: "Сингармонизм же в таких языках, как тюркские, - не просто фонетическое явление и тем более не только разновидность ассимиляции, а фундаментальное структурно-типологическое явление, затрагивающее не только все уровни фонетического яруса структуры языка, но и ярус морфологический" [14,198]. Проф. Реформатский сингармонизмді іргелі тіл заңдылықтарының қатарына жатқызған алғашқы ғалымдардың бірі болды. Сонымен қатар сингармонизмнің тілдердің жіктелім белгісі ретінде жүретінін де көрсетті.

Мұның өзі сингармонизм теориясының дамуына қосылған үлкен үлес болды.

Жалпы тіл білімінің көрнекті өкілдерінің бірі проф. Бодуэн де Куртэне кезінде былай деп көрсеткен еді: "Гармония гласных в туранских языках служит, так сказать, цементом, соединяющим или связывающим слоги в слова. В арио-европейских языках эту роль соединения слогов в слова играет прежде всего ударение... В арио-европейских словах до тех пор нельзя говорить о цельных словах, пока отделные слоги и сочетания звуков, корни, суффиксы и вообще приставки, окончания и т.д. не соединены в одно целое свойственным одному из них ударением... В туранских языках отдельные слоги и комплексы (сочетания звуков) нужно считать

самостоятельными словечками, если они в известном выражении сохраняют свойственные им гласные, вопреки закону гармонии гласных. Если же они склеены цементом гармонии гласных, в таком случае вместо нескольких односложных слов образуют одно многосложное слово..." [15,322-323]. Ғалым ұсынып отырған басты идея буындардың басын қосып, бүтін сөз етіп тұратын лингвистикалық заңдылық сингармонизм дегенге келіп саяды. Ғалымның сингармонизмді сөздік екпінмен салыстыруында үлкен мән жатыр. Өйткені екеуінің де тілдік қызметі бірдей, ендеше сингармонизмнің бұған дейін көзге ілінбей келе жатқан басты белгісін екпінмен салыстырып барып түсіндерген әдісі өте анық және ұтымды шыққан.

Сөздік екпін мен сингармонизм арасындағы тепе-теңдік жайлы қазақ ғалымдарының арасында да тың пікірлер айтылып келеді [16]. Осыған орай егер проф. Бодуэн де Куртэне айтқандай, сингармонизм буындардың басын біріктіріп сөз құрайтын тілдік заңдылық болса, онда бір буынды сөздердің сингармонизмін қалай түсіндіруге болады. Бұл жерде сингармонизм дыбыстардың басын біріктіріп буын құрайтын, сонан соң барып буындардың басын біріктіріп сөз құрайтын тілдік заңдылық [17] деген пікірдің бар екенін ескерген жөн сықылды.

Түркі тілдерінің білікті маманы проф. Богородицкий сингармонизмге қатысты түбір құрамындағы дауыстылар мен қосымша құрамындағы дауыстыларды бөліп қарау керектігін ұсынады: "...вокализм корня представляет одну существенную особенность сравнительно с вокализмом придаточных морфем: в нем гласные выступают каждый в своей индивидуальности без чередования с другими гласными, тогда как в придаточных морфемах гласные ограничены двумя основными типами – либо гласный широкий, либо узкий, видоизменяющиеся сообразно с вокализмом корневым в отношении палатальности или непалатальности, а также губности или ее отсутствия" [18,117]. Бұл идея кейін көптеген зерттеушілердің ұстанған теориясы болды.

Осы пікірмен үндес, яғни сингармонизмді "гармония гласных" деп түсініп, бірінші буын мен өзге буындарды бір-біріне қарсы қойып түсіндірудің жолын проф. Трубецкой ұсынады: "В тех тюркских языках, где последовательно осуществляется так называемая "гармония гласных", приведенная выше система наличествует в

полном, т.е. фонологически значимом, виде лишь в первом слоге слова; во всех прочих слогах тембровые противоположения нейтрализуются и тембровые признаки гласных непервого слога в своей реализации равняются на гласный предшествующего слога" [19,118]. Бұл жердегі басты көңіл бөлетін мәселе дауыстының басым рөлі болып табылады. "Гармония гласных" идеясы сингармонизмді түсіндірудің негізгі мәні болып қала берді.

Сингармонизм мәселесі о бастан күрделі тілдік құбылыс ретінде танылып келді. Сондықтан оның төңірегіндегі пікірталастар ешқашан толастаған емес. Содан бірте-бірте оның шын мәні ашыла бастады. Мысалы, әзірбайжан ғалымы проф. Киязимов "сингармонизм в тюркских языках распространяется не только на гласные, но и на согласные" [20,94] деген тың пікір қосты. Мұның өзі қазіргі зерттеушілердің ұстанып отырған басты теориясы болып табылады.

Буын деңгейіндегі просодикалық құбылыс тек сингармонизм емес, тілдік қызметі осыған ұқсас буын просодикасы өзге тілдерде де кездеседі. Буын тілдерінің маманы проф. Гордина "Отдельные звуки – элементы слога – привязаны к фонетическому положению и оказываются в тесной зависимости друг от друга и подчиненном положении по отношению к целому" [21,180] деп түсіндіреді вьетнам тіліне қатысты еңбегінде. Ендеше буын құрамындағы дыбыстардың өзара байланысы европа тілдерінен өзгеше болады екен.

Проф. Баскаковтың пікірі осы теорияны толық қолдайды: "Некоторые исследователи считают, что сингармонические слоги строятся не по односторонней зависимости согласных от гласных или гласных от согласных, а определяются характером слога, т.е. характером фонемы, состоящей из элементов гласных и согласных. Эта теория отчасти применима и к фактам тюркских языков, в которых, правда, определяющими фонологическую структуру слова являются все же согласные. А так как в этих языках согласные определяют характер не только слога, но и всего слова, то, как ни пародоксально, понятие фонемы, если слог типа СГС одновременно выступает и в значении самостоятельного слова, совпадает не только целым слогом, но и целым словом, т.е. "слово-фонемой" [22,17]. Бұл жердегі басты ерекшелік буын құрамындағы дауысты емес, керісінше, дауыссыздардың фонологиялық қызметі басым деген тың ой болып табылады. Сонда тіл білімінде әбден қалыптасып қалған "гармония гласныхтың" ор-

нына буын құрылымы дауыссыздарға байланысты деген теория келді. Өз ойының практикалық дәлелі ретінде проф. Баскаков былай дейді: "Приоритет же согласных, их доминирующее значение в фонологическом строении слога, морфемы и целого слова выявляется тем, что без гласных можно графически обозначить слово в то время как без согласных это невозможно" [22,18].

Проф. Ж.Әбуовтың пікірінше, сингармонизмге деген жаңа және шын мәніндегі шынайы көзқарас қазақ тіл білімінде толық қалыптасып болды деуге болады [23].

Мысалы, проф. М.Жүсіпұлы "Тілдің дыбыс қорын сингармонизм фонологиясының бағытында зерттеу үшін, біріншіден, ізденушінің алдында тұрған мәселелерге функционалдық (динамикалық) көзқарасты қалыптастыру керек; екіншіден, қазақша сөйлеу процесінде дыбысталу дағдысының және қазақ артикуляциялық базасының (дыбыстау мүшелерінің) сингармонизм заңына нық бейімделгенін анықтау керек еді. Ал, бұлардың ұйтқысы сингармонизм заңы екендігі, сондықтан ол сингармониялық және бейсингармониялық (акцентті-фонемалық) дыбыстау дағдылары мен артикуляциялық базаларды салыстырып зерттегенде айқын байқалады" [24,7] деп, болашақ зерттеушілердің алдына күрделі мәселе қояды. Егер сингармонизм мәселесін толық шешу керек болса, онда оны жеке бөліп қарамай, басқа тілдердегі өзі тектес тілдік бірліктермен жарыстыра қарастыру керек екенін ұсынады. Сонымен қатар сингармонизмді оның тілдік қызметі тұрғысынан байыптағанда ғана оның табиғатын дұрыс түсінетін боламыз. Басқаша айтқанда, "Сингармонизм – сөздің фонетикалық және фонологиялық бейнесінің просодиялық таңбасы, сөз құрамындағы барлық дыбыстарды (дауысты, дауыссыз, жарты дауысты) қамтиды; сөзді акустикалық және мағыналық жағынан тура қабылдаудың кепілі... Сингармонизмнің тағы бір коммуникативтік қызметі сөздің құрамындағы дыбыстарды біріктіру. Сөз, сөздің құрамындағы буындардың барлығы бір сингармониялық тембрмен сипатталады" [24,107]. Сөйтіп сингармонизм қазақ тіліндегі күрделі құбылыс ретінде сөздің просодикалық белгісі екен, ол сөздің құрамындағы дыбыстардың бәрін қамтиды, соның нәтижесінде дыбыстардың басы бірігіп, бүтін бір сөзге айналады. Ендеше қазақ сөзі тек сингармонизм арқылы ғана дұрыс айтылады, сингармонизм арқылы ғана дұрыс танылады.

Әдебиет

1 *Бартольд В.В. Тюрки.* –Алматы: Жалын, 1998. -192 с.

2 *Ильминский Н.И.* Материалы к изучению киргизского наречия. -Казань, 1860.

3 *Радлов В.В.* Фонетика северных тюркских языков. Лейпциг, 1882 (неміс тілінде).

4 *Радлов В.В.* Опыт словаря тюркских наречий. В 4-х томах (8-и книгах). Санкт-Петербург, 1888-1911.

5 *Мелиоранский П.М.* Краткая грамматика казак\киргизского языка. Фонетика, этимология. Ч. I. СПб., 1894.

6 *Ильминский Н.И.* материалы к изучению киргизского наречия. //Ученые записки Казанского университета. Казань, 1860.

7 *Баскаков Н.А.* Введение. Языки народов СССР. Т.2. –М.: Наука, 1966. -С. 7-22.

8 *Джусупов М.* Фонемография А.Байтурсынова и фонология сингармонизма. –Ташкент: ФАН, 1995. -176 с.

9 *Джунисбеков А.* Сингармонизм в казахском языке. -Алма-Ата: Наука, 1978. -78 с.

10 *Хусаинов К.Ш.* В.В.Радлов и казахский язык. -Алма-Ата: Наука, 1981. 171 стр.

11 Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. -М.: Наука, 1984. -484 с.

12 *Реформатский А.А.* Иерархия фонологических единиц и явления сингармонизма. // Исследования по фонологии. –М.: Наука, 1966. -С. 186-198.

13 *Бодуэн де Куртэне И.А.* Резья и резьяне. // Славянский сборник. Т.3. СПб., 1876.

14 *Джунисбеков А.* Проблемы тюркской словесной просодии и сингармонизм казахского слова. Автореф.дисс…д-ра филол.наук. -Алма-Ата, 1988. -60 с.

15 *Богородицкий В.А.* Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. -Казань, 1953. -220 с.

16 *Трубецкой Н.С.* Основы фонологии. –М.: Аспект пресс, 2000. -353 с.

17 Киязимов Ф.А. Принципы сингармонизма в азербайджанском языке. Изв. ОЛЯ АН СССР. Т. 13. Вып. 1. М., 1954.

18 *Баскаков Н.А.* Историко-типологическая фонология тюркских языков. –М.: Наука, 1988. -206 с.

19 *Абуов Ж.* Перцептивная фонетика. –Алматы: КазГЮА, 1999. -226 с.

20 *Жүсіпұлы М.* Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. –Алматы: Ғылым, 1998. -215 б.

21 *Мырзабеков С.* Қазақ тілі фонетикасы. –Алматы: Қазақ университеті, 2004. -247 б.

22 *Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ.* Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. -Алматы: Ғылым, 1975. -304 б.

23 *Аралбаев Ж.* Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. –Алматы: Ғылым, 1988. -143 б.

24 *Байтұрсынов А.* Тіл тағылымы. –Алматы: Ана тілі, 1992. -446 б.

25 *Досмұхамедұлы Х.* Таңдамалы шығармалары. –Алматы: Ана тілі, 1998. – 139-154 бб; Аламан. –Алматы: Ана тілі, 1991. 81-99 бб.

26 *Жұбанов Қ.* Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы: Ғылым, 1999. -581 б.

10.2 Қазақ тілінің буын жүйесі жайлы (Қайдарова)

Сөйлеу үстіндегі тілдік мәтінді ұсақ бөлшектерге жіктеу тіл білімінің басты проблемаларының бірі болып табылады [Қайдарова]. Тілдік мәтін қандай бөлшектерден құралады және ол бөлшектердің тізбек мөлшері қандай болу керек деген сұрақ ертеден-ақ лингвистерді толғандыра бастаған. Осы орайда проф. Л.Р.Зиндер "...сөйлем өз алдына жеке, ең бастысы аяқталған, сөйленім бірлігі болып табылады. Тілдің негізгі қызметі адамдардың өзара қатынас құралы екендігінде болса, өзара сөйлесу тілдің ең кішкене бөлшегі болып саналатын сөйлем арқылы іске асады. Ал біртұтас сөйлеу мәтіні фонетикалық амалдар арқылы сөйлемге және одан да кіші мағыналық бірліктерге бөлшектенеді" [1, 245 б.] деп жазған болатын. Бұдан біздің ұғатынымыз тілдік мәтін (сөйленім) белгілі бір майда бөлшектерге таралуға тиіс. Ал тілші мамандардың міндеті әрбір тілдің өзіне сәйкес сол тілдік бөлшектерді табу және оны лингвистикалық тұрғыдан талдап шығу.

Ендеше жалпы тіл біліміндегі ертеден-ақ толық шешімін таппай келе жатқан мәселелердің бірі *буын* болып табылады. Оның тілдегі қызметімен қатар фонетикалық табиғатын сипаттап, дыбыс құрамын анықтап, шекарасын белгілеу дегенге келгенде әлі де ортақ пікір жоқ.

Егер буын тарихын қысқаша қайыратын болсақ, онда проф. М.И.Матусевич талдауына жүгіне салған жөн. Өйткені жалпы тілі біліміндегі буын тарихы мамандарға кеңінен таныс мәлімет болып табылады.

Алғашқы пайда болған теориялардың бірі - "қарқын теориясы": "Экспираторная теория... считает, что при речи воздушная струя выходит не плавно, а идет толчками и каждому толчку соответствует слог" [2, 167 б.]. Бұл теория буын табиғатын сөйлеу үстіндегі артикуляциялық серпінмен түсіндіреді. Әрбір серпін бір буын болып шығады.

Екінші бір кең тараған теория "үнділік теориясы": "По теории сонорности ...вершину слога образует только звук, обладающий определенной звучностью" [2, 167 б.]. Ендеше "Согласно этой теории, речевой поток произносится с последовательными усилениями и ослаблениями звукового ряда. Часть речевого потока, начинающиеся с усиления и кончающаяся ослаблением, называется слогом. В его вершине (иначе центре) есть звук, называющиеся слогообразующим (или слоговым), который может быть продлен. Перед ним возможен ряд звуков (один или несколько), представляющих непрерывно усиливающуюся цепь, они называются неслогообразующими (или неслоговыми)... После слоговой фонемы может идти звук или ряд звуков, составляющих непрерывно ослабляющуюся цепь, они также называются неслогообразующими..." [2, 169 б.]. Үнділік теориясы бойынша, әрбір буынның басында салдырдан үні басым дыбыс тұрады. Сөз құрамында үні басым дыбыс қанша болса, сонша буын болмақшы. Үні басым дыбыстың дауысты болуы міндетті емес.

Жалпы фонетикада буын мәселесі әр қырынан талданып келеді. Соның бірі – буын құрауыштар. "Буын құрауыштар" деп тілдегі буын құрауға қатысатын дыбыстарды айтып отырмыз. Себебі кез келген тілдегі буын жайын сөз ету үшін алдымен сол тілде буын құрайтын бірлік (немесе дыбыстар) белгілі болу керек. Акад. Л. В. Щербаның пікірінше, "Речь наша представляет собой звуковой поток, на слух

непосредственно распадающийся с разных точек зрения на различные отрезки большей или меньшей длины, причем самым мелким отрезком является слог. В центре каждого слога имеется фонема, могущая быть более или менее продленной без всякого ослабления или усиления и называемая слогообразующей, или слоговой фонемой. Ей может предшествовать группа звуков, которые составляют непрерывно усиливающуюся цепь и которые называются неслогообразующими, или неслоговыми. За слоговой фонемой может седовать ряд звуков, которые составляют непрерывно ослабляющуюся цепь и которые тоже называются неслоговыми, или неслогообразующими" [3, 78 б.] болып шығады. Ғалым пікірін толық келтіруге тырыстық, өйткені буын құрауыштар дегеннің жан-жақты толық жауабын осы жерден тауып отырмыз. Сонымен, тілдегі дыбыстар буынға қатысты екі топқа жіктеледі екен: біріншісі буын құрауға тікелей қатысады немесе буын құрауыштар, екіншісі буын құрауға тікелей қатыса алмайды немесе буын құрауыш еместер. Осы пікірге сүйене отырып олардың қазақша атауын қалыптастыруға да болады: буын құрауыш фонемалар және буын құрауыш емес фонемалар.

Осыған үндес пікірді проф. Н.С.Трубецкой еңбегінен кездестіреміз: "Просодические признаки присущи не гласному как таковому, а слогу. Часть фонем, из которых состоит слог, может быть иррелевантной в просодическом отношении. Как правило, такими фонемами являются согласные. Однако "неслогообразующими" могут быть и гласные. С другой стороны, в ряде языков есть слоги, не имеющие ни одной гласной фонемы, вследствие чего просодическую функцию принимает на себя согласный элемент слога; в таких случаях обычно говорят о "слогообразующих" согласных" [4, 195-196 б.]. Профессор Н. С. Трубецкой берген анықтамадан да әр тілдің өзіне тән буын құрауыштары болатынын аңғарамыз. Буынның негізін құрап тұрған дыбыс дауысты да, дауыссыз да болуы мүмкін екен. Ендеше кез келген тіл үшін буын құрауыш дыбыстардың басын ашып алу ең басты мәселе болып табылады екен. Онсыз сол тілдегі буын табиғатын сипаттап шығу мүмкін болмайтыны анық, бірінші кезекте соған көз жеткіземіз.

Жалпы фонетикадағы буын құрауыштар жайлы ғылыми пікірлердің бәрі осыған саяды.

Ал "буын дегеннің өзі қандай тілдік бірлік болып табылады" деген мәселенің өзі дербес анықтаманы керек етеді. Өйткені тілдегі белгілі бір дыбыс тіркесін буын деп атай салудың еш реті жоқ. Оның лингвистикалық тұрғыдан сенімді анықтамасы болу керек. Бұл жайында проф. Л. Р. Зиндер "Буын – ең кіші айтылым бірлік. Бір кідіріс пен екінші кідіріс арасындағы сөйлеу мәтіні бірі-бірімен тұтасып жатқан буындардың тізбегі болып табылады. Олардың арасында көзге түсерлік жік болмайды, бұл жағынан буын мен дыбыс арасында айырмашылық жоқ" [1, 251 б.] – дейді. Ендеше буын дегеніміз *тілдің бүтін айтылатын ең кіші бөлшегі* екен. Сөйлеу үстінде буын әрі қарай бөлшектеуге көнбейтін тілдік бірлік болып табылатын болып шықты. Бірақ біз буынды құрамындағы дыбыстарға оп-оңай жіктеп жатамыз. Оның да өз лингвистикалық сыры бар екен. Проф. М. И. Матусевич жоғарыдағы проф. Л.Р.Зиндер пікірін қолдай келіп, былай дейді: "Наша речь в произносительном отношении распадается на минимальные единицы – слоги, которые артикуляционно не могут быть дальше разложены, как бы речь ни замедлялась, членение же речи на отдельные фонемы является результатом лингвистического анализа" [2, 166 б.]. Буынның бөлінбейтін ең кіші бөлшек екенін пысықтай келіп, ғалым "членение же речи на отдельные фонемы является результатом лингвистического анализа" деуі жоғарыдағы күмәнның жауабы болып табылады. Біз буынды лингвист маман ретінде ғана құрамындағы дыбыстарға жіктей алады екенбіз, ал айтылу тұрғысынан буын дыбыстарға жіктелмей, бір бүтін болып айтылады.

Тілдегі буын мәселесі акустикалық тұрғыдан да жан-жақты зерттелген. Соның ішінде проф. Л. В. Бондарко еңбегінің орны бөлек. "Тілдің дыбыс құрылымының аса маңызды бөлшектерінің бірі – буын. Сөйлеу желісінен артикуляциялық талданым нәтижесінде бөліп алуға болатын ең кіші айтылым бірлік, яғни ең қысқа үзік буын болып табылады. Сөйлеу үстінде фонеманың көрінісі болып табылатын тіл дыбыстары өзара бірігіп қана айтылады" [5, 122 б.] деп жазады ғалым. Артикуляциялық тұрғыдан бөлшектенбейтін дыбыс тізбегі буын құрайтын болып шықты, яғни буынды сөйлеу үстінде жеке-жеке дыбыстарға тарата алмаймыз. Ендігі жердегі қиын мәселе буын шегінің фонетикалық белгілерін тауып, соның арқасында буыннан буынды ажыратып алу болып табылады. Бір

қарағанда буын мен буынның аражігін ажырату қиын емес сықылды. Соған қарамай оны іске асырудың фонетикалық ережелерін табу оңай болмай отыр. Проф. М.И.Матусевич осыған орай былай деп жазады: "Однако, несмотря на то что практически членение речи на слоги не представляет ни для кого затруднений, все же те принципы, согласно которым происходит это членение, т.е. определить границы слога, представляется одной из самых трудных проблем фонетики" [2, 166 б.]. Ғалым өзінің ойын одан әрі тарата келіп, буын жігі мәселесіне деген мынадай қорытынды жасайды: "Буын жігін іздегенде дауыссыздардың әртүрлі қарқынмен айтылатынына сүйену керек. Оның бірінші түрі – бас қарқынды дауыссыздар, олар қарқынды басталып, соңына қарай әлсірей беретін дауыссыз дыбыстар, ондай дауыссыздар буынның соңында тұрады. Екінші түрі – аяқ қарқынды дауыссыздар, олар әлсіз басталып, соңына қарай күшейе келіп, қарқынды аяқталатын дауыссыз дыбыстар, ондай дауыссыздар буынның басында тұрады. Үшінші түрі – қос қарқынды дауыссыздар, олар қарқынды басталып, сонан соң әлсірей келіп, соңына қарай қайтадан қарқынды аяқталады. Қос қарқынды (кейде оларды геминаттар деп те атайды) дауыссыздар тек дауыстыаралық шепте орналасады да буын жігі олардың арасындағы ең әлсіз тұсынан өтеді" [2, 170 б.]. Бұл қағиданы мойындамайтын ғалымдар да бар. Дегенмен, акад. Л.В.Щерба шәкірттерінің ұстанатын басты ережесі осы болып табылады.

Буын құрамындағы дыбыстардың артикуляциялық тұрғыдан өзара кірігуі күрделі жасалым болып табылады. Дыбыстардың негізгі артикуляциясы әртүрлі өзгерістерге ұшырап жатады. Кейбір дыбыстар бастапқы артикуляциясынан айрылып қалуы да мүмкін. Жаңа қосалқы артикуляциялар пайда болып жатуы да мүмкін. Ендеше проф. Л.В.Бондарконың сөзіне құлақ асайық: "...слог – не простая комбинация гласного с согласным, а произносительная единица. Это значит, что при артикулировании слога каждый человек не произносит по отдельности составляющие это слог звуки (гласный и согласный), а определенным образом объединяет их. Эта произносительная общность звуков, их особенно тесная связь между собой, отражается и на их акустических характеристиках: ведь если звуки связаны между собой, то артикуляция каждого из них влияет и на артикуляцию соседнего, а это приводит и к изменениям в звучании"

[5, 123 б.]. Әрбір тілді зерттеп жүрген ғалымдардың басты міндеті осындай күрделі артикуляциялық құбылыстың ішінен сол тілге тән "буын артикуляциясын" тауып, оны сараптап шығу. Сөйтіп сол тілге ғана тән бірегей белгілердің басын ашу керек болады.

Қазақ тілінің буын жігіне байланысты: "Қазақ тіліндегі буын құрылымының талданым нәтижесі буын жігінің неге оңай табылатын себебін көрсетті, оның белгілі бір фонологиялық негізі бар екен. Түркі тілдеріндегі буын жігінің оңай табылатын себебі буын төрт үндесім әуездің бірімен айтылады, сондай-ақ түркі тілдерінде (дәстүрлі фонетикада қалыптасқан көзқарасқа керісінше) буыннан кіші морфема жоқ" [6, 25 б.] деген пікір ұсынамыз. Сонымен ғалым пікірі бойынша, қазақ тіліндегі буынның басты өзгешелік белгісі оның үндесім тұрқында болып табылады. Басқаша айтқанда, буын құрамындағы дыбыстар өзара белгілі бір әуез арқылы кірігеді, сөйтіп барып бір буын құрайды. Буын құрап тұрған дыбыстардың арасындағы өзара әуез бірлік қазақ (түркі) тілдерін өзге тілдерден бөлектеп тұратын ерекше белгі. Осы тұрғыдан қарағанда қазақ тіліндегі буынның әуез белгісі туыстас тілдерді (түркі тілдерін) өзара біріктіріп тұратын типологиялық ортақ, ал туыс емес тілдерді өзара ажыратып тұратын типологиялық айырым белгі болып шығып отыр.

І.Кеңесбаевтың пікірінше, қазақ тіліндегі буынның негізі дауысты дыбыс болып табылады, ал дауыссыздар сол дауыстыларға икемделіп тұрады. Ғалым орыс тіл біліміндегі "қарқын теориясын" қолдайтынын білдіреді [7, 66-67 б.].

Түркі және қазақ тіліндегі буын құрылымын қарастыра келіп акад. А.Қайдаров оның алты түрін атайды және олардың негізінен барлық түркі тілдеріне тән екеніне тоқталады [8, 181 б.].

Проф. М.Исаев қазақ және ағылшын тілдерінің фонетикалық ерекшеліктерін өзара салыстыра келіп, қазақ тілінің өзіндік іргелі белгісі жайлы қазақ тіліндегі дыбыс түрленімі қазақ сөзінің сингармонизм заңдылығынан туындайды. Сингармонизм әуезі (жуан, жіңішке, еріндік, езулік) көрінетін тірек бірлік буын болып табылады" [9, 41 б.] – деген пікірге тоқтайды. Ғалым еңбегінің басты ерекшелігі зерттеу нысаны ретінде жазба мәтінді емес, сөйленім мәтінді алғандығында. Сондықтан зерттеу нәтижелері қазақ тілінің шынайы айтылым тұрқын, жазу ықпалынан бөліп алып, дәл көрсетеді.

Қазақ тіліндегі буын мәселесін сингармонизм тұрғысынан арнайы қарастырған Ж.Нәзбиев болды: "...сингармонизмнен туындайтын буын сапасының сипаттамасына, яғни бірыңғай әуездің физиологиялық және акустикалық көрінісіне көңіл аударамыз. Басқаша айтқанда, біз буын түрлеріне (ашық, тұйық, бітеу) немесе буын құрамындағы дыбыстардың ассимилятив түрленіміне (қатаңдау, ұяңдау ...) емес, буынның артикуляциялық, акустикалық және перцепциялық жалпы сипатына көңіл бөлеміз" [10, 2 б.]. Бұдан байқайтынымыз автор буынның фонологиялық бірлік ретіндегі сипаттамаларына баса назар аударады. Автор зерттеуі буынның үндестік белгілерін талдауға арналған.

Қазақ тілінің буын категориясына алғаш арнайы көңіл бөліп, оны зерттеу объектісіне айналдырған З.Өтебаева болатын. З.Өтебаева проблеманың зерттелу тарихын өте тәптіштеп және тиянақты саралап шыққан, мол теориялық материалды қамтыған.

Ол өзінің кандидаттық диссертациясында "Научная новизна предлагаемого исследования заключается в экспериментально-фонетическом изучении структуры слога и слогоделения в казахском языке. Проведенное объективное исследование показало, что по интонограммам можно определить количество слогов в слове, слоговые границы выявляется на спектрограммах, представляющих картины связи качественно различных звуков, составляющих слог, и происходящие в них изменения" [11, 5 б.] деп жазған болатын. Ғалым буын проблемасын шешудің жолын акустикалық тұрғыдан қарастырады да негізінен экспериментті-фонетикалық әдісті пайдаланады. Буын құрамындағы дыбыстардың созылымдылығын, қарқынын және спектрін жан-жақты қарастырады. Буын табиғатын осы акустикалық параметрлердің сандық-сапалық өзгерістерінен іздейді. Дыбыс акустикасын басты белгі ретінде қарастырады.

Соның нәтижесінде З.Өтебаева буын теориясының тарихын талдай келіп, оның ішіндегі "артикуляциялық теорияға" сын көзімен қарайды. "Недостатком этой концепции, как и других артикуляционных теорий, является то, что они не объясняют механизм слогоделения и не могут указать местонахождение слоговой границы. Таким образом, артикуляционные теории, сводящие проблему к работе органов артикуляции, оказались неэффективными для исследования слога. При подобном подходе основные вопросы, связанные

со слогом (такие как описание структуры слога, слоговых границ), остаются вне поля зрения исследователя" [11, 12 б.]. Ғалымның ойынша, буын табиғатын артикуляциялық тұрғыдан шешу мүмкін емес, буынға қатысты көптеген фонетикалық құбылыстар көзге ілінбей қалады.

З.Өтебаева негізінен сол кездегі буын табиғатына деген басым көзқарасты қолдайды және эксперментті-фонетика бәрін шешіп береді деген бағытты ұстанады.

Алайда ол кезде қазақ фоникасында әлі де болса басы ашылмай жатқан мәселелердің басы баршылық еді. Бертін келе қазақ тілінің артикуляциялық базасы жайлы соңғы мәліметтер буын табиғатына деген көзқарасты түбегейлі өзгертті және оны зерттеудің артикуляциялық әдістемесін тауып берді. Оның ең бастысы қазақ тіліндегі үстеме артикуляция теориясы болды. Шындығында, егер біз тек дыбыстардың негізгі артикуляциясын ғана ескеретін болсақ, онда буын ғана емес, өзге де фонетикалық құбылыстардың басын аша алмаған болар едік. Дыбыстардың негізгі артикуляциясы олардың жалаң сипаттамасы ғана болып қала беретін еді. Негізгі артикуляцияға үстеме артикуляцияның қосылу арқасында қазақ фонетиксындағы көптеген мәселелердің басын ашуға мүмкіндік туды. Мысалы, дыбыстың жасалу орнына қатысты мәлімет (айталық, *тіл ұшы* немесе *тіл ортасы*) дыбыстың тек жасалу орнын ғана көрсетеді де қояды. Ал оған үстеме артикуляция қосылса, онда біздің естілім тұрғыснан түйсінетін дыбыс реттерінің саны мен мөлшері бірнеше есе көбейіп кетеді екен. Міне, осы соңғы үстеме артикуляциядан туындайтын фонетикалық мәліметтер дыбыс, буын, сөз табиғатына қатысты көптеген беймәлім жаңалықтарды табуға көмектеседі.

Қазақ тілінің буын құрылымын талдағанда евроцентристік бағыт ұстанады, соның нәтижесінде қазақ тілінің дыбыстары *дауысты* (гласный), *үнді* (сонант) және *салдыр* (шумный) болып үшке бөлінеді. Дыбыстардың бұлай жіктелім реті үнді-европа тіл біліміне тән екенін білеміз. Бұл олардың тіліне тән белгі болып табылады. Ал қазақ тілі үшін мұндай жіктелім әдісі жарамайды. Себебі қазақ тілінің морфологиялық құрылысы дауыссыздардың үнді, ұяң және қатаң болып үш топқа жіктелуін қатаң талап етеді (түбір мен қосымшаның арасындағы үндестік байланысты мысалға алсақ та жетеді).

Жалпы буын мәселесіне келгенде ғалымдар арасында алшақ пікір жоқ, алайда буын шегін анықтауға келгенде ортақ пікір таба қою қиын. Өйткені әр тілдің өз заңдылығы бар. Соңғы кезде түркі тілдерінде сөз соңына түсетін тұрақты екпін бар деген қағида о бастан қалыптасып қалған. Сондықтан да сөздің шегін сөз соңындағы екпін көрсетеді деп есептеледі. Осы пікір түркі, оның ішінде қазақ тіл білімінде, әбден орнығып алған. Проф. Л.Р.Зиндер "Функцию разграничения слов в связной речи часто приписывают связанному ударению. В языках, в которых ударение всегда падает на первый или последний слог слова, можно по месту ударения судить о том, какой слог перед нами – начальный или конечный. Однако этого недостаточно для того, чтобы узнать точную границу, отделяющую данное слово от предшествующего или последующего" [1, 249-250 б.] деген пікір ұсынады. Соңғы кездегі сингармонизм теориясына жүгінетін болсақ, ғалымның пікірін талассыз қабылдауға тура келеді. Оның үстіне қазақ тілінде екпіннің жоқ екенін дәлелденген жай деп есептеу керек.

Жалпы тіл білімінде буын күрделі тілдік құбылыстардың қатарына жатқызылады да оған зерттеушілер арнайы көңіл бөліп отырады. Буынның табиғатына қатысты да бірнеше теория бар. Буын теориясына арналған зерттеулерге тоқтала келіп, проф. М.И.Матусевич былай деп жазады: "Вопросы слога и слогоделения с давних пор интересовали лингвистов. Старую теорию, что слог определяется наличием гласной (т.е. сколько гласных, столько и слогов), существовавшую у древних греков и индийцев, сменили затем теории экспираторная, сонорная и теория мускульного напряжения, в некоторых случаях и комплексное рассмотрение слога" [2, 167 б.]. Бұл жерде екі нәрсені байқауға болады. Бірінші, буын тарихы өте әріден басталады екен. Екінші, буын табиғаты жайлы зерттеушілер әзірге бір тоқтамға келе қойған жоқ. Алайда сол теориялардың ішінен ең көп тарағаны қарқын (экспираторная теория), дауыс (сонорлық) және айтылым қуаты (теория мускульного напряжения) теориялары болып отыр. Қарқын теориясын ұстанған зерттеушілер сөйлеу үстіндегі ауа бірқалыпты шықпайды, керісінше, ауа қарқыны бір күшейіп, бір басылып дүркін-дүркін шығады. Бір дүркін шыққан ауа толқыны бір буын болып табылады деп түсіндіреді. Сонда ауаның қарқыны бәсеңдеген сәт буын мен буынның арасындағы шекара болмақшы. Ал дауыс теориясы

бойынша сөйлеу үстіндегі дыбыстарға үн қатысы бірдей болмайды. Бір дыбыс басым дауыспен айтылса, екінші дыбыс, керісінше, бәсең үнмен айтылады. Сөйтіп басым үнмен айтылған дыбыс қасындағы бәсең дауыспен айтылған дыбысты өзіне бағындырып отырады. Басым дыбыс пен бәсең дыбыс өзара тіркесіп бір буын құрап отырады. Соңғы буынның айтылым қуатына байланысты теория бойынша бір дыбысты айтқанда сөйлеу мүшелеріне күш көп түседі, ал енді бір дыбыстарды айтқанда, керісінше, сөйлеу мүшелері босаң қатысады. Ендеше сөйлеу мүшелеріне көп күш түсіп жасалған дыбыс босаң айтылған дыбысты өзіне тартып, буын құрап отырады. Сонымен, бір ғана буын құбылысын үш теория үш түрлі анықтап отыр.

Қазақ тілі білімінде бұл теориялар арнайы сөз болмаған. Сөйтіп қазақ тіліндегі буынның тілдік және физиологиялық табиғатының әзірге басы ашылмаған. Лингвистикалық анықтамалар тек буынның дыбыс құрылымы мен оның түрлерін ғана анықтап беріп отыр.

Жалпы лингвистикадағы буын теориясы тұрғысынан қараса буынның тілдік табиғаты аса күрделі құбылыстардың бірі болып табылады екен. Ендеше қазақ тіліндегі буын құбылысының артикуляциялық және акустикалық табиғатын ашу, ең бастысы, қазақ тіліндегі буынды буын етіп тұрған лингвистикалық пәрмен не деген сұраққа жауап беру керек сықылды. Басқаша айтқанда, қазақ тіліндегі буынның дыбыс құрамы мен оның шекарасының фонетикалық сипаты мен көрінісінің басын ашып алу керек.

Түркі лингвистикасындағы буынға көзқарасты проф. Н.А.Баскаков былай деп баяндайды: "Түркі тілдеріндегі фраза, сөйлем, сөз тіркесі және жеке сөздің құрылымы буынның қарқынды (экспираторлық) жасалымын дәлелдейді. Түркі буынының өзінің дыбыс құрамы мен буын жігіне қатысты өзіндік ерекшеліктері болумен қатар, өзге тілдермен үйлесіп жататын ортақ белгілері де жоқ емес" [12, 176 б.].

А.Байтұрсынов сөйлеу мен сөйлем, сөйлем мен сөз, сөз бен буын, буын мен дыбыс желісін бір-бірінен туындатып, арасын үзбей, өзара байланыстырып қарайды. Сөздерді буынға бөлудің жолын қарастыра келіп, "Буыншы әріп басқалардың ортасында қамауда тұрса, ол буынға "бітеу" деп ат қойыңдар; буын аяғы буыншы әріпке тірелсе, ол буынға "ашық" деп ат қойыңдар; буын буыншыдан басқа әріпке тірелсе, ол буынға "тұйық" деп ат қойыңдар" [13, 344-345 б.] деп, буын түрлерін саралап береді. Сондағы "буыншы" әріптеріміз да-

уысты дыбыстар болып шығады. Буын құраудағы дауысты әріптердің мәнін "әлгі әріптер кіріспейтін буын" болмайды деп көрсетеді. "Буындардың бір әріптілерін бір бөлек, екі әріптілерін бір бөлек, үш әріптілерін бір бөлек, төрт әріптілерін бір бөлек шығарып жазыңдар" [13, 344 б.] деген тапсырма жаттығуынан А.Байтұрсыновтың буынның дыбыс құрамын да анықтап кеткенін көруге болады. Сөйтіп осы күнгі қазақ тілінде тек дауыстылардың ғана буын құрай алатындығы, буын түрлері, олардың дауысты-дауыссызға қатысты дыбыс құрамы мен буын аттары жайлы алғашқы мәліметтің бастау көзі болып отыр.

Буын мәселесіне арналған келесі лингвистикалық еңбектер осы А.Байтұрсынов ережелерін негізге алып отырады. Айырмашылық тек буын түрлері мен олардың атауларына қатысты болып келеді. Проф. Қ.Жұбанов буынның дыбыс құрамына қарай алты түрін көрсеткен [14, 361 б.]. "Фонациялық ауаның қарқынымен кілт үзіліп шыққан бір немесе бірнеше дыбыс тобын буын дейміз. Демек, буын экспирация арқылы (өкпедегі ауаны сыртқа шығару арқылы) жасалады" дей келіп, осы үрдісті проф. І.Кеңесбаев та ұстанады, буын түрлерін ашық, түйық және бітеу деп бөліп, олардың алты түрлі дыбыс құрамын көрсетеді [7, 260-261.]. Буын сипатын, түрлерін, жігін, дыбыс құрамын кеңінен талдаған С.Мырзабеков "Буын - ... ауаның кілт үзілуінің не кедергіге ұшырауының нәтижесінде пайда болатын жеке (дауысты) дыбыс, не дыбыстар (дауысты, дауыссыз) тобы" [15, 101 б.] деген анықтама береді. Ал буын түрлерін "Құрамындағы дауысты және дауыссыз дыбыстардың орын тәртібіне қарай қазіргі қазақ тіліндегі буынның екі түрі бар: ашық буын және тұйық буын. Бұлай бөлу буынның теориялық та, практикалық та мәніне сай келеді және есте сақтауға ыңғайлы" [15, 103 б.] деп көрсетеді. Буын түрлері мен оның дыбыс құрамының осы іспеттес анықтамасы қазақ тілі оқулықтарында ең кең тараған сипаттамасы болып табылады. Ал буынның "Слог — наименьшая, фонологически значимая единица, участвующая в словоразличении, в смыслоразличении. Слог является одной из важнейших единиц звукового строя языка. Изучение структуры слога выявляет основные фонетические закономерности языка" [16, 58 б.] деген жалпы теориялық анықтамасын академиялық еңбектерден кездестіреміз. Сонымен, буын түрлерінің жіктелімі мен дыбыс құрамына қатысты пікірдің қазақ лингвистикасында бірыңғай екенін байқауға болады.

Қазақ тіліндегі буын қондырғы (инструментал) әдісімен де зерттелген [17, 60 б.]. Буынның, оның құрамындағы дыбыстардың сандық-сапалық нәтижелері буын жігін ажыратудың акустикалық көрсеткіштері бола алатындығы дәлелденген. Буын құбылысын сингармонизммен тікелей байланыстыра отырып, проф. Ә.Жүнісбеков Қазақ тіліндегі дыбыс түрленімі қазақ сөзінің сингармонизм заңдылығынан туындайды. Сингармонизм әуезі (жуан, жіңішке, еріндік, езулік) көрінетін тірек бірлік буын болып табылады" [6, 24-25] деп, теориялық қорытынды жасайды. Қазақ тіліндегі буын орфоэпиясын (айтылымын) сөз еткенде осы теориялық қисынды басшылыққа алады. Буын құрамындағы дыбыстар белгілі бір қатаң жүйеге бағынып барып басы бірігетін болса, онда оның артикуляциялық негіздемесі болу керек. Артикуляциялық негіздің акустикалық (естілім) нәтижесі болады. Қазіргі кездегі қондырғы құралдар мен компьютерлік программалар буын және оның құрамындағы дыбыстар тіркесінің акустикасын көрнекі суреттеп бере алады. Ендеше буынның басынан аяғына дейінгі, яғни өне бойындағы дыбыстар тізбегінің суретін алып, буын орфоэпиясының артикуляциялық және акустикалық көрінісін байқап-бақылауға болады деп болжам жасауға болады.

Қазақ тіліндегі буын түрлерінің, әсіресе, олардың дауысты немесе дауыссыз дыбысқа бітуінің морфологиялық деңгейге тікелей қатысы бар екендігі белгілі. Себебі келесі жалғанар қосымша дауыстыға басталады ма, әлде дауыссызға басталады ма, ол – алдыңғы буынның соңғы дыбысына тікелей байланысты кездері болады. Сонымен қатар алдыңғы буынның соңғы дыбысы мен соңғы буынның бастапқы дыбысының арасында да дауыс қатысына тікелей байланысты тұстары бар: буынның дауысты, қатаң, ұяң немесе үнді дыбысқа бітуіне қарай қосымшаның бастапқы дыбысы құбылып отырады. Осы заңдылықтар қазақ тілі үшін аса актуал болып табылады. Ендеше қазақ тілінің буын жүйесін буын түрлері мен оның дыбыс құрамын дауысты-дауыссыз тұрғысынан ғана жіктеп қойған жеткіліксіз болады екен. Мұндай жіктелім тасымал талабына сай келіп, тасымал ережелерін ғана құрастыруға ғана жарайды. Лексика (сөз) деңгейінде кемістігі жоқ талдау морфология (қосымша) деңгейінде жарамай қалып жатыр. Лексикалық деңгейде буын түрлері мен оның дыбыс құрамы үшін түбір сөздің де, туынды сөздің

де мәртебесі бірдей: *бақ* та бір сөз, *бақташы* да бір сөз. Екі жағдайда да *бақ* – бітеу буын, ал *та* – ашық буын. Осы жіктелім тасымал үшін жеткілікті. Ал морфологиялық деңгей үшін: *бақ* бірлігінің бітеу буын екендігі жеткіліксіз, оның қатаң дауыссызға аяқталып отырғанын қоса ескеру керек. Ендеше *та* ашық буыны, біріншіден, дауысты дыбыстан бастала алмайды, егер дауысты дыбыстан басталатын болса, онда *бақ* бірлігі бітеу буын бола алмайды. Екіншіден, ол тек дауыссыз дыбыстан басталады, оның үстіне бастапқы дыбыс тек қатаң дыбыс болу керек. Бастапқы дыбыс қатаң дауыссыз болмаса, *бақ* пен *та* тіркесе алмайды. Сондықтан буын құбылысының өзін екі деңгей тұрғысынан қарастырған жөн сықылды. Ол үшін буынның дыбыс құрамын іштей тағы жіктей түсуге тура келеді.

Буынның дыбыс құрамы іштей екі салаға жіктеледі.

Бірінші, буын құрамындағы дыбыстың дауыс қатысына қарай, мысалы, төмендегі бітеу буындар соңғы дауыссыздың дауыс қатысына қарай жіктеледі: *жаз* – үнді дауыссызға аяқталып тұр, *жас* қатаң дауыссызға аяқталып тұр; *жан* – үнді дауыссызға аяқталып тұр. Сонда, мысалы, ілік септік жалғауының варианттары бұлардың әрқайсысына талғап қана жалғанады: *жаздың* – ұяң *з* дауыссызынан кейін тек ұяң *д* дауыссызы, *жастың* – қатаң *с* дауыссызынан кейін тек қатаң *т* дауыссызы, *жанның* – үнді *н* дауыссызынан кейін тек үнді *н* дауыссызы.

Екінші, буын құрамындағы дыбыстың әуез қатысына қарай, мысалы, төмендегі бітеу буындар соңғы дауыссыздың әуез қатысына қарай жіктеледі: *қаз* – жуан езулік дауысызға аяқталып тұр; *кез* жіңішке езулік дауыссызға аяқталып тұр, *құз* – жуан еріндік дауыссызға аяқталып түр; *күз* – жіңішке еріндік дауыссызға аяқталып түр. Сонда, мысалы, тағы да ілік септігінің жалғауының варианттары бұлардың әрқайсысына талғап қана жалғанады: *қаздың* жуан езулік *з* дауыссызынан кейін тек жуан езулік *д* дауыссызы, *кездің* - жіңішке езулік *з* дауыссызынан кейін тек жіңішке езулік *д* дауыссызы, *құздың* – жуан еріндік *з* дауыссызынан кейін тек жуан еріндік *з* дауыссызы, *күздүң* – жіңішке еріндік *з* дауыссызынан кейін тек жіңішке еріндік *д* дауыссызы.

Әрине бұл зандылықтардың реті бір түбірден бір қосымшаға қарай бірдей бола бермейді: соңғы ұяң дыбыстан кейін келесі буынның бастапқы дыбысы ұяң бола бермей, үнді де бола береді.

Алайда басты заңдылық, яғни дыбыс талғампаздық әр уақытта сақталып отырады.

Сонда қазақ тіліндегі буынның басқы және аяққы дыбыстарының артикуляциялық және акустикалық белгілерінің лингвистикалық мәні бар болып шықгы. Лингвистикалық мәні бар фонетикалық құбылыстың әрқашан да артикуляциялық және акустикалық тірегі болады.

Бұл – іргелес дыбыстардың арасындағы фонетикалық шарт.

Ал буын құрамындағы дыбыстардың бір-біріне икемделуі сингармонизм заңына байланысты екендігі жайлы деректер жеткілікті. Қазақ лингвистикасындағы сингармонизм теориясы көп мәселенің басын ашып берді. Сингармонизмді теориялық тұрғыдан зерттеу жеткілікті. Енді болса буын артикуляциясы мен акустикасын кешенді инструментал зерттеудің нысанына айналдыру кезекте тұр. Мысалы, *қи (қый), ки (кій), құй (құй), күй (күй)* немесе *қиын (қыйын), киін (кійін), құйын (құйын), күйін (күйын)* деген т.б. сөздердің буын құрамын сингармонизм тұрғысынан сипаттап шығу тек дауысты дыбыстарға байланысты болмау керек. Сингармонизмнің артикуляциялық белгісі ауыз қуысындағы тілдің көлденең және еріннің езулік-еріндік қалпына қатысты десек, онда буынды бөліп-жармай, бүтін буынның тіл мен ерін артикуляциясын, яғни "буын артикуляциясын" сипаттап шығу керек.

Жалпы лингвистикалық, сондай-ақ түркологиялық ғылыми әдебиеттерге сүйенетін болсақ, қазақ тіліндегі буын құбылысын сингармонизмнен тыс зерттеуге болмайды деп жорамал жасаймыз. Себебі буын, оның дыбыс құрамы, дыбыстардың үндесім құрамы, ең бастысы, буын жігін табудың әдісі сингармонизм арқылы шешілуге тиіс.

Тіл құрамындағы басты бірліктердің бірі ретінде буынның тіл құрылымында алатын орны ерекше. Сондықтан да қазақ тілінің грамматикаларында (оқулықтар, оқу-әдістемеліктер мен оқу-құралдары) міндетті түрде буынға арналған бөлім беріліп отырса [18;19;20;21;22], буын жайына арналған зерттеулер де жоқ емес [23;24], өзге ұлт мектептеріне арналған оқулықтарда буын жайлы мәліметтер бар [25;26]. Алайда қазақ тілі грамматикалары мен өзге де сол саладағы еңбектерде буынның құрылымы мен дыбыс құрамы ғана сөз болып келді. Ал зерттеу еңбектері болса, негізі-

нен буынның акустикалық белгілерін сипаттауға арналды. Сөйтіп буынның артикуляциялық сипаты назардан тыс қалып келді. Егер кез келген тілдік бірліктің (оның ішінде буын да бар) негізінде алдымен артикуляция жататынын ескерсек, онда буын мәселесінің шешімін артикуляциядан іздеуіміз керек болады. Ал оның акустикасы мен естілім белгілері сол артикуляциядан барып туындайтын қасиеттер екені лингвистикада даусыз дәлелденген.

Қазақ тіл біліміндегі буын проблемасы негізінен буынның құрылым түрлері мен олардың дыбыс құрамын анықтауға арналған. Ал оның фонетика-фонологиялық табиғаты, тілдегі қызметі мен буын жігі мәселелеріне көп көңіл бөлінбей келді.

Жоғарыда айтылғандай, жалпы лингвистика тұрғысынан алғанда буын проблемасы өте күрделі лингвистикалық құбылыс ретінде әлі күнге дейін пікірталас объектісі болып келеді. Өзге тілдердегі буын мәселесіне көптеген диссертациялар мен монографиялар арналып жатыр [27;28;29;30].

Қорыта келгенде, буын табиғаты және оның шекара белгілері жайлы негізгі пікірлер осы айтылғандарға келіп саяды. Өзге де пікірлер айтқан ғалымдар бар, бірақ бәрінің негізгі мазмұны осы іспеттес.

Қазақ тілі жалғамалы (агглютинатив) тіл болғандықтан, кез келген туынды сөз қосымша жалғану арқылы жасалады. Ендеше қазақ тіліндегі түбір сөздің өзі болсын немесе одан жасалған туынды сөз болсын көп буынды болып келе беретіні заңды. Сөздің көп буынды болып келгеніне қарамай, қазақ тіліндегі буын жігі оңай табылады. Себебі табиғаты бөлек өзге тілдердегідей, мысалы, орыс тіліндегідей бір буын құрамында бірнеше дауыссыз қосақталып жүрмейді, оның үстіне қазақ тілінде бір сөздің құрамында екі дауысты қатар тұрмайды. Сөйтіп қазақ сөздерінің құрамындағы дауысты-дауыссыздардың кезектесіп келіп отыратын жүйелі реті буынға бөлу мен тасымал жасауды жеңілдетеді. Мысалы, *ба-ла-ға, бұл-бұл-дар, а-та-ның, үй-де-мін* т.б. қазақ сөздеріндегі буындар жіпке өткізген моншақтай тізіліп тұра қалады.

Мұның бастапқы сауат ашу мен жазып-жаттықтыру әдістемесі үшін үлкен маңызы бар.

Алайда қазіргі қазақ тілінің кейбір емле-ережелеріне сүйенетін болсақ, бір топ қазақ сөзінің қарапайым буын құрамы мен буын

жігін қалтқысыз тауып беру өте қиынға түседі. Әсіресе мектеп оқушылары мен ертең сол балаларға мұғалім болып баратын жоғары оқу орындарының студенттеріне қазақ сөзін буынға бөлдіріп жаттықтыру, тасымал жасатып дағдыландыру бастан-аяқ қайшы ережелерге таңылып жүргізіледі.

Сонымен, қазақтың бір топ сөздері буынға өзінің әдемі де әуезді ретімен жіктеліп, оп-оңай тасымалданып жатса, екінші бір топ сөздері ешбір ыңғайға көнбей, іркіс-тіркіс шашылып жатады. Ондай бірыңғай ережеге бағынбайтын сөздердің буынға бөлу мен тасымал амалын тек жаттатуға тура келеді. Ал мұндай әрекет әдістемелік тұрғыдан ұтымды болмайды, мұғалімге түсіндіру қиын болса, оқушыға меңгеру ауыр болады.

Осындай буын құрамы мен тасымалы қиын сөздердің қатарына құрамында *и, у, я, ю* әріптері бар сөздер жатады. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігін ақтарып қарасақ, мұндай үлгідегі сөздердің саны қыруар. Ендеше әлі буыны бекіп, бұғанасы қатпаған, айқыш-ұйқыш емле-ережені әлі ой деңгейінде байыптай алмайтын бастауыш сынып баласына түсіндіріп, оларды жадында сақтатудың әдістемелік амалы не болмақ? Сауат ашу мен жазып жаттығу буыннан басталатынын ескерсек, осы бір ережелер тобының төңірегінде қатты ойлану керек болатын тәрізді. Ол-ол ма, өзіміз дайындап жатқан, болашақ қазақ тілінің маманы болатын студенттердің өзінің санасына сіңірудің өзі – қиямет-қайым жұмыс.

Мұның бәрі сөз айтылуына лайық жазылмағандықтан болып жатқанын көпшілік (әсіресе оқушылар мен студенттер) біле бермейді. Бір топ сөздерді балаларға (студенттерге) қалай айтсақ солай жазғызамыз, түп-түсінікті. Ал екінші бір топ сөзді бір түрлі айтамыз да екінші түрлі жазғызамыз, балалар (студенттер) аң-таң.

Мысалы, *ті-йін, т-йін, ты-йын, ты-ныс, қы-йын, құ-йын* деп барлық сөзді біркелкі тәптіштеп буынға бөліп айтамыз, осылай әбден құлағына сіңіріп аламыз. Сонан соң келеміз де *ти-ін* ***(тій-ін),*** *тү-йін, ти-ын* ***(тый-ын),*** *ты-ныс, қи-ын* ***(қый-ын),*** *құ-йын* деп буынға бөліп жаз немесе тасымалда дейміз. Жаңа ғана біркелкі айтылып тұрған сөздер енді келіп әрі-сәрі болып кетті. Бірі қалай айтып дағдыландырдық, солай буынға бөлініп, солай тасымалданып жатыр. Ал екінші бір сөз айтылуы бір бөлек, жазылуы мен тасымалы бір бөлек болып кетті.

Келесі *у* әрпімен келген сөздер де дәл осындай шым-шытырық. Мысалы, *құ-уан*, *құ-нан* деп буынға дұрыс бөліп айтамыз да *қу-ан* ***(құ-уан),*** *құ-нан* деп буынға бұрыс бөлгізіп жаздырып, бұрыс тасымалдатамыз.

Ал *я, ю* әріптерімен келетін сөздердің түсінігі тіптен күрделі. Мысалы, *сы-йа, қы-йұу* деп айтқызамыз да *си-я* ***(сый-йа),*** *қи-ю* ***(қый-йұу)*** деп буынға бөлгізіп, тасымалдатып жатамыз. Сонда біздің қазіргі емле-ережеміз бойынша: *и* дегеніміз *ый, ій*; *я* дегеніміз *йа, йә*; *ю* дегеніміз *йұу, иұу* екенін ескерсек, амал жоқ, *сия* дегенге алдымен *и* әрпінің, сонан соң *я* әрпінің дыбыс көрсеткішін қоямыз. Соның нәтижесінде сөз ортасында екі *й* дыбысы қосақталып шыға келеді. Ал *сия* сөзінің қазақы айтылым үлгісінде бір ғана *й* бар. Соған қарамай оқушы *сия* сөзін оның жазылуы бойынша *сый-йа* деп жалған буын жасап оқуға мәжбүр болады.

Қазақ тілінің емле-ережесіндегі осы бір жаңсақтық алдымен сөздің қазақы айтылу үлгісін бұзып барады. Жуан сөздердің құрамындағы *и* әрпін жіңішке айту дағдыға айналды. Тілі жазумен шығып жатқан қазіргі балалар "былай айтасың, ал былай жазасың" дегенге құлақ қояр емес. Оларға қалай жазылса солай оқыған оңай болып тұр. Сөйтіп сингармонизм заңы бұзыла бастады. Сонан соң дыбыс тіркестерін белгілейтін *и, у, я, ю* таңбаларын дауысты әріп деп ұғынатын болдық. Оның дауысты дыбыс емес, дыбыс тіркестерін белгілейтін таңба екенін оқушы былай тұрсын, студенттердің өзіне түсіндіру қиын.

Осы әріптерді дауысты деп үйренген балаға да, студентке де "сөз дауыстыға бітсе, дауыссыздан басталған қосымша, ал дауыссызға бітсе, дауыстыдан басталған қосымша жалғанады" деген ережені түсіндіру мүмкін емес. Себебі оның көз алдында *су-ы* дегендегі "дауыстыдан кейін дауысты келген" үлгі тұр. "Неге *у* дауыстысынан кейін *ы* дауыстысы тұр?" деген сұраққа көбінесе жалтарма жауап беріледі. Себебі оқулықтардың өзінде шынайы нақты түсіндірме жоқ.

Қазақ тілінің дыбыс құрамын дұрыс анықтап, соған лайық төл әліпбиін түзіп, сөйтіп емле-ережені икемді ету жайлы ғалымдар мен әдіскер мамандардың көптен қозғап келе жатқан әңгімесінен хабардармыз. Бұл соған орай айтылған пікір еді.

Бірлі-жарым зерттеулер буын сингармонизмінің акустикасына арналған. Бунның әуез белгілерінің сандық-сапалық көрінісін көрнекілеп шыққан.

Ендігі жерде буын табиғатын тікелей артикуляциямен байланыстырып қарауға бет бұрылды. Сондықтан да зерттеудің ғылыми аппаратына "буын артикуляциясы" деген атау ендіріліп отыр. Мұндағы мақсат буынның ең алдымен артикуляциялық бірлік екенін көрсету. Ал оның акустикалық сипаттамалары оның артикуляциясынан туындайтын екінші кезектегі белгілері болып табылады. Буын бүтін бір артикуляциялық бірлік болып есептеледі. Буын артикуляциялық бірлік болғандықтан өзге тілдік бірліктер тәрізді оның артикуляциясын жан-жақты сипаттап шығу мүмкіндігі бар. Буын артикуляциясы үстеме артикуляциялық белгілер арқылы сипатталады. Үстеме артикуляциялық белгілер ерін қатысы мен тілдің тік және көлденең қалпына қатысты болады. Ең бастысы, үстеме артикуляциялық белгілер буын құрамындағы дауысты-дауыссыз дыбыстардың бәріне бірдей тән. Ендеше дауысты дыбыстардың негізгі қызметі буын құрай алатындығында. Ал өзге түрленімдерге қатысты артикуляциялық белгілер дауысты-дауыссыздарға бірдей қатысты. Бұл тұрғыдан қарағанда буын құрамындағы дыбыстардың фонологиялық мәртебесі бірдей деп есептеу керек.

Бұл тіл біліміндегі буын табиғатына деген жаңа көзқарас болып табылады.

Әдебиет

1 *Шндер Л.Р.* Общая фонетика. – М.: Высшая школа, 1979. – 312 с.

2 *Матусевич М.И.* Современный русский язык. Фонетика. – М.: Просвещение,, 1976. – 415 с.

3 *Щерба Л.В.* Фонетика французского языка. – М., 1957. – 311 с.

4 *Трубецкой Н.* Основы фонологии. – М., 2000. – 352 стр.

5 *Бондарко Л.В.* Звуковой строй современного русского языка. – М.: Ленинградский университет, 1977. – 175 с.

6 *Джунисбеков А.* Проблемы тюркской словесной просодии и сингармонизм казахского слова. Автореф. дис. ... д-ра филол. наук. – Алма-Ата, 1988.

7 *Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ.* Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ғылым, 1975. – 302 б.

8 *Қайдаров А.Т.* Структура односложных корней и основ в казахском языке. -Алма-Ата: Наука, 1986. -328 с.

9 *Исаев М.К.* Фонетические особенности английской речи казахов. – Алматы: КазУМОиМЯ им. Абылай хана, 2004. – 352 с.

10 *Назбиев Ж.* Сингармонические сегменты в казахском языке. – Алматы: Наука, 1998.

11 *Утебаева З.* Фонетическая структура слога в казахском языке (экспериментально-фонетическое исследование). Дисс.канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1988. 19 с.

12 *Баскаков Н.А.* Историко-типологическая фонология тюркских языков. – М.: Наука. 1988. –

13 *Байтұрсынов А.* Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.

14 *Жұбанов Қ.* Қазақ тілі бойынша зерттеулер. – Алматы: Ғылым. 1966.

15 *Мырзабеков С.* Қазақ тілі фонетикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 247 б.

16 Строй казахского языка.Фонетика. – Алма-Ата: Наука, 1991.

17 Утебаева З. Фонетическая структура слога в казахском языке. – Алма-Ата, 1988.

18 *Аханов К.* Қазақ тілі оқулығы. 5-6 кл. үшін. – Алматы: Мектеп, 1977. – 232 б.

19 *Әбуханов Ғ.* Қазақ тілі. Педучил. арналған. – Алматы,: Мектеп, 1982. – 284 б.

20 *Хасенов Ә.* Қазақ тілі. 8-кл. арналған. Алматы: 1979. 152 б.

21 *Ысқақов А., Аханов К.* Қазақ тілі. 4-кл. арналған. – Алматы: Мектеп, 1980. – 176 б.

22 *Аханов К., Кәтенбаева Б.* Қазақ тілі. – Алматы: Мектеп, 1988. – 192 б.

23 *Қалиев Б.* Түркі тілдеріндегі қысаң дауыстылардың түсіп қалу құбылысы туралы. //Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы, 1966, № 2. -. 67-74 бб.

24 Қазақ тілі. Учебник для 4 кл. в школах с русским языком обучеия. – Алматы: Атамұра, 1999.

25 *Оралбаева Н.* т.б. Изучаем казахский язык. – Алма-Ата: Санат, 1989. – 336 с.

26 *Реформатский А.А.* Из истории отечественной фонологии. – М.: Наука, 1970. – 527 с.

27 Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1990. – 683 с.

28 *Торсуев Г.П.* Строение слога и аллофоны в английском языке. – М.: Наука, 1975. – 239 с.

29 *Досмұхамедұлы Х.* Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. –

30. *Уәлиев Н., Алдашева А.* Қазақ орфографиясындағы киындықтар. – Алматы: Санат, 1988. – 111 б.

31. Қазақ грамматикасы. – Астана: Елорда, 2002. – 783 б.

10.3 Қазақ тілінің дыбыс тіркестері жайлы (Үкібасова)

Қазақ тіліндегі дыбыс тіркесі күрделі фонетикалық құбылыстардың бірі болып табылады [Үкібасова]: дыбыс тіркестерінің жазылым-айтылым құрамы мен түрлері; таңбалану реті (жазылымы); артикуляциялық сипаты; акустикалық көрінісі; естілім белгілері; айтылымы (орфоэпиясы), даму тарихы; өзге туыстас және туыстас емес тілдермен ортақтығы немесе айырмашылығы т.б. Дыбыс тіркестерінің күрделі зерттеу нысаны екенін аңғартады. Дыбыс тіркестеріне қатысты фонетикалық мәселелер бір зерттеудің ауқымына сыймайды. Сондықтан да күні бүгінге дейін дыбыс тіркестерінің әртүрлі қыры фонетист мамандардың назарынан тыс қалмай келеді.

Қазақ тіліндегі дыбыс тіркестерін зерттеуге көп еңбек сіңіріп, арнайы еңбектер [1;2;3;4] жазған проф. С.Мырзабеков дыбыс тіркесіне "Дыбыстар тіркесі – тілдегі дыбыстардың бірімен-бірінің қатар тұру мүмкіндігі, тарихи қалыптасқан орны. Бұл – халықтың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жетілген, жүйеленген сөйлеу өнерінің (қаруының) жемісі, нәтижесі" [4,81 б.] деп анықтама береді. Ғалым берген анықтаманың болашақ зерттелімдерге нұсқау болатын екі тұсына арнайы тоқтауға тура келеді. Бірінші, "дыбыстардың бірімен-бірінің қатар тұру мүмкіндігі" – қазіргі фонетика тілімен айтатын болсақ, қатар тұрған екі дыбыстың артикуляциялық үйлестігі болып шағады. Шындығында, егер екі дыбыстың арасында артикуляциялық сыйымдылық болмаса, онда ол дыбыстар тіркес құрай алмайды. Біздің осы зерттеуіміздің негізгі мақсаты қазақ тілі дыбыс тіркестерінің арасындағы "артикуляциялық сыймдылық" заңдылықтарын ашу болғандықтан, ғалым пікіріне кеңінен тоқталып отырмыз. Оның үстіне жалпы фонетикада (общая фонетика) дыбыс таралымы мен тіркесімінің заңдылықтарына арналған "дистрибуция согласных"

деген теориялық тұжырым тағы бар. Екінші, "ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жетілген, жүйеленген сөйлеу өнерінің... нәтижесі" деп отыр. Ендеше, дыбыс тіркестері тілдегі буын, сөз, сөз тіркесі тәрізді тұрақтаған, оны бұзуға болмайтын қалпы бар айтылым үлгі болып табылады. Осыған орай, алдын ала айта кетуге тура келеді, емле жаңсақтығынан туындап отырған кейбір әріп тіркестерін дыбыс тіркестерінің қатарына қосуға болмайды.

Проф.С.Мырзабековтың ойы жалпы фонетикалық тұрғыдан проф. Л.Р.Зиндердің сөзімен астасып жатыр: "Наличие соответствующего приспособления, адаптации, звуков в одном языке и отсутствиие его в другом, относительное постоянство особеностей каждого языка в этом отношении... находит себе объяснение в устойчивости артикуляционной базы, в передаче фонетических особенностей от поколения к поколению" [5,234б.]. Ендеше тілдегі "төл дыбыстар" дегеннің фонетикалық сыры терең де, сол тілде сөйлейтін ұрпақ санасында жатыр екен.

Проф. С.Мырзабеков ілімінен туындайтын, әрі қарай өз зерттеуіміздің методологиялық ұстанымы ретінде қабылдайтын, басты қағидалар осылар болады.

Дыбыс тіркесінің түзілу заңдылығы жайлы айтылған "...артикуляция каждого последующего звука должна подготавливаться заранее, если только соответствующий произносительный орган оказывается свободным" [5,224б.] деген қазақ тілінің тіркес заңдылықтарын да қамтиды.

Тіркесім заңдылықтарына қатысты проф.Н.С.Трубецкой былай деп жазады: "...сочетания фонем подчиняются в любом языке своим особым законам и правилам, которые имеют значение только для данного языка и которые необходимо устанавливать для каждого языка отдельно" [6,265б.]. Бұл пікір жалпы лингвистикада қабылданған, мамандар тәжірибесімен тиянақталған. Ендеше қазақ тіліндегі тіркес сипатын қазақ тілінің өз ішкі заңдылықтарынан іздеу керек.

Ғалымның көңіл аударарлық тағы бір пікірі тіркес құрамындағы дыбыстардың өзара кірігуі жайлы: "В действительности же дело заключается в том, что фонемы (лучше – фонологические единицы), которые сосуществуют в пределах одной морфемы, должны обнаруживать минимум различий" [6,262 б.]. Тілдік бірлік ретінде

сөз морфема жайлы болғанымен, айтылған ой дыбыс тіркестеріне де тікелей қатысты.

Дыбыс тіркестері жайлы орыс және өзге тілдер лингвистикасының тәжірибесін барласақ, бұл мәселенің жан-жақты және молынан қаралғанын көреміз. Проф.Р.И.Аванесов өзінің "Русское литературное произношение" деген еңбегінде орыс тіліндегі дыбыс тіркесіне көп орын берген [7,128-152б.] Ағылшын тіліндегі дыбыс тіркестеріне байланысты дыбыс түрленіміне проф.Торсуев бірнеше еңбек арнаған [8;9].

Әлемдік тіл білімі тәжірибесі дыбыс тіркестерінің күрделі лингвистикалық мәселе екенін көрсетеді. Дыбыс тіркесі әр тілдің өзіне тән ерекшеліктерімен сипатталатын болды. Сондықтан да зерттелім нысанын қазақ тілінің "төл тіркестері" деп бөлектей алғанның ғылыми тұрғыдан негізі бар.

Қазақ сөзінің айтылым үлгілерін сақтап, қағазға түсірген проф. В.В.Радлов еңбектерінде (сөздігінде) қазақ тілінің дыбыс тіркестеріне қатысты мол материал табылды [10]. Түркі тілінің дыбыс құрамын өте дәл анықтаған ғалым қазақ сөздерінің жазылымын айтылымына сәйкестендіріп берген [11]. Сондықтан да В.В.Радлов қалдырған жазба нұсқаларды қазақ сөзінің сол кездегі айтылымының таза көрінісі десе де болады. Мысалы, *айна, айнал* т.б. сөздерінің құрамындағы *йн* тіркестерін қазақ тілінің төл тіркестерінің сол кездегі ақиқат көрінісі деп қараймыз. Өйткені тіркестің жазба нұсқасы оның айтылым нұсқасымен сай келіп тұр. Дегенмен дауысты+жартылай дауысты тіркестеріне келгенде жаңсақ тіркестер де кездесіп қалады. Мысалы, *айырық, ашулы (ашұлұ)* т.б. сөздерге келгенде *айрық, ашулұ* деп, тіркес құрамындағы дыбыстар дұрыс анықталмаған.

Осы тәрізді жетістіктер мен кемшіліктер сол кездегі орыс зерттеушілерінің бәріне тән десе де болады [12;13;14].

Осы дәуір зерттеушілеріне тән жаңсақтық негізінен жарты дауыстылардың дауыстылармен тіркесіне байланысты кездесіп отырады. Оның себебін қазақ тілінің қысаң дауыстыларының айтылымы мен жарты дауыстылардың айтылымының бір-біріне өте ұқсас келетінінен болса керек деп ойлаймыз. Біріншіден, олардың артикуляциясы өзара жақын, екіншіден, артикуляциясы жақын болған соң, олардың естілімі де өзара жақын болады. Сондықтан олардың тіркес құрамындағы дыбыстардың жігін ажырату өзге тілді

зерттеушілер үшін қиындық туғызатыны сөзсіз. Соның нәтижесінде аралық дыбыстарды аңғармай қалып, айтылымын сәйкес келмейтін қайшы тіркестер құрастырып жатады.

Қазақ тіліне тән дыбыс тіркестерінің бастау көзін көне түркі жазуынан табуға болады. Мысалы, *нк, нқ, лп, ңг, нт* т.б. дыбыс тіркестерінің үлгісін кездестіреміз: *інгек, іл, кісре, тік, кійік* т.б. [15;16;]. Мұндай дыбыс тіркестері қазіргі қазақ тілінің дыбыс құрамына жат емес. Алайда көне түркі жазуына арналған қазіргі зерттелімдер оның тек әліпби үлгісінің басын ашуға арналып отырғандықтан, яғни таңбаның дыбыс мәнін ашуға ғана арналғандықтан, ол еңбектерде тіркес заңдылықтары жайлы (артикуляциялық себептер) мәлімет берілмей отырды.

Қазақ жазуын қалыптастыру мақсатында өткен ғасырдың 20-30-жылдарында еңбек еткен қазақ зиялыларының еңбектерінің бүгінгі қазақ тіл білімі үшін маңызы зор [17;18;19]. Е.Омаров қосымшалардың түбір сөзге жалғану ерекшеліктерін кестелеп көрсеткен, негізгі заңдылықтардың бәрін қамтып түсіндірген: қатаң мен ұяң тіркесі кездеспейтінін, ал кездесе қалған жағдайда біреуінің екіншісіне икемделіп (қатаңдап/ұяңдап) барып тіркесетінін айтады [17,27 б.]. А.Байтұрсынұлы қатаң мен ұяңның дыбыс тіркесін құрай алмайтынын атай келіп, дауыстымен дауыстының тіркесімі қазақ тіліне тән емес екенін көрсетсе: "Қазақ тілінде дауысты дыбыстардың қатарынан бір сөздің ішінде келуі тіпті болмайды" [18,178 б.], Х.Досмұхамедұлы түбір сөз ішінде бір дыбыстың қосақталып келмейтін баса көрсетеді, бұл әсіресе кірме сөздерге қатысты: "Қазақ/қырғыздың түбір сөзінде бір дыбыс екіленіп... келмейді... жат сөздердегі екіленіп айтылатын дыбыстарды қазақ/қырығыз не бір дыбыс қылып айтады, не соңғысын бөтен дыбысқа аударады. Молла/молда, ұммет/үмбет..." дей келіп, "Тіліміздің заңы осылай болған соң жат сөздерді алғанда ішіндегі дыбысты екілетіп айту, жазу керек емес" [19,97б.; 20] деген қорытынды жасайды.

Жалпы түркілік заңдылықтың бірі қазақ тіліне де тән: "В казахском языке стечение согласных в начальной позиции слова не встречается" [21,66 б.; 22]. Бұл заңдылық жайлы мәліметтерді өзге түркі тілдеріне де қатысты кездестіреміз [23;24]. Сондықтан қазақ тілінде сөз басында дауыссыздар тіркесін іздеудің керегі жоқ. Бірақ "қазақ тіліндегі дыбыс тіркесі" ұғымның мәні кең. Дыбыс тіркесінің

алғашқы не соңғы сыңары дауысты дыбыс та болуы мүмкін. Ендеше сөз басындағы дыбыс тіркестерін дауысты дыбыссыз қарастыруға болмайды. Бұл заңдылыққа арнай тоқтап отырған себебіміз бар: сөз басында дауыссыздардың (бір емес бірнеше) тіркесі кездесе беретін тілдер жеткілікті, мысалы, орыс тілі: *сгиб, звезда, штамп, складывать* [7].

Қазақ тіліндегі дыбыс тіркестері жайлы бірнеше мақала және диссертация бар. Алайда ол еңбектердің бәріне ортақ нәрсе – жазба мәтінге сүйеніп, айтылым тіркестерге мән берілмеген. Сондықтан да әріп тұрқы тіркес болғанымен, айтылым тұрқы тіркес болмай шығады. Нәтижесінде бүкіл ғылыми талданым жазба тіркестің талданымы болып шығады.

А.Исенгельдинаның қазақ-орыс тілдеріндегі дыбыс тіркестерін салыстыра зерттеген еңбегінде "Для описания функционирования этих групп согласных в речи проведен статистический анализ их на сплошном фонологически транскрибированном тексте... исследовались синтагматическая частотность встречаемости групп согласных во всех трех положениях в слове" [25,99 б.] дей келіп, қазақ тіліндегі дыбыс тіркестерінің жайма (матричная) кестесін ұсынған. Ғалымның пайдаланған материалына қарағанда жазба мәтінді пайдаланған. Соның нәтижесінде алынған нәтиже әріп тіркестері болып шыққан. Негізгі мақсат тіркесім мүмкіндіктерінің санама мөлшерін анықтау болған. Арнайы келтірілген жайма кестеге қарағанда қазақ тілінде *уу, жу, сн, бн, сш, шс* т.б. көптеген тіркестер кездесе беретін сияқты. Мұндай тіркестер тек жазба мәтінде ғана кездесетіні, яғни дыбыс тіркестер емес, әріп тіркестер екеніне көз жеткізу қиын емес. Ал, егер, осы тіркестердің орфоэпиялық үлгілерін алатын болсақ, онда олардың дыбыс құрамы өзгеріп кетеді. Сөйтіп сол құрамдағы дауыссыздар тіркесі болмай шығады.

М.Райымбекова сөз басындағы дыбыс тіркесіне басқаша қарайды. Акустикалық талдаудың нәтижесіне сүйене келіп: "...благодаря полной редукции узких гласных могут образоваться стечение согласных" [26,98 б.] – дей келіп, "однако это явление нельзя считать типичным для казахского языка" [26,98 б.] – деп күмәнданып тоқтайды. Мұның өзі сөз басында дауыссыздар тіркесі кездеседі деген пікірдің екіұшты екенін көрсетеді. Оның үстіне акустикалық талдаудың нәтижесі артикуляциялық тұрғыдан тиянақталмаған.

Автор келтіріп отырған мысалдардың өзі де сенімсіз: *бл* (білек), *бр* (бірақ), *кп* (кітап), *кл* (кілем) т.б. Дауыстының айтылымы қысқаруы мүмкін, бірақ түгел түсіп қалуы мүмкін емес. Өйткені сөз басындағы дауыссыз аралық дауысты анық естіледі [27].

Дыбыс тіркестерін олардың артикуляциялық ерекшеліктерімен байланыстыра қарастырып көрген С.Мейірбекова болды [28,81б.].Бірақ барлық артикуляциялық белгілерді қамтымай, олардың жасалу тәсілін алған. Мұнда да әріп тіркестердің тіркесі қаралған.

Акустикалық зерттеулердің өзге де нәтижелеріне қарағанда сөз басындағы дауыссыздан кейінгі қысаң дауысты күшті редукцияға ұшырайтын көрінеді: "...узкие гласные... характеризуются неустойчивостью и способностью к редукции. Благодаря своей краткости в безударных слогах они редуцируются вплоть до полного исчезновения" [29,] деп жазады проф.Б.Қалиев. Дауыссыздардың редукциясына арналған монографиясында да осы фонетикалық жайтқа арнайы тоқталады [30]. Алайда ғалым дауыстылардың редукциясын сөз басындағы дауыссыздар тіркесінің пайда болу себебі деген пікір айтпайды.

Қазақ тілінің дауысты дыбыстарына байланысты еңбегінде проф. Ә.Жүнісбек қысаң дауыстылардың нөлдік редукциясы бар екенін, алайда дауыстының орны жоғалып кетпейді, дауыстының нөлдік (өшік) варианты (глухой вариант) ретінде сақталатынын айтады [27,78 б.]. Өшік дауыстылардың тілде жиі кездесе беретіндігі жалпы фонетикадан белгілі: "Полное оглушение гласного возможно, по-видимому, только в положении между глухими согласными и притом в неударном слоге; в такой позиции оно наблюдается... в тюркских языках" [5,227 б.] деп жазады проф.Л.Р.Зиндер. Дауыстының өшік болып айтылуы ертеден байқалған фонетикалық құбылыс болып табылады.

Профессор Б.Қалиевтың пікіріне сүйенетін болсақ, онда дауыстының нөлдік редукциясына қарамай, оның фонологиялық орны мен естілімі сақталады екен. Ендеше қазақ тілінде сөз басында дауыссыздар тіркесі кездеседі деген пікірдің жаңсақ екенінің дәлелденеді.

Қазақ тілі дыбыстарының кездесіміне жан-жақты тоқтала келіп проф.М.Жүсіпұлы "В казхском языке к регрессивной ассимиляции относятся следующие позиционные чередования: *н/ң, н/м, з/ж, з/с* ...

Чередования *н/ң* происходят в результате влияния на *н* заднеязычных *г, ғ, қ, к: н/ң (сынғыш/сыңғыш), сенгіш/сеңгіш...*" [32,122 б.] деп, мәселені дыбыс алмасымы тұрғысынан қарастырып отырғанымен, қазақ тіліндегі дыбыс тіркестерінің құралуына тікелей қатысты. Ең бастысы, ғалым қазақ тілінің материалын жазба мәтін түрінде емес, ауызша айтылым үлгісінде қарастырып отыр. Сондықтан да алынған нәтиже қазақ тілінің төл көрінісін танытады, проф. М.Жүсіпұлы еңбегінің сапалы ерекшелігі деп түсінеміз. Тағы бір көңіл аударарлық пікірі "Сочетания с переднеязычным носовым *н* (нк, нк, нғ, нг) не встречается ни внутри корневой морфемы, ни на стыках морфем" [32,123 б.] деп жасаған кесімді қорытындысы. Бұдан біз дыбыс тіркесін жазба мәтін үлгісінен арылған, тілдің төл айтылымын зерттеу нысаны ретінде алған шынайы зерттелімді табамыз. Проф. М.Жүсіпұлының өзге еңбектерінде де қазақ сөзінің айтылым үлгісінің жан-жақты талданғанын көреміз [33;34].

Қазақ тілінің дыбыс тіркестерін олардың тілдегі қызметі (функциясы) тұрғысынан талдап шыққан проф.А.Айғабылов болды [35;36]. Дыбыс тіркестері морфонологиялық құрылымның бірлігі ретінде жүйелі қарастырылды.

Проф.А.Айғабылов "Дыбыс (фонема) тіркесті, негізінен, сөйлеу тілінің нормасымен қарастырылғанда ғана оң нәтижесін таппақ. Жазбаша текстер мен сөздіктерді пайдаланғанда әріп тіркесінің өзгешелігін ажырата алмасақ, көп тіркесімнен қателесеміз. Әсіресе, морфологиялық принциппен жазылатын сөздер айтылуымен сәйкес келе бермейді" деп, зерттеу әдісінің жөн/жобасын бірден дұрыс ашып алады.

Өзінің осы ұстанымына сүйене отырып, дыбыс тіркестеріне арналған еңбектердің оң нәтижелері мен кем тұстарын саралап шыққан. Атап айтқанда, С.Мейірбековаңың еңбегі жайлы "...тіркесімдердің алғашқы алтауына (йу, ну, ғу, ру, ту, су) мысал ретінде *хайуан, жануар, шаруа...* сөздерін келтіреді. Бұл тек жазу нормасы ғана. Өйткені қазақ тілінің айтылу нормасына *у* әрпі *ұу, үу* дыбыстарының таңбасы ретінде ғана қолданылады" [35,27 б.] деп түйіндеп алады да әрі қарай оның оң шешімін береді "Егер келтірілген мысалдарды сөйлеу нормасымен жазсақ, онда *хайұуан, жанұуар, шарұуа...*" [35,27 б.]. Сөйтіп *у* дауыссызының қазақ тілінде өзінен бұрын тұрған дауыссызбен тіркесе алмайтынын дәлелдейді.

Проф.А.Айғабылов қазақ тіліндегі дыбыс тіркестерін сана-

малап теріп шыққан және оның жалпы саны 173 екенін көрсетіп тізіп шыққан. Дыбыс тіркестерінің талданымы фонетика мен морфонологияның аражігін ажырататын айырым белгі ретінде қарастырғанын көреміз.

Дыбыс тіркестерінің зерттелімі соңғы шыққан академиялық грамматикаға арнайы бөлім болып енді [36]. Мұның өзі "...дыбыстар тіркесі фонетиканың өзекті мәселесі..." [36,65 б.] екенін айғақтайды.

Қазақ тіліндегі дыбыс тіркестерін арнайы зерттеген ғалым – проф.С.Мырзабеков. Зерттеу нәтижелері теориялық монографиядан басталып [1], практикалық айтылым сөздікпен аяқталады [2].

Проф.С.Мырзабеков қазақ тіліндегі дыбыс тіркестерінің зерттелу жайына арнайы тоқталып, осы бағыттағы жетістіктерді атап, кеткен кемшіліктерге баса назар аударып отырған.

Өзінің дабыс тіркестеріне деген талдауына методологиялық ұстаным ретінде А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлының қағидаларын пайдаланған. Әсіресе, А.Байтұрсынұлының "Халық өмірі – мың жылдап саналады" деген сөзіне арқа сүйеп, "...сол ұзақ өмірінің ішінде халық қалыптастырған тілдегі әрбір дыбыстың өз орны бар. Дыбыстардың орнын парықтаудың нәтижесінде дыбыстық заңдар анықталған. Енді бұл заңдар жазу арқылы реті бұзылған дыбыс тіркестерін тануға, қалпына келтіруге, тілдің айтылым (орфоэпия), жазылым (орфография) нормаларын жүйелеуге көмектесетін болады" [1,90 б.] деп, қазіргі тіл ғылымының мән-мағынасы мен болашағына үмітпен қараған еді. Жазба тілдің қазақ сөзінің айтылымына әсерін ерте бағдарлаған Х.Досмұхамедұлының "Елдің тілі бұзылуына ең алдымен оқығандары себеп болады. Бұлар әсерлерге бағынып келіп, ана тілін өзгертуге жол басшы болады" деген сөзінің жалғасы ретінде "Айту жазудың жетегінде кетіп, алуан түрлі шәлкес дыбыстық тіркестер (орыс тіліне орайластырып айту) аяғынан шалған қазақ тілі асыл қалпынан біршама көз жазып қалып, көп ақаумен 21-ғасырға аттады. Ақаулардан арылудың айқын жолы – дыбыстар тіркесін дұрыс пайымдаумен байланысты деп түсінген жөн" [1,104 б.] – деп, Х.Досмұхамедұлының ғылымдағы мұрагер жалғасы екенін көрсетті.

Өзіне дейінгі дыбыс тіркесін зерттеушілердің еңбектерін талдай келіп, олар жіберген жаңсақтықтардың басын ашып, себебін

тауып беріп отырды: М.Райымбекова жайлы "Таблицаның айтуына қарағанда қазақ тілінде *бб, бр, бй, бл...* тіркестері бар. Тіпті *й, у* фонемалары кез келген дауыссыздан соң қатар тұра алатын сияқты"; А.Исенгельдина жайлы "Қалай болғанда да *нк, нг, нқ, нб...* сияқты тіркестер қазақ тілі дыбыс жүйесінде ұшырамайтыны анық"; А.Рабинович жайлы "Дауыссыздардың сөз ішіндегі тіркесімдерінен мыналарға назар аударайық: *мл (мемлекет)... лу (балуан), нб (жанбас), нг (мінгес)...*"; С.Мейірбекова жайлы "Біз солардың көңілді күпті ететін тұстарын ғана көзден өткізуді жөн көрдік. Олар: *ру (аруа)... йу (хайуан), ну (жануар), шс лашсыз*"; М.Жүсіпұлы жайлы "тек *гл, гн, қл, йу* сияқты орыста жоқ әріптер тіркестері ғана көңілге күдік ұялатады" [1; 4,83-85 б.]. Зерттеушілерге ортақ кемшіліктің басын аша келіп, яғни жазба мәтін материалдарын қазақ тілінің айтылым үлгісіне балап келген зерттеушілерге "Дыбыстың түрін, үндесуін дұрыс түсінбей тұрып, әріп пен дыбысты ажырата алмай тұрып, дыбыстардың тіркесімін анықтау..." деп күйініш білдіреді. Шындығында да, көптеген зерттелім материалдарында проф. С.Мырзабеков атаған кемшіліктердің бәрі бар: дыбыс түрін яғни артикуляциясын ажыратпау – *қм, мл, нб, сш, шс* т.б.; үндесуін дұрыс түсінбеу - *бс, бш, бп* т.б.; әріп пен дыбысты дұрыс ажыратпау – *ру, йу, жу, жуу, бй* т.б.

Қазақ тілінің тұрақты проблемасына айналған жазылым/айтылым төңірегіндегі теориялық ой-түйіндерін арнайы сөздікпен тиянақтады [2].

Күнделікті сөйлеу үстінде, оқу-әдістеме барысында қазақ сөзінің жазылымы мен айтылымы қатар келе жатыр. Қазіргі кезде сөздің жазылым/айтылым үлгілерінің аражігін ажыратып отырудың өзі қиындап барады. Ендеше сөздің айтылымы оның жазылымының жетегінде кетіп қалмау үшін мезгіл-мезгіл орфоэпиялық сөздіктер шығып тұрады [37;38;39;40;41]. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздіктерін құрастыру ісі үнемі даму үстінде, бірте-бірте жетіліп келе жатқанын көрсетеді.

Аталған еңбектер қазақ сөзінің айтылым үлгісін сақтап сөйлеуді "заңдастырып" отырады. Осындай іс-шаралардың жиынтық қорытындысы ретінде "Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі" шықты [42]. "Сөздікте" 61 500 сөздің (75 мыңнан аса сөз оралымдары) жазылымы мен айтылымы қатар қамтылған. Дыбыс тіркестері деп

айтылым тіркестерді атайтын болғандықтан, "Сөздіктің" зерттеушілер үшін орны ерекше болмақ. Қазақ тіліндегі дыбыс тіркестерінің нақты айтылым үлгілері осы еңбектен табылады.

"Сөздік" әріп тіркестерінің дыбыстық мәнін өз алдына көрсетуден бастап, сөз ішіндегі және екі сөз жігіндегі айтылым тіркестердің дыбыс құрамын анықтаумен аяқталған. Сонда қазірігі қазақ тілінде жазылуы мен айтылуы арасында алшақтық бар 109 сәті кездеседі екен. Оның жартысына жуығы емле жаңсақтығынан болып жатқан сәйкессіздіктер: *ия, ию, ие, ру* т.б. Тіптен бір ғана *и* әрпінің жазба тіркесі сегіз түрлі айтылым тіркеске сай келетінін құрастырушылар мысалымен көрсеткен [42,8 б.]. Ешбір емле/ережемен айтылымын реттей алмайтын әрәп тіркестері кездесетіні көрсетілген. Шынында, *ми, ти* дыбыс тіркестерінің (сөздерінің) жазылым тұрқында қалай айтылуға (оқылуға) тиіс екенін көрсететін не артикуляциялық, не просодикалық, не емле белгі жоқ. Жаттап алғаннан басқа көрсеткіш жоқ.

Ал қалған тіркестерді арнайы емле-ережелермен реттеп отыруға тура келеді. Мұның өзі қазақ тіліндегі дыбыс тіркестерінің айтылым/жазылым ерекшеліктері өте күрделі фонетикалық құбылыс екенін көрсетеді. Зерттеушілер мен оқу-әдістеме мамандарының үнемі назарында болып отыратын жай.

"Орфоэпиялық сөздіктің" сөзтізбесіне негіз болған "Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі" [43]. Екі сөздіктің қатар шығуы зерттелім нысандарының мүмкіндігін кеңейтіп отыр.

Қазақ тіліндегі дыбыс тіркестері "...қазақша сөйлегенде (не дауыстап оқығанда) сөздерді табиғи түрде дұрыс дыбыстай білуге..." [44,122б.] тікелей қатысты екенін проф.Р.Сыздыкова "сөз сазы" деп атайды. Сөз сазы, яғни сөзді дұрыс айту (дыбыстау) заңдылықтары жайлы еңбектерінде "Сөз сазы дегеніміз – сөйлеу үстінде сөздердің дұрыс айтылып, құлаққа жағымды естілуі. Ал сөздерді дұрыс айту дегеніміз тілдің табиғи дыбыс заңдылықтарын сақтау болып табылады" [44,130б.] – деп түсінік береді.

Сөз сазының қазақы болып шығуының бір жағы дыбыс тіркесіне барып тірелетінін ескерсек, зерттелім нысанының зерттеушілер назарынан түспей отырғанын құптау керек болады.

Дыбыс тіркестерін мәтіннің құрамды бір бөлігі деп қарайтын болсақ [45;46;], онда мәтінге тән фонетикалық заңдылықтардың

бәрі дыбыс тіркесіне де тән болып шығады. Ендеше дыбыс тіркесі естілім (перцепция) және әуен (интонация) салаларының да зерттеу нысанына айналу керек. Сонда дыбыс тіркесінің артикуляция, акустика, перцепция, интонация тұрғысынан кешенді зерттелім нәтижесі алынады. Мысалы, дыбыс тіркесінің және оның құрамындағы дыбыстардың жек-жеке естілім талданымы жүргізіліп, дыбыс тіркесінің естілім сипаттамасы алыну керек. Қазақ тілтанымында перцепциялық зерттеудің негізін қалаған проф.Ж.Әбуовтың еңбектері негіз болады [47;48]. Ал интонация деңгейінде болса, интонацияны қазақ тілінің академиялық грамматикасының дербес саласы етіп қалыптастырған проф.З.Базарбаева [49;50;51] мен ғалымның шәкірттері [52;53;54] бар.

Дыбыс тіркестерін үндесім (сингармонизм) [55;56] және үйлесім (ассимиляция) [57;58;59;60] тұрғысынан зерттеудің жеткілікті тәжірибесі бар.

Дыбыс тіркестерін буын құрауыш бірліктер деп қарап, буын проблемасының өзекті саласына айналдыруға болады [61;62], өйткені әзіргі қазақ тілі оқулықтарында буынның түрлерін анықтап, оның дыбыс құрамын санамалаудың нәтижесімен шектеліп қалып жатыр. Дыбыс тіркестерінің фонетикалық талданымы осы мәселенің шешілуіне де себеп болары сөзсіз.

Ендеше қазақ тіліндегі дыбыс тіркестері бір ғана жасалым (артикуляциялық) талдаудың емес, естілім (перцепция), әуен (интонация), үндесім (сингармонизм), үйлесім (ассимиляция) т.б. зерттеу түрлерінің зерттелім нысаны болады.

Әдебиеттер

1. *Мырзабеков С.* Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1999. – 199 б.

2. *Мырзабеков С.* Қазақ тілінің айтылым сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 320 б.

3. *Мырзабеков С.* Қазақ тіліндегі дыбыстар тіркесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 248 б.

4. *Мырзабеков С.* Қазақ тілі фонетикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 247 б.

5. *Зиндер Л.Р.* Общая фонетика. – М.: Высшая школа, 1979. – 313 с.

6. *Трубецкой Н.С.* Основы фонологии. – М.: Аспект пресс, 2000. – 352 с.

7. *Аванесов Р.И.* Русское литературное произношение. – М.: Просвещение, 1972. – 415 с.

8. *Торсуев Г.П.* Костантность и вариативность в фонетической системе. – М.: Высшая школа, 1977. – 123 с.

9. *Торсуев Г.П.* Константность и вариативность в фонетической системе. -М.: Московский университет, 1977. – 123 с.

10. *Радлов В.В.* Опыт словаря тюркских наречий. В 4-х томах (8-и книгах). — СПб.: Императорская Академия наук, 1888-1911. Т.1. – 968 с.

11. *Хусаинов К.Ш.* Казахский язык и В.В.Радлов. – Алма-Ата: Наука, 1981. – 171 с.

12. *Ильминский Н.И.* Материалы к изучению киргизского наречия. – Казань, 1960. – 115 с.

13. *Мелиоранский П.М.* Краткая грамматика казах-киргизского языка. – СПб., 1894. Ч.1. –178 с.

14. *Жұбанов Қ.* Қазақ тілі бойынша зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. – 361 б.

15. *Айдаров Ғ.* Көне (орхон) түрік жазуы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 282 б.

16. *Садықов С., Қоңқабаев Қ.* Байырғы түрк жазуы. – Бішкек: ҚТМУ, 2001. – 336 б.

17. *Омаров Е.* О сочетаний звуков казхаского языка. // 1920-30 жылдардағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Қарағанды, 1994. – 23-32 б.б.

18. *Байтұрсынов А.* Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. - 446 б.

19. *Досмұхамедұлы Х.* Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 174 б.

21. Современный казахский язык. – Алма-Ата: Наука, 1962. – 452 с.

22. *Баскаков Н.А.* Каракалпакский язык. – М.: Восточная литература, 1952. – 687 с.

23. *Кононов А.Н.* Грамматика турецкого языка. – М.: Восточная литература, 1956. – 565 с.

24. *Исенгельдина А.* Типология сочетаний согласных казахского и русского языков в их форме и функции. // Вопросы казахской фонетики и фонологии. – Алма-Ата: Наука, 1979. – 99-130 с.с.

25. *Раимбекова М.* Стечение согласных фонем в начальной позиции казахского слова. // Тюркская фонетика-90, – Алма-Ата: Наука, 1990. – 97-98 с.с.

26. *Раимбекова М.* Ассимилятивное описание звуков в казахском языке. – Алматы: Наука, 1998. – 146 с.

27. *Мейрбекова С.* Особенности функционирования моделей и артикуляторных типов сочетаний согласных. // Тюркская фонетика-90, – Алма-Ата: Наука, 1990. – 81-82 с.с.

28. *Қалиев Б.* Редукция узких гласных в казахском и каракалпакском языках. Автореф.дис…канд.филол.наук. – Алма-Ата, 1967. – 16 с.

29. *Қалиев Б.* Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың редукциясы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 115 б.

30. *Джунисбеков А.* Гласные казахского языка. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 93 с.

31. *Джусупов М.* Фонемография А.Байтурсынова и фонология сингармонизма. – Ташкент: Узбекистон, 1995. – 175 с.

32. *Джусупов М.* Звуковые системы русского и казхаского языков. – Ташкент: ФАН, 1991. – 240 с.

33. *Жүсіпұлы М.* Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ фонологиясы. – Алматы: Ғылым, 1998. – 215 б.

34. *Айғабылов А.* Қазақ тілі морфонологиясы мен лексикологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 232 б.

35. *Айғабылов А.* Қазақ морфонологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 1995. – 136 б.

16-205

36. *Сыздықова Р.* Сөз сазы. // Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000. – 120-200 б.б.

37. *Сыздықова Р.* Сөз сазы. – Алматы: Санат, 1983. – 75 б.

38. *Неталиева Қ.* Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 400 б.

39. *Дүйсебаева М.* Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1981. – 112 б.

40. *Сергалиев М.* Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 1996. – 167 б.

41. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. – Алматы: Арыс, 2004. – 781 б.

42. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. – Алматы: Арыс, 2005. – 615 б.

43. *Сыздықова Р.* Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000. – 528 б.

44. *Абуов Ж.* Перцептивная фонетика. – Алматы: КазГЮА, 1999. –226 с.

45. *Абуов Ж.* Сингармонические основы восприятия речи (теоретическое и экспериментально-фонетическое исследование). Автореф.дисс...док.филол. наук. – Алматы, 1998. – 50 с.

46. *Базарбаева З.* Қазақ тілінің интонациялық жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1996. – 224 б.

47. *Фазылжанова А.* Қазақ тілінің қосқұрамды құрмалас сөйлем интонациясы. Филолол.ғыл.канд.дисс...автореф. – Алматы, 2000. – 25 б.

48. *Аманбаева А.* Интонациялық бірліктердің прагмалингвистикалық сипаты. Филол.ғыл.канд.дисс... автореф. – Алматы, 2006. – 26 б.

49. *Жұмабаева Ж.* Түркі тілдеріндегі дауыстылардың фонологизациялануы. Филол.ғылым.канд...дисс.автореф. – Алматы, 2006. – 26 б.

50. *Назбиев Ж.* Сингармонические сегменты в казахском языке. – Алматы: Наука, 1998. – 215 с.

51. Сингармоническое описание звуков в казахском языке. – Алматы: Наука, 1997. – 193 с.

52. *Бәйімбетова Ә.* Дауысты дыбыстар және олардың құрылымы мен артикуляциясының сипаттамасы. // Тіл тарихы және сөз табиғаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 121-123 б.б.

53. *Бәйімбетова Ә.* Қазақ тілі тоғысыңқы дауыссыздарының фонетикалық түрленімі. Филол.ғылым.канд... дисс.автореф. – Алматы, 1999. – 27 б.

54. *Оразалин І.* Қазақ тілі жуысыңқы дауыссыздарның жасалым түрленімі. Филол.ғылым.канд...дисс.автреф. – Алматы, 2001. – 30 б.

55. *Утебаева З.* Фонетическая структура слога в казахском языке (экспериментально-фонетическое исследование). Автореф.дисс... канд.филол. наук. – Алма-Ата, 1988. – 27 с.

56. *Қайдарова Г.* Қазақ тіліндегі орфографиялық буын жайлы. // Тілтаным. – Алматы, 2005, № 2. – 117-123 б.б.

57. *Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ.* Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ғылым, 1975. – 304 б.

58. *Аханов К.* Тіл білімінің негіздері. – Алматы,: 1973. – 624 б.

59. *Аралбаев Ж.* Қазқа фонетикасы бойынша этюдтер. – Алматы: Ғылым, 1988. – 143 б.

60. *Жубанов Қ.* Қазақ тілі бойынша зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. – 361 б.

61. *Сауранбаев Н.* Қазақ тіл білімінің проблемалары. – Алматы: Наука, 1982. – 351 б.

62. Қазақ грамматикасы. – Астана: Елорда, 2002. – 783 б.

10.4 Қазақ тілі дыбыстарының түрленімі жайлы

10.4.1 Қазақ тілі дыбыстарының құрамы жайлы (Молдашева, Аймырзаев)

Қазақ тіліндегі дыбыстардың шеп түрленімін қарастыру үшін, алдымен қазақ тілі дыбыстарының құрамын анықтап алу керек болды [Молдашева, Аймырзаев]. Өйткені қазіргі кезге дейін қазақ тілінің дыбыс құрамына деген көзқарас бір арнаға түскен жоқ. Оқулықтар мен оқу-бағдарламасында болсын, ғылыми монографиялар мен мақалалар болсын дыбыс саны әртүрлі аталып келеді. Ал қазақ тіліндегі дыбыс түрленімін, оның ішінде шеп түрленімін шынайы сипаттап шығу үшін қазақ тілінің дыбыс құрамы дұрыс анықталған болу керек. Өйткені қазақ тілінің дыбыс құрамы дұрыс анықталмаса, онда дыбыс түрленімінің жүйесі бұзылады.

Қазақ фонетикасының XIX ғ. бастау көзінде тұрған Ильминский [1], Мелиоранский [2], Радлов [3; 4] т.б. болса, XX ғ. Басында А.Байтұрсынұлы [5], Х.Досмұхамедұлы [6; 7], Қ.Кеменгеруұлы [8], Қ.Жұбанов [9] т.б. қазақ фонетикасының зерттелу деңгейін жаңа деңгейге көтерді, қазақ сөзінің төл айтылым үлгісі осы зерттеулерге негіз болды. XX ғ. екінші жартысына қарай І.Кеңесбаев [10], Б.Қалиев [11], Ж.Аралбаев [12], Ә.Нұрмаханова [13], С.Мырзабеков [14;15], А.Айғабылов [16;17] т.б. орыс және батыс фонетистерінің іргелі (фундаментал) фонема теориясына сүйене отырып талдап шықты. Аталған ғалымдардың зерттеулері оқулықтар мен оқу бағдарламаларына толық еніп, осы күнге дейін дәрісханаларда пайдаланылып келеді. С.Мырзабеков өзінің көптеген еңбектерінде [18] А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлының еңбектеріне сүйеніп, қазақ сөзінің айтылым үлгілеріне қатысты мол мұра қалдырды, қазіргі кезде шәкірттері С.Ақымбек [19] т.б. ғалым салған ғылыми мектеп жолын жалғастырып келеді.

Қазақ тілінің дыбыс түрленіміне келгенде зерттеушілердің тек жуан-жіңішкелікке ғана мән беріп отырғанын креміз. Жуан-жіңішкелікті алғаш аңғарғандардың бірі Н.И.Ильминский болған: "Подобно гласным согласные бывают толстые и тонкие" [1,8] деп жазады. Қазақ сөздерінің құрамындағы үндесім белгілердің алғаш аталып отырғанын көреміз. Кезінде В.В.Радлов түркі тілдеріндегі *л* дауыссызының екі түрлі жуан-жіңішке болып дыбысталатынына мән беріп, жазуда екі түрлі таңбалап отырған [4]. Бірде дауыссыздың жіңішке вариантын l деп белгілесе, енді бірде оның жуан вариантын ł деп белгілеп отырған және дауыссыздың екі түрлі айтылатынына қарап екі дыбыс дегенге меңзейді. Сол кездегі түркі тілдерін зерттеген ғалымдардың бәріне тән пікір болған.

Алайда өзге дауыссыздардың жуан-жіңішкелік белгілерін жекежеке таңбаламаған. Дауыссыздардың үйлесім түрленіміне де мән берілмеген болатын.

Дыбыстардың шеп түрленімі жайлы мәлімет жоқ.

В.В.Радлов нұсқасы (XIX ғ.):

а, ә, е, о, ө, ы, і, ұ, ү; к, қ, х, ғ, г, ж, дж,
з, й, л, ł, м, н, ң, р, с, т, б, у(w), п, ш, д

А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің дыбыс құрамын анықтағанда да дыбыстардың үндесім вариантарына баса көңіл бөліп отырған. Ғалым қазақ тілінің негізгі әліпби үлгілерін түгендей келіп, "өзге 19 дыбыстардың һәр қайсысы бірде жуан, бірде жіңішке айтылады" [5,324]. Сонда қазақ тілінде бас-аяғы 43 дауысты-дауыссыз дыбыс бар деген қорытынды жасайды. А.Байтұрсынұлы жуан-жіңішкелік дауысты мен дауыссызға бірдей тән деп қарап, қазақ тілінде 5 дауысты бар деген қорытындыға келеді.

Бұл жерде де қазақ тілінің дыбыс құрамы үндесім тұрғысынан және де тілдің көлденең қалпына байланысты бірде жуан, бірде жіңішке айтылатын дыбыс белгілері ескеріліп отыр. А.Байтұрсынұлы пікірінің ең басты құндылығы деп үндесім әуезінің қазақ тіліндегі барлық дыбыстарға бірдей тән деп отырғандығын айтамыз. Бұл өзіне дейінгі зерттеушілер мән бермеген тілдік (фонетикалық) құбылыстың қазақ тілі үшін маңызын ашып берген нәтиже болды.

А.Байтұрсынұлы нұсқасы (ХХ ғ. басы):

а, ә, ы, і, о, ө, ұ, ү; б, д, ғ, г, ж, з, қ, к, п, т, с, ш, м, н, ң, л, р, й, у, х, һ

Қазақ сөзінің үндесім айтылуына сол тұстағы қазақ зерттеушілердің бәрі көңіл аударған. Х. Досмұхамедұлы "Бір сөздің жуан, я жіңішке болып екі түрлі айтылуы қазақ-қырғыз тіліндегі әр дыбыстың біресе жуан, біресе жіңішке болып қос айтылуынан" [6,83] деп түйіндейді. Х.Досмұхамедұлы жуан және жіңішке атылымның артикуляциялық себебін де түсіндіріп өткен: "Дыбыс жуан айтылғанда тілдің түбімен айтылып, тамақтан (көмейден) шыққандай болып сезіледі; сол дыбыс жіңішке айтылғанда тілдің ұшымен сөйлегендей болып, ауыздың алдыңғы жағынан шыққандай болып сезіледі" [6,83]. Әрине ол кезде қазіргідей қалыптасқан артикуляциялық ғылыми аппарат болған жоқ, сондықтан да анықтама қарапайым тілмен түсіндіріліп отыр. Ғалым "сол дыбыс" деп әңгіме тек бір дыбыстың екі үндесім варианты жайлы айтып отырғандығын баса көрсетеді. Оны қазіргі фонетикалық тілмен айтсақ, дыбыстың "үндесім аллофоны немесе варианты" болып шығады.

Қ.Кемеңгерұлының қазақ тілінің дыбыс құрамын талдағанда "фонема" атауын негізгі фонетикалық бірлік ретінде пайдаланғанын көреміз. Сонымен қатар қажет деген жерінде кейбір дыбыстардың артикуляциясының сипаттамасын берген.

Өткен ғасырдың жиырмасыншы-отызыншы жылдарындағы зерттеулер негізінен емле мәселесіне арналды. Қазақ тілі дыбыстарын қалай таңбалау және қазақ сөздерін қалай жазу керек деген сұрақтар бірінші кезекте тұрды. Қазақ тілі дыбыстарының трленіміне де осы тұрғыдан мән беріліп отырды. Мысалы,

-қ дауыссызының *ғ* болып айтылатын тұстарын қалай белгілеу кéрек (ақ ешкі/ағ ешкі т.б.),

-ы дауысты дыбысының көмескі естілетін тұстарын қалай белгілеу керек (қырық/кырк т.б.),

-р, л дауыссыздарының алдына дауысты қосып жазу керек пе (рет/ірет, лас/ылас т.б.),

-й дауыссызының жеке және тіркес жазылымын қалай реттеу керек (ай, қый, жый т.б.),

-у дауыссызының жеке және тірке жазылымын қалай реттеу керек (тау, оқу т.б.)

Бұл кезде өзге де кірме дыбыстарды жазып реттеудің жолдары қарастырылып отырды. Сол кездегі басылым беттеріндегі жарияланымдар өте мол болды және емле мәселесіне қатардағы мұғалімдерден бастап, ғалымдарға дейін атсалыскан (проф. О.Жұбаева жинаған қолжазба мәліметтерден).

Толық фонологиялық (фонема) деңгейдегі фонетикалық зерттеуді Қ.Жұбанов еңбектерінен табамыз [9]. Қазақ тілі дыбыстарының артикуляциялық жүйесін әр дыбыс үшін жеке анықтама ретінде беріп, артикуляциялық белгілеріне қарай жарыстыра сипаттап шыққан, артикуляциялық талдаудың нәтижелері кесте түрінде көрнекіленіп отырған.

Өткен ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ тілінің дыбыс құрамына деген көзқарас сингармонизм фонологиясы деңгейінде шешіліп үлгергенін көреміз.

Қазақ тіліндегі үйлесім түрленім сықылды күрделі дыбыс түрленімі болса бұл кезде де зерттеу нысанына айналмағанын көреміз.

Өткен ғасырдың екінші жартысында қазақ фонетикасы жаңа деңгейге көтерілді, оның басты белгісі ретінде қазақ тілі дыбыстарының әрқайсысына өз алдына артикуляциялық сипаттама беріле бастағаны болатын.

Қазақ тілі дыбыстарының түрленім (вариант) құрамы негізінен *қ-к, ғ-г* дауыссыздарының артикуляциясына байланысты болды.

І.Кеңесбаев "Қ мен к бір фонеманың екі түрлі айтылуы (немесе жуанды, жіңішкелі варианты) деп қарау дұрыс емес" [10,251] деп, олардың арасындағы артикуляциялық айырмашылықты сөз мағынасын ажыратудың тәсілі ретінде қарастырады, ал қалған "дауыссыздардың әрқайсысының жуан-жіңішкелі болып келуінің фонематикалық мағынаға әсері жоқ" [10,251] деген қорытындыға келеді. Сол кездегі фонетикалық теория осы қағиданы берік ұстап отырды. Ғылыми еңбектер мен оқулықтарда олар жеке фонема ретінде берілді.

І.Кеңесбаев және С.Мырзабеков нұсқасы (XX ғ. екінші жартысы):

а, ә, е, э, ы, і, о, ө, ұ, ү, и, у, я, ю, ё; б, д, ғ, г, ж, з, п, т, к, қ, с, ш, м, н, ң, л, й, р, у, в, ф, х, ц, ч, щ, h

Сингармонизм теориясының дамуына байланысты қазақ тілінің дыбыс құрамы үндесім тұрғысынан қайта қарастырыла бастады. Сингармонизм теориясы қазақ тілі дыбыстарының құрамын тек "әліпби дыбыстармен" ("әліпби дыбыстар" деп Ә.Жүнісбек қазіргі әліпби тізіміне еніп отырған дыбыстарды атайды) шектеуге болмайтынын көрсетті. А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасын жаңжақты зерттей келіп, М.Жүсіпұлы [20;21] қазақ тілі дыбыстарының айтылым құрамы күрделі екенін көрсетті. Қазақ жазуының негізінде сингармонизм жатқанын және алдағы уақытта да емле-ережеге сингармонизмнің тікелей қатысы болу керектігін дәлелдеп, ұсыныстар жасаған. Сингармонизмнің арнайы зерттелуі нәтижесінде [22] оның екпін, тон тәрізді сөзқұрауыштық қызметінің табиғатын ашып берді. Үнді-европа тілдерінде екпіннің, буын тілдерде тонның тілдегі дыбыстардың басын құрап, сөз етіп біріктіретін қызметі түркі (оның ішінде қазақ тілі) тілдерінде сингармонизмге тән екен. Соған орай қазақ тілінің дыбыс құрамының әуез жіктелімін ұсынды. Сингармонизм тұрғысынан қазақ тілі дыбыстарының үндесім түрленімін Ж.Нәзбиев "...метод сингармонической сегментации казахской речи... позволяет выявить и описать все проиносительные единицы в казахском языке и провести их сингармоническую интерпретацию" [23; 24,6] талдап шықты.

Фонетиканың әртүрлі саласындағы мамандар үшін зерттеу нысаны ортақ, ол – қазақ тілінің дыбыс құрамы, бірақ әркім өз тұрғысынан, басқаша айтқанда қай тілдік деңгейде немесе қандай құбылыс ретінде талдайды, зерттеудің мақсаты мен міндеті соған байланысты болады.

Біздің нұсқамыз:

а ә п б м
ы і т д н
е к(к) ғ(г) ң
ұ ү с з р
о ө ш ж л
й
у(w)

Мұнда қазақ тілінің дыбыс құрамының өзіндік ерекшеліктері бар. Ең алдымен, қазақ тілі дыбыстарын тізбектеп емес, негізгі белгілеріне қарай топтап береді. Дауысты/дауыстылар өзара екі топқа жіктеледі. Дауыстылар жуан/жіңішке болып және бөлінеді. Ал дауыссыздар болса, дауыс қатысына қарай үшке бір топталса, жасалу тәсіліне қарай тоғысыңқы/жуысыңқы болып тағы жіктеледі. Қазақ тілі дыбыстарының осылай топталу тәсілі олардың жіктелім көрнекілігін арттырады.

Осы кезден бастап эксперименталь фонетиканың әдістері кеңінен пайдаланыла бастады. Экспермиентал зерттеулер, негізінен, акустикалық талдаудың тиімді әдісі болды. Акустикалық зерттеулердің басында М.Исаев [25; 26], М.Райымбекова [27; 28], С.Татубаев [29], А.Қошқаров [30], З.Өтебаева [31], В. Шварцман [32] т.б. болды.

Акустикалық талдаумен қатар артикуляциялық талдау да қатар жүрді.

Рентген қондырғысы арқылы алынған дыбыс жасалымының көшірмесін Симонова [33], Исенгельдина [34], Жүнісбеков [35] еңбектерінен көреміз. Бұлар қазақ тілі дыбыстарының нақты артикуляциясын көрсететін еңбектер болды. Сөйтіп қазақ тілінің сипаттама артикуляциясына эксперименталь артикуляция келіп қосылды. Қазақ тілі дыбыстарының жасалым жолдарын көрсететін шынайы рентген сызбалар жасалды.

Тіл дыбыстарының табиғатын бейнелейтін өлшемдердің бірі дыбыстың естілімі болып табылады. Қазақ тіліндегі дыбыстардың перцепциясын зерттеудің нәтижелерін осы саладағы алғашқы ізденістер болып табылатын Ж.Әбуов [36] еңбектерінен табамыз. Тіл дыбыстарын адамның естілім түйсігі қалай қабылдайды соны анықтау нәтижесінде фонетикалық құбылыстардың табиғатын ашуға болатынын түсіндірді. Сөз айтылымына қатысты оның шәкірті М.Әлімбаев [37] алдыңғы ғасыр жазба деректерін талдап келеді. Сол кедегі зерттеушілер қазақ сөзін қалай естісе солай жазып алып отырғандықтан, олардың грамматикалық материал ретінде жинап, сөздік ретінде құрастырған қолжазбаларын қазіргі кездегі үнтаспа жазбаларымен қатар қоюға болады деген пікір ұсынады.

Қазақ тілінің интонация жүйесі де эксперименталь әдістер арқылы кеңінен зерттеле бастады. Интонациялық зерттеулердің бастамасын Түркпенбаев [38] т.б. еңбектерінен кездестіреміз. Бертін келе қазақ тілінің интонация жүйесі жаңа теориялық тұрғыдан зерттеле бастады. Соның нәтижесінде қазақ грамматикасының интонация бөлімі өз алдына жеке бөлім болып қалыптасты. Бұл саладағы тың нәтижелерді З.Базарбаева [39;40], А.Фазылжанова [41], т.б. Қазақ тілінің интонация жүйесінің құрылымды бірліктері ретінде З.Базарбаева енгізген "интонациялық конструкция" атауын ерекше айтуға болады. Қазақ тіліне тән интонациялық конструкцияның 8 түрін ұсынып отыр. Соның нәтижесінде қазақ мәтінін тұтас бірлік ретінде талдап, интонациялық табиғатын көрнекілеп шығуға болатын болды. Интонациялық зерттеулер З.Базарбаеваның шәкірттері Т.Кеншінбай [42], Ж.Кеншінбай [43], А.Аманбаева [44], Ж.Жұмабаеваның [45] зерттеулерімен толығып жатыр.

Фонетикалық зерттеулердің негізгі әдістерінің бірі ретінде қазақ тілі дыбыстарының артикуляциясының айырым-ортақ белгілерін пайдаланып модельдеу әдісі басталды. Мұндағы негізгі теориялық идея кез келген тіл дыбысының негізінде артикуляция жатады. Ендеше "фонетикалық зерттеулер дыбыс, дыбыс тіркесі, буын, сөз т.б. деңгейдегі бірліктердің артикуляциясын анықтаудан басталу керек".

Фонетикалық зерттеулердің негізгі әдістерінің бірі ретінде қазақ тілі дыбыстарының артикуляциясының айырым-ортақ белгілерін пайдаланып модельдеу әдісі басталды. Бұл бағыттағы зерттеулерге негіз болып отырған [46; 47] "қазақ тілінің артикуляциялық база-

сы" болып отыр. Қазақ тілінің артикуляциялық базасының үлгісі фонетикалық зерттеулердің жаңа бағытын ашып отыр. Мұндағы негізгі теориялық идея кез келген тіл дыбысының негізінде артикуляция жатады. Ендеше "фонетикалық зерттеулер дыбыс, дыбыс тіркесі, буын, сөз т.б. деңгейдегі бірліктердің артикуляциясын анықтаудан басталу керек". Артикуляциялық база үлгісінде қазақ тіліне тән мүмкін болған жасалым белгілердің бәрі көрнекіленген және олардың толық сипаттамасы берліген. Мұның өзін қазақ артикуляциясының "мәлімет қоры" деп қараса да болады. Үлгідегі айырым-ортақ белгілердің араласымынан (комбинациясынан) қазақ тіліндегі үндесім, үйлесім, тіркес (іргелес), шеп, сөз тіркес, шекара, сөйлем т.б. түрленімдердің бәрін ғылыми талдап шығуға мүмкіндік туады. Үлгідегі белгілердің араласым саны "шексіз" десе де болады, өйткені тілдің айтылым мүмкіндігі өте күрделі. Сондықтан кез келген зерттеуші кез келген фонетикалық тақырыпқа артикуляциялық сипаттама мен артикуляциялық үлгіні осы "мәлімет қорынан" таба алады. Әрі қарай зерттеуші өзінің зерттеу нысанына байланысты артикуляциялық үлгіні зерттеу амалы ретінде пайдаланып кете алады.

Қазақ тілінің артикуляциялық базасының үлгісін пайдаланып жүргізіліп жатқан зерттеулер молайып келеді. І.Оразалин [48], Ә.Бәйімбетова [49] қазақ тілі дыбыстарын жасалу тәсіліне қарай топтап, жуысыңқы және тоғысыңқы дауыссыздарды зерттеу нысаны етті, Ж.Исаева [50] дауыс желбезегінің қатысын ескеріп, үнді дауыссыздарды, Г.Қайдарова [51] буын артикуляциясына бағыттап, Қ.Зәуірбекова [52] зерттеу жұмыстарын жалғастырып келеді.

Тіл біліміндегі, оның ішінде фонетика да бар, тілдік құбылыстарды модельдеу әдісі қазақ тіліне пайдаланыла бастады. Әрине бұл әдіс бүгін ғана пайда болып отырған жоқ. Түркі тілдеріне байланысты дауысты дыбыстардың моделін ертеректе М.Черкасский [53] ұсынған. Түркі тілдеріне тән деп есептелетін сегіз дауыстының негізінде сингармонизмнің табиғатын түсіндіретін текше тектес пішіндемелер ұсынған. Соңғы кезде модельдеу әдісін дамытып, оның жаңа үлгілерін қазақ тіліне А.Жұбанов [54] енгізіп, дәріс оқулықтарын ұсынып отыр.

Ал қазақ тілінің дыбыстарының артикуляциялық моделін талдау амалы ретінде пайдаланып, оның зерттеу нәтижесін А.Жүнісбек [55] еңбектерінен көреміз.

10.4.2 Қазақ тілі дыбыстарының үндесім түрленімі жайлы

Н.И. Ильминский "үндесім (үндестік) заңы" деген атпен оған арнайы тоқталған және үндесім заңдылығын бүкіл түркі тілдеріне тән құбылыс ретінде атайды: "Закон созвучия по которому и известном слове, сколько бы оно длинно ни были, все гласные и согласные должны быть либо толстые, либо тонкие, - закон общий всем языкам тюркского семейства, существует и в киргизском наречий" [1,14]. Бұл жерде сингармонизмнің түркі тілдерін топтаудың белгісі ретінде қабылданғанын көреміз. Үндесім құбылысын тілдік белгі ретінде алған ғалым қазақ тілін осы белгісіне сүйеніп түркі тілдерінің қатарына жатқызып отыр.

Қазақ тілі дыбыстарының құрамын анықтай келіп, дауыстыларды екі топқа жұптап берген, өйткені олардың айтылымы жоғарыда көрсетілген үндесім заңына сәйкес екіге жіктелетінін көрсетуге тырысқан: "Гласные – а, ә, е, ы, і, о, ө, ұ, ү. Согласные – п, б, м, у[w], т, д, н, ж, з, ш, с, р, л, й, қ, ғ, к, г, ң. Гласные расположены нами по-парно. Первую в каждой паре назовем толстою, вторую (и ә) тонкою. Толстые, в отношении степени толстоты, сходны с русскими, тонкие же все равномерно чужды остроты русских гласных, напр. *те* киргизское - русскому тэ" [1,6]. Автор қолданған "жуан жіңішке" атауларының да сол кезде қалыптаса бастағанын көреміз. Ең бастысы, орыс тілінің ықпалымен "твердый/мягкий" атауларының тікелей аудармасын іздемей, "толыстый/тонкий" атауларын алғанын байқаймыз. Бұл атаулар қазақ тілінде орнығып, тұрақты және үйреншікті зерттеу құралына айналып отыр.

Ғалым еңбегінің аса бір құнды тұсы деп оның дауыссыздарға қатысты айтқан пікірін алуға болады. Н.И.Ильминский қазақ тілінде дауыссыздардың да жуан-жіңішке болып айтылатынын аңғарған: "Подобно гласным согласные бывают толстые и тонкие. Гортанные различаются в этом отношении так резко, что нельзя было бы не дать им особого начертания; прочие же согласные все и каждая могут быть толстою и тонкою смотря по гласной, напр. *ат, ет*. И так как это определяется *системою звуков* (ерекшелеген – біз), то мы и не отличили этой двоякости согласных никаким знач-

ком" [1,8]. Бұл жерде ғалым пікірінің екі жағын атауға болады. Бірінші, дауыссыздардың жуан/жіңішкелігін дауысты дыбыстарға таңып отыр. Өйткені ол кезде сингармонизм құбылысын "гармония гласных" деп ұғынған. Сондықтан дауыстылардың ықпалын зерттеушілер басым деп бағалаған. Екіншіден, дауыссыздардың жуан/жіңішке белгісін тілдің ішкі жүйесінен тауып отыр. Бұл сол кездегі фонетикалық теория деңгейі үшін өте жоғары нәтиже деп қарау керек. Шындығында да, қазіргі зерттеулердің нәтижесіне сүйенетін болсақ, онда дауыссыздардың жуан/жіңішкелік белгілері қазақ тілінің құрылымдық ерекшелігін көрсететін бірліктер болып табылады.

Белгілі ғалым В.В.Радлов өзінің неміс тілінде жарық көрген атақты еңбегінде сингармонизмнің фонетикалық сипатын "произносятся при одинаковом положении губ и языка" [3,2] деп берген болса, оның тілдегі қызметін "...причина возникновения гармонии гласных лежит в морфологии и теснейшим образом связана с внутренней формой урало-алтайских языков" [3,50-51] – деп түсіндіреді. Ғалымның фонетикалық қорытындысы түркі тілдеріндегі сөз тіл мен еріннің тұрақты бір қалпымен айтылады дегенді көрсетсе, ал сингармонизмді морфологиямен байланыстыруын оның құрылымдық қызмет атқаратынын көрсеткені деп түсінеміз.

Ал В.В.Радлов қалдырған оның негізгі мұрасына келетін болсақ, ол туралы оның атақты "Опыты..." сөздігін қайта бастырып шығарушылар былай деп бағалаған еді: "Опыт словаря тюркских наречий" - итог полувековой работы выдающегося ученого, основателя отечественной школы тюркологии академика Василия Васильевича Радлова (1837-19180) – пользуется всеобщим признанием как единственное в своем роде богатейшее собрание лексики и фразеологии многочисленных живых и древних тюркских языков... материал по многим тюркским языкам и диалектам подчас можно найти только в этом словаре" [от издательства] [3]. Сол ғасырдағы үндесім құбылысынан жан-жақты мәлімет беретін мол мысалды осы сөздіктен таптық. Жоғарыда айтылғандай, сингармонизмнің бұзылмаған үлгісін сол күйінде қағазға түсірген зерттеушілердің ең беделдісі В.В.Радлов болғанын көреміз. Сондықтан да ғалым мұрасын өзіміздің зерттеу нысанымыз ретінде молынан пайдаланғанымызды айта кетуіміз керек. Оның атақты "Сөздігінен"

қазақ тіліне қатысты аса бай материал табылып отыр. Ол табылған материалдың құндылығы сол кездегі қазақ сөзінің айтылым үлгісі таза ауызекі сөйлеу тілінен алынғандығында деп есептейміз.

Академик В.В.Радловтың теориялық тұжырымдарын проф. К.Ш.Хұсайыновтың еңбегіне [57] сүйеніп талдадық, өйткені В.В.Радлов еңбегінің түпнұсқасын қолға түсіру аса қиын екені зерттеушілерге мәлім. Проф.К.Хұсайынов өзінің алдына қойған мақсаты туралы былай дейді: "Цель данной работы – рассмотреть теоретические положения В.В.Радлова, которые имеют непосредственное отношение к истории изучения казахского языка, а также для выявления особенностей развития казахской лексики в советскую эпоху, сопоставить лексические материалы по казахскому языку, собранные В.В.Радловым в начале второй половины прошлого столетия, с фактами современного казахского языка" [57,4]. Біз үшін, бір жағынан, В.В.Радлов еңбегіндегі лексикалық материалдың айтылым үлгісінің маңызы зор болса, екінші жағынан, түркі тілдерінің дыбыс құрамын талдаған зерттеу нәтжелері маңызды болып табылады. Ендеше ғалым еңбегінің лексикалық және теориялық талдауларының нәтижелеріне бірдей назар аударуға тырыстық.

В.В.Радлов түркі тілдеріндегі сингармонизмнің артикуляциясын талдай келіп, оның негізгі артикуляциялық көрінісі ретінде өзіндік белгілерді ұсынады, олар: ауыз қуысының толық қалпы, яғни еріннен көмейге дейін; ауыз қуысының ықшамдалған қалпы, яғни тістен көмейге дейін; ауыз қуысының жартылай қалпы, яни еріннен тіл алдына дейін; ауыз қуысының жартылай ықшамдалған қалпы, яғни тістен тілдің алдына дейін. Ол туралы "В.В.Радлов, разделяя классическую для тюркских языков восьмерку гласных на две группы – лабиализованные и нелабиализованные, последние , на наш взгляд, вполне обоснованно назвал зубными гласными, так как по его описаниям при воспроизведении нелабиальных гласных именно зубы выступают в качестве передней границы рто-глоточного резонатора" [57,73] деп жазады проф. К.Хұсайынов.

Жалпы түркологияда әбден қалыптасып қалған теория бойынша, сингармонизмді "гармония гласных" деп қарастыру осы еңбекте де толық орын алған. Мысалы, монография авторлары "Сингармонизм – организующее средство тюркского слова, средство его цельнооформленности, установления границы слова в тюркском

речевом потоке. Определящим элементом в сингармоническом комплексе является гармония гласных, ибо слово состоит из слогов, а основную слогообразовательную функцию несут гласные, которые в сочетании с согласными образуют различные типы слогов в тюркских языках" [58,438] деп жазады.

Проф. М.Жүсіпұлы "Тілдің дыбыс қорын сингармонизм фонологиясының бағытында зерттеу үшін, біріншіден, ізденушінің алдында тұрған мәселелерге функционалдық (динамикалық) көзқарасты қалыптастыру керек; екіншіден, қазақша сөйлеу процесінде дыбысталу дағдысының және қазақ артикуляциялық базасының (дыбыстау мүшелерінің) сингармонизм заңына нық бейімделгенін анықтау керек еді. Ал, бұлардың ұйтқысы – сингармонизм заңы екендігі, сондықтан ол сингармониялық және бейсингармониялық (акцентті-фонемалық) дыбыстау дағдылары мен артикуляциялық базаларды салыстырып зерттегенде айқын байқалады" [21,7] деп, болашақ зерттеушілердің алдына күрделі мәселе қояды. Егер сингармонизм мәселесін толық шешу керек болса, онда оны жеке бөліп қарамай, басқа тілдердегі өзі тектес тілдік бірліктермен жарыстыра қарастыру керек екенін ұсынады. Сонымен қатар сингармонизмді оның тілдік қызметі тұрғысынан байыптағанда ғана оның табиғатын дұрыс түсінетін боламыз. Басқаша айтқанда "Сингармонизм – сөздің фонетикалық және фонологиялық бейнесінің просодиялық таңбасы, сөз құрамындағы барлық дыбыстарды (дауысты, дауыссыз, жарты дауысты) қамтиды; сөзді акустикалық және мағыналық жағынан тура қабылдаудың кепілі... Сингармонизмнің тағы бір коммуникативтік қызметі сөздің құрамындағы дыбыстарды біріктіру. Сөз, сөздің құрамындағы буындардың барлығы бір сингармониялық тембрмен сипатталады" [21,107]. Сөйтіп сингармонизм қазақ тіліндегі күрделі құбылыс ретінде сөздің просодикалық белгісі екен, ол сөздің құрамындағы дыбыстардың бәрін қамтиды, соның нәтижесінде дыбыстардың басы бірігіп, бүтін бір сөзге айналады. Ендеше қазақ сөзі тек сингармонизм арқылы ғана дұрыс айтылады, сингармонизм арқылы ғана дұрыс танылады.

10.4.3 Қазақ тілі дыбыстарының үйлесім түрленімі жайлы

Қазақ тіліндегі үйлесім түрленім дәстүрлі фонетикада арнайы зерттеу нысаны болмағанымен, бірлі-жарым талданған сәттерін кездестіруге болады. Бірақ ол талдаулардың негізгі мақсаты үйлесім белгілердің құрамы мен жүйесін анықтау емес, сол үйлесім дыбыстар "фонема ма, фонема емес пе ?" деген сұрақтың жауабын іздеу болып қалады. Мысалы, *қ-к, ғ-г* дауыссыз дыбыстарының сыңарларының фонологиялық мәртебесі "фонема деңгейінде ме", әлде, керісінше, "вариант деңгейінде ме" деген сұрақтың жауабында бір пікір жоқ. Бір топ ғалымдар [10; 14] артикуляциялық ерекшеліктерін ескеріп, фонема деп қарайды: "...*қ, к, ғ, г* дауыссыздарын әзірше қалыптасқан түсінік-түйсік тұрғысынан танып баяндау керек болады" [14, 64], енді бір топ ғалымдар [20;22] тілдегі фонологиялық қызметін ескеріп, варианттар деп қарайды. Соңғы пікірге орыс және қырғыз фонетистері де қосылады [59; 60; 61].

Екінші топтағы еңбектер қазақ тілінің төл дыбыстарын бөліп карастырады да, кірме әріптер мен кірме дыбыстарды шығарып тастайды. Соның бір көрнекі үлгісі ретінде соңғы шыққан "Қазақ грамматикасын" алуға болады [56]. Және бұл бағыттағы еңбектерде төл "әліпби" дыбыстардың түрленім варианттарына арнайы көңіл бөлінеді. Соның нәтижесінде қазақ тілінің дыбыс құрамы сан жағынан "әліпби" дыбыстардың құрамынан артық болып шығады. Өйткені бір дыбыстың бірнеше әуез түрленімі қамтылады, сөйтіп дыбыс санының мөлшері дәстүрлі зерттеулер нәтижесінен артық болып шығады. Мысалы, А.Байтұрсынұлы қазақ тілі дыбыстарының құрамын 5 дауысты және 17 дауысыз деп алып, олардың жуан-жіңішке үндесім варианттарын есепке алып, қазақ тілінде 43 дыбыс бар деп қорытындылайды. Бұл жерде А.Байтұрсынұлы айтқан 43 дыбыс пен қазіргі 42 әріпті сан жақындығына қарап өзара шатастырмау керек. Бұлар бір-біріне жақындамайтын, басқа-басқа мәселелер. Бұл қазақ тілінің жуан-жіңішке үндесім әуезін есепке алғандағы сан құрамы.

Егер Ә.Жүнісбек ұсынған жолмен қазақ тілінің дыбыс құрамын анықтайтын болсақ, онда қазақ тіліндегі негізгі дауыстылар 3 (ашық дауысты, қысаң дауысты және құранды дауысты) дыбыс, ал дауыс-

сыздар 17 дыбыс, барлығы 20 дыбыс болып шығады. Енді ғалым қазақ тіліндегі төрт үндесім әуезді есепке алады, сонда 9 дауысты дыбыс, 66 дауыссыз дыбыс, барлығы 75 дыбыс болып шығады [46]. Сонда қазақ тіліндегі үндесім дыбыстардың құрам саны шығады. Ал, егер, қазақ тіліндегі дыбыстардың үйлесім, шеп т.б. түрленім ретін саралап шығатын болсақ, онда дыбыс варианттары тағы да көбейіп кете береді.

Қазақ тілінің дәстүрлі фонетикасында дыбыс үйлесімі арнайы зерттеу нысаны болмағандықтан, дыбыстардың артикуляциялық сипаттамасы дыбыстардың негізгі белгілерін анықтаумен аяқталып отырды. Мысалы, дауыстылар үшін олардың жасалу орны, жақ қатысы мен ерін қатысы жеткілікті болса, дауыссыздар үшін олардың жасалу орны, жасалу тәсілі мен дауыс қатысы жеткілікті болды. Алайда бұл белгілер дыбыстарды жалпылама сипаттауға жеткенімен, олардың түрленім варианттарын сипаттауға жеткіліксіз еді. Сондықтан да қазіргі қазақ фонетикасында, жалпы лингвистикадағыдай, негізгі және үстеме артикуляциялық белгілер құрамы ендірілді. Оның қазіргі үлгісін "Қазақ фонетикасының" сингармонизмге арналған бөлімінен көруге болады. Онда қазақ дыбыстарының үндесім әуезіне байланысты, мысалы, жуан-жіңішке әуезді ұғымды беру үшін ілгеріңді-кейінді атауы ендірілді.

Сонан соң дәстүрлі фонетикадағы басы ажыратылмай келген, сондықтан дыбыс анықтамасында араласып жүрген жасалым, айтылым және естілім атаулар жіктеліп берілетін болды. Мысалы, артикуляциялық "тіл арты" атауы мен естілім "жуан" атауы бір дыбыстың анықтамасында қатар кездесе береді. Кейде артикуляциялық атаудың орнына естілім атау қолданыла береді. Дыбыс сипаттамасының жүйеге түскен түрі артикуляциялық анықтама (тек артикуляциялық атаулар пайдаланылады), акустикалық анықтама (тек акустикалық атаулар пайдаланылады), естілім анықтама (тек естілім атаулар пайдаланылады) болып шығады.

Бұған ерекше тоқталып жатқан себебіміз бар. Әрі қарайғы дыбыс талдауын Ә.Жүнісбек ұсынған жаңа үрдісті басшылыққа алып, сол ретпен жүргіземіз. Соның нәтижесінде дыбыс варианттарының анықтамасы күрделеніп кетеді. Өйткені дыбыстың негізгі артикуляциялық белгілерінің құрамына үстеме артикуляциялық, акустикалық және перцепциялық белгілер жалғасады.

Қазақ тілі дыбыстарының үйлесім түрленімі өте күрделі құбылыс болып табылады. Оның үстіне үйлесім түрленіміне арналған зерттеулер өте аз, бірлі-жарым ғана.

Әзірге белгілі зерттелімдер дауыссыздардың жасалым жіктеліміне қарай сараланған [62; 63]. Ал дауыссыздардың үйлесім түрленімнің дауыс желбезегінің (дауыс шымылдығының немесе дауыс жарғағының) қатысына қарай жіктелімі енді қолға алынып отыр [64]. Дәстүрлі фонетикада дауыс желбезегінің қатысын "дауыс қатысы" деп те атайды. Бірақ "дауыс қатысы" деген атау акустикалық фонетиканың термині болып табылады, ал біз бірінші кезекте зерттеу нысанын артикуляциялық фонетика тұрғысынан талдап отырмыз.

10.4.4 Қазақ тіліндегі дыбыс түрленім үлгілері

Кез келген тілдің фонема құрамы тұрақты болғанымен, олардың тілдегі көрінісі "шексіз" болады [65]. Фонема көрінісінің шексіз болуына әртүрлі фонетикалық жағдаяттар себеп болады. Қазақ тілі дыбыстарының сөйлеу үстіндегі түрленімінің құрамы да осындай фонетикалық жағдаяттарға байланысты. Егер фонетикалық жағдаят белгілі болса, онда сол фонетикалық жағдаяттан туындайтын дыбыс түрленімінің мән-мағанасын ашып, оны сипаттап беруге болады. Ол үшін фонетикалық жағдаяттан туындайтын ұғымды анықтап алу керек, сонан соң сол ұғымға лайық атау табу керек. Сөйтіп барып қазақ тілі дыбыстарының түрленім үлгілерінің құрамын табамыз, әрі қарай олардың фонетикалық (артикуляциялық-жасалым, акустикалық-айтылым, перцепциялық-естілім) сипаттамасының негізінде жүйесін анықтаймыз. Басқаша айтқанда, қазақ тіліндегі дыбыс түрленім үлгілерінің басын біріктіріп тұрған заңдылықты ашамыз.

Қазақ тіліндегі дыбыс түрленім үлгілерінің әрқайсысының өзіне тән ұғымдары мен атаулары болады. Қазіргі фонетикалық зерттеулердің басты мақсаты – әр түрленімге тән ұғым-атаулардың шекарасын ажыратып, жіктеп беру. Кез келген дыбыс түрленімі оның жасалымы, айтылымы, естілімін түгел немесе ішнара қамтып кетуі мүмкін, сол өзгерістердің ішінде бір белгісі басым көрінетін болады. Түрленім үлгісінің басты белгісі ретінде сол басым түрленім белгісін аламыз.

Қазақ тіліндегі дыбыс түрленімінің басты-басты үлгілерін сараптап көрейік.

Бірінші, қазақ тілінің іргелі заңдылықтарының бірі - үндесім құбылысы (үндестік немесе сингармонизм заңы). Буын немесе сөз құрамындағы кез келген дыбыс үндестік заңына лайық түрленіп отырады. "Тіл-тілде сөздің құрамындағы дауысты-дауыссыз дыбыстарды ұйыстырып, бас-аяғы бүтін бір сөз етіп тұратын лингвистикалық құбылыс болады... Қазақ тіліне тән мұндай құбылыс – үндесім (сингармонизм) құбылысы немесе үндесім заңы (сингармонизм заңы)" [56,27] деп аталады, басқаша айтқанда, буын не сөз құрамындағы дыбыстардың (дауыстылардың да, дауыссыздардың да) бір әуезбен айтылуын үндесім құбылысы дейміз. Егер дыбыс жуан әуезбен айтылса, онда сол буын құрамындағы көрші дыбыс та жуан әуезбен айтылады. Дыбыстың бұл түрленімін *жуан әуезді түрленім* дейміз; дыбыс жіңішке әуезбен айтылса, онда сол буын құрамындағы көрші дыбыс та жіңішке әуезбен айтылады. Дыбыстың бұл түрленімін *жіңішке әуезді түрленім* дейміз; дыбыс ерін әуезбен айтылса, онда сол буын құрамындағы көрші дыбыс та ерін әуезбен айтылады. Дыбыстың бұл түрленімін *ерін әуезді түрленім* дейміз; дыбыс езу әуезбен айтылса, онда сол буын құрамындағы көрші дыбыс та езу әуезбен айтылады. Дыбыстың бұл түрленімін *езу әуезді түрленім* дейміз.

Олай болса, дыбыс үндесім әуезіне байланысты түрленеді екен. Дыбыстың бұл түрленімін жинақтай келіп *үндесім түрленім* дейміз. Үндесім түрленім тек буын деңгейінде көрінеді.

Екінші, бір буынның құрамындағы дыбыс өзімен көрші екінші буынның құрамындағы дыбыстың әсерінен түрленуі мүмкін. Көрші буындағы дыбыстың көрші буындағы дыбысқа әсері жасалу орнына, жасалу тәсіліне және дауыс қатысына тікелей байланысты болады. Көрші дыбыстар ілгеріндi/кейінді бір-біріне әсер ете береді. Егер көрші дыбыстың жасалу орны еріндік болса, онда көрші дыбыс өзінің жасалу орнын жоғалтып, жасалу орнына қарай еріндік болып айтылады. Дыбыстың бұл түрленімін *орын түрленім* дейміз, өйткені дыбыстың тек жасалу орны ғана түрленеді; көрші дыбыстың жасалу тәсілі жуысыңқы болса, онда көрші дыбыс та жуысыңқы болып айтылады. Дыбыстың бұл түрленімін *тәсіл түрленім* дейміз, өйткені дыбыстың тек жасалу тәсілі ғана түрленеді; көрші дыбыс дауыс қатысына қарай ұяң болса, онда көрші дыбыс та ұяң болып айты-

лады. Дыбыстың бұл түрленімін *дауыс түрленім* дейміз, өйткені дыбыстың тек дауыс қатысы ғана түрленеді.

Олай болса, дыбыс артикуляциялық белгісіне байланысты түрленеді екен. Дыбыстың бұл түрленімін *үйлесім түрленім* дейміз. Үйлесім түрленім морфемалар жігінде ғана кездеседі.

Үшінші, дыбыс өзімен іргелес дыбыстың әсерінен түрленуі мүмкін. Іргелес дыбыстың іргелес дыбысқа әсері тілдің тік қалпына, көлденең қалпына және ерін қатысына байланысты болады. Іргелес түрленім тек дауыссыз бен дауыстының тіркесінде кездеседі және іргелес дыбыстардың дауысты сыңары басым болады. Іргелес түрленімге тілдің тік және көлденең қалпы мен ерін қалпы бір мезгілде қатысады. Түрленім осы үш белгінің араласымынан құралады.

Олай болса, іргелес түрленімге үстеме артикуляциялық белгілер қатысады. Дыбыстың бұл түрленімін *іргелес түрленім* дейміз. Іргелес түрленім буынның дауыссыздан басталған бас шенінде немесе дауыссызға аяқталған аяқ шенінде кездеседі.

Төртінші, дыбыс өзінің сөздегі орнына қарай түрленуі мүмкін. Дыбыстың сөздегі орны оның айтылымына тікелей әсер етеді. Дыбыстың артикуляциялық белгілері түгел (жасалу орны, жасалу тәсілі, дауыс қатысы, қарқыны, созылыңқылығы т.б.) қатысуы немесе ішінара қатысуы мүмкін. Сондықтан дыбыс сөздің қай шенінде тұр, соған байланысты оның айтылымы құбылып отырады. Егер сөздің басында тұрса, онда жартылай созылыңқы және босаң айтылуы мүмкін; сөздің ортасында тұрса, онда қысқа және бос айтылуы мүмкін; сөздің соңында тұрса, онда созылыңқы және нық айтылуы мүмкін. Олай болса, дыбыс айтуға кететін уақыты мен айтылым күшіне байланысты түрленді екен.

Олай болса, дыбыстың барлық белгілері маңызды. Дыбыстың бұл түрленімін *шеп түрленім* дейміз. Шеп түрленім сөз деңгейінде көрінеді.

Бесінші, дыбыс екі сөздің шекарасында тұруына байланысты түрленуі мүмкін. Сөз тіркесінің құрамындағы оның сыңарларының өзара фонетикалық байланысы дыбыстың жасалымына әсер етеді. Дыбыстың бұл түрленіміне де артикуляциялық белгілердің бәрі бірдей немесе ішінара қатысуы мүмкін. Егер сөз тіркесінің сыңарлары өзара тығыз байланыста (тұрақты тіркес) болса, онда дыбыс

түрленімі көрнекі және тұрақты болады. Дыбыс түрленімі көрнекі (айқын) және тұрақты болатындықтан, дыбыстың бұл түрленімін *көрнекі түрленім* дейміз; сөз тіркесінің сыңарлары өзара босаң байланысты (еркін тіркес) болса, онда дыбыс түрленімі көмескі және тұрақсыз болады. Дыбыстың түрленімі көмескі және тұрақсыз болатындықтан, дыбыстың бұл түрленімін *көмескі түрленім* дейміз; сөз тіркесінің сыңарлары өзара бос байланысты болса (көрші тіркес), онда дыбыс түрленбей, өз жасалымын сақтап қалады. Дыбыс түрленбей, өз айтылым үлгісін сақтап қалатын болғандықтан, дыбыстың бұл түрленімін *бейтүрленім* дейміз.

Олай болса, дыбыс өзінің айтылым айқындығына қарай түрленеді екен. Дыбыстың бұл түрленімін *тіркес түрленім* дейміз. Тіркес түрленім сөзаралық деңгейде көрінеді.

Алтыншы, дыбыс сөздің айтылым әуеніне байланысты түрленуі мүмкін. Дыбыс өзі құрамында тұрған сөздің қандай сөйлемнің құрамында тұруына байланысты түрленеді. Әдетте сөйлем мағыналық қызметіне қарай белгілі бір әуенмен айтылады, ендеше оның құрамындағы сөздер сол мағыналық әуенмен айтылады, сөз құрамындағы дыбыс та сол мағыналық әуенмен айтылады. Егер сөйлем хабарлы әуенмен айтылса, оның құрамындағы сөз де хабарлы әуенмен айтылады, сөздің құрамындағы дыбыс хабарлы әуен ықпалымен түрленеді. Дыбыстың бұл түрленімін *хабарлы түрленім* дейміз. Өйткені түрленім дыбыстың бірқалыпты айтылуына тікелей байланысты; сөйлем сұраулы әуенмен айтылса, оның құрамындағы сөз де сұраулы әуенмен айтылады, сөздің құрамындағы дыбыс та үдемелі әуен ықпалымен түрленеді. Дыбыстың бұл түрленімін *сұраулы түрленім* дейміз. Өйткені түрленім дыбыстың айтылу әуеніне тікелей байланысты; сөйлем бұйрық (лепті) әуенмен айтылса, оның құрамындағы сөз де бұйрық (лепті) әуенмен айтылады, сөздің құрамындағы дыбыс та бұйрық (лепті) әуен ықпалымен түрленеді. Дыбыстың бұл түрленімін *бұйрықты түрленім* дейміз. Өйткені түрленім дыбыстың айтылу қарқынына тікелей байланысты.

Олай болса, дыбыс өзінің айтылым қарқынына қарай (бірқалыпты, үдемелі, қарқынды) түрленеді екен. Дыбыстың осы үш түрленімінің басын қосып *әуен түрленім* дейміз.

Жетінші, дыбыс аралық, яғни дыбыс екі жағындағы дыбыс ықпалымен түрленуі мүмкін. Дыбыс қандай екі дыбыстың

аралығында тұруына байланысты түрленеді. Дыбыс екі дауыстының арасында тұруы мүмкін, дауысты мен дауыссыз арасында тұруы мүмкін, дауыссыз бен дауыстының арасында тұруы мүмкін, дауыссыз бен дауыссыз арасында тұруы мүмкін. Егер дыбыс екі дауысты аралығында тұрса, онда жуысыңқы (немесе ұяң жуысыңқы) болып айтылуы мүмкін. Дыбыстың екі дауысты арасындағы түрленімін *дауысты аралық түрленім* дейміз, оның түрленіміне екі дауысты қатар әсер етеді; дауысты мен дауыссыз арасындағы түрленім дауыссыздың жасалу тәсіліне қарай түрленеді. Дыбыстың бұл түрленімін *дауысты/дауыссыз аралық түрленім* дейміз; дауыссыз бен дауысты арасындағы түрленім де дыбыстың жасалу тәсіліне әсер етеді. Дыбыстың бұл түрленімін *дауыссыз/дауысты аралық түрленім* дейміз; дауыссыз бен дауыссыз арасындағы түрленім дыбыстың жасалу тәсілінің нық айтылуына әсер етеді. Дыбыстың бұл түрленімін *дауыссыз/дауыссыз аралық түрленім* дейміз.

Олай болса, дыбыс жасалу тәсіліне және дауыс қатысына қарай түрленеді екен. Дыбыстың үш түрленімінің басын қосып *аралық түрленім* дейміз.

Сегізінші, дыбыс тіл дамуының барысындағы фонетикалық жағдаятқа қатысты өзгерістің қалдығы болуы мүмкін. Сондықтан дыбыстың түрленім себебі белгісіз болады. Дыбыстың бұл түрленімін *тарихи түрленім* дейміз.

Тоғызыншы, дыбыс ешқандай фонетикалық себепсіз-ақ түрленуі мүмкін. Дыбыстың себепсіз түрленуін *еркін түрленім* дейміз.

Оныншы, дыбыс арнайы жасанды құрылған мәтін (жаңылтпаш т.б.) құрамындағы күрделі дыбыс тіркесі мен үндесім буындардың қайталанымы арқылы түрленуі мүмкін. Дыбыстың бұл түрленімін *жаңылтпаш түрленім* дейміз. Түрленімнің бұл түрі жеке дыбыс, буын, сөз, сөз тіркесі деңгейінде көріне береді.

Он бірінші, адамның көңіл-күй қалпына байланысты түрленуі мүмкін. Қуаныш, қорқыныш, кешірім, ыза, жайбарақатты, шаршаңқы, ырзалық, өкініш т.б. себептердің салдарынан болатын түрленімін *көңіл-күй түрленімі* дейміз. Осы топтағы дыбыс түрленімінің көрінісі шексіз болады.

Он екінші, асығып сөйлеудің аркасында дыбыс түрленеді. Дыбыстың бұл түрленімін *асығыс түрленім* дейміз. Дыбыстың түсіп қалуын да түрленім деп қарау керек.


Он үшінші, тіл мүкісінің салдарынынан дыбыс түрленуі мүмкін. Дыбыс түрленімінің бұл түрін *мүкіс түрленім* дейміз. Мүкіс түрленімнің де ауқымы кең болады.

Он төртінші, екінші бір тілді нашар меңгергендіктің себебінен дыбыс түрленуі мүмкін. Мұндай жағдайды дыбыс теріс айтылады, сондықтан дыбыстың бұл түрленімін *теріс түрленім* дейміз.

Сонымен қазақ тілінің кез келген дыбысы *үндесім, үйлесім, шеп, іргелес, тарихи, әуен, еркін, тіркес, аралық, көңіл/күй, жаңылтпаш, асығыс, мүкіс, теріс* түрленім тұрғысынан сипатталады және олардың әрқайсысына тән өзіндік фонетикалық анықтамасы беріледі. Сол фонетикалық белгілерінің нәтижесінде олар тұрақты бір жүйеге бірігеді (1-кесте).

Ендігі мақсат – сол әрбір түленім үлгілерінің сипаттамасын беру. Әрине, дыбыс түрленіміне оның негізгі және үстеме артикуляциялық белгілері, сондай-ақ негізгі (коммуникатив) және көңіл-күй (эмоциональ-экспрессив) әуен деңгейінің құбылуы т.б. фонетикалық жағдаяттар түгел қатысады. Алайда әр түрленімге қатысты сол белгілердің араласым жолы (комбинациясы) әртүрлі болуы мүмкін немесе бір (не бірнеше) белгі басым шығып, қалғандары бейтарап қалуы мүмкін. Әрбір түрленім үлгілерінің көрінісін өз алдына көрнекілеп отыруға тура келеді. Ендеше, дыбыс түрленімінің құрамын анықтап, жүйесін сипаттап шығу үшін күрделі зерттеулер жүргізуге тура келеді.

1-кесте. Қазақ тілі дыбысының түрленім үлгілерінің құрамы



Әдебиет

1. *Ильминский Н.И.* Материалы к изучению киргизского наречия. - Казань, 1860. -123 с.

2. *Мелиоранский П.М.* Краткая грамматика казак\киргизского языка. Фонетика, этимология. Ч. I. - СПб., 1894. -135 с.

3. *Радлов В.В.* Фонетика северных тюркских языков. - Лейпциг, 1882 (неміс тілінде). - 212 с.

4. *Радлов В.В.* Опыт словаря тюркских наречий. В 4-х томах (8-и книгах). Санкт-Петербург, 1888-1911.

5. *Байтұрсынұлы А.* Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. - 446 б.

6. *Досмұхамедұлы Х.* Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 81-99-бб.

7. *Досмұхамедұлы Х.* Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ана тілі, 1998. 139-154-бб.

8. *Кемеңгерұлы Қ.* Шығармалары. - Алматы: Алаш, –2006.

9. *Жұбанов Қ.* Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.

10. *Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ.* Қазіргі қазақ тілі. - Алматы: Ғылым, 1975. – 304 б.

11. *Қалиев Б.* Қазақ тілі. Фонетика. Лексика. Грамматика. –Алматы, 1999. -221 б.

12. *Аралбаев Ж.* Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. - Алматы: Ғылым, 1988. - 143 б.

13. *Нұрмаханова Ә.* Қазіргі қазақ тілі. –Алматы: Мектеп, 1982.

14. *Мырзабеков С.* Қазақ тілі фонетикасы. - Алматы: Қазақ университеті, 2004. - 247 б.

15. *Мырзабеков С.* Қазақ фонетикасы. - Алматы: Қазақ университеті, 1999. - 200 б.

16. *Айғабылов А.* Қазақ морфонологиясы. - Алматы: Санат, 1995. - 136 б.

17. *Айғабылов А.* Қазақ тілі морфонологиясы мен лексикологиясы. –Алматы: Қазақ университеті, 2006. -272 б.

18. *Мырзабеков С.* Дыбыстар тіркесі – орфография мен орфоэпияның негізі. //Тюркская фонетика. –Алма-Ата, 1990. – С.142-143.

19. *Ахымбек С.* Қазақ тіліндегі сөз басындағы және сөз соңындағы кейбір дыбыстар. //Қазақ тілі: фонетика, лексика, грам-

матика. (Ғылыми мақалалар жинағы). – Алматы: ҚМХҚжӘТУ, 1999. –28-32 б.

20. *Жүсіпұлы М.* Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ ілі фонологиясы. - Алматы: Ғылым, 1998. – 215 б.

21. *Джусупов М.* Фонемография А.Байтурсынова и фонология сингармонизма. – Ташкент: ФАН, 1995.

22. *Джунисбеков А.* Сингармонизм в казахском языке. - Алма Ата: Нука, 1980. – 78 с.

23. *Нәзбиев Ж.* Сингармоническое описание произносительных единиц в казахском языке. – Алматы: Ғылым, 1998. 166 с.

24. *Нәзбиев Ж.* Сингармонические сегменты в казахском языке. Автореф.дисс...док.филол.наук. –Алматы, 1998. 57 с.

25. *Исаев М.* Лингво-контрастивное исследование речевой деятельности в условиях искусственного двуязычия. Автореф...док. филолог.наук. –М., 1992. -50 с.

26. *Исаев М.* Фонетические особенности английской речи казахов. – Алматы: КазУМОиМЯ им. Абылай хана, 2004. – 352 с.

27. *Райымбекова М.* Ассимилятивное описание звуков в казахском языке. - Алматы: Наука, 1998.

28. *Райымбекова М.* Ассимилятивные сегменты в казахском языке. Автореф.дис...докт.наук. – Алматы, 1998. -57 с.

29. *Татубаев С.* Тайны звука (очерки по фонетике казахского языка по сравнению с речью). – Алма-Ата, 1978.

30. *Қошқаров А.* Фрикативные согласные казахского языка. Автореф.дис...док.филолог.наук. –Алматы, 1996. -40 с.

31. *Утебаева З.* Экспериментально-фонетическое исследование структуры слога. //Проблемы преподования иностранных языков и языкознания. –Алма-Ата, 1974. – С. 236-237.

32. *Шварцман В.* Длительность гласных во французском и казахском языках. //Материалы межвузовской научно-теоретической конференции. – Алма-Ата, 1968. – С. 101-102.

34. *Исенгельдина А.А.* Артикуляционные и акустические характеристики звуков речи. //Материалы межвузовской научно-теоретической конференции. – Алма-Ата, 1968. – С. 87-88.

35. *Жүнісбеков Ә.,* Бәйімбетова Ә. Дауыссыз дыбыстардың артикуляциялық базасы. //Қ.Жұбанов және қазақ тіл білімі. –Алматы: Ғылым, 1999. -216-220 бб.

36. *Абуов Ж.* Перцептивная фонетика. – Алматы: Наука, 1991. – 226 с.

37. *Әлімбаев М.* Қазақ тіліндегі үндесім (сингармонизм) құбылысының артикуляциялық сипаты. Филол. ғыл. канд...дисс. автореф. – Алматы, 2006. -22 б.

38. *Түркпебаев Н.* Сравнительная фонетика русского и казахского языков. –Алма-Ата: Мектеп, 1989. -103 с.

39. *Базарбаева З.* Қазақ тілінің интонациялық жүйесі. - Алматы: Ғылым, 1996. – 224 б.

40. *Базарбаева З.* Казахская интонация. -Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 281 с.

41. *Фазылжанова А.* Қазақ тіліндегі қос құрамды құрмалас сөйлем интонациясы. Филолог.ғылым.канд...дисс.автореферaты. – Алматы, 2000. – 25 с.

42. *Кеншінбай Т.* Фонетические характеристики и пунктуационное оформление стыка фонетико-синтаксических единиц. Автореф. дисс...кан. филол. наук. –Алматы, 2002. -28 с.

44. *Аманбаева А.* Интонациялық бірліктердің прагмалингвистикалық сипаты. Филол.ғыл.канд.дисс... автореф. – Алматы, 2006. – 26 б.

45. *Жұмабаева Ж.* Түркі тілдеріндегі дауыстылардың фонологизациялануы. Филол.ғыл.канд...дисс.автореф. – Алматы, 2006. – 26 б.

46. *Сәдуақас Н.* Профессор Құдайберген Жұбанов еңбектеріндегі қазақ тілі дыбыстары жіктелімінің фонологиялық негіздері. Филол. ғылым.канд... дисс.автореф.–Алматы, 1999. -28 б.

47. *Джунисбеков А.* Проблемы тюркской словесной просодии и сингармонизм казахского слова. –Алма-Ата, 1988. -58 с.

48. *Оразалин І.* Қазақ тілі жуысыңқы дауыссыздарының жасалым түрленімі. Филол.ғыл.канд...дисс.автореф. - Алматы, 2001. – 30 б.

49. *Бәйімбетова Ә.* Қазақ тілі тоғысыңқы дауыссыздарының жасалым түрленімі. Филол.ғыл.канд...дисс.автореф. - Алматы, 1999. – 27 б.

50. Исаева Ж. Қазақ тіліндегі үнді дауыссыз дыбыстардың үйлесім түрленімі. Филол.ғыл.канд...дисс.автореф. –Алматы, 2007. – 24 б.

51. *Қайдарова Г.* Қазақ тіліндегі орфографиялық буын жайлы.

//Тілтаным. 2005, № 2. -117-123 бб.

53. Черкасский М. Тюркский вокализм и сингармонизм. - М.: Наука, 1965. – 142 с.

54. *Жұбанов А.* Основные принципы формализации содержания казахского текста. - Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 250 с.

55. Жүнісбек А. Қазақ тілі дыбыстарының артикуляциялық моделі. - Алматы: Арыс, 2005. – 108 б.

56. Қазақ грамматикасы.- Астана: Елорда, 2002. - 783 б.

57. Хусаинов К.Ш. В.В.Радлов и казахский язык. -Алма-Ата: Наука, 1981. -171 с.

58. *Реформатский А.А.* Из истории отечественной фонлогии. – М.: Наука, 1970. – 528 с.

59. *Батманов И.А.* Фонетика киргизскго языка. –Фрунзе: Просвещение, 1946.

60. *Баскаков Н.А.* Введение. Языки народов СССР. Т.2. –М.: Наука, 1966. -С. 7-22.

61. *Реформатский А.А.* Иерархия фонологических единиц и явления сингармонизма. // Исследования по фонологии. –М.: Наука, 1966. - С. 186-198.

62. *Рабинович А.И.* К вопросу о фонологическом статусе казахских согласных (қ, к, ғ, ғ, х). //Советская тюркология. №3, 1972. – С.67-69.

63. *Баскаков Н.А.* Историко-типологическая фонология тюркских языков. М.: Наука, 1988. -208 с.

64. *Жүнісбек А.* Қазақ тілі дыбыстарының артикуляциялық моделі. Филолог.ғылым.канд...дис.автореф. –Алматы, 2003. -30 б.

65. *Зиндер Л.Р.* Общая фонетика. - М.: Высшая школа, 1972. –312 с.

66. *Уәли Н.* Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филол. ғыл. док...дисс.автореф. - Алматы, 2007. - 49 б.

67. *Қалиев Б.* Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың редукциясы. – Алматы: Ғылым, 1984. - 115 б.

68. *Талипов Т.* Гласные звуки уйгурского и казахског языков. – Алма-Ата: Наука, 1972. – с.

69. *Садыков Т.* Основы киргизской фонологии и морфонологии. – Бишкек, 1992. – 156 с.

70. *Джунисбеков А.* Проблемы тюркской словесной просодии

и сингармонизм казахского слова. Автореф.дисс…д-ра филол.наук. -Алма-Ата, 1988. -60 с.

71. *Джунисбеков А.* Проблемы тюркской словесной просодии и сингармонизм казахского слова. Автореф.дисс…д-ра филол.наук. -Алма-Ата, 1988. -60 с.

72. *Аралбаев Ж.* Вокализм казахского языка. -Алма-Ата: Наука, 1970. -179 с.

73. *Бизақов С.* Вариантты сөздер сөздігі. –Алматы: Білім, 2000. -317 б.

74. *Омарбеков С., Жүнісов Н.* Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1985. -207 б.

75. *Қайдаров А.* Структура односложных корней и основ в казахском языке. -Алма-Ата: Наука, 1986. -328 с.

76. *Мусаев К.* Казахский язык. // Основные процессы внутриструктурного развития тюркских, финно-угорских и монгольских языков. М., 1969. -С. 54-110.

77. *Джунисбеков А.* Гласные казахского языка. -Алма-Ата: Наука, 1972. -95 с.

76. *Хусаинов К.Ш.* Исследования фонетики и лексики казахского языка в трудах В.В.Радлова. Автореф.дис... канд.филол.наук. Алма-Ата, 1971. -30 с.

77. *Хусаинов К.Ш.* К характеристике лабиальной гармонии в казахском языке. //Вестник АН КазССР, 1971, № 10. -С. 68-70.

78. *Неталиева Қ.* Қазақ әдеби тілі орфоэпиясының кейбір мәселелері. //Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы, 1971, №3, 41-48-бб.

79. Сыздықова Р. Орфоэпиялық нормалар жайлы. // Өрелі өнер. Мақалалар жинағы. Алматы, 1976. -37-41 бб.

80. *Аралбаев Ж.* Вопросы казахской фонетики в трудах русских ученых. //Вопросы казахской фонетики и фонологии. -Алма-Ата: Наука, 1979. - С. 53-63.

81. Вопросы казахской фонетики и фонологии. -Алма-Ата: Наука, 1979. -249 с.

82. *Кенесбаев С.К.* Исследования по казахскому языкознанию. -Алма-Ата: Наука, 1987. -420 с.

83. *Сухотин А.М., Юдахин К.К.* О сокращении некоторых букв в

ряде тюркских алфавитов. //Из истории отечественной фонологии. – М.: Наука, 1970. -С.157-162.

84. *Алдашева А.* Буын үндестігі және кейбір қосымшалардың орфограммасы. //Түркі фонетика-90. -Алматы, 1990. 133-134-бб

85. *Мырзабеков С.* Дыбыстар тіркесімі - орфография мен орфоэпияның негізі. //Түркі фонетика-90. -Алматы, 1990. 142-143 бб.

86. *Исаева Ж.* Қазіргі қазақ тіліндегі сегментті бірліктердің фоностилистикасы. Филолог.ғылым.канд...дис.автореф. -Алматы, 2000. -29 б.

87. *Сыздықова Р.* Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі. –Алматы, 1987. -199 б.

88. *Омарбеков С., Жүнісов Н.* Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. – Алматы: Мектеп, 1985. -207 б.

89. *Кудеринова Қ.* Бірге, бөлек таңбаланатын сөздердің орфограммасы және оларды кодификациялаудың негіздері. Филол.ғылым. канд...дис. автореф. -Алматы, 2000. -26 б.

90. *Сыздықова Р.* Емле және тыныс белгілері жайында анықтағыш. –Алматы: Санат, 1994. -288 б.

91. *Уәлиев Н.* Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері. Филол.ғылым.канд...дисс. –Алматы, 1993. 162 б.

92. *Джусупов М.* Сингармонический звуковой строй в сопоставлении с несингармоническим. Автореф.дисс...док.филол.наук. – Алма-Ата, 1992. -38 с.

93. *Удербаев А.* Моңғолиядағы қазақ диаспорасының тіліндегі фонетикалық ареал құбылыстарды салыстырмалы зерттеу. Филолог. ғылым.канд.дисс...автреф. –Алматы, 2002. 29 б.

94. *Алиева С.* Обучение литературному произношению студентов-казахов в практическом курсе русского языка. Автореф.дис... канд.филол.наук. –Ташкент, 1993. -22 с.

95. *Даулетов А.* Звуковой строй современного каракалпакского литературного языка. Автореф...док.филол.наук. –Алматы, 1994. -45 с.

96. *Баданбекова З.* Қазақ тіліндегі фонемалардың дыбыс қорлары. Филол.ғыл.канд...автореф. –Алматы, 2001. -25 б.

97. *Абуов Ж.* Сингармонические основы восприятия речи. Автореф.дисс...док.филол.наук. –Алматы, 1998. -50 с.

98. *Жұбаева О.* Қ.Кемеңгерұлының тілтанымдық мұрасы мен

лингвистикалық тұжырымдамалары. Филолг.ғылым.канд...автореф. – Алматы, 2002. -29 б.

99. Шнайдер В. В.В.Радлов және қазіргі қазақ тілі фонетикасы. Филол.ғыл.канд...автореф. –Алматы, 2003. -29 б.

100. *Неталиева Қ.* Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. –Алматы, 1977. -399 б.

101. *Бизақов С.* Тілдік норма және вариантты лық. –Алматы: Ғылым, 1997. -208 б.

102. *Жүнісбек Ә., Асанова Ж.* Қазақ әліпбиіндегі кірме әріптердің емле-ережесі. //Білім кілті – Ключ знаний. №4, 2007. – 8-11 бб.

103. *Жұбаева О.* Қазақ тілінің фонетикасы бойынша Қ.Кемеңгерұлының танымы. //Ізденіс, №3, 2000. –Б.4-11.

104. *Уәли Н.* Сөз мәдениеті. –Алматы, 2006. –107 б.

105. *Алдашева А., Уәли Н.* Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. –Алматы:Ғылым, 1988. – б.

106. Қазақ тілінің орфоэпиялық анықтағышы. –Алматы: Арыс, 2004. 200 б.

107. Орфографиялық сөздік. –Алматы, 2007. -480 б.

108. *Сыздық Р.* Қазақ тілінің анықтағышы. –Алматы: Елорда, 2000. – 532 б.

109. *Кеңесбаев І.* Қазақ тіл білімінің мәселелері. –Алматы: Арыс, 2008. -608 б.

110. *Балақаев М.* Қазақ тіл білімінің мәселелері. –Алматы: Арыс, 2008. -592 с.

111. *Мұсабаев Ғ.* Қазақ тіл білімінің мәселелері. –Алматы: Арыс, 2008. -472 б.

112. Орфоэпиялық сөздік. –Алматы: Арыс, 2007. -800 б.

113. *Джусупов М.* Звуковые системы русского и казахского языков. Слог. Интерференция. Обучение произношению. –Ташкент: ФАН. 1991. -238 с.

114. Тіл тарихы және сөз табиғаты. –Алматы: Ғылым, 1997. – 223 б.

115. *Жунисбек А.* Проблемы сингармонической фонетики. // Язык, перевод и современные технологии обучения языкам. –Алматы, 2002. – С. 8-9.

116. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. –Алматы: Арыс, 2005. - 616 б.

117. *Оңдасынов Н.* Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. –Алма-

ты: Қазақстан 1989, -384 б.

118. Орфографиялық сөздік. –Алматы: Арда, 2006. -198 б.

119. *Кенесбаев С.К.* Исследования по казахскому языкознанию. – Алматы, 1987.

120. *Копыленко М.М., Ахетжанова З. Фонетическая* интерференция в русской речи казахов. –Алма-Ата: Наука, 1984. -65 с.

121.*Құдайберген Жұбанов* және қазақ тіл білімі. – Алматы: Арыс, 1999. -375 б.

122. *Мырзабеков С.* Қалай жазған дұрыс. //Қазақстан мұғалімі. 12.09.65.

123. Өзіме өгей өз тілім. //Ана тілі. 28.09.94.

124. *Бәйімбетова Ә.* Ахмет Байтұрсынұлы еңбектеріндегі дауыссыз дыбыстардың жіктелу жайы. //Ахметтану тағылымдары. – Алматы: Ғылым, 1998. – С. 39-41.

125. *Ерғалиев Қ.* Ісмет Кеңесбаевтың фонетикалық еңбектерінің ғылыми негізі. Филол.ғыл.канд...дисс.автореф. –Алматы, 2006. -24 б.

126. *Исаева Ж.* Қазақ тіліндегі үнді дауыссыз дыбыстардың үйлесім түрленімі. Филолог.ғылым.канд...дис.автореф. – Алматы, 2007. -24 б.

127. *Молдашева А.* Қазақ тіліндегі ұяң дауыссыз дыбыстардың үйлесім түрленімі. Филол.ғыл.канд...дисс.автореф. – Алматы, 2007. -22 б.

128. *Укібасова Қ.* Қазақ тіліндегі дыбыстар тіркесінің ұлттық ерекшеліктері. Филолог.ғылым.канд...дис.автореф. –Алматы, 2007. -22 б.

129. Омаров Е. Қазақша жазу жайы. //Тілтаным. № 3, 2002. 103-110 бб.

ҚАЗАҚША-ОРЫСША ФОНЕТИКАЛЫҚ СӨЗДІК
(казахско-русский фонетический словарь)

Ағылшын – англичанин, английский
ағылшын тілтанымы – английская лингвистика
ағылшын тілі – английский язык
ағылшын фонетикасы – английская фонетика
Айтылым – орфоэпия, пройзношение
айтылым сөздік – орфоэпический словарь
Айтылым көрініс (сурет) – акустическая картина
Айырым – дифференциальный
айырым белгі – дифференциальный признак
Ақиқат – реальный, истинный, настоящий
ақиқат дыбыс – реальный звук
ақиқат белгі – истинный признак
ақиқат буын – реальный (истинный) слог
Аллофон – аллофон (вариант, оттенок)
тірек (негізгі) аллофон – основной аллофон
Алмасым – чередование
бейрет алмасым – спонтанное чередование
еркін алмасым – свободное чередование
табиғи алмасым – живое чередование
тарихи алмасым – историческое чередование
іргелес алмасым – комбинаторное чередование
шеп алмасым – позиционное чередование
Амал (тәсіл) – способ
жасалу амалы (тәсілі) – способ образования
Арабы –арабский
арабы тілтаным – арабское языкознание
араб тілі – арабский язык
Аралас – смешанный
Аттас – омонимичный
аттас жұп – омонимичная пара
аттас сөз – омонимичные слова
Аттасым – омоним
Ауропы – Европа, европейский
Ауызекі – устный

ауызекі тіл – разговорный язык
Ауыз жолды – ртовый
ауыз жолды дыбыс – ртовый звук
ауыз жолды дауыссыз дыбыс – ртовый согласный звук
Ауызша – устно, устный
ауызша жауап – устный ответ
Ашық – открытый
ашық дыбыс – открытый звук
ашық дауысты – открытый гласный
ашық дауысты дыбыс – открытый гласный звук
Аяқ – конечный
аяқ буын – конечный слог
аяқ дыбыс – конечный звук
аяқ сөз – конечное слово

Әдеби – литературный
әдеби айтылым – литературное пройзношение
әдеби сөз – литературное слово
Әдіс – метод
тарихи әдіс – исторический метод
тілтаным әдіс – лингвистический метод
салыстырма әдіс – сравнительный метод
құралғы әдіс – инструментальный (экспериментальный)метод
Әдістеме – методика
Әліпби – алфавит
арабы әліпби – арабский алфавит
славян (кирил) әліпби – славянский алфавит
латын әліпби – латинский алфавит
Әмбетіл – полиглот
әмбетіл адам – человек-полиглот
Әңгіме – беседа
жай әңгіме – спонтанная беседа
арнайы әңгіме – специальная беседа
дайын әңгіме – подготовленная беседа
еркін әңгіме – свободная беседа
Әріп – буква

айшық әріп – фигурная буква
бас әріп – заглавная (прописная) буква
баспа әріп – печатная буква
бастырма әріп – накладная буква
бедер әріп – рельефная буква
биік (енсіз) әріп – вытянутая по вертикали буква
иін әріп – дугообразными углами буква
тапал (енді) әріп – вытянутая по горизонтали буква
жазба әріп – от руки написанная буква
жай әріп – обычная буква
жапсырма әріп – буква-наклейка
жасырынба әріп – скрытая буква
жол әріп – строчная буква
көлбеу (қия) әріп – курсив-буква
көлеңке әріп – буква с тенью
қашау әріп
қою әріп – жирная буква
ойық әріп – утопленная буква
ою әріп – орнаментообразная буква
сұйық әріп – простая (не жирная) буква
сына әріп – руническая буква
тік әріп – прямоугольными углами буква

Әріптеме – азбука
Әуез – тембр
аралас әуез – смешанный тембр
езу әуез – негубной тембр
ерін әуез – губной тембр
жуан әуез – твердый тембр
жіңішке әуез – мягкий тембр
үндесім әуез – сингармонический тембр
Әуен – мелодика, интонация
жоғарғы әуен – высокая мелодика
өсіңкі әуен – восходящая мелодика
өшік әуен – глухая мелодика
өшіңкі әуен – оглушенная мелодика
төмен әуен – низкая мелодика
түсіңкі әуен – нисходящая мелодика
тең әуен – ровная мелодика

18-205

Әуентаным – интонология
қазақ әуентанымы – казахская интонология

Бас – начальный
бас әріп – начальная буква
бас буын – начальный слог
Бедер – форманта
жинақы бедер – компактные форманты
шашыраңқы бедер – диффузные форманты
Бедер таңба – спектрограмма
Бейекпін – безударный
бейекпін буын – безударный слог
бейекпін дауысты – безударный гласный
бейекпін сөз – безударное слово
бейекпін тіркес – безударное сочетание
бейекпін шеп – безударная позиция
Бейне (тұлға) – образ
Бейрет – спонтаный
бейрет алмасым – спонтанное чередование
Бейтарап – нейтральный
бейтарап белгі – нейтральный признак
Бейтараптану – нейтрализация
Бейүйлес
Бейүйлесім
Бейүндес – асингармонический
Бейүндесім – асингармонизм
Бел – стационарный, средний
бел бөлік – стационарный участок
Белгі – признак
айтылым белгі – акустический признак
айырым белгі – дифференциальный признак
ақиқат белгі – реальный (истинный) признак
әуез белгі – тембральный признак
әуен белгі – интонационный признак
естілім белгі – перцептивный признак
жасалым белгі – артикуляционный признак
жай белгі – недифференциальный признак
көмескі белгі – слабый признак

қалыс белгі – нейтральный признак
ортақ белгі – общий признак
үйлесім белгі – ассимилятивный признак
үндесім белгі – сингармонический признак

Буын – слог
буынтаным – просодика слога
ашық буын – открытый слог
бейүндес буын – асингармонический слог
буын шыңы – вершина слога
бітеу буын – закрытый слог
тұйық буын – полуоткрытый слог
үндес буын – сингармонический слог

Бос – ненапряженный
бос жасалым – ненапряженная артикуляция
бос тоғысым – ненапряженная смычка
бос тоғысыңқы – ненапряженный смычный
бос тоғысыңқы дауыссыз – напряженный смычный согласный
бос жуысым – неапряженная щелинность
бос жуысыңқы – ненапряженный щелинный
бос жуысыңқы дауыссыз – ненапряженный щелинный согласный

Босаң – полунапряженный
босаң жасалым – полунапряженная артикуляция
босаң тоғысым – полунапряженная смычка
босаң тоғысыңқы – полунапряженный смычный
босаң тоғысыңқы дауыссыз – полунапряженный смычный согласный
босаң жуысым – полуапряженная щелинность
босаң жуысыңқы – полунапряженный щелинный
босаң жуысыңқы дауыссыз – полунапряженный щелинный согласный

Бөлшек (құрақ) – сегмент
буын бөлшек (құрақ) – слоговой сегмент
дыбыс бөлшек – звуковой сегмент
сөз бөлшек – совесный сегмент

Бөлшектеу – сегментация, сегментировать

Бөлік – участок (часть)
аяқ бөлік – конечный участок
бас бөлік – начальный участок
бел бөлік – стационарный участок
дәнекер бөлік – переходной участок
Біртекті – единообразный
біртекті құбылыс – единообразное явление
Бірыңғай – однородный
бірынғай құбылыс – однородное явление
Бітеу – закрытый
бітеу буын – закрытый слог

Дауыс – голос
ащы дауыс – визгливый голос
әйел дауыс – женский голос
бала дауыс – детский голос
дауыс қатысы – участие голоса
ер(кек) дауыс – мужской голос
жағымды дауыс – приятный голос
жоғары дауыс – высокий голос
көмей дауыс – гортанный голос
қарлығыңқы дауыс – сиплый голос
қарлыққан дауыс – простуженный голос
қоңыр дауыс – низкий (бархатный) голос
мүкіс дауыс – травмированный голос (речь)
төмен дауыс – низкий голос
Дауыс шымылдығы (желбезегі, жарғағы) – голосовые связки
Дауыс шымылдығының қатысы – участие голосовых связок
бейтербеліс – отсутствие колебаний голосовых связок
тербеліңкі – слабое колебание голосовых связок
тербелімді – полу колебание голосовых связок
тербелмелі – полное колебание голосовых связок
Дауыс қатысы – участие голоса
қатаң дауыссыз – глухой звук
ұян дауыссыз – звонкий звук
үнді дауыссыз – сонорный звук
Дауыссыз – согласный

ауыз жолды дауыссыз – ртовый согласный
дауыссыз дыбыс – согласный звук
діріл дауыссыз – дрожащий согласный
ерін дауыссыз – губной согласный
еріндік дауыссыз – огубленный согласный
ерін-ерін дауыссыз – губно-губной согласный
жанама дауыссыз – боковой согласный
жуысыңқы дауыссыз – щелевой согласный
жайылыңқы жуысыңқы дауыссыз – плоскощелевой согласный
жинақы (жиылыңқы) жуысыңқы дауыссыз – круглощелевой согласный
кейінді дауыссыз – отодвинутый (назад) согласный
көмей дауыссыз – глоточный согласный
қатаң дауыссыз – глухой согласный
мұрын (жолды) дауыссыз - носовой согласный
тоғысыңқы дауыссыз – смычный согласный
жоғарылы дауыссыз – приподнятый согласный
төменді дауыссыз – приопущенный согласный
тіл алды дауыссыз – переднеязычный согласный
тіл арты дауыссыз – заднеязычный согласный
тіл ортасы дауыссыз – среднеязычный согласный
тіл ұшы дауыссыз – альвеолярный согласный
тілшік дауыссыз – язычный (увулярный) согласный
ұяң дауыссыз – звонкий согласный
үнді дауыссыз – сонорный согласный
ілгерінді дауыссыз – продвинутый (вперед) согласный

Дауысты – гласный
ашық дауысты – открытый гласный
дауысты дыбыс – гласный звук
езу дауысты – негубной гласный
езулік дауысты – неогубленый гласный
екпінді дауысты – ударный гласный
екпінсіз дауысты – безударный гласный
ерін дауысты – губной гласный
еріндік дауысты – огубленный гласный
жалаң дауысты – монофтонг

қысаң дауысты – узкий гласный
құранды дауысты – дифтонг
тіл алды дауысты – переднеязычный гласный
тіл арты дауысты – заднеязычный гласный
тіл ортасы дауысты – среднеязычный гласный

Дәйекші – диакритика, апостроф
дәйекші белгі – диакритический знак
алмасым дәйекші – диакритический знак чередования
ашық дәйекші – диакритический знак открытости
әуез дәйекші – диакритический знак тембра
әуен дәйекші – диакритический знак интонации (мелодии)
езулік дәйекші – диакритический знак неогубленности
екпін дәйекші – диакритический знак ударения
еріндік дәйекші – диакритический знак огубленности
жуан дәйекші – диакритический знак твердости
жуысым дәйекші – диакритический знак щелинности
жіңішке дәйекші – диакритический знак мягкости
кейінде дәйекші – диакритический знак отодвинутости
қатаң дәйекші – диакритический знак глухости
қысаң дәйекші – диакритический знак закрытости
қысқа дәйекші – диакритический знак краткости
созылым дәйекші – диакритический знак долготы
тоғысым дәйекші – диакритический знак смычности
ұяң дәйекші – диакритический знак звонкости
үйлесім дәйекші – диакритический знак ассимилятивности
үндесім дәйекші – диакритический знак созвучия
үнді дәйекші – диакритический знак сонорности
ілгерінді дәйекші – диакритический знак продвинутости

Дәл – точный
дәл талданым – точный анализ

Дәнекер – связка, переходной
дәнекер бөлік – переходной участок
дәнекер үйлесім – ассимилятивная связка
дәнекер үндесім – сингармоническая связка

Дербес – частный
дербес фонетика – частная фонетика

Дыбыс – звук
дауыссыз дыбыс – согласный звук
дауысты дыбыс – гласный звук
ашық дауысты дыбыс – открытый гласный звук
қысаң дауысты дыбыс – закрытый гласный звук
ерін дауысты дыбыс – губной гласный звук
езу дауысты дыбыс – негубной гласный звук
тіл алды дауысты дыбыс – переднеязычный гласный звук
тіл ортасы дауысты дыбыс – среднеязычный гласный звук
тіл арты дауысты дыбыс – заднеязычный гласный звук
көмей дыбыс – гортанный звук
қатаң дыбыс – глухой звук
қатаң дауыссыз дыбыс – глухой согласный звук
ұяң дыбыс – звонкий звук
ұяң дауыссыз дыбыс – звонкий согласный звук
үнді дыбыс – сонорный звук
үнді дауыссыз дыбыс – сонорный согласный звук
жасырын дыбыс – немой звук
уіл дыбыс
ыңыл дыбыс
ызың дыбыс
ызыл дыбыс
шуыл дыбыс
суыл дыбыс
салдыр дыбыс
Дыбыс бейне – звуковой (слуховой) образ
Діріл – дрожащий
діріл дыбыс – дрожащий звук
діріл дауыссыз – дрожащий согласный
діріл дауыссыз дыбыс – дрожащий согласный звук
Езу – негубной
езу дыбыс – негубной звук
езу дауыссыз – негубной согласный
езу дауыссыз дыбыс – негубной согласный звук
Езулік – неогубленный
езулік дыбыс – неогубленный звук
езулік дауыссыз – неогубленный согласный

езулік дауыссыз дыбыс – неогубленый согласный звук
Екпін – ударение
зәру екпін – логическое ударение
сөздік екпін – словесное ударение
сөйлемше екпін – фразовое ударение
тыныс екпін – ритмическое ударение
Екпінсіз – безударный
екпінсіз буын – безударный слог
екпінсіз дауысты – безударный гласный
екпінсіз сөз – безударное слово
Екпінтаным - акцентология
Екшелім – фильтрация
Ем – лечение, лечебный (логопедический)
тіл емі – логопедическое лечение
көз емі – лечение зрения
үн емі – лечение слуха
Ерін – губной
ерін дыбыс – губной звук
ерін дауыссыз – губной согласный
ерін дауыссыз дыбыс – губной согласный звук
Ерін-ерін – губно-губной
ерін-ерін дыбыс – губно-губной звук
ерін-ерін дауыссыз – губно-губной согласный
ерін-ерін дауыссыз дыбыс – губно-губной согласный звук
Еріндік – огубленный
еріндік дыбыс – огубленый звук
еріндік дауыссыз – огубленный согласный
еріндік дауыссыз дыбыс – огубленный согласный звук
Ерін-тіс – губно-зубной
ерін-тіс дыбыс – губно-зубной звук
ерін-тіс дауыссыз – губно-зубной согласный
ерін-тіс дауыссыз дыбыс – губно-зубной согласный звук
Еселі - пропорциональный
Естілім – перцепция, перцептивный
естілім белгі – перцептивный признак
естілім фонетика – перцептивная фонетика
Жабысыңқы (дыбыс) – аффриката

қатаң жабысыңқы дыбыс – глухая аффриката
ұяң жабысыңқы дыбыс – звонкая аффриката
Жады (жаттам) – память
көз жаттам – зрительная память
үн жаттам – слуховая память
қол жаттам – тактильная память
Жазба – письменный
жазба тіл – письменный язык
жазба жауап – письменый ответ
Жай – простой
жай сөйлем – простое предложение
Жайылыңқы – плоскощелевой
жайылыңқы дауыссыз – плоскощелевой согласный
жайылыңқы дауыссыз дыбыс – плоскощелевой со
гласный звук
Жақша – скобки
жай жақша – простые скобки
көлбеу жақша – курсивные скобки
өрнек жақша – фигурные скобки
тік жақша – прямые скобки
қос жақша – сдвоенные скобки
Жалаң (дауысты) – монофтонг
ашық жалаң дауысты – открытый монофтонг
қысаң жалаң дауысты – закрытый монофтонг
ерін жалаң дауысты – губной монофтонг
езу жалаң дауысты – негубной монофтонг
Жалғамалы (тіркесімді) – агглютинативный
жалғамалы тіл – агглютинативный язык
Жалғаным (тіркесім) – агглютинация
Жалқы – приватный
Жалпы – общий
жалпы фонетика – общая фонетика
Жанама – боковой
жанама дыбыс – боковой звук
жанама дауыссыз – боковой согласный
жанама дауыссыз дыбыс – боковой согласный звук
Жаңғыртқы – резонатор

жаңғыртқылар жүйесі – ситема резонаторов
жаңғыртқылар тізбегі – последовательность резонаторов
көмей жаңғыртқы – глоточный резонатор
ауыз жаңғыртқы – ртовый резонатор
тыныс жаңғыртқы – носовой резонатор
Жаңсақ – ошибочный, ущербный
жаңсақ ереже – ошибочное (ущербное) правило
Жаппай – сплошной
Жаратым (жарату) – реализация
Жартылай – полу
жартылай дауыссыз – полусогласный
жартылай дауысты - полугласный
Жасалым – артикуляция (образование), артикуляционный
жасалым белгі – артикуляционный признак
жасалым қор – артикуляционный фонд
бос жасалым – ненапряженная артикуляция
босаң жасалым – полунапряженная артикуляция
жасалым орны – место образования
жасалым амалы (тәсілі) – способ образования
нық (ширақ) жасалым – напряженная артикуляция
Жасанды – искусственный
жасанды тіл – искусственный язык
жасанды ереже – искусственное правило
жасанды дыбыс – искусственный звук
жасанды буын – искусственный слог
жасанды сөйлем – искусственное предложение
жасанды мәтін – искусственный текст
жасанды тіркес – искусственное сочетание
жасанды дыбыс тіркес – искусственное звукосочетание
Жасырын – спрятанный
жасырын дыбыс – немой звук
Жаттам – память
көз жаттам – зрительная память
қол жаттам – тактильная память
үн жаттам – слуховая память
Жебе – стрелка

жебе сызық – линия в стрелку
жебе бағыт – направление стрелки
тік жебе – вертикальная стрелка
көлденең жебе - горизонтальная стрелка
көлбеу жебе – полугоризонтальная стрелка

1.Жинақы – компактный
жинақы дыбыс – компактный звук
жинақы дауысты – компактный гласный
жинақы дауысты дыбыс – компактный гласный звук
2.Жинақы (жиылыңқы) – круглощелевой
жинақы жуысыңқы – круглощелевой щелинный
жинақы жуысыңқы дауыссыз – круглощелевой щелинный согласный
Жиынтық – сводный
жиынтық кесте – сводная таблица
жиынтық мәтін – сводный текст
Жиі – частый, распространенный
Жиілік – частота
жиілік сөздік – частотный словарь
Жоғары – высокий
жоғары дауыс – высокий голос
жоғары жиілік – высокие частоты
Жоғары сатылы – высокого подъема
жоғары сатылы дауысты – гласный высокого подъема
Жуан – твердый
жуан әуез – твердый тембр
жуан дыбыс – твердый звук
жуан дауыссыз – твердый согласный
жуан дауыссыз дыбыс –твердый согласный звук
жуан дауысты – твердый гласный
жуан дауысты дыбыс – твердый гласный звук
Жуысым – щелинность
бос жуысым – ненапряженная щелинность
босаң жуысым – полунапряженная щелинность
ерін жуысым – губная щелинность
ерін-ерін жуысым – губно-губная щелинность

ерін-тіс жуысым – губно-зубная щелинность
жайылыңқы жуысым – плоск щелевая (двухфокусная) щелинность
жинақы жуысым – круглощ
левая (однофокусная) щелинность
таңдай жуысым – небная щелинность
таңдай алды жуысым – передненебная щелинность
таңдай арты жуысым – задненебная щелинность
таңдай ортасы жуысым – средненебная щелинность
тіл ұшы жуысым – альвеолярная щелинность
тілшік жуысым – увулярная щелинность
нық (ширақ) жуысым – напряженная щелинность
Жуысыңқы – щелиннный
бос жуысыңқы – ненапряженный щелинный
босаң жуысыңқы – полунапряженный щелинный
ерін жуысыңқы – губной щелинный
ерін-ерін жуысыңқы – губно-губной щелинный
ерін-тіс жуысыңқы – губно-зубной щелинный
жайылыңқы жуысыңқы – плоск
щелевой (двухфокусный) щелинный
жинақы жуысыңқы – круглощелевой (однофокусный) щелинный
таңдай жуысыңқы – небный щелинный
таңдай алды жуысыңқы – передненебный щелинный
таңдай арты жуысыңқы – задненебный щелинный
таңдай ортасы жуысыңқы – средненебный щелинный
тіл ұшы жуысыңқы – альвеолярный щелинный
тілшік жуысыңқы – увулярный щелинный
нық (ширақ) жуысыңқы – напряженный щелинный
Жұп – пара, парный
Жұптас – бинарный
жұптас жүйе – бинарная система
жұптас белгі – бинарный признак
Жүйе – система
дыбыс жүйесі – система звуков
дауыссыздар жүйесі – система согласных
дауыстылар жүйесі – система гласных

белгілер жүйесі – система признаков
айырым белгілер жүйесі – система дифференциальных признаков
Жіктелім – классификация
айтылым жіктелім – акустическая классификация
дауыссыздар жіктелімі – классификация согласных
дауыстылар жіктелімі – классификация гласных
жасалым жіктелім – артикуляционная классификация
естілім жіктелім – перцептивная классификация
үйлес[ім] жіктелім – ассимилятивная классификация
үндес[ім] жіктелім – сингармоническая классификация
Жіңішке – мягкий
жіңішке әуез – мягкий тембр
жіңішке дыбыс – мягкий звук
жіңішке дауыссыз – мягкий согласный
жіңішке дауыссыз дыбыс – мягкий согласный звук
жіңішке дауысты – мягкий гласный
жіңішке дауысты дыбыс – мягкий согласный звук

Затдерек – денотат
Заттекті – конкретность, конкретный
Зәру – актуальный
зәру тақырып – актуальная тема
зәру мәселе – актуальная проблема
зәру бөлшектенім – актуальное членение
Зәрулік – актуальность
Зерттеу – исследовать
Зерттеуші – исследователь
тіл зерттеуші – исследователь языка
Зерттелім – исследование
тарихи зерттелім – диахроническое исследование
қалыпты зерттелім – синхрон(ическ)ное исследование
құралғы зерттелім – инструментальное исследование
үндесім зерттелім – сингармоническое исследование
үйлесім зерттелім – ассимилятивное исследование
әуен зерттелім – интонационное исследование
Кәсіби – профессиональный

кәсіби тіл – профессиональный язык
кәсіби маман – профессиональный специалист
кәсіби зерттеуші – профессиональный исследователь
кәсіби дағды (машық) – профессиональный навык
Кейінді – отодвинутый
кейінді дауыссыз – отодвинутый согласный
кейінді дауыссыз дыбыс – отодвинутый согласный звук
Кекеш – заика
Кесте – таблица
дауыссыздар кестесі – таблица согласных
дауыстылар кестесі – таблица гласных
Көз – зрение, зрительный
көз бейне (тұлға) – зрителный образ
көз жаттам – зрительная память
көз таным – зрительное восприятие
Көз – источник
дауыс көзі – голосовой источник
дыбыс көзі –источник звука
Көптес – полисемичный (многозначный)
көптес сөз – полисемичное слово
Көптесім – полисемия (многозначность)
Көрнекі – наглядный
көрнекі кесте – наглядная таблица
көрнекі құрал – наглядное пособие
көрнекі сурет – наглядный рисунок
көрнекі сызба – наглядная графика
көрнекі үлгі (пішіндеме) – наглядная модель
Көмей – гортань, гортанный
көмей дыбыс – гортанный звук
көмей дауыссыз – гортанный согласный
көмей дауыссыз дыбыс – гортанный согласный звук
Көмей қуысы – глоточный резонатор
көмей қуысты – глоточный (гортанный)
Көмескі – слабый
көмескі дыбыс – слабый звук
көмескі дауысты дыбыс – слабый гласный звук
Көптес[ім] – полисемия (многозначность)

көптесім сөз – многозначное слово
Көрсеткіш – указатель
әдебиет көрсеткіш[і] – указатель литературы
есім көрсеткіш[і] – именной указатель
Көтеріңкі – высокий
көтеріңкі дауысты – высокий гласный
Күрделі – сложный
күрделі дыбыс – сложный звук
күрделі мәтін – сложный текст
күрделі жасалым – сложная артикуляция
Күш – сила
дыбыс күші – сила звука
Кідіріс (үзіліс) – пауза
дәнекер кідіріс – фонетическая пауза
үзік кідіріс – нулевая (глухая) пауза
Қазақ – казах, казахский
қазақ тілтанымы – казахская лингвистика
қазақ тілі – казахский язык
қазақ фонетикасы – казахская фонетика
Қалыс (бейтарап) – нейтральный
қалыс дыбыс – нейтральный звук
қалыс әуен – нейтральная интонация
Қара сөз – прозаический текст
Қарқын – интенсивность
дыбыс қарқыны – интенсивность звука
дауыссыз қарқыны – интенсивность согласного
дауыссыз дыбыс қарқыны – интенсивность согласного звука
дауысты қарқыны – интенсивность гласного
дауысты дыбыс қарқыны – интенсивность гласного звука
Қарсылас – антонимичный
Қарсыласым – антоним
қарсылас жұп – антонимичная пара
қарсылас сөз – антонимичные слова
Қатаң – глухой
қатаң дыбыс – глухой звук
қатаң дауыссыз – глухой согласный

қатаң дауыссыз дыбыс – глухой согласный звук
Қатаңдау – оглушение
қатаңдаған – оглушенный
Қатар – ряд
Қатынасым – коммуникация, коммуникативный
қатынасым әдіс – коммуникативный метод
қатынасым әдістеме – коммуникативная методика
Қол – рука, тактильный
қол жаттам – тактильная память
қол таным – тактильное восприятие
Қолғанат – подручный
қолғанат қондырғы – оргтехника
Қолданба – прикладной
қолданба тілтаным – прикладная лингвистика
қолданба фонетика – прикладная фонетика
Қондырғы – аппарат, техника
Қоңыр – низкий, бархатный
қоңыр дауыс – низкий (бархатный) голос
Қопарылма – флективный
қопарылма тіл – флективный язык
Қос – парный
Қуыс – полость, резонатор
ауыз қуысы – ртовая полость (резонатор)
мұрын қуысы – носовая полость (резонатор)
көмей қуысы – глоточная полость (резонатор)
Құлақ – ухо (уши)
оң құлақ – правое ухо
сол құлақ – левое ухо
мүкіс құлақ – травмированный слух
Құрақ (бөлшек) – сегмент
аяқ құрақ – конечный сегмент
бас құрақ – главный сегмент
бастау құрақ – начальный сегмент
бел құрақ – средний сегмент
езу құрақ – негубной сегмент
ерін құрақ – губной сегмент
жуан құрақ – твердый сегмент

жіңішке құрақ – мягкий сегмент
көмекші құрақ – второстепенный, вспомогательный сегмент
үйлесім құрақ – ассимилятивный сегмент
үндесім құрақ – сингармонический сегмент

Құрал – пособие
дыбыс құрал – фонетическое пособие
ем құрал – логопедическое пособие
көрнекі құрал – наглядное пособие
ойын құрал – игровое пособие
сөз құрал – словарное пособие
сызба құрал – графическое пособие
тіл құрал – учебное пособие

Құрам – состав
дыбыс құрамы – состав звуков
дауыссыздар құрамы – состав согласных
дауыстылар құрамы – состав гласных

Құранды (дыбыс) – дифтонг
ашық құранды дыбыс – восходящий дифтонг
тең құранды дыбыс – истинный дифтонг
тұйық құранды дыбыс – нисходящий дифтонг

Құрау – синтез

Құрама – синтезированный
құрама дыбыс – синтезированный звук
құрама сөйленім – синтезированая речь
құрама мәтін – синтезированный текст

Құрылым – структура

Құрылымдық – структурный
құрылымдық сипаттама – структурное описание
құрылымдық грамматика – структурная грамматика
құрылымдық фонетика – структурная фонетика

Қызмет – функция
үндесім қызмет – сингармоническая функция

Қысаң – закрытый
қысаң дыбыс – закрытый звук
қысаң дауысты – закрытый гласный
қысаң дауысты дыбыс – закрытый гласный звук

19-205

Қысқа – краткий
қысқа дыбыс – краткий звук
қысқа сөз – краткое сово
қысқа сөйлем – краткое предложение
қысқа мәтін – краткий текст
Латын – латинский
латын әліпби – латинский алфавит
латын жазу – латинское письмо
латын тілі – латинский язык
Лепсіз – имплозивный
лепсіз дыбыс – имплозивный звук
лепсіз дауыссыз – имплозивный согласный
лепсіз дауыссыз дыбыс – имплозивный согласный звук
Лепті – придыхательный
лепті дыбыс – придыхательный звук
лепті дауыссыз – придыхательный согласный
лепті дауыссыз дыбыс – придыхательный согласный звук
лепті тоғысым – придыхательная смычка
лепті тоғысыңқы – придыхательный смычный
Маңызды (мәнді) – существенный
маңызды белгі – существенный признак
маңызды құбылыс – существенное явление
Машық – навык (автоматизм)
көз машық – зрительный навык
қол машық – тактильный навык
үн машық – слуховой навык
Мәлімет – информация, данные
Мәлімет қор – база данных
лексикалық мәлімет қор – база лексических данных
морфологиялық мәлімет қор – база морфологогических данных
сараптамалық мәлімет қор – база экспертных данных
синтаксистік мәлімет қор – база синтаксических данных
статистикалық мәлімет қор – база статистических данных
фонетикалық мәлімет қор – база фонетических данных
жасалым мәлімет қор – база артикуляционных данных

Мәндес – синонимичный
мәндес жұп – синонимичная пара
мәндес сөз – синонимичные слова
Мәндесім – синоним
Мәтін – текст, речь
қара сөз мәтін – прозаический текст
қысқа мәтін – короткий текст
тұтас мәтін – цельный (сплошной) текст
өлең мәтін – стихотворный текст
ұзақ мәтін – длинный текст
фонетикалық мәтін – фонетический текст
Мұрын жолды – носовой
мұрын жолды дыбыс – носовой звук
мұрын жолды дауыссыз дыбыс – носовой согласный звук
Мүкіс – травмированный
мүкіс тіл – травмированная речь
Негізгі – основной
негізгі вариант – основной вариант
Нөл – нуль
нөлдік элемент – нулевой элемент
Рет – порядок
сөз реті – порядок слов
Ойдерек – сигнификат
Ойтекті – абстракция, абстрактный
Ойын – игра, игровой
ойын әдіс – игровой метод
ойын әдістеме – игровая методика
Оңаша – изолированный
оңаша дыбыс – изолированый звук
оңаша сөз – изолированное слово
Ортақ – общий
ортақ белгі – общий признак
Орыс – русский
орыс тілтанымы – русская лингвистика
орыс тілі – русский язык
орыс фонетикасы – русская фонетика

Өлең – стихотворение
өлең мәтін – стихотворный текст
Өлі – мертвый
өлі тіл – мертвый язык
Өсіңкі – восходящий
өсіңкі әуен – восходящий тон
Өшік – оглушенный (глухой)
өшік дыбыс – оглушенный (глухой) звук
өшік дауыссыз – оглушенный согласный
өшік дауыссыз дыбыс – оглушенный согласный звук
өшік дауысты – оглушенный (глухой) гласный
өшік дауысты дыбыс – оглушенный (глухой) гласный звук
Өшіңкі – полуоглушенный
өшіңкі дыбыс – полуоглушенный звук
өшіңкі дауыссыз – полуоглушенный согласный
өшіңкі дауыссыз дыбыс – полуоглушенный согласный звук
өшіңкі дауысты – полуоглушенный гласный
өшіңкі дауысты дыбыс – полуоглушенный гласный звук

Пән – предмет, пердметный
Пішін – форма, модель
Пішіндеме – модель
ақиқат пішіндеме – реальная модель
дәл пішіндеме – точная модель
жай пішіндеме – простая модель
жаңсақ пішіндеме – ошибочная модель

Салдыр – шумный (глухой)
салдыр дыбыс – шумный (глухой) звук
салдыр дауыссыз – шумный (глухой) согласный
салдыр дауыссыз дыбыс – шумный (глухой) согласный звук
Салыстырма – сравнительный
салыстырма әдіс – сравнительный метод

салыстырма тілтаным – сравнительное языкознание
салыстырма фонетика – сравнительная фонетика
Сараптама – экспертиза
Сарапкер – эксперт
Сараптау – провести экспертизу
Саты (деңгей) – подъем, уровень
жоғары саты – высокий подъем
жоғарғы сатылы дауысты – верхнего подъема гласный
орта саты – средний подъем
орта сатылы дауысты – среднего подъема гласный
төменгі саты – низкий подъем
төменгі сатылы дауысты – нижнего подъема гласный
Сатылы – градуальный
Серпін – взрыв (размыкание)
бос серпін – непапряженный взрыв
босаң серпін – полунапряженный взрыв
лепті серпін – напряженный взрыв
Сетінем[е] – редукция
толық сетінеме – полная редукция
шала (жартылай) сетінеме – неполная (частичная) редукция
Сетінеу – редуцироваться
толық сетінеу – редуцироваться полностью
шала сетінеу – редуцироваться частично
Сингема – сингема
сингема тіл – сингемный язык
аллосингема - аллосингема
Синхронды (қалыпты) – синхронный
синхронды (қалыпты) фонетика – синхронная фонетика
Сирек – редкий
сирек құбылыс (жағдай) – редкое явление (случай)
сирек фонетикалық құбылыс – редкое фонетическое явление
сирек дыбыс – редкий звук
Славян – славянский
славян жазуы – славянское письмо
Созылым – длительность, долгота
созылым белгі – признак долготы

Сөз – слово
сөзтаным – просодика слова
жуан сөз – твердое слово
жіңішке сөз – мягкое слово
езулік сөз – неогубленное слово
еріндік сөз – огубленное слово
күрделі сөз – сложное слово
қара сөз – прозаический текст
қос сөз – парные слова
өлең сөз – стихотворный текст
туынды сөз – пройзводное слово
түбір сөз – корневое слово
жасанды сөз – искусственное слово
Сөздік – словарь
екі тілді сөздік – двуязычный словарь
түсіндірме сөздік – толковый словарь
айтылым сөздік – орфоэпический словарь
жазылым сөздік – орфографический словарь
толық сөздік – полный словарь
қалта сөздік – карманный словарь
қысқаша сөздік – краткий словарь
фонетикалық сөздік – фонетический словарь
Сөз пішін (тұлға) – словоформа
Сөйленім – речь
Сөйлесім – диалог
Сөйленіс – монолог
Сөйлермен – носитель языка
Сөйлеу мүшесі – органы речи
ауыз – рот
ауыз қуысы – ртовый резоеатор
бейтарап сөйлеу мүшесі – пассивный орган речи
белсенді сөйлеу мүшесі – активный орган речи
дауыс желбезегі (шымылдығы, жарғағы) – голосовые связки
ерін – губы
кеңірдек – трахея
көмей – глотка

көмей қуысы – глоточный резонатор
күрек тіс – передние (верхние) зубы (резцы)
қызыл иек – альвеола
мұрын – нос
мұрын қуысы – носовой резонатор
өкпе – легкие
таңдай – небо
таңдай алды – передненебный
таңдай арты – задненебный
тадай ортасы – средненебный
тіл – язык
тіл алды – переднеязычный
тіл арты – заднеязычный
тіл жаны – бока языка
тіл ортасы – среднеязычный
тіл түбі – корень языка
тіл ұшы – альвеолы (*смысловой перевод*)
тілшік – язычок
тіс – зубы
Сурет – рисунок, фото
Сусыма дауысты – беглый гласный
сусыма дауысты дыбыс – беглый гласный звук
Суыл – свистящий
суыл дыбыс – свистящий звук
суыл дауыссыз – свистящий согласный
суыл дауыссыз дыбыс – свистящий согласный звук
Сыбыр – шопот
Сызба – график
1.Сызық (сызба) – линия (графическая)
бүтін сызық – сплошная линия
үзік сызық – пунктирная линия
нүкте сызық – точечная линия
нүктелі-үзік сызық – точечечно-пунктирная линия
иірек сызық – волнистая линия
айшық (өрнек) сызық – фигурная линия
иін сызық – дугообразная линия
жебе сызық – линия в стрелку

шеңбер сызық – линия из кружочков
тамшы сызық – точечно-фигурная линия
жұлдызша сызық – линия из звездочек
тік сызық – вертикальная линия
көлденең сызық – горизонтальная линия
көлбеу сызық – полугоризонтальная линия
2.Сызық – линия (осциллографическая)
желі сызық – нулевая линия
тербелмелі сызық – периодическая линия
тербелімді сызық – полупериодическая линия
тербеліңкі сызық – слабопериодическая линия
ұлпа сызық – линия в виде щеточки
шашыраңқы сызық – линия в виде взрывов
Сілтеме – цитита
ғылыми сілтеме – научная цитата
ақиқат (дәл) сілтеме – точная цитата
жалған сілтеме – ложная цитата

Табиғи – естественный, живой
табиғи тіл – естественный язык
Талданым – анализ
фонетикалық талданым – фонетический анализ
толық (тиянақты) талданым – подробный анализ
үстірт талданым – поверхностный анализ
кешенді талданым – комплексный анализ
Талдау – анализировать
фонетикалық талдау – анализировать фонетически
тиянақты талдау – подробно анализировать
үстірт талдау – поверхностно анализировать
кешенді талдау – комплексно анализировать
Таным (түйсінім) – восприятие
дәм таным – вкусовое восприятие
үн таным – слуховое (перцептивное) восприятие
көз таным – зрительное восприятие
көкірек таным – интуиция
қол таным – тактильное восприятие
пішін таным – восприятие образов

түс таным – цветовое восприятие

Таңба – знак

дәйекші таңба – диакритический знак

шартты таңба – условный знак

бедер таңба – спектрограмма

таңдай таңба – палатограмма

толқын таңба – осциллограмма

әуен таңба – интонограмма

фонетикалық таңба – фонетический знак

фонологиялық таңба – фонологический знак

Таңдай – небо, небный

таңдай алды дыбыс – передненебный звук

таңдай арты дыбыс – заднеебный звук

таңдай ортасы дыбыс – средненебный звук

қатты таңдай – твердое небо

жұмсақ таңдай – мягое небо

Таңдай таңба – палатограмма

Таралым – распределение

дауыссыз таралымы – распределение согласных

дауысты таралымы – распределение гласных

Тарихи – исторический

тарихи фонетика – историческая фонетика

тарихи алмасым – историческое чередование

тарихи заңдылық – историческая закономерность

тарихи құбылыс – историческое явление

Тең – эквиполентный

Тербелім – колебание

бейрет тербелім – непериодическое колебание

тең тербелім – периодическое колебание

Теру – набирать

Теру компьютермен теру – набирать на компьютере

қолмен теру – набирать в ручную

Терім – набор

компьютер терім – компьютерный набор

қол терім – ручной набор

Тоғысым – смычка

бос тоғысым – ненапряженная смычка

босаң тоғысым – полунапряженная смычка
ширақ (нық) тоғысым - напряженная смычка
ерін тоғысым – губная смычка
ерін-ерін тоғысым – губно-губная смычка
ерін-тіс тоғысым – губно-зубная смычка
қатаң тоғысым – глухая смычка
таңдай тоғысым – небная смычка
таңдай алды тоғысым – передненебная смычка
таңдай арты тоғысым – задненебная смычка
таңдай ортасы тоғысым – средненебная смычка
тіл ұшы тоғысым – альвеолярная смычка
тілшік тоғысым – увулярная смычка
ұяң тоғысым – звонкая смычка
үнді тоғысым – сонорная смычка

Тоғысыңқы – смычный
бос тоғысыңқы – ненапряженный смычный
босаң тоғысыңқы – полунапряженный смычный
ширақ (нық) тоғысыңқы - напряженный смычный
ерін тоғысыңқы – губной смычный
ерін-ерін тоғысыңқы – губно-губной смычный
ерін-тіс тоғысыңқы – губно-зубной смычный
қатаң тоғысыңқы – глухой смычный
таңдай тоғысыңқы – небный смычный
таңдай алды тоғысыңқы – передненебный смычный
таңдай арты тоғысыңқы – задненебный смычный
таңдай ортасы тоғысыңқы – средненебный смычный
тіл ұшы тоғысыңқы – альвеолярный смычный
тілшік тоғысыңқы – увулярный смычный
ұяң тоғысыңқы – звонкий смычный
үнді тоғысыңқы – сонорный смычный

Толқын таңба – осциллограмма

Толық – полный

Тонема – тонема
тонем тіл – тонемный язык

Топтама (өрім) – пучок
айырым белгілер топтамасы – пучок дифференциальных признаков

Төмен – низкий
төмен дауыс – низкий голос
төмен дыбыс – низкий звук
Төменгі сатылы – низкого подъема
төменгі сатылы дауысты –низкого подъема гласный
төменгі тіс – нижние зубы
төменгі ерін – нижняя губа
Туынды – пройзводный
туынды сөз – пройзводное слово
Тұйық – полузакрытый
тұйық буын - полузакрытый слог
Тұлға (бейне) – образ
дыбыс тұлға – звуковой образ
үн тұлға – слуховой образ
Тұрақты (орнықты) – постоянный, устойчивый
тұрақты заңдылық – устойчивая закономерность
Тұрмыс-тіршілік – быт, бытовой
тұрмыс-тіршілік тіл – бытовой язык
тұрмыс-тіршілік лексика – бытовая лексика
Түбір – корень, основа
негізгі түбір – основа, корень
туынды түбір – пройзводная основа
Түркі (түрік) – тюркский
түркология – тюркология
түркі тілтаным - тюркское языкознание
түркі халықтары – тюркские народы
түркі елдері – тюркские страны
түркі тілдері – тюркские языки
түркі аймақ – тюркский регион
түркі туыстық – тюркское родство
түркі фонетикасы – тюркская фонетика
Түрік – турок, турецкий
түрік тілтанымы – турецкая лингвистика
түрік тілі – турецкий язык
түрік фонетикасы – турецкая фонетика
Түтік – тракт
айтылым түтік – акустический тракт

жасалым түтік – артикуляционный тракт
Түрленім – модификация
бейрет түрленім – спонтанная модификация
толық (таза) түрленім – полная модификация
үйлес түрленім – ассимилятивная модификация
үндесім түрленім – сингармоническая модификация
шала түрленім – частичная модификация
іргелес түрленім – комбин торная (контактная) модификация
тарихи түрленім – историческая модификация
шеп түрленім – позиционная модификация
әуен түрленім – интонационная модификация
мүкіс түрленім – модификации в результате травмы речи
теріс түрленім – отрицательная модификация
Түсіңкі – түсіңкі әуен –
Тырнақша - кавычки
Тіл – язык
ауызекі тіл – устный язык
әдеби тіл – литературный язык
әуен тіл – тональный язык
бала тілі – детский язык
бейекпін[ді] тіл – анакцентный язык
бейүндесім тіл – асингармонический язык
буын тіл – слоговой язык
екпін[ді] тіл – акцентный язык
жазба тіл – письменный язык
жалғамалы (тіркесім) тіл – агглютинативный язык
жасанды тіл – искусственный язык
табиғи тіл – естественный (живой) язык
тұрмыс-тіршілік тіл – бытовой язык
пән тілі – предметный язык
кәсіби тіл – профессиональный язык
қондырғы тіл – машинный язык
қопарма тіл – флективный язык
өлі тіл – мертвый язык
ым тілі – язык жестов

іскери тіл – деловой язык
үндесім тіл – сингармонический язык
фонема тіл – фонемный язык
тонема тіл – тонемный язык
сингема тіл – сингемный язык

Тіл алды – переднеязычный
тіл алды дыбыс – переднеязычный звук
тіл алды дауыссыз – переднеязычный согласный
тіл алды дауыссыз дыбыс – переднеязычный согласный звук
тіл алды дауысты – переднеязычный гласный
тіл алды дауысты дыбыс – переднеязычный гласный звук

Тіл арты – заднеязычный
тіл арты дыбыс – заднеязычный звук
тіл арты дауыссыз – заднеязычный согласный
тіларты дауыссыз дыбыс – заднеязычный согласный звук
тіл арты дауысты – заднеязычный гласный
тіл арты дауысты дыбыс – заднеязычный гласный звук

Тіл ортасы – среднеязычный
тіл ортасы дыбыс – среднеязычный звук
тіл ортасы дауыссыз – среднеязычный согласный
тіл ортасы дауыссыз дыбыс – среднеязычный согласный звук
тіл ортасы дауысты – среднеязычный гласный
тіл ортасы дауысты дыбыс – среднеязычный гласный звук

Тіл сындыру – постановка пройзношения

Тілтаным (лингвистика) – языкознание (лингвистика)
ауропы тілтанымы – европейское языкознание
қазақ тілтанымы – казахское языкознание
орыс тілтанымы – русское языкознание
славян тілтанымы – славянское языкознание
түркі тілтанымы – тюркское языкознание
үнді-ауропы тілтанымы – индо-европейское языкознание
қолданба тілтаным – прикладное языкознание

Тілтанымгер (тілші) – языковед, лингвист
Тіл түбі – корень языка
Тіл ұшы – альвеолярный
тіл ұшы дыбыс – альвеолярный звук
тіл ұшы дауыссыз – альвеолярный согласный
тіл ұшы дауыс-сыз дыбыс – альвеолярный согласный звук
Тіл үсті (арқасы) – спинка языка
Тілшік – увулярный (язычковый)
тілшік дыбыс – увулярный звук
тілшік дауыссыз - увулярный согласный
тілшік дауыссыз дыбыс – увулярный согласный звук
Тіресім – оппозиция
дауыссыздар тіресімі – оппозиция согласных
дауыстылар тіресімі – оппозиция гласных
еселі тіресім – пропорциональная оппозиция
жадағай тіресім – приватная оппозиция
жұптас тіресім – бинарная оппозиция
жалқы тіресім – изолированная оппозиция
сатылы тіресім – градуальная оппозиция
тең тіресім – эквиполентная оппозиция
Тіркес – сочетание
буын тіркес[і] – слогосочетание
дыбыс тіркес[і] – звукосочетание
сөз тіркес[і] – словосочетание
Уәждеме - мотивация
Уіл
уіл дыбыс
уіл дауыссыз
уіл дауыссыз дыбыс
Ұшырасым – встречаемость
жай ұшырасым – простая встречаемость
жиі ұшырасым – частая встречаемость
сирек ұшырасым – редкая встречаемость
тұрақты ұшырасым – постоянная встречаемость
ішінара ұшырасым – факультативная встречаемость
Ұяң – звонкий
ұяң дыбыс – звонкий звук

ұяң дауыссыз – звонкий согласный
ұяң дауыссыз дыбыс – звонкий согласный звук
Ұяңдау – озвончение
ұяңдаған – озвонченный
Үзік – разомкнутый, прерывыстый
Үзіліс – пауза
1.Үйлесім – коартикуляция, коартикуляционный
езу үйлесім – губная коартикуляция
ерін үйлесім – губная коартикуляция
жуан үйлесім - твердая коартикуляция
жіңішке үйлесім – мягкая коартикуляция
2.Үйлесім – ассимиляция, ассимилятивный
дәнекер үйлесім – ассимилятивная связка
жалпы үйлесім – общая ассимиляция
жаппай үйлесім – сплошная ассимиляция
ерін үйлесім – губная ассимиляция
тіл (езу) үйлесім – палатальная ассимиляция
үйлесім буын – ассимилятивный слог
үйлесім дыбыс – ассимилятивный звук
үйлесім сөз – ассимилятивное слово
үйлесім тіркес – ассимилятивное сочетание
шала үйлесім – частичная ассимиляция
іргелес үйлесім – контактная ассимиляция
Үнем – экономия
үнем теориясы – теория экономии
Үндес – созвучный
Үндесім – созвучие (сингармонизм), созвучный (сингармонический)
бейтарап үндесім – нейтральное созвучие
жапай үндесім – сплошное созвучие
жалпы үндесім – общее созвучие
ерін үндесім – губное созвучие
тіл (езу) үндесім – палатальное созвучие
өзекті үндесім – сквозное созвучие
үндесім буын – сингармонический слог
үндесім дыбыс – сингармонический звук
үндесім сөз – сингармоническое слово

үндесім тіркес – сингармоническое сочетание
шала үндесім – полусозвучие
іргелес үндесім – контактное созвучие
Үнді – сонорный
үнді дыбыс – сонорный звук
үнді дауыссыз – сонорный согласный
үнді дауыссыз дыбыс – сонорный согласный звук
Үнді-ауропы – индо-европейский
үнді-ауропы тілтанымы – индоевропейское языкознание
Фонема – фонема
фонем тіл – фонемный язык
аллофон – аллофон
Фонемалық – фонемный
фонем[алық] әліпби – фонемный алфавит
фонем[алық] жазба – фонемная запись
Фонетика – фонетика
айтылым фонетика – акустическая фонетика
дербес фонетика – частная фонетика
жалпы фонетика – общая фонетика
жасалым фонетика – артикуляционная фонетика
естілім фонетика – перцептивная фонетика
қолданба фонетика – прикладная фонетика
салыстырма фонетика – сравнительная фонетика
қалыпты (синхронды) фонетика – синхронная фоетика
тарихи фонетика – диахронная фонетика
үндесім фонетика – сингармоническая фонетика
Фонетикалық – фонетический
фонетикалық алмасым – фонетическое чередование
фонетикалық әліпби – фонетический алфавит
фонетикалық бірлік – фонетическая единица
фонетикалық ереже – фонетическое правило
фонетикалық жүйе - фонетическая система
фонетикалық заң – фонетический закон
фонетикалық пішіндеме – фонетическая модель
фонетикалық сипаттама – фонетическое описание
фонетикалық таңба – фонетический символ (знак)

фонетикалық түрленім – фонетическая модификация
фонетикалық өзгеріс – фонетическое изменение
фонетикалық элемент – фонетический элемент
фонетикалық бөлшек (құрақ) – фонетический сегмент (склад)

Фонология – фонология

Фонологиялық – фонологический
фонологиялық жүйе – фонологическая система
фонологиялық талдау – фонологический анализ

Шала – неполная
шала сетінем – неполная (частичная) редукция
шала түрленім – неполная модификация

Шартты – условный
шартты белгі – условный знак

Шашыраңқы – диффузный
шашараңқы дыбыс – диффузный звук
шашыраңқы дауысты – диффузный согласный
шашыраңқы дауысты дыбыс – диффузный гласный звук

Шек (шегара) – граница, пограничный
шек белгі – пограничный сигнал
шек түрленім – пограничная модификация

Шеп – позиция
шеп вариант (аллофон) – позиционный вариант (аллофон)
шеп түрленім – позиционная модификация (изменение)

Шеткері (төңрек)– периферия, периферийный

Шуыл – шипящий
шуыл дыбыс – шипящий звук
шуыл дауыссыз – шипящий согласный
шуыл дауыссыз дыбыс – шипящий согласный звук

Шың – вершина

Ызыл – малошумный (звонкий)
ызыл дыбыс – малошумный (звонкий) звук
ызыл дауыссыз – малошумный (звонкий) согласный
ызыл дауыссыз дыбыс – малошумный (звонкий) согласный звук

Ызың – полушумный (звонкий)

20-205

ызың дыбыс – полушумный (звонкий) звук
ызың дауыссыз – полушумный (звонкий) согласный
ызың дауыссыз дыбыс – шумный (звонкий) согласный звук

Ым – жест
ым тілі – язык жестов

Ыңыл
ыңыл дыбыс
ыңыл дауыссыз
ыңыл дауыссыз дыбыс

Ырғақ – ритм
ырғақ (тыныс) топ – ритмическая группа
ырғақ (тыныс) екпін – ритмическое ударение

Ырғақты (бір қалыпты) – ритмичный

Ілгерінді – продвинутый
ілгерінді дыбыс – продвинутый звук
ілгерінді дауыссыз – продвинутый согласный
ілгерінді дауыссыз дыбыс – продвинутый согласный звук

Іргелес – контактный (комбинаторный)
іргелес түрленім – контактная (комбинаторная) модификация

Іскери – деловой
іскери тіл – деловой язык
іскери қағаз – деловая бумага

Ішкі – внутренний
ішкі заңдылық – внутренняя закономерность

Ішінара – единичный (факультативный)
ішінара кездесім – факультативная встречаемость

Негізгі әдебиет

1.*Зиндер Л.Р.* Общая фонетика. –М.: Высшая школа, 1979. – 312 с.

2.Қазақ грамматикасы. – Астана: Елорда, 2002. – 783 б.

3.Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. –Алматы: Арыс, 2007. – 781 б.

4. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. – Алматы: Арыс, 2007. – 615 б.

5. *Абуов Ж.* Перцептивная фонетика. – Алматы: КазГЮА, 1999. - 226 с.

6.*Исаев М.* Фонетические особенности английской речи казахов. – Алматы: КазУМОиМЯ им. Абылай хана, 2004. – 352 с.

7. *Оразалин І.* Қазақ тілі жуысыңқы дауыссыздарының жасалым түрленімі. Филол.ғыл.канд...дисс.автореф. –Алматы, 2001. -29 б.

8. *Бәйімбетова Ә.* Қазақ тілі тоғысыңқы дауыссыздарының фонетикалық түрленімі. Филол.ғыл.канд...дисс.автореф. –Алматы, 1999. -27 б.

9. *Исаева Ж.* Қазақ тіліндегі үнді дауыссыз дыбыстардың үйлесім түрленімі. Филол.ғыл.канд...дисс.автореф. –Алматы, 2007. -24 б.

10.*Молдашева А.* Қазақ тіліндегі ұяң дауыссыз дыбыстардың үйлесім түрленімі. Филолог.ғылым.канд...дис.автореф. –Алматы, 2007. -22 б.

11. *Аймырзаев Ф.* Қазақ тілі дыбыстарының шеп түрленімі. Филол.ғыл.канд... дисс.автореф. –Алматы, 2009. -26 б.

12. *Жүнісбек Ар.* Қазақ тілі дыбыстарының артикуляциялық моделі. –Алматы: Арыс, 2005. – 108 б.

13. *Баймұқанов Б.* Қазақ тіліндегі қатаң дауыссыздардың үйлесім түрленімі. Филол.ғыл.канд...дисс.автореф. –Алматы, 2005. -24 б.

14. *Сәдуақас Н.* Профессор Құдайберген Жұбанов еңбектеріндегі қазақ тілі дыбыстары жіктелімінің фонологиялық негіздері. Филол. ғыл.канд...дисс.автореф. – Алматы, 1999. -28 б.

15. *Жексенғалиев Б.* Фонетикалық терминдер сөздігі. –Орал: Ағартушы, 2005. -101 б.

16. *Қайдарова Г.* Қазақ тіліндегі орфографиялық буын жайлы. //Тілтаным. 2005. № 2. -117-123 бб.

17. *Андабаева Қ.* Қазақ және ағылшын тілдеріндегі дауыссыз дыбыстардың салыстырмалы сипаты. ҚҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, 2007, №4. 133-136 б.

18. *Әлімбаев М.* Қазақ тіліндегі үндесім (сингармонизм) құбылысының артикуляциялық сипаты. Филол.ғыл.канд...дис.автореф. –Алматы, 2006. -26 б.

19. *Назбиев Ж.* Сингармонические сегменты в казахском языке. Автореф.дисс… док.филол.наук. -Алматы, 1998. -57 с.

20. *Қаршығаева А.* Профессор С. Мырзабековтың фонетикалық мұрасының артикуляциялық сипаттамасы. Тілтаным, №3, 2006. 12-17 б.

21. *Зәуірбекова Қ.* Компьютер технологиясы атауларының қазақ тіліндегі фонетика-лексикалық игерілімі. Филолог. ғыл. канд... автореф. Алматы, 2009. 24 б.

22. *Үкібасова Қ.* Қазақ тіліндегі дыбыстар тіркесінің ұлттық ерекшеліктері. Филол.ғыл.канд...дис.автореф. –Алматы, 2007. -22 б.

23. *Көкенова Г.* Мәтін терімін оңтайландыру жайлы.

24. *Асанова Ә.* Қазақ әліпбиіндегі кірме әріптердің емле-ережесі. //Білім кілті – Ключ знаний. №4, 2007. 8-11бб.

25.*Кеншинбай Т.* Фонетические характеристики и пунктуационное оформление стыка фонетикосинтаксических единиц. Автореф. дис…канд.филол. наук. – Алматы, 2002. -28 с.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ 3

1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ 5

2. ӘЛЕМ ТІЛДЕРІНІҢ ЖІКТЕЛІМІ (КЛАССИФИКАЦИЯСЫ) ЖАЙЛЫ 18

3. ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАСАЛЫМ НЕГІЗІ (артикуляциялық базасы) 35

4. ҚАЗАҚ СӨЗІНІҢ ДЫБЫС ТАЛДАНЫМЫ (АНАЛИЗІ) 45

5. ҚАЗАҚ ТІЛІ ДЫБЫСТАРЫ 54

6. ҚАЗАҚ ТІЛІ ДЫБЫСТАРЫНЫҢ ТҮРЛЕНІМІ 103

7. ҚАЗАҚ ТІЛІ ДЫБЫСТАРЫНЫҢ ҮЙЛЕСІМ ТҮРЛЕНІМІ 126

8. ҚАЗАҚ ТІЛТАНЫМЫНДАҒЫ БУЫН ПРОБЛЕМАСЫ 163

9. ҚҰРАМА (СИНТЕЗ) ҚАЗАҚ СӨЗІНІҢ ЖАСАЛЫМ ЖЕЛІСІ (артикуляциялық жазба мәтін) 174

10. ҚАЗАҚ ФОНЕТИКАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛІМІ 199

ҚАЗАҚША-ОРЫСША ФОНЕТИКАЛЫҚ СӨЗДІК (казахско-русский фонетический словарь) 272

Негізгі әдебиет 308

"Арыс" баспасының директоры
Ғарифолла ӘНЕС

Әлімхан ЖҮНІСБЕК

ҚАЗАҚ ФОНЕТИКАСЫ

Редакторы **Ғ. Қабдолқайырұлы, Ш.Жамықаева**
Техникалық редакторы **Д. Омарғалиева**
Суретшісі **О. Әшім**
Компьютерде беттеген **С. Алтайбекова**

ИБ №744
17.09.09. басуға қол қойылды.
Пішімі 84 x $108^{1}/_{32}$.
Офсеттік басылыс. Шартты б. т. 16,4.
Есепті б.т. 17,8. Таралымы 2000 дана.
Тапсырыс № 205

Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.
"Арыс" баспасы

" DALAPRINT" баспаханасында басылды
050056, Алматы қаласы, Ереван көшесі, 2.

Ардақты Алаш азаматтары!

Репрессияға ұшыраған Қазақстан зиялыларының мұрасын зерттейтін «АРЫС» қоры он жеті жылдан бері жазықсыз жазаланып, аттары аталмай, көпшілік жадынан өше бастаған біртуар азаматтарымыздың мұрасын жинап, еңбектерін жарыққа шығарады; ескерткіш, мүсіндерін жасап, музейлерін жабдықтайды; арыстарымыздың өмірі мен творчествосын насихаттаушыларға жәрдем беріп, мерейтойларын өткізуге атсалысады; ардақтыларынан ажырап қалған шаңырақтарға қайырымдылық көмек көрсетеді.

Қор жанындағы «АРЫС» баспасы
Сіздің түрлі мәдени тапсырыстарыңызды
тез әрі сапалы орындап береді

050009, Алматы қ.
Абай даңғылы, 143
5-қабат.
527, 529-бөлмелер
тел./факс: 242 65 56,
385 74 67

АРЫС

е/ш.: 001700102
30070492 (валюта)
Алматы қ-сы
Казкоммерцбанк
МФО 190501724
РНН 600400010767

www.arys.kz
E-mail: arys@nursat.kz

Дорогие читатели!

Более шестнадцати лет фонд «АРЫС», созданный ведущими казахстанскими историками, политологами и публицистами, занимается сбором, исследованием и публикацией наследия выдающихся представителей казахстанской интеллигенции – жертв политических репрессий.
Фонд стремится достойно увековечить их память: содействует открытию музеев, памятников и тематических экспозиций, активно участвует в проведении юбилеев и других мероприятий, оказывает посильную помощь семьям репрессированных.

Издательство при Фонде «АРЫС» всегда квалифицированно и качественно выполнит все Ваши заказы, относящиеся к сфере науки и культуры, выпустит Ваши научные и литературные труды, монографии, брошюры, авторефераты, буклеты и т. п.


АРЫС